

ӘОЖ: 811.512.122

Қолжазба құқығында

АХМЕТОВА ГУЛЬНУР СЕРИКБЕКОВНА

**Абай облысы жер – су атауларының лексика- семантикалық ерекшелігі
(Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округі
материалдары негізінде)**

6D020500 – Филология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
филология ғылымдарының докторы,
профессор
Сейтова Ш.Б.

Шетелдік ғылыми кеңесші
доктор PhD,
профессор
Мехмет Өлmez
(Стамбул университеті)

Қазақстан Республикасы
Семей, 2025

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР.....	3
КІРІСПЕ.....	4
1 ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕСІ.....	11
1.1 Жер-су атауларын зерттеудің тарихи және қазіргі даму барысы.....	11
1.2 Өнір жер-су атаулары қалыптасуының қоғамдық-тарихи негіздері...	19
1.3 Өнір жер-су атаулары қалыптасуының тарихи-географиялық негіздері.....	29
1.4 Топонимикалық жүйені қалыптастырудың этномәдени факторлары.	36
1 бөлім бойынша тұжырым.....	45
2 АБАЙ ОБЛЫСЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ЛЕКСИКА- СЕМАНТИКАЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ.....	47
2.1 Абай ауданы және Абыралы өңірі жер-су атауларын жіктеудің лексика-семантикалық аспектісі.....	47
2.2 Антротопоним және этнонимдерден қалыптасқан жер-су атаулары..	56
2.3 Зооним және фитонимдерден қалыптасқан топонимдік атаулар.....	66
2.4 Сын-сипат, түр-тұс және сан атауларынан қалыптасқан жер-су аттары.....	74
2 бөлім бойынша тұжырым.....	82
3 АБАЙ ОБЛЫСЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ-ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	84
3.1 Жер-су атауларының сөзжасамдық-құрылымдық сипаты.....	84
3.2 Жер-су атауларының детерминанттық және топоформанттық құрамы.....	94
3.3 Есім сөз табынан қалыптасқан жер-су атаулары.....	103
3.4 Етістік және басқа сөз таптарынан жасалған жер-су атаулары.....	112
3-бөлім бойынша тұжырым.....	118
ҚОРЫТЫНДЫ.....	120
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	124

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

Антропотопоним – адам атына байланысты қалыптасқан атаулар.

Гидроним – су объектілерінің атауларына байланысты қалыптасқан ұғым.

Зооним – жан – жануарлар мен хайуанаттар атауына байланысты қалыптасқан атаулар.

Микротопоним – жергілікті халық, өңір арасында ғана танымал жер-су атауы.

Ойконим – елді-мекендердің (ауыл, қала) атаулары.

Ономастика – қазақ тілі біліміндегі жалқы есімдерді қарастыратын ілім.

Ороним – таудың, қырраттың, шоқының атаулары.

Топожүйе – жер-су атауларының тұрақты бірлестігінен құралған жиынтық қосылыс.

Топоним – географиялық атауларға байланысты қалыптасқан ұғым.

Топонимизация – географиялық терминнің ешбір қосымшасыз топонимге айналуы.

Топонимикалық стратиграфия – географиялық атаулардың тарихи жағынан әртүрлі кезенде қалыптасқан және тілдік тұрғыдан алуан түрлі қабаттары. «Стратиграфия» (латыншаstratum – «қабат», грекшеgrapho – «пишу») термині геологиядан алғанған.

Топонимикалық формант (токоформант) – географиялық атау түзуге қатынасатын сөз қураушы элемент.

Трансонимизация – атаудың белгілі бір қатардан басқа атаулар қатарына ауысуы.

Транстопонимизация – жер-су атауларының бір түрінен екіншісіне ауысуы.

Фитоним – өсімдік атауларынан қалыптасқан ұғым.

Хабарламашы – әр алуан тақырыптарға байланысты ақпарат, мәлімет беретін адам.

Этимология – географиялық атаудың шығу тегі сипаттайтын ұғым.

Этноним – кез келген этностың, этностық топтың, ұлттың, халықтың, ұлыстың, тайпаның немесе рудың атауын білдіретін ұғым.

Этнотопоним – ру-тайпаның, халықтың, ұлттың атаулары.

KIPICPE

Кез келген халықтың тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, дүниетанымын, ұғым түсініктерін, рухани болмысын, ақыл-парасатын айғақтайтын мәдени ақпарат сол халықтың даму тарихында әрбір дәуірдегі қалыптасқан рухани құндылықтарды қалыптастыратыны сөзсіз. Халқымыздың өткен тарихы мен жүріп өткен сара жолынан мол мағлұмат беріп, белгілі бір географиялық аймақтың иесі болуға құқықтық негізdemе болатын мәдени ақпараттардың, рухани құндылықтардың бірі – жер-су атаулары. Себебі жер-су атаулары адамзат қоғамында пайда болып, өмір сүріп, қызмет атқаратындықтан, сол қоғамда болып жататын өзгерістерден тыс қалмайды. Жер-суға, елді мекенге ат беру үрдісі – өзінің тілдік ерекшелігі бар, үздіксіз жүріп жататын халық шығармашылығының басты бір үдерісі. Әдетте, атауларда ұлт келбетінің көрінісі жатады.

Найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғалып, ықлым замандардан бізге аманат болып жеткен кең байтақ жерімізде ата-бабаларымыз мал бағып, жазын жайлауға, қысын қыстауға көшіп жүріп, сол жердің табиғатын, тау-тасын, әр төбесін, әр ойын танып, жердің ерекшеліктеріне қарай оларға атау беріп отырды. Не болмаса, жерді иемденген рудың, тайпаның, жекелеген адамның есімін де сол жерді сипаттау үшін қолданды. Сондай-ақ, өнірде орын алған қайсыбір оқиғалар, тарихи жағдайлар жер-су атауларын қалыптастыруға негіз болды. Сондықтан болар жер-су атаулары – тек қана географиялық нысандарды белгілеп қана қоймай, еліміздің белгілі бір жерін мекендерген халқымыздың басынан кешірген жағдайларынан да мол ақпарат беретін сөздер.

Ұлттық ономастика – келер ұрпақтың ұлтына деген мақтанышын білдіретін рухани, мәдени, тәрбиелік маңызы зор факторлардың бірі болып табылады. Бұл тұрғыдан келгенде, жер-су атауларын біржақты зерттеу мүмкін емес. Яғни, кез келген елдің, өнірдің жер-су атауларын зерттеу нысаны етіп алғанда, ең алдымен, тұтас жүйе аясында зерттеуді мақсат ету қажет.

Аталмыш зерттеу жұмысында Абай облысының Абай ауданы және оған шекаралас жатқан Семей қалалық әкімдігіне қарасты Абыралы ауылдық округының жер-су атаулары лингвистикалық тұрғыдан қарастырылып, лексика-семантикалық ерекшеліктеріне орай жіктеліп, аймақтық топонимикалық жүйе қалыптастырудың этномәдени, тарихи, физика-географиялық факторларына сипаттама беріледі.

Зерттеу жұмысының «Жер-су атауларының ономастикалық кеңістіктең теориялық негіздемесі» атты тарауы төрт тараушадан құралған. Бірінші тарау «Жер-су атауларын зерттеудің тарихи және қазіргі даму барысы», «Өнір жер-су атаулары қалыптасуының қоғамдық-тарихи негіздері», «Өнір жер-су атаулары қалыптасуының тарихи-географиялық негіздері» «Топонимикалық жүйені қалыптастырудың этномәдени факторлары», атты төрт тараушаға бөлініп, Абай, Абыралы өнірі топокеңістігіне теориялық сипаттама беріледі.

Екінші тарау «Абай облысы жер-су атауларының лексика-семантикалық интерпретациясы» деп аталып, «Абай ауданы және Абыралы өнірі жер-су

атауларын жіктеудің лексика-семантикалық аспектісі», «Антропоним және этнонимдерден қалыптасқан жер-су атаулары», «Зооним және фитонимдерден қалыптасқан топонимдік атаулар», «Сын-сипат, тұр-тұс және сан атауларынан қалыптасқан жер-су аттары» деген тараушаларды қамтиды. Жалпы екінші тарауда тілдік деректер мен зерттеу материалдарынан жинақталған өнірдің топонимдері лексика-семантикалық ерекшеліктері тұрғысынан қолға алынып, қарастырылады.

Ушінші тарау «Абай облысы жер-су атауларының сөзжасамдық-құрылымдық ерекшеліктеріне» арналып, «Жер-су атауларының сөзжасамдық-құрылымдық сипаты», «Жер-су атауларының детерминанттық және топоформанттық құрамы», «Есім сөз табынан қалыптасқан жер-су атаулары», «Етістік және басқа сөз табынан жасалған жер-су атаулары» деп аталатын тараушалардан құралады. Бұл тарауда зерттеу нысанына алынған аталмыш өнір жер-су атауларының сөзжасамдық-құрылымдық сипаты анықталып, талданады.

Зерттеудің өзектілігі. Зерттеу жұмысына арқау болып отырған Абай облысына қарасты Абай ауданы және оған шекаралас жатқан Семей қалалық әкімдігіне қарасты Абыралы ауылдық округінің топонимикалық жүйесі бұрын-соңды өнір өлкетанушылары, тарихшылары мен шежірешілері тарапынан қолға алынғанымен, «Абай жолы» роман-эпопеясындағы кейбір топонимдерден басқасы, бүгінге дейін лингвистиканың зерттеу объектісіне алынған жоқ. Қазіргі таңда қазақтың бас ақыны Абайдың қасық қаны тамған өнір топонимијасын зерттеп, бір ізге келтіру, атауларды топтастырып жіктеу, ондағы жер-су атаулардың шығу этимологиясын, этнонимдер мен антропонимдердің жер-су атауларын қалыптастырудың рөлін, географиялық жер бедерінің топоним атауын қалыптастыруға әсерін, атауды қалыптастырудың тілдік ерекшеліктерді бір ғылыми-зерттеу жұмысының аясында топтастырып, Абай облысына қарасты Абай ауданы және Семей қалалық әкімдігіне қарасты Абыралы ауылдық округі топонимдерінің ономастикалық кеңістігін қалыптастыру диссертациялық жұмыстың өзектілігі болып табылады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Лингвистика ілімінің соңғы жылдардағы қарқынды дамуы тілдік таным мен сананың субъектіге, тұлғага, адамға бағытталуымен ерекшеленеді. Антропоөзектік тәсіл шеңберіндегі тілді зерттеу адамның саналы ғұмырының қалыптасуын, ұйымдастырылу ерекшелігін объективті және субъективті факторларына сәйкес адамның шындықты қабылдауы мен тұжырымдамалау үдерістерімен тығыз байланысты тілдік фактілерді қамтиды. XX ғасырдың 40-шы жылдарынан бастап, топонимикалық зерттеулер саласында тарихи-этимологиялық және жүйелік-құрылымдық тәсілдер басым болды. Жалпы топонимикалық мәсelerde (Е. Қойшыбаев [1], Қонқашбаев [2], Т. Жанұзақ [3], Ә. Эбдракманов [4], Б. Тілеубердиев [5], Е. Керімбаев [6], Қ. Рысберген [7], О. Султанъяе [8], және т.б.) басты назар Қазақстан аумағындағы және өнірлік деңгейдегі атауларды анықтап, топтастыруға бағытталса, XX ғасырдың 60-шы жылдарынан бері қарай атаулардың шығу тегі, түркілік негізі, сөзжасамдық сипаты мен лексика-семантикалық ерекшеліктері Ж. Манкеева [9], Г. Мадиева [10], А.Е. Жартыбаев

[11], Ұ. Ержанова [12], С. Сағидоллақызы [13], С. Иманбердиева [14], Б. Наханова [15], Ж. Бұғыбаева [16], А. Макұлбек [17], М.А. Диарова [18] және т.б.) зерттеу нысанына алынды. Соңғы жылдардағы топонимикалық зерттеулер Қ. Рысберген [19], Қ. Сапаров [20], Б. Бияров [21], Ш. Сейітова [22], А. Әлімхан [23], Э. Орынбетова [24], Б. Тасболатов [25], Г. Борибаева [26], Б. Бектасова [27], Ж. Исмайлова [28], З.А. Құламанова [29], А. Омарбекова [30], және т.б.) әрбір аймақтың топонимикасын жеке-жеке жүйелеп, өнірдің тарихи-географиялық болмысын қалыптастыруға, жер-су атауларының лингвомәдени ерекшеліктерін кешенді зерттеуге бағытталып келеді. Осылайша, әр кезеңдегі топонимикалық зерттеулердің негізінде жер-су атауларындағы номинативті белгі, сөзжасамдық топонимикалық модель, топонимикалық тип, топоформант және топонегіз, атаудың семантикалық белгісі, топонимикалық жүйе топонимияны қалыптастыру үдерісінде үнемі қайталанатын жалпы даму заңдарымен біріктілген географиялық атаулардың аймақтық топонимикалық жүйесі қалыптасты. Біз зерттеу барысында жоғарыда аталған зерттеушілердің өнірі жер-су атауларын топтастырып, оларды лингвистикалық түрғыдан кешенді түрде зерттеп, аймақтық топонимикалық жүйені қалыптастыру жұмыстарын жүргіздік.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты – Ұлылар мекені атанған өнір, Абай, Шәкәрім, Мұхтардай алыптардың табандының ізі қалған Абай облысына жататын Абай ауданы және оған шекаралас жатқан Семей қалалық әкімдігіне қарасты Абыралы ауылдық округінің жер-су атауларын лингвистикалық түрғыдан зерттеп, ономастикалық кеңістігін қалыптастыру. Зерттеу мақсатын жүзеге асыруда төмендегі **міндеттерді** шешу көзделді:

1. Абай ауданына қарасты Қарауыл, Архат, Көкбай, Құндызды, Саржал, Медеу, Кенгіrbай, Қасқабұлақ, Тоқтамыс ауылдық округтеріне қарасты жер, су, өзен, көл, бұлақ, қыстау, жайлау, күзеу, төбе, шоқы, сай және т.б. географиялық нысан атауларын анықтап жинақтау және топтастыру.

2. Семей қаласының Абыралы ауылдық округі бойынша Алғабас, Айнабұлақ, Ақбұлақ, Доғалаң, Егіндібұлақ, Қайнар, Қараөлең елді мекен, көші-қон, жайлау, күзеу, қыстау, өзен, су, бұлақ, т.б. топонимдік бірліктерді жинақтап топтастыру.

3. Аймақ топонимиясы қалыптасуының қоғамдық-тарихи және географиялық негіздерін айқындау.

4. Абай, Абыралы өнірі топонимикалық жүйесін қалыптастырудың этномәдени факторларына сипаттама беру.

5. Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округіне қарасты топонимдерді лексика-семантикалық ерекшеліктеріне қарай топтастыру.

6. Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округіне қарасты жер-су атауларының сөзжасамдық-құрылымдық сипатын ажырату.

Зерттеу нысаны. Абай облысына қарасты Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округіндегі барлық топонимдер мен микротопонимдері.

Зерттеу пәні ретінде Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округі жер-су атаулары қалыптасуының тарихи-географиялық, этномәдени факторлары қарастырылады.

Зерттеудің әдістері. Диссертациялық жұмысты жазу барысында салыстырмалы-тарихи талдау, аналитикалық-интерпретативті талдау, функционалдық-жүйелілік, сипаттау әдістері қолданылды.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздері ретінде отандық және шетелдік зерттеушілердің ономастика, топонимика салалары бойынша, тарихи лингвистика, халықтық этимология, этнолингвистика, түркітану, сөзжасам, сөзжасамдық топонимика бағыттары бойынша зерттеулер жүргізген ғалымдардың іргелі еңбектері алынды. Топонимика саласының жалпы зерттелу барысы С. Абдрахманов, Ә. Абдрахманов, Е. Қойшыбаев, Г. Қонқашбаев, Қ.Т. Сапаров, Қ. Рысберген, Ж. Манкеева, Б. Бияров, Т. Жанұзақов, А.Е. Жартыбаев, Ш. Сейітова, Ұ. Ержанова, Д. Пашан, С. Сағидоллақызы, К. Каймұлдинова, А. Әлімхан, Д. Исаев, Ш. Маратұлы, Э. Орынбетова, Г. Бөрібаева және т.б. отандық ғалымдардың еңбектері негізінде қарастырылса, түркі халықтарының ономастикалық кеңістігі М. Қашқаридан бастап, бертін келе, В. Бартольд, В. Радлов, П. Мелиоранский, С.Е. Малов, В.В., Н.А. Басқаков, соңғы жылдары Б.Ондар, Надежда Д. Суванджи, М.В. Бавуу-Сюрюн, Л.С. Кара-оол, А.Д. Каксин, О. Молчанова, А. Камалов, Ш. Камолидицин, Г. Гейбуллаев, И.А. Дамбуев, И. Шахин, С. Иманбердиева, Б. Наханова және т.б. еңбектерімен жалғасып, зерттеу жұмысымызға арқау болды. Лингвомәдениенттану, халықтық этимология, лингвистикалық талдау мәселесіне келгенде В. Виноградов, Н. Гальперин, Б. Уорф пен Э. Сепир, В.Ф. Гумбольдт, А. Байтұрсынұлы, Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Н. Баяндин және т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектері басшылыққа алынып, ғылыми негіз болады. Топонимдердің сөзжасамдық-құрылымдық сипатын анықтауда А. Ысқақов, Қ. Рысберген, Н. Оралбаева, Е.С. Кубрякова, Б. Қасым, Ж. Бұғыбаева сынды ғалымдардың іргелі еңбектері теориялық-әдістанымдық түрғыдан басшылыққа алынды.

Зерттеудің материалдары мен дереккөздері. Зерттеу жұмысына тілдік материал ретінде әртүрлі карталарда орын алған географиялық нысан атаулары, сондай-ақ, М. Әуезовтың «Абай жолы», Т. Жұртбайдың «Құнанбай» сынды көркем шығармаларынан терілген топонимдік атаулар, «Памятная книга Семипалатинской губернии» (1892, 1895, 1900, 1910) атты мұрағаттық құжаттардан алынған атаулар, сонымен қатар, жекелеген авторлардың, атап айтқанда, Б. Исабаевтың «Ұлылар мекені» (2001), М. Жанболатұлының «Тобықты Шыңғыстау шежіресі» (2004), К. Оразалиннің «Абай ауылына саяхат» (1976), «Абайдан сон» (1989), Б. Нәсеновтың «Абыралы – Сарыарқаның кіндігі» (2002), Д. Қошқарбековтың «Абыралы асулары» (1995), М. Мұқановтың «Казақ жерінің тарихы» (1994), Х. Матаевтың «Абай

ауылның ақынтары» (1981), Т. Ибрагимовтың «Жер әңгімеші...» (2009), Д. Сейсеновтың «Шежірелі Шыңғыстау» (2004), Б. Щербаковтың «Жидебайдың жұлдызды даласы» (2017), Б. Теміровтың «Саржал (Ауылымның тарихы – елімнің тарихы)» (2017), «Туган жерге ту тіккендер» (2017) және т.б. өнірдің тарихшы, өлкетанушылары мен шежірешілерінің еңбектерінен алынған жер-су аттары қолданылды. Зерттеу нәтижесінде Абай ауданы және Семей қаласына қарасты Абыралы ауылдық округін қоса алғанда, жинақталған жер-су атауларының саны 1471 топонимиялық бірлікті құрады. Жазбаша дереккөздердің деректері далалық материалды, өнірді жақсы білетін қариялар мен өлкетанушы ақсақалдармен үйымдастырылған сұхбаттардан алынған жер-су атауларды толықтырады, оны түзетуге және этимологиялық нұсқаларын растауға негіз болады. Топонимиялық атауларға лингво-этимологиялық талдаулар жүргізуде «Қазақ тілінің аймақтық сөздігі» (2 томдық), «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» (15 томдық), «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (10 томдық), «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі», сонымен қатар, туыстас түркі халықтарының топонимдік сөздіктері, атап айтқанда, Ондар Б.К. «Топонимический словарь Тувы», Молчанова О.Т. «Топонимический словарь Горного Алтая» және басқа да лингвистикалық сөздіктермен жұмыс жасалды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Бұл зерттеу жұмысы Абай облысының Абай, Абыралы өнірлерінің топонимикалық жүйесін лексика-семантикалық, сөзжасамдық-құрылымдық, этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеуге арналған алғашқы еңбектердің бірі. Кешенді зерттеу барысында төмендегі ғылыми жаңалықтарға қол жеткізілді:

1. Тұңғыш рет өнір топонимдерінің жиынтығы аймақтық топонимиялық жүйе ретінде арнайы зерттелініп, лингвистикалық тұрғыдан қарастырылды.
2. Ғылыми жұмысты жазуға тілдік деректерді қарастыру барысында 1471 жер-су атаулары топтастырылып, тілдік тұрғыдан талданды.
3. Алғаш рет Абай ауданы және Абыралы өнірінің жер-су атаулары топтастырылып, лексика-семантикалық ерекшеліктеріне қарай жіктелді.
4. Алғаш рет Абай ауданы және Абыралы өнірі жер-су атауларының сөзжасамдық құрылымдық сипаты анықталды.
5. Абай және Абыралы өнірінің физика-географиялық жағдайларының топонимиялық жүйеде бейнеленуінің ерекшеліктері анықталды.
6. Абай және Абыралы топонимикалық жүйесіндегі этномәдени факторлардың рөлі айқындалды және оларға сипаттама берілді.
7. Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округіне қарасты топонимдерді тілдегі байырғы, көне, орта ғасыр және жаңа дәуірлердегі үлгілерімен тарихи және лингвистикалық тұрғыдан салыстыру арқылы тарихи және географиялық негіздері айқындалды.
8. Абай және Абыралы өнірлерінен алғаш рет жинақталған тілдік материал аталған өнірлердің топонимикалық сөздігін жасауға негіз болды.

Зерттеудің теориялық маңызы. Диссертациялық зерттеуде Абай, Абыралы өнірлерінің топонимикалық жүйесі қалыптастырылып, олардың

лексика-семантикалық, сөзжасамдық ерекшеліктері анықталды. Топонимикалық жүйенің тілдегі қызметі нақты материалдар негізінде қарастырылып, жер-су атауларына кешенді талдау жасалды.

Зерттеудің практикалық құндылығы. Зерттеудің материалдары аймақтық топонимикалық зерттеулерде, түркі және шет тілдеріндегі топонимия бойынша салыстырмалы жұмыстарда, топонимикалық экспедицияларда географиялық атауларды жинау кезінде, топонимикалық сөздіктер мен атластарды құрастыру кезінде, Абай облысы топонимикасы бойынша арнайы курстар мен қазақ тілі тарихы мәселелері бойынша арнайы семинарлар әзірлеу кезінде пайдаланылуы мүмкін.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар. Зерттеу Абай облысының Абай ауданы және Семей қаласына қарасты Абыралы ауылдық округінің жер-су атауларын лингвистикалық тұрғыдан кешенді зерттеуге арналғаны белгілі. Болашақта мұндай зерттеу Абай облысының басқа аудандарының топонимикалық жүйесін зерделеуге, сондай-ак, бүкіл облыс қөлемінде кешенді зерттеу жүргізіп, Абай облысының топонимикалық жүйесін қалыптастыруға арқау болады деп санаймыз.

1. Абай ауданы мен Абыралы ауылдық округіне қарасты жер, су, өзен, көл, бұлақ, қыстау, жайлау, күзеу, төбе, шоқы, сай және т.б. географиялық нысан атауларының жалпы саны 1471 атау жинақталып, өңірдің топонимдер сөздігі түзілді.

2. Аталған өңір топонимдерінің жиынтығы алғаш рет лингвистикалық тұрғыдан арнайы зерттелініп, өңірдің топонимикалық жүйесі қалыптастырылды.

3. Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округі бойынша топонимдерді тілдегі көне, орта ғасыр және жаңа дәуірлердегі үлгілерімен тарихи және лингвистикалық тұрғыдан салыстыру арқылы тарихи және географиялық негіздері айқындалды.

4. Абай және Абыралы өңірі бойынша топонимикалық жүйесіндегі этномәдени факторлар айқындалып, сипаттама жасалды.

5. Алғаш рет Абай ауданы мен Семей қаласына қарасты Абыралы ауылдық округі, яғни Семей өңірінің топонимдер жүйесі лингвистикалық тұрғыдан арнайы топтастырылып, лексика-семантикалық тұрғыдан қалыптастырылып, топтастырылды.

6. Аталған өңірлерлердің топонимдік жүйесінің сөзжасамдық-құрылымдық ерекшелігі жан-жақты талданды.

Зерттеу жұмысының жариялануы. Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қорытынды тұжырымдары бойынша отандық және халықаралық ғылыми – теориялық, тәжірибелік конференциялардың материалдары жинағында 4 мақала жарияланды. ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 5 мақала жарық көрді:

1. Абай ауданы жер-су атауларының ерекшелігі // Қазақ білім академиясының баяндамалары. - 2019. - №4. - Б. 214-222.

2. Абай ауданы жер-су атауларының лексика-семантикалық ерекшелігі // Қазақстанның білімі мен өмірі. - 2020. - №7(2). – Б. 252-255.
3. Абай өңірі топонимдерінің этиологиялық ерекшеліктері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. - №1(138). – Б. 71-78.
4. Абай өңірі ономастикасындағы антротопонимдердің лингвистикалық сипаты // Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің хабаршысы. Филология сериясы. - 2023. - №3. – Б. 5-14.
5. Lexico –semantic nature of toponyms: theory and analysis // Ш. Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. - № 4. – Б. 9-22.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, және қосымшада топонимдердің түсіндірме сөздігі түзілген тізім мен статистикалық мәліметтерден тұрады.

1 ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕСІ

1.1 Жер-су атауларын зерттеудің тарихи және қазіргі даму барысы

Ғаламшардың кез келген белгінде өмір сүрген және өмір сүріп жатқан кез келген халықтың өзіне тиесілі тұған мекені болады. Сол мекендердегі халықтың тұрмыс-тіршілігі халықтық тілде сипатталып, сөзбен таңбаланады. Сөз атаулы адам баласының барлық әрекетін таңбалап, нәтижесінде тілдік сөздік қорды құрайды. Ал жер-су атаулары осы сөздік қордан орын ала отырып, өз бойында белгілі бір халықтың ұлттық болмысын, тұрмыс-тіршілігін, табиғи ерекшеліктерін, өткен тарихы мен рухани құндылықтарын сақтап, ғасырдан ғасырға тасымалдайтын тілдік құрал болып табылады. Бұдан топонимика тарих, география және лингвистика ғылымдарының тоғысында зерттеу нысанага алынатын ғылым саласы екенін аңғаруға болады. Сол себепті белгілі бір өнірдің жер-су атауларын топонимикалық жүйеде қарастыру үшін сол өнірдің қоғамдық-тарихи ерекшеліктеріне, этникалық мәдениетіне, жер бедерінің ландшафтылық-географиялық сипаттамасына және тілдік ерекшеліктеріне назар аударған жөн.

Қазақ тіл білімінің ономастикасында ерекше орынға ие топонимика ғылымы қазіргі таңда жер-су атауларын тарихи-лингвистикалық, этнолингвистикалық, лингвомәдени, лингвокогнитивтік, кумулятивтік, сөзжасамдық, лексика-семантикалық, өнірлік топонимика тұрғысынан зерттеліп жатқан сала болып табылады.

Қазақ ғылымында топонимиқаны зерттеу тарихы XX ғасырдың 40-шы жылдарынан басталады. Бұл кезеңде топонимиқаны географиялық терминдер тұрғысынан топтастыруға арналған Ф.К. Конқашбаевтың ғылыми еңбегін атап өтуге болады [31]. Бұдан кейін іле шала топонимист мамандар Е. Қойшыбаев, Қ. Базарбаев, С. Әбдірахманов тарапынан әрбір облыс бойынша Қазақстан Республикасының географиялық атаулар каталогы құрастырылды. Тіл ғылымында алғашқы топонимика саласы бойынша зерттеулер лексика-семантикалық, тақырыптық топтастырудан басталып, Т. Жанұзақов, А. Әбдірахманов, Е. Керімбаевтың еңбектерінде бейнелене бастады.

Т. Жанұзақов – қазақ ономастикасында ғылыми мектеп қалыптастырған тілші-ғалымдардың бірегейі. Ол жалпы ономастика, топонимика, антропонимика салаларында іргелі зерттеулер әзірлеп, топтастырулар жасап, топонимдік кезеңдерді ажыратып, онимдердің шығу төркінін, пайда болу тарихын, оның тарихпен, философиямен, әдебиетпен, этнологиямен, халықтық дәстүрмен байланысы, тілдік қатынасы, өзгеру қабаты, жазылу емлесі тұрғысынан түбекейлі зерттеп, топонимика ғылымына кешенді үлес қосты. Соңғы жылдары Т. Жанұзақ және оның артынан шәкірттері Қазақ тіл біліміндегі ономастикалық кеңістіктің дамуына орасан зор еңбек етуде.

Тарихи топонимика саласында бірінші кезекте топтастыру мәселесі ерекше маңызға ие. Топтастыру мәселесін анықтау арқылы тарихи топонимдерді жүйелеу мүмкіндігі туындаиды. Қазақстан ғалымдары тарапынан

түрлі топтастыру модельдері ұсынылып және қолданылып жүр. Бұл топтастырулардың негізгі принциптерін анықтап алмай, тарихи топонимия мәселесі өз шешімін таппақ емес. Топонимика саласында алғашқы топтастыру нұсқасын жасаған белгілі ғалым А.Әбдірахманов болды. Оның әр жылдарда жарық көрген еңбектері Қазақстан жер-су атауларын лексика-семантикалық, этимологиялық, тарихи-географиялық түрғыдан зерттеуге арналды. Оның 2010 жылы жарық көрген «Топонимика және этимология» еңбегі жер-су атауларын этимологиялық шығу төркінін лингвистикалық түрғыдан қарастыратын іргелі еңбек болды.

Топонимиканы зерттеу тарихы славян лингвистикасында А.Х. Востоковтың 1812 жылы жарық көрген «Этимологияны сүйетіндерге арналған міндет» мақаласынан бастау алады. Аталған еңбекте қазіргі зерттеулерде қабылданған негізгі ономастикалық терминдер әлі қалыптаспаса да, мақала топонимика мен ономастиканың негізін қалады. Бұл мақалада топонимдерді зерттеу аспектісі, гидронимдік атаулардың қосымшаларындағы бірізділік мәселелері қозғалып, мағыналары сумен байланысты болуынан деген болжам жасалды [32]. Орыс тілінің ономастикасында, оның ішінде топонимиканың ғылыми-теориялық ережелерімен В.А. Никонов, А.В. Суперанская, В.Н. Топорова, Н.В. Подольская, А.И. Попов, Ю.А. Карпенко, А.А. Реформацкий, В.Д. Беленская, Б.А. Серебренников, А.К. Матвеев, Е.М. Мурзаев, Р.А. Агеева, Е.М. Поспелов, В.А. Жучкович, Е.М. Черняховская, М.Н. Морозов, А.А. Белецкий, В.И. Болотов, Г.П. Бондарук және т.б. ғалымдар айналысты. Аталған ғалымдардың топонимикалық жүйе жайлы зерттеулерінде теориялық, сипаттамалық, тарихи, қолданбалы, поэтикалық деп аталатын бес дербес топонимикалық зерттеулер бағыты ажыратылды. Бұл бағыттардың әрқайсысы зерттеудің логикалық, лексикологиялық, лексикографиялық, семасиологиялық (семантикалық), терминологиялық, типологиялық аспектілерін алға тартады. Лингвистика, география және этнография қылышында топонимист ғалым М.А. Кастрен жемісті еңбек атқарды. Ол орыс, финноугор, түркі және самоид тілдерінің топонимиялық лексикалық бірліктерін зерттеумен айналысты. Оның көптеген ғылыми гипотезалары қазіргі уақытта өзектілігін жоғалтқан жоқ [33].

Батыстағы топонимикалық зерттеулер XX ғасырдың басында қарқынды дами бастады. Көптеген елдерде өздерінің топонимикалық мектептері дамыды. Мәселен, Австралияда топонимика мәселелері Ж. Тент, Д. Блейер тәрізді тілші-ғалымдар тараپынан қолға алынды. Неміс топонимикасында 1919, 1921, 1967 жылдардағы зерттеулері арқылы Х.Л. Менкен жер-су атауларын лексика-семантикалық түрғыдан топтастыру жұмыстарын жүргізді. 1928, 1940, 1955 жылдары жарық көрген еңбектері арқылы американық зерттеуші ғалымдар Г.Р. Стюарт, Л.А. Артур топонимдерді типологиялық түрғыдан 10 мағыналық топқа бөліп қарастырды.

Түркі халықтарының ономастикалық жүйесін, Орта Азиядағы барлық жалқы есімдердің этимологиясын ғылыми түрғыдан зерттеу Махмұд Қашқари еңбегіне, яғни орта ғасырларға жатады. М. Қашқаридің «Диваны» түркі

тілдерінің үлкен ономастикалық қеңістігін айтарлықтай терең деңгейде қамти алған іргелі еңбек деп атап өтуге болады. Ортағасырылық тарихи жәдігердегі тарихи-географиялық мұралар Қазақстан көлеміндегі тарихи топонимдерді тарихи-диахрониялық әдіс түрғысынан талдауға негіз болатын теориялық еңбек болып табылды. Автор назар аударған «Диван» еңбегінің географиялық дерегі түркілердің географиялық әдебиеті болып табылады. Жалпы түркі ономастикасына кеңейтілген ғылыми көзқарас XX ғасырдың 20-жылдарынан басталады. Ономастика, оның ішінде түркітілдес аймақтар топонимикасы бойынша жарияланымдар, монографиялар Е.М. Мурзаев, Н.А. Басқаков, О.Т. Молчанова, А.К. Матвеев, А.Н. Кононов, В.М. Насилов, Қ.М. Мұсаев, В.В. Радлов, И.А. Воробьев, В.И. Абаев және т.б. түркітанушы ғалымдардың, ал қазақ топонимдерінің құрылымдық түрлері, жасалу әдістері, этимологиясы туралы бірқатар еңбектер Қазақстан ғалымдары С.А. Аманжолов, А.А. Әбдірахманов, С. Абдрахманов, О.А. Султаняев, Т.Д. Жанұзақ, В.Н. Попова, А.Т. Қайдаров, Д.Х. Қармышева, Е.А. Керімбаев, Е. Қойшыбаев, Ф.Қ. Қоңқашбаев, Ф.Б. Мәдиев, Қ. Рысберген, Ж. Манкеева, Г. Сагидолдагийн, А. Макұлбек, Б. Бияров, С. Сейітова, А. Әлімхан, Э. Орынбетова, Б. Тасболатов, Г. Бөрібаева және т.б. Өзбекстан ғалымдарының орта ғасырлар топонимдерінің тарихи-географиялық сипаттын зерттеген Х.Х. Хасанова, С.Қ. Қараев және т.б. еңбектерінен кездестіреміз. 1916 жылы шағатай тілінде жарық көрген Құрбанғали Халидтің «Тауарих – и хамса – ии шарқит» кітабы да қазақ жерінің бірқатар жер-су атауларынан мол мағұлмат беретін құнды еңбек.

Көне түркі топонимдеріне шолу жасап, зерттеген В.Томсен, В.В. Радлов, П.М. Мелиоранский, С.Е. Малов, В.В. Бартольдт, Н.А. Басқаков, Л.В. Дмитриев, Г.И. Донидзе, А.П. Дульzon, К. Миллер, Х. Ханс, А. Херман, П. Аальто, Г.Дж. Рамstedt, Э. Шаваннес, Дж.Г. Грано, Л. Базин, Ф. Хирт, Л. Лигети, П. Будберг, К. Чегледи, Дж. Чжон, Т. Осава, Л.Н. Гумилев, В. Банг, Н.А. Батманов, И.Л. Қызласов, С.Г. Кляшторный, И.В. Кормушин, Ғ. Айдаров, В.Я. Бутанаев, М. Жолдасбеков, С. Қаржаубай, Н.Ф. Шаймердиннова, Л. Наханова, Ахмет Тасагил, Ерхан Айдын, В. Абдурахман, Ибрахим Шахин және т.б. сияқты бірқатар ғалымдарды атап өтуге болады. Түркі топонимикасы бойынша 1965-1988 жылдар арасында тұрақты түрде ұйымдастырылып түрған ғылыми конференциялар түркі халықтарының топонимикалық жүйесіндегі ортақ белгілер мен бірегейлікті қалыптастыруға негіз болды. Бұл конференцияларда ғалымдар ортақ түркі топонимика, жекелеген түркі халықтарының топонимикалық ерекшеліктері жайлы бірқатар баяндамалар жасап жүргізіп жүрген кешенді зерттеулерімен таныстырыды. Нәтижесінде басқа түркі халықтарының топонимдерді зерттеуге деген қызығушылығын арттырыды.

Топонимикалық зерттеулерді жүзеге асыруда ең маңызды шарттардың бірі – зерттеу әдістері болмақ. Тәжірибеде топонимикалық зерттеулердің әртүрлі әдістері бар, өйткені тіл сияқты көп қырлы құбылыстың әрбір жеке жағын зерттеу әртүрлі тәсілдер мен әдістерді қолдануды талап етеді. Әлбетте, бұл әдістердің ешқайсысы әмбебап бола алмайды. Сондықтан негізгі әдіс ретінде тек бір әдісті бөліп көрсете алмаймыз. Топонимикалық зерттеулердің

әдістері жөнінде ғалым Б. А. Серебренников әр ғалым өзінің зерттеу объектісі мен мақсатына қарай тиісті зерттеу әдістерін қолданатындығын айта келіп, дегенмен де бүгінгі таңда топонимикалық зерттеулерді жүзеге асыруда басшылыққа алынатын 4 зерттеу әдістерін атап өтеді. Олар: 1) этимологияландыру; 2) топонимикалық материалды жинау және жіктеу; 3) фонетикалық және грамматикалық бейімделулерді, сондай-ақ бұрмаланған сөздердің бастапқы көрінісін белгілеу; 4) шежірелер, мұрағаттық құжаттар мен фольклорлық материалдарды пайдалану. В.А. Жучкевич (1965) бойынша топонимикалық зерттеудің 5 әдісі бар: 1) лингвистикалық талдау әдісі; 2) статистикалық; 3) салыстырмалы тарихи; 4) картографиялық; 5) географиялық әдістер. Б.Д. Бондалетов (1983) топонимияны зерттеудің 8 әдісі туралы сипаттама береді: сипаттамалық, тарихи, салыстырмалы, ареалды (кеңістіктік), семиотикалық, стилистикалық, лингвистикалық-психологиялық, статистикалық. П.В. Подольскаяның (1988) тұжырымына сәйкес топонимикалық зерттеудің 11 әдісі бар: ареальды, генетикалық, дескриптивті (сипаттамалық), картографиялық, «кіші типтерді ажырату», қайта құру, стратиграфиялық, құрылымдық, типологиялық, форманттық, этимологиялық. Көріп отырғанымыздай, топонимиканың дамуымен топонимикалық зерттеу әдістерінің жиынтығы өсіп келе жатқан сызық бойынша жүреді. «Ономастикалық зерттеулердің теориясы мен әдістемесі» (1986) монографиясының авторлары осы жұмыстың авторы сүйенетін ономастикалық зерттеулердің 19 әдісін ұсынады.

Откеннен бүгінге дейін топонимика саласы бойынша 50-ге жуық кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды (Т. Жанұзақ, Б. Бияров, А. Әбдірахманов, Е. Қойшыбаев, В.Н. Попова, О.А. Сұлтаньяев, Е.Ә. Керімбаев, В.У. Махпиров, Б. Бектасова, М. Қожанов, Г.Б. Мәдиева, Қ. Рысберген, А. Жартыбаев, Г. Сагидолдагийн, Б.М. Тілеубердиев, К.М. Головина, М.А. Диарова, С. Иманбердиев, З. Құламанова, Ұ. Ержанова, С.Е. Керімбаева, М.Е. Какимова, т.б.).

Т. Жанұзақ пен Қ. Рысбергеннің еңбектеріне сүйене отырып Г.Б. Мәдиева қазақ ономастикасының қалыптасуы мен дамуының үш кезеңін шартты түрде былай сипаттайды:

– бірінші кезең – 1949-1970-шы жылдары. Бұл кезеңде Қазақстандық ономастикалық мектеп қалыптасты; қазақ топонимдері мен антропонимдері зерттелді, олардың этимологиясы, құрылымдық және лексика-семантикалық топтары анықталды; топонимиялық жүйенің стратиграфиясы айқындалды; географиялық терминдердің топонимдер жасаудағы орны мен рөлі анықталып, зерттелді;

– екінші кезең – 1970-1995 жылдар арасы. Бұл кезеңде аймақтық топонимиялық зерттеулер дами түсті; ономастикалық теорияларға назар аударылды; топонимдер мен антропонимдер этнолингвистикалық бағытта зерттеле бастады; ономастикалық зерттеулердің ауқымы кеңейді – космонимдер, зоонимдер, Қазақстан территориясындағы орыс топонимдері зерттелді; топонимиялық және антропонимиялық атауыштық уәждер

анықталды; түркі-моңғол топонимиялық сәйкестіктер зерттелді; ономастикалық қолданбалы аспектілер қарастырыла бастады; транскрипция мен транслиттерация негіздері жетіле түсті; жалқы есімдерді стандарттау мәселелері қарастырылды; ономастикалық сөздіктер жасалды;

– үшінші кезең – 1995 жылдан күні бүгінге дейін. Бұл кезеңде аймақтық топонимиялық зерттеулер өз жалғасын тапты; ономастикалық сөздіктер жасалды; топонимдер мен антропонимдердің салғастырмалы зерттеулері даму үстінде; ономастикалық зерттеулердің нысандары эргоним, идеоним, мифонимдер болуда; жалқы есімдерді зерттеуде жана әдістер мен бағыттар қолданыла бастады [34].

Тіл білімі ономастика бөлімі де осы кезеңде өз жұмысын жандандырып, республиканың әр аймақтарына кешенді этномәдени экспедицияларға қатысып, құнды материалдар жинады. Институт мақсатты түрде мемлекеттік тапсырыс ретінде 1997 жылдан бері Қазақстан жер-су атауларының түсіндірмелі-этимологиялық сөздіктерін жасауды қолға алды, Жезқазған, Ақмола облыстары сөздігі жарыққа шықты. Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Алматы, Қызылорда облыстары жер-су атауларының этимологиялық сөздіктер жобасы әзіrlenіп отыр. Бөлімнің жетекші ғалымдары ономастика саласы бойынша мамандарды дайындау жұмыстарын жемісті жалғастырды.

Тіл білімі институтының мамандары Ә. Қайдар, Т. Жанұзақ пен Қ. Рысберген Республикадағы ономастикалық іс-шараларды реттестіретін маңызды нормативтік-құқықтық құжаттарды әзірлеуге белсенді түрде атсалысты, олардың біразы ресми түрде бекіп, осы күнге дейін басшылыққа алынып отырғандығын айта кеткен жөн.

Қазақ ономастикасы үшін бұл кезеңді (1990-2011) ұлттық ономастиканың фактологиялық базасы мен ғылыми-теориялық аясы құрделеніп, алуандық сипатқа ие болған аса нәтижелі де жемісті кезең деп бағалау орынды болмақ. Ең бастысы жалпы қазақ тіл біліміндегідей ономастика саласындағы зерттеулер тілдегі рухани-мәдени, ұлттық, адами құндылықтарды басты назарда ұстай отырып, ұлттық мұддеге сай көптеген зерттеулердің дүниеге келуімен ерекшеленеді. Атап айтқанда, өңірлік топонимикалық зерттеулердің қалыптасуы. Мәселен, Солтүстік Қазақстан өңірінің жер-су атаулары С. Нурмухаметов (1997), А. Сабиева (2000), Д. Бикенова (2002) тараپынан зерттелсе, Оңтүстік Қазақстан топонимикасын Қ. Рысберген (1993), Б. Тілеубердиев (1995), Ж.Исмаилова (2005), З. Мырзалиева (2007), Б. Тараболов (2010) сынды зерттеушілер қарастырды. Орталық Қазақстан топонимикасы Т. Жанұзақ (1991) А. Жартыбаев (2006), тараپынан қолға алынды. Жетісу өңірінің топонимикасы Ә. Сағымбай (2010), Қызылорда жер-су атаулары Ұ. Прманованың (1997) зерттеу нысанасына ілікті. Шығыс Қазақстан топонимикасы Г. Мадиева (1990). Б. Бияров (2000), А. Әлімхан (2001), Ш. Сейітова (2020) сынды ғалымдардың зерттеулерімен толықты. Павлодар жер-су атаулары Қ. Сапаров (2010) тараپынан қарастырылып келеді. Жамбыл өңірі топонимдері З. Құламанованың (2006) зерттеулерінде орын алса,

Батыс Қазақстан жер-су атаулары Ұ. Ержанова (1998), Ә. Аяпбекова (2002) зерттеулерінде қарастырылды.

Сонымен қатар дәл осы тұста салыстырмалы зерттеулер де кездесіп жатты. Мәселен, Г. Сагидолдагийн (1993) өз ғылыми зерттеулерін қазақ-монгол топонимдеріндегі ортақ құбылыстарға арнап, қазақ және монгол тілдеріндегі ортақ топожүйені салыстыра зерттей келе, топоним жасаушы екі тілдің құрылымдық типологиясы мен мағыналық модельдерін анықтады [13, б.143]. Бұнымен бірге А. Диарованың (1999) кандидаттық диссертациясы қостілділік жағдайындағы топонимдік бейімділік мәселелеріне арналды [18, с.130]. А. Арысбаев (2005) топонимдердің кумулятивтік қызметін қарастырды [35]. А. Мақұлбек (2008) қазақ топожүйесінің фоносемантикалық ерекшеліктеріне арналған зерттеу жұмысын әзірледі. А. Пангерев (2010) қазақтың топонимдік фольклорын жан-жақты зерттеді [36].

Ендігі жерде XXI ғасыр әлемде коммуникация желісінің, жаңа технологиялардың уақыт озған сайын құрделене түсіп, жеделдеп дамуына байланысты, жаһандану үрдісі қофам өмірінің басты салаларына зор ықпал етуіне байланысты, сондай-ақ әлемдік лингвистикада бой көтерген жаңа ғылыми парадигмаларға сай ұлттық тіліміз бен оның ономастика саласының да даму ретіне жаңа талап, міндеттер қойып отыр. Қазақ тіл білімінде 2000 жылдардың бас кезінен бастап әлемдегі жаңа ғылыми парадигма – антропоөзектік бағытқа бет бұрумен белгіленіп отыр.

Бұл бағыт туралы С.Г. Воркачевтың ғылыми негізі терең пікірін келтіреміз: «Осыған дейін ұstemдік құрып келген жүйелі-құрылымдық және статикалық парадигманың орнына антропоцентристік, функционалды, когнитивті және динамикалық парадигма, «адам – барлық дүниенің өлшемі» деген мәртебесін қайтарып беруші және адамды дүние кіндігіне, әлем орталығына қайта қоюшы парадигма келді» [37].

Антропоцентристік бағдар бойынша, тілдің қызмет ететін ортасы, яғни функционалды қолданыстағы орны мен әлеуметтік ортасы, тарих пен мәдениет, жалпы ұлттық дүниетаным қағидаларының барлығы – тіл иесі адаммен тікелей байланыста қаралады. Адам өзін қоршаған шындық болмысты жете тану үшін ұлттық таным көкжиегіне нақты бір кеңістік пен уақыт өресінен көз салғандаған байнесі толыққанды ұғынылады.

Адамның биологиялық түр ретінде антропологиялық, нәсілдік, мәдени, интеллектілік, сана, таным, ойлау, қоршаған ортаны түйсіну ерекшеліктерін, тілі, діні, іс-әрекеттерін, бүкіл тыныс-тіршілігін жүйелі жан-жақты зерттеуді қамтамасыз ететін когнитивтік ғылым қазіргі кезде жетекші орынды иемденді деуге болады.

Когнитивтік лингвистиканың түпкі мақсаты – адам санасының теренде жатқан менталдық құрылымдарды зерттеу, салыстыру, интерпретациялау арқылы тілдік, лингвокогнитологиялық зандылықтарды көрсетіп қана қоймай, ұлтқа, адамзатқа тән адами құндылықтар жүйесін айқындау. Нәтижесінде ұлттың, адамзаттың биологиялық түр болып, ұлт болып сакталып қалуы үшін, тек адами құндылықтарды айқындалап тізбектеу үшін ғана емес, оның ар жағына

қоғамдық, тұлғааралық қатынастарды, халықтар, ұлттар арасындағы қатынастарды үйлесімді сту, гуманизациялау, өзара түсіністік тудыру, рухани, мәдени интеграциялауға қол жеткізілмек.

Қазақ тіл білімінде соңғы жылдары қорғалған диссертациялардың ішінен ономастиканы жаңа антропоөзектік парадигмада зерттеу, атальным теориясының негіздерін зерделеуге қатысты мынадай еңбектерді атауға болады: 2005 жылы Г. Мадиеваның «Ономастическое пространство современного Казахстана: структура, семантика, прецедентность, лемматизация», 2006 жылы Б. Тілеубердиевтің «Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері» [38], 2006 жылы А.Жартыбаевтың «Орталық Қазақстан топонимиясының тарихи-лингвистикалық, этимологиялық және этномәдени негіздері» [39], 2010 жылы Қ. Рысбергеннің «Қазақ топонимиясының лингвокогнитивтік және этномәдени негіздері» атты докторлық диссертациялары. Бұл жұмыстарда қазақ ономастикасы мен терминологиялық атальным теориясының бірқатар іргелі мәселелері қарастырылып, оң нәтижелерге қол жеткізілді.

Ғалым ұлттық топонимдік кеңістіктегі атаулардың когнитивтік қорын халықтың топонимдер жүйесін құруышы, таратушы элементі ретінде жан-жақты зерттейді. Топонимдік тіркес негізіндегі танымдық әрекеттерді лингвокогнитивтік, психологиялық тұрғыда зерделейді. Жер-су атауларының метафора арқылы жасалу механизмін, ерекшеліктерін айқындайды. Топонимдер құрамындағы тұр-тұс ұғымдарының түрлі сипаттағы (ландшафт, семиотикалық, заттық, артефактілік т.б.) атаулармен талғамалы, тандамалы сипатта тіркесуі туралы тұжырымдар жасайды. Сонымен қатар ұлттық сананың топонимдер жүйесімен байланысына алғаш рет ғылыми тұрғыда сараптама жасайды. Қазақ жерінде әр кезеңде үстемдік еткен идеология, саясатқа негізделген топонимдерде орын алған тілдік бұрмалаушылықтарды анықтап береді. Олардың тіл деңгейлеріндегі (фонетикалық бұрмалаулар, орфографиялық, семантикалық ауытқулар тудыратын бұрмалаулар, сөзжасамдық бұрмалаулар) типтерін көрсетеді.

Соңғы жылдары қазақ ономастикасының бірқатар кешенді де келелі теориялық проблемалары өзінің оң шешімін тапты деуге болады. Мәселен, Қазақстан ономастикалық ғылымында алғаш рет қалыптасқан ғылыми-теориялық пайымдаулар жүйеленіп, біршама реттестірілді, зерттеу аспектілеріне жан-жақты тоқталды. Сонымен қатар алғаш рет қазіргі ономастикалық жүйенің метадиалектісі мен концептуалды-терминологиялық аппараты, Қазақстанның қазіргі ономастикалық кеңістігіндегі онимдік бірліктерді леммалау мәселесі зерделеніп, жүйеленіп, терендете қарастырылу арқасында бірқатар тың теориялық нәтижелерге қол жеткізілді.

Қазақ тіл білімінде соңғы жылдары жарық көріп жатқан ғылыми зерттеулер топонимика ғылымының ғылыми өзектілігін арттыра түсуде. Мәселен, 2010 жылы зерттеушілер назарына ұсынылған С. Иманбердиеваның зерттеу жұмысы X-XIV ғасырлардағы тарихи ономастикалық кеңістікті жаңа көзқарас тұрғысынан қарастыруға бағытталды [14, б. 291]. 2014 жылы

қорғалған Л. Наханованаң еңбегі Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі жер-су атауларын тарихи-семантикалық қырынан зерттеуге арналады [15, с.155]. 2015 жылы әзірленген Ж. Бұғыбаеванаң ғылыми диссертациясы Қазақ топонимдерінің сөзжасамын зерттеуге арналды [16, б. 151]. 2018 жылы қорғалған Г. Бөрібаеванаң ғылыми диссертациясы қазақ топонимика жүйесін мұлдем жаңа қырынан танытты [26, б. 341]. Яғни Қазақ тіл білімінің топонимикалық жүйесі қарапайым метатілдік сана бейнесіндегі топонимдік рефлексия тұрғысынан қарастырылып, ғылыми жүртшылыққа когнитивтік лингвистикадағы топонимдердің жаңа қыры танытылды.

Қазақ жалқы есімдерінің номинативтік қызыметіндегі лингвомәдениеттанымдық аспектілерді, жалқы есімдердің семиотикалық қырлары қарастырылып, ономастикалық концептіні «кеңістік», «адам», «жан-жануарлар», «өсімдіктер» сынды әмбебап концептілер құрылымында қарастырылып, олардың концептуалдану ерекшеліктері айқындала түсті. Сондай-ақ алғаш рет ғаламның ұлттық ономастикалық бейнесін мифонимиялық, антропонимиялық, топонимиялық тұрғыдан сипатталып, белгіленіп, бедерленді деуге болады. Бұл ретте 2021 жылы әзірленген Г. Мұрсөлімнің «Бүгінгі мифологиядағы сарындар» атты диссертациялық жұмысын атап өтуге болады [40].

Қазақ топонимиясының лингвокогнитивтік және этномәдени негіздері қазақ тіл білімінде ұлттық жер-су атаулар жүйесі жаңаша көзқараста, жаңа әдістәсілдермен когнитивтік, психолингвистикалық тұрғыдан алғаш рет қарастырылды. Жер-су атаулары ұлттық сананың көрініс тапқан ұлттық бірегейліктің алғышарты ретінде алғаш рет проблема қойылып, қарастырылды. Ономастикалық зерттеулерде, әсіресе топонимия саласында, зерттеуші мамандар құрделі теориялық проблемаларға теренде батыл баруы арқылы ұлттық ономастиканың когнитивтік бағытын қалыптастырып, іргелі теориялық жаңалықтарға қол жеткізді. Сонымен қатар лингвистикалық, ономастикалық материалды зерттеу барысында жаңаша озық әдіс-тәсілдер, ономастикалық тілдік бірліктерді саралауда алғаш тың зерттеу технологиялары енгізілді. Яғни Қазақстан тәуелсіздікке ие болған жылдардан бері ономастикадағы, халқымыздың тілі мен тілінің тереңінде қатталған ұлттық құндылықтарды қазіргі қоғамда, әлемде қалыптасып отырған тарихи, саяси жағдайларға сай зерделеуге мол мүмкіндіктерге жол ашылып отыр.

Бүгінгे дейінгі зерттеулерде топонимика ғылымың зерттеу бағыты, зерттеу саласы айқындалып, теориясы қалыптастырылса, бүгінгі таңда қазақ тіл білімінің топонимика саласы тіл білімінің лингвокогнитивтік, прагмалингвистикалық, лигвомәдени салаларының зерттеу объектісінде айналып отыр. Өнір жер-су атауларын кешенді зерттеу өнірлік топонимиканың ішкі және салыстырмалы контекстегі сыртқы белгілерін зерделеуге бағытталып отыр. Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округінің топожүйесін қарастыру болып табылады. Кез келген қоғамда өмірге келген адам баласының туған жері, ата-бабасының басынан кешірген тарихы болады. Олай болса, ата-бабамыздан мұра болып қалған өткенімізді, Абай облысы

аймағының жер-су атауларын лингвистика нысанасында қарастыру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болмақ.

Сонымен қазақ топонимикасы жайлыштың зерттеулердің тарихы мен бүгініне үніле отырып, қазақ тілінің орасан мол ономастикалық қорында ұлттық материалдық және рухани мәдениетінің тілдік көріністері сақталғанын байқап отырмыз. Қазақ тілінің ономастикалық жүйесі халқымыздың ғасырлар қойнауында жатқан тарихымен, тұрмыс-тіршілігімен, дүниетанымымен, бүкіл болмысымен тығыз байланыста қалыптасып дамитындығын тың зерттеулер танытып отыр.

Этномәдени сипаты мен мазмұны бар қазақ географиялық есімдері ұлттымыздың материалдық және рухани мәдениетімен байланыстылығы арқылы айқындалады. Жалпы айтқанда, топонимиялық жүйеде материалдық және рухани мәдениет өзіндік тілдік көріністерін беріп, этномәдени компоненттері бар топонимдер материалдық және рухани мәдениет ықпалы аясында пайда болып қалыптасады.

1.2 Өнір жер-су атаулары қалыптасуының қоғамдық-тарихи негіздері

Кез келген өнір жер-су атауларының қалыптасуы тарихтың ағымында өтеді. Халықтың өмір сүру салты, тұрмыс-тіршілігі, рухани әлемі, ұлттық болмысы қай уақытта болмасын ұлт тілінен көрініс табады. Ұлт тілінің күрамдас бөлігі, ономастика болатын болса, сол ұлттың көнеден бүгінге дейінгі басынан кешірген тарихы өнірдің топонимдер жүйесінде бейнеленуі орынды болып табылады. Фалым А.В. Суперанская әрбір атау – тарихи, ал топонимиканы түгелдей тарихтың айнасы деп көрсетеді. Географиялық көне атаулар тарихи ескерткіштер тәрізді өткен дәуірлердің белгісі тәрізді елдер мен ұлттар тарихының жер бедерінің, рухани мәдениетінің белгілі бір тарихи кезеңдердегі бейнесін, көрсететіндігін айта келе, топонимиканы зерттеуде қоғамдық-тарихи негізін анықтау өте маңызды екенін баяндайды [41]. Кез келген өнір жер-су атауларының өзіндік келбетін қалыптастыратын сол өнірдің физика-географиялық жағдайларымен бірге, сол жердің тарихы, тарихты қалыптастыруши қоғаммен біте қайнасып жатады.

Арғы тарихта Шыңғыстау, бергі тарихта Абай өнірі атанған аймақ VI-VII ғасырларда «Желдітау», VIII-IX ғасырда «Кіндіктау, X-XII ғасырда «Найман куре» (сегіз өзенді тау), Темушин қолбасшының шыдамды, берік, мықты деген атына орай «Шыңғыстау» атанды, ал «Хан», «Ханан өзені» аталғаны тарихымыздан белгілі. Атап айтқанда, «...XVI ғасырдың басына қарай ыдырап кеткен Моголстанның солтүстік тарапындағы жерлерде, Ертістің жоғарғы сағасында Тарбағатайдың шығысындағы жерлерде бұл кездे ойрат (Жонғар) тайпаларының саяси бірлесуі жүріп жатқан. Осы бірлесудің нәтижесінде 1635 жылы Жонғар хандығы құрылды. Сібір хандары мен Жонғар тайпалары XVII ғасырдың 30 жылдарынан бастап Жонғар мемлекеті қазақ хандығымен бақталас еді. Қазақ хандығы бұл аталмыш мемлекеттермен өзінің солтүстік және шығыс шептері үшін табандасқан ұзак күрес жүргізуге мәжбүр еді» [42] деген

К.А. Пищулинаның тарихи жазбасы қазақ халқының қасиетті топырағымыз үшін толағай соғыстарды басынан кешіргенін айқындай түседі. Дәл осы кезеңде қазақтардың шығыс шекарасы болған «Найман күредегі» (Шыңғыстаудағы) Жеті Момын балалары XVII ғасырдың 30-жылдары Жонғарлармен соғыста жеңіліс тауып, онтүстікте Бұхара, Ургенішке жер ауып кетуге мәжбүр болады. Тек 1780-жылдарға таман қазақ халқының бірлескен қолы қазақтарды Алтай, Тарбағатай асырып, жерімізді азат еткен соң ғана Тобықтылар «қозы аяғымен көшіп» Шыңғыстауға жетсе керек [42, с. 123].

Қазіргі таңда Киелі Шыңғыстау, Абай ауданы Аягөз, Жарма аудандарымен және Семей қаласымен шекаралас жатыр. Ауданның аталған өнірлермен шекараластығын мұрагат құжаттары нақтылай түседі. Мәселен, «26 августа 1920 г. ВЦИК и СНК РСФСР приняли декрет «Об образовании Автономный Киргизской (Казахской) Социалистической Советской Республики», законодательно закрепивший создание национального казахского государства, определив его территорию, состав областей и уездов. В состав КАССР наряду с Акмолинской, Уральской, Тургайской губерниями вошла Семипалатинская губерния с уездами: Семипалатинским в составе – 49 волостей, Усть-Каменогорским – 39 волостей, Каркаралинским – 24 волостей, Павлодарским – 31 волостью. 4 февраля 1938 г. ЦИК Казахской ССР принял Постановление «О районном и административно – территориальном деление Западно – Казахстанской, Гурьевской, Южно – Казахстанской, Кзыл – Ординской, Восточно – Казахстанской и Павлодарской областей»» дей келе, «В состав Восточно – Казахстанской области с центром в г. Семипалатинске вошли Риддер и 20 районов: Кокпектинский, Самарский, Больше – Нарымский, Уланский, Чингиставский, Курчумский, Зайсанский, Тарбагатайский, Аксуатский, Жарминский, Абралинский, Бельгачский, Новошульбинский, Шемонаихинский, Кировский, Зыряновский, Бухтарминский, Предгорненский, Жана – Семейский» [43] деген мәлімет бере отырып, 1938 жылы қазіргі Абай ауданының «Шыңғыстау» аталғанын және Абай облысының қарамағында болғанын дәлелдей түседі. Сондай-ақ, көрші аудандары да Жарма, Аягөз атауларымен берілген.

Ал ескі тарихта жеке аудан статусына ие болған Абай облысы Семей қалалық әкімдігіне қарасты Абыралы ауылдық округі орталығы Семей қаласынан онтүстік-батысқа қарай 250 шақырымдай жерде орналасқан. «Абыралы 1928 жылы аудан болып құрылған кезде 28 мың 811 адам болған екен. Одан кейін колхоздастыру болды, 32 жылғы аштық, халық жауларын іздеу науқаны басталды. Соның кесірінен 1939-1940 жылдары ауданда небары 4 мыңға жетер-жетпес адам қалған. Ол халық қайда кетті? Менің есебімше, жаяу-жалпылы Семейге, Аягөзге, Қарағандыға шұбырып, жолшыбай аштан өліп, қардың астында қалған. Солардың көп болса 5 проценті Сібір өніріне жетіп, артынан елге қайтты. 41-де соғыс басталып, Абыралыдан 1300-ге таяу адам соғысқа кетті. Оның 830-ы соғыстан қайтпады. 1947 жылы біздің сорымызға Дегеленге әскер келді, 1949 жылы 29 тамызда бірінші атом бомбасы жасалды. 1953 жылы сутегі бомбасы жарылды. Міне, Абыралының бастан кешкен 5

науқаны – осы», деп сипаттайтын жазушы [44]. Ал өлкетанушы Д. Қошқарбеков: «Бұл аудан 1928 жылы Семей губерниясына қарайтын Қарқаралы уезінің бес болысынан Абыралы, Ақбота, Бөрілі, Дегелен, Темірші деп аталатын болыстардан құрылған. ... Абыралы XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың бас кезінде Жонғарлар басып алған, кейін қазақ жасақтары қантөгіс қырғын ұрыстарда қайтарып алған қасиетті қоныстардың бірі еді. Бұл жердің аты атақты Үмбетей ақынның Бөгембай батырға арнаған жырында да кездеседі» деп Абыралы өнірінің әріге кеткен тарихынан да мағлұмат береді [45].

Қазіргі Абай ауданының негізі 1927 жылы қаланды. Сол жылы Қызыладыр, Мұқыр, Бұғылы, Шыңғыс болыстары біріктіріліп, Шыңғыстау ауданы деген атауға ие болған [46]. Кейінірек Абыралы және Абай аудандары біріктіріліп, Абай ауданы болып құрылды, орталығы – Қарауыл ауылы болды.

Қай өнірдің топонимикасы болсын өзіндік тарихқа ие. Ежелгі Сарықөл, Шежірелі Шыңғыстау, қазіргі Ұлылар мекені де солай. Оның дәлелелі – З. Самашев, А. Исин, Ә. Төлеубаевтар сынды ғалымдардың табысты еңбектерінің нәтижесі. 1998 жылдан бері жасалған экспедициялар нәтижесінде Шыңғыс тауының Сарықөл жанынан табылған көне түркі және одан бергі қимақ заманына қатысты тың мәдени-тарихи құндылықтар аймақ тарихын көне тарихтағы көне түркі дәуірімен байланыстыратын белгі болып табылады. Сарықөл тек осы кезеңде ғана емес, сонау Абай дәуірінен бастап, зерттеушілердің зерттеу нысанасы болып келеді. Ұлы Абайдың жақын досы Е.П. Михаэлистиң бастамасымен 1880 жылы Семей облыстық статистика комитеті құрылып, 1883 жылы оның жанынан тарихи-өлкетану мұражайы ашылады. Аталған іске Абай да, білек сыбана араласып, туған өлкे тарихы, шаруашылығы, әлеуметтік ахуалы, археологиясы мен табиғаты туралы құнды деректер жинауда көп көмектеседі. Бұл жайында М. Әуезовтың «Абай жолы» шығармасынан, дәлірек айтқанда 1950 жылы жарық көрген «Ақын аға» кітабында Абай мен Долгополов, Михаэлис арасындағы антропологиялық ой, таным, болжамдарға байланысты әңгіме-сұхбат, пікір алмасулардан анық көре аламыз [47].

Сарықөл ескерткіші қола дәуірінің алғашқы кезеңіне, көне түркілердің рулық-тайпалық одақтары құрыла бастаған кезеңге жатады. Жалпы қола дәуірінің алғашқы кезеңі Сарықөлмен бірге, Қанай, Жаңажұрт, Қойтас, Трушников ескерткіштерімен де танымал. Міне, осы кезеңді айғақтайдын археологиялық құндылықтармен бірге, қазір Сарықөлден VIII-X ғасырларда өмір сүрген қимақтардың әртүрлі әшекей және түрмисстық заттары табылып отыр. Қазақстанда қола дәуірінің зерттелуі – Әлкей Марғұлан, Қаныш Сәтпаев және т.б. зерттеушілердің есімімен тығыз байланысты. Шыңғыстау – Сарықөл қазынасын зерттеудің Абай кезінен басталып, кейінде ғұлама жазушы – Мұхтар, Әлкей, Қаныштардың, белгілі абаитанушы Ә. Жиреншиннің, т.б. атсалысуымен маңызы арта түседі. Бұл кезеңдерде қалыптасқан атауларға Семейтаудың биік жері – Қаракұс тауы, теңіз деңгейінен 606 метрді ғана құрайды. Әрі қарай ерте замандарда халқымыз Шыңғыстауға көрі көшкенде мекендеген көненің көзі ретінде Көкен тауы бар. Солтүстік батыстан онтүстік

шығысқа қарай 15 шақырымға жатқан таудың ені 10 шақырымға жуық болып келеді. Ең биік шыны 825 метр болатын Көкен тауы жайлышы Ә. Бөкейхан «Материалы по киргизскому землепользованию собранные экспедицией по пользованию степных областей Семипалатинская область» атты еңбегінде: «Көкен таулары биік жақпартасты таулар. Басқа тау жоталардан оқшау тұрған ол, жазық далада айрықша асқақ көрінеді. Өзінің ирек-ирек биік шындарымен, «Үш айыр» аталатын құзымен алыстан қираған тас қамалдың қабыргаларын елестетеді. Таудың орта тұсында жалғыз асу – Кең асу бар. Көкен тауларында солтүстіктен онтүстікке өтер басқа асу жоқ. Тау ішінде бұлақтар мен көздер өте көп, олар таудың оң бетінде Куандық қарасуына, теріскейінде Мырзабек өзендеріне құяды. Суы тұщы» [48], деген сипаттама береді.

Кейін, тарихтан белгілі болғандай, 1465 жылы қазақ ордасы Әбілқайыр ханнан бөлініп, Керей мен Жәнібек ханның бастауымен дербес ел болып, ту тігеді. Бұл кезеңде жонғарлар да күшіне түсіп, қазақ жерлеріне жорықтарын жиілете бастайды.

Жонғар-қазақ шапқыншылығына – Қазақ хандығы құрылған кезден бастап, XVIII ғасырдың 50-жылдарына дейін, қазақ еліне жонғарлардың бірде жиі, бірде сирек үш ғасыр бойы жасаған шапқыншылықтары жатады.

Осы кезеңде қазақтың көптеген жерлері, соның ішінде Шежірелі Шыңғыстау да жонғар иелігінде қалып, халықтың туған жерден көшкендігіне көне тарихымыз куә.

Шыңғыстау – Сарыарқаның шығыс бөлігіндегі тау жотасы болып табылады. Солтүстік-батыстан онтүстік-шығысқа қарай созылып жатыр. Абай облысының Абай, Аяғөз аудандары аумағында орналасқан Шыңғыстау солтүстік-шығысында Алтайдан Шар өзені аңғарымен бөлінеді. Шығысында тауаралық Зайсан қазаншүңқыры жатыр, онтүстік-шығысында Тарбағатайға ұласады, онтүстігінде Солтүстік Балқаш төбелері жатыр. Шыңғыстаудың солтүстік беткейінен Шаған және Аңысу, онтүстігінен Бақанас, Дағанделі, Құрбақанас, Көксала, т.б. өзендері басталады [49]. Халық аузындағы аңыз-жырларда, Шәкәрім шығармаларында жазылғандай, Шыңғыстау өніріне жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен. Шыңғыстау жерін, бауыры мен сыртын, Шаған өзенінің бойын иен жайлаған тобықты елі жонғармен болған екі жұз жылдық сұрапыл соғыстың қиян-кескі бір кезеңінде құтты қонысын тастанап, Сыр бойына кеткен еді. Абай, Шәкәрім шығармаларын зерттеуші, насихаттаушы Ахат Құдайбердіұлы: «Шыңғыс тауының монғолша ең алғашқы атауы – Найман күре. Найман – сегіз мағынасына, ал күре – өзен мағынасында, сонда сегіз өзенді тау деген сез болып шығады. Олар – Шаған, Байғар, Бөкенші, Қарауыл, Мұқыр, Тақыр, Құндызы, Жаңа арна өзендері» [50], деп тұжырымдайды.

«Кең жазықтардың ортасында онша биік емес таулар бой көтерген. Солардың бірі солтүстік-батыстан, онтүстік-шығысқа қарай кең көлемді жерді алып, созылып жатқан Шыңғыс тауы. Далалық өнірден Шыңғысқа қарай бет алғанда бір белестен екінші белеске иек артып, көгілдір сағымға оранып, қасқайып жатқан қара жол үнемі биікке сүйрейтін тәрізді. Шыңғыс атырабы, Абай елі, ұлылар мекені, топырагы мен өзегіндегі тарих, тағдыр тағлым тапты

аңызды аңыз, ежелгімен еншілес естелік, шежіре мен жыр-дастан, құлы заман хиқаяттардың қай-қайсында қазақтың бас кітабы - «Абай жолын» айналып өте алмайтыны анық. М. Әуезовтың «Абай жолы» романында 100-ге жуық жер-су атауларын кездестіруге болады. Оның ішінде ірі географиялық нысандардан бастап Қызылжал, (Шыңғыстау, Ақшатау, Жүрекадыр, Көксенгір, т.б.) (тау, өзен, көл) ұсақ микротопонимдердің (Қызылқайнар, Абайдың Қасқабұлағы т.б.) өткен тарихтан мол ақпарат беретінін аңғаруға болады.» [49, б. 87- 92], деп сипаттайды Қ. Сапаров «Абыралы-Шыңғыстаудың ландшафт ерекшеліктерін анықтайтын топонимдер бірлестігі» атты мақаласында.

Шыңғыс тауының атауы жайлы көне тарихта түрлі аңыздар орын алады. Солардың бірі: «Ертеде Шыңғыс ханның жаһангерлік жорықтарының бірі Орданың ұстімен Шыңғыс асса керек. Ол кезде таудың аты жоғарыда айтылғандай – Найман күре деп аталады еken. Ордаға хан шатыры тігіліп, ендігі жерде Орда атанған. «Ұлы жұз Майқы би, Орта жұзден Коңырат, Сіңгілбілер бастаған ел ағалары он екі рұлы ел болып, Шыңғыс ханды ... ақ киізгі салып, Хан биігі деп аталатын Шыңғыстағы биіктің басына көтеріп, алып шықкан... Содан бастаған тау Шыңғыс тауы атанып, хан көтерген биік Хан биігі атанған. Содан бері сегіз ғасырға жуық уақыт өтті» [51].

«Ұраны – «Ақ жол» таңбасы – көз (оо) Орта жұз, Арғын, Жеті Момынның бірі - Тауғиқты (Тобықты) руының ата қонысы – Шыңғыстау» [52], деп сипатталған Шыңғыстау - негізінен орта жұздің Тобықты руының мекені.

1750 жылдары жонғар мемлекеті жойылғанымен, басып алған қазақ жерлерінде әлі де болса, жонғарлар отырғаны белгілі. Жер бетінен қалмақтарды жоқ қылған қалың қытай қолы 1757 жылдың жазында қазақ жерін бетке алады. Осы кезде қалың қолға Абылай ханның әскері қарсы тұрса керек. XVIII ғ. үшінші ширегінде қытаймен бітімгершілікке келген Абылай хан Сарыарқа, Тарбағатай, Алтайды жаудан босата бастайды. Жаудан босатылған қазақ жерлеріне қоныстану басталады. Абылай ханның шешімімен Қабанбай батыр найман тайпасын, Райымбек батыр Уақ, Керейлерді Зенгор жеріне көшірді. Бұл тек қана Абылай сұлтанның талабымен іске асты [53].

Ал Арғын тайпасының ірі атасы Момындарға жататын Атығай, Қарауыл, Қанжығалы, Тобықты және Бәсентин рулары өз қыстауларын Қазақстанның солтүстігіндегі Ор, Елек, Ойыл, Қыл өзендерінің жағаларын бойлай орналастырып, жаз жайлауға Мұғалжар тауларына шығып жүреді. Әбілқайыр бастаған Кіші жұз қазақтары 1731 жылы Ресей бодандығын алғанын естіген Момындар, соның ішінде Атығай, Қарауыл, Қанжығалы, Тобықты және Бәсентин рулары Мұғалжардан кетіп, Ырғыз бен Торғай өзендерінің бойына қоныс тебеді.

Қазақ қолының құрамында Арқа жерін жонғардан босатуға қатысқан Малайсары батыр бастаған арғын жасағы да Тарбағатайдан асып, Алтайға жеткен соң, хан шешімімен Есіл, Нұра, Сарысу, Шалқар көліне Арғын жұртын қоныстандыра бастайды [54]. Аталған ұлы көште Тобықты-Қанжығалы елі соғыста көп ер-азаматтарын жоғалту себебінен, ел қатарлы көше алмай, Арғын руын айтпағанда, аталас жұрты Жеті Момыннан да қол үзе бастайды. Осылай,

азапты да, ауыр ұлы көштің нәтижесінде: «Жау жеңіліп Сарыарқа босаған соң, ежелгі елдер атамекеніне қайтты. Біреу ерте, біреу кеш оралды. Тобықты руы Ырғыз Кеңгір өзенінің бойын сағалап, барлық жерге ел орналасып алған соң, 1770-1780 жылдары ғана Шыңғыстауға ат басын тірейді» деген Т. Жұртбайұлының тұжырымы дәлелді болса керек. Әрі қарай ғалым: «Бұл кезде Шыңғыстың ішін – наймандар, сыртын керейлер, бауырын – уақ, батысын – арғындар мекендей алған. Шыңғысты басқа ел алыш қойыпты дегенді естіп, қанжығалы жолда арғын мен Кіші жүздің жапсарында қалып қойған. Тек, ат төбеліндей аз ғана тобықты көші жеткен. Тобықты Кеңгіrbай би, алдымен өз туысы арғынмен атыса-тартыса жүріп, Шаған өзенінің бойын алған. Одан кейін уақты ығыстырып, Шыңғыстың бауыр жағын босатқан. Одан соң «Уш балапан» деп аталатын Бөкенші, Хан, Қарауыл, өзендерін матайдан босатып, Шыңғыс сыртындағы Барлыбай өзенін найманнан, арғы жайлауын керейден босатып алған» деп жазады [55].

Бұл тарихи кезеңдер аймақ топонимикалық жүйесінде өзінің ізін қалдырғаны белгілі. Атап айтқанда, зерттеуге арқау болып отырған өнір жерлерінде орын алатын *Аралтөбе*, *Шұбартөбе*, *Салқынтөбе*, *Қарауылтөбе*, *Кеңтөбе*, *Үйтөбе*, *Найзашоқы*, *Ақшоқы*, *Қарашибоқы*, *Қызылшиоқы*, *Ақтас*, *Бортас*, *Жалпақтас*, *Жақпартас* атауларының құрамындағы төбе, шоқы, тас географиялық терминдері көне түркілік қабаттан белгі беріп, көне түркілік негізді қөрсетеді [56]. Ал қазақ даласындағы жонғар шапқыншылығы Шаған, Дегелен, Шарықты, Доғалаң және т.б. атауларды қалыптастырды. Қазіргі танда бұл атаулар өткеннен белгі беріп, аймақ топонимикалық жүйесін жіктеуде өзіндік сипатқа ие болып отыр.

«Кез келген жалқы есімнің тууы да, қалыптасып дамуы да тарихтың қойнауында өтеді. Халықтың күн көрісіне, оның материалдық және рухани дүниесіне, тіліндегі атаулардың байырғы немесе басқа тілден ауысып келгендейгіне, жалқы есімдердің қалыптасуы мен дамуына әсер етуші экстралингвистикалық және лингвистикалық факторларға – бәріне тарих күә. Жалқы есімдерге тарихтың қатынасы – олардың адам өмірімен жан-жақты байланыста болуында. Бұл тек тарихи дамудың алғашқы кезеңінен бастап-ақ, өмірге деген қажеттіліктен туындаған. Сондықтан болса керек, дәуір және адам танымының деңгейі атаулардан көрінеді. Кез келген ономастиканы зерттеу кезінде тарихи сәтті аттап өту мүмкін емес» [57].

Бұдан кейінгі тарих Ресейге бодан болу кезеңімен сипатталады. Көшпендей елдің еркіндік рухын жойып, илеуге көндірудің төте жолы – қазақты малынан айырып, отаршылыққа көшіру деп білген патша саясаты жүйелі түрде жүзеге асты.

Сонымен қатар XIX ғасырдың 80-90 жылдары Қазақстан жеріне ішкі Ресейден қоныс аударылғандар 4 миллионнан астам адамды құрады. Осы кезеңде Ресей үкіметі тарапынан көлемі 17 миллион десятинаға жақын қазақтың шұрайлы жерлері күштеп тартып алынды. Ең алдымен Ақмола, Семей өнірлерінің шұрайлы жерлері, кейін Жетісу мен Сырдария өнірлерінің жерлері патшалық иелігіне өтті. Белгілі абайтанушы, көрнекті ғалым М. Мырзахметов

өзінің «Отарлау топонимдері» деген мақаласында отаршыл орыс топонимдерінің пайда болуын үш кезеңге бөліп қарастырады: «1781-1822 жылдар – протекторат жүйесі, 1822-1876 жылдар – хандық басқарудың күйреп, сұлтандық жүйенің нығаюы, сұлтандық үкіметінің басқаруы, 1876-1917 жылдар болыстық басқару жүйесі» [58].

Абай ауданы мен Семей қаласына қарасты Абыралы ауылдық округі бір сөзben айтқанда Семей өнірі болып табылады. Яғни Семей өнірінің болмысын қалыптастырудағы қоғамдық-тарихи фактордың әсері маңызды болып табылады. Топонимиканың жалпы ерекшеліктеріне талдау жасаған ғалым А. Суперанская аймақтық топонимиялық жүйеде сол өнірдің қоғамдық-саяси ортасы, әлеуметтік жағдайы өнір топонимдерінде көрінісін табатындығын айта келіп, қоғамдық-тарихи фактордың жер-су атауларында өз ізін қалдыратынын атап өтеді. Қоғамдық ортаның әсері қоғамның барлық бөлігін қамти отырып, өндіргіш күштер, өндірістік, экономикалық қатынастар, базис саласы, базисті басқарудағы саяси қатынастар, қоғамдық сана бірлігіне қалыптасуына негіз болып, топонимдік атауларда көрініс табады [41, с. 79].

Қазақ халқы сонау түркі заманынан мирас болып қалған ұлан ғайыр топырағымызды арғымақтың үстінде, толарсақтан саз кеше жүріп қоргады. Осы кеңбейтақ жерде қазақтың түрмис-салтына тән мәдениет құрып, көшпелі өмір салтын қалыптастыруды. Көшпелі түрмис халқымыздың стихиясы, кең бейтақ жерімізге иелік етудің бір тәсілі еді. Қазақ халқы ежелден көшпелі мал шаруашылығына бейімделіп, мал тұяғына ере отырып, жер жағдайын мал ыңғайына қарай таңдай отырып, сол жердің ерекшелігін баса көрсететін ат қоюы, жер-су атауларының ерекше маңызды факторға айналғанының көрінісі. Әр атауда ұлттық болмыс, дүниетаным, салт дәстүрдің кумулятивті жинақталуы нәтижесінде қонысты, жұртты, жайлай, күзеу, қыстау ерекшелігін дәлдікпен бере алғандықтан да тарихи атаулар ұлттық бірегейлестіру ретінде құнды. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан халық өзі мекен еткен, тіршілік құрған географиялық ортаға бейімделген және сол ортаның табиғи ресурстарын пайдалана білген. Сол себептен белгілі бір өнірдің физика-географиялық жағдайлары занды және нақты түрде халықтық географиялық терминдерінде, өнірлік топонимдерде бейнеленген, тілдік өз көрінісін берген. Сондықтан да, өнірлік топонимикада тұған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына сұықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сакталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрі аймақтық топонимикада бейнеленіп кейінгі ұрпаққа мирас болып қала береді.

Қазақ халқының географиялық терминологиясының ғылыми негізін қалыптастырған ғалым F. Қоңқашбаев, Қазақстан жерінің кеңдігінен оның табиғаты да әртүрлі, онтүстігі құмды ыстық шөлдер болса, солтүстігінде орманды далалар, ал онтүстік-шығысында бір белдеуде созылып жатқан таулар. Осында табиғи ерекшеліктер шаруашылықты жүргізу, жерді күтіп баптауға өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Ертеректе қазақтар көшпелі малшаруашылығымен

айналысқан, малға жайылым іздең, жыл бойы бір жерден екінші жерге көшіп жүрген. Шаруашылықтың осы түрімен айналысқан қазақтар территорияның ландшафттық ерекшеліктерін, әсіресе, ең негізгі қажеттілігі – мал жайылымына байланысты табиғи ерекшеліктерді жан-жақты менгергенін айта келе, қазақ даласы жер бедерінің ерекшеліктері әр аймақта өзіндік тұрмыс-тіршіліктің қалыптасуына негіз болғанын атап өтеді [2, с. 19]. Мәселен, Қоңырәулие үңгірі – Абай өңіріндегі тарихи, киелі жерлердің бірі. Ерте замандарда ерекше қасиетке ие адам есіміне байланысты қалыптасқан атау. Қоңырәулие үңгірі Шыңғыстаудың сырт жағы, Шаған өзенінің бойындағы Бестамақ ауылының тұсында орналасқан. Үңгірдің қасиетті ерекшелігіне байланысты ел аузындағы аңыздар да жоқ емес. Оның ішінде ауыз әдебиетінде сақталған деректердің дені жонғар шапқыншылығымен байланысты. Қоңыр әулие үңгірі атауы «Қабанбай батыр» мен Шәкір Әбеновтің «Тоқтамыс батыр» дастандарында да кездеседі. Сонау 1750 жылдардың ортасында болған Шаған шайқасы кезіндегі бір айқаста қазақ жасақтарының саны айтартылғай ойсырап қалады. Сонда Абылай хан: «Енді жауға өктел шабуға болмайды. Қарамыздың аз екенін жонғарлар байқап қалды. Қашан ұрыс саламыз», дейді. Осы кезде топ ішіндегі жас батыр Тоқтамыс сұрылып шығып, ханның алдына келіп дат сұрайды. «Жау беті қайтып тұрғанда санымыз аз деп жасқанып қалғанымыз жарамас. Аттың құйрығына қараған, шенгел, бұта байлап жауға қарсы ұран салып шапсақ, қалың шаңнан жонғарлар қолдың санын байқай алмайды» дейді. Сонда Абылай: «Япыр-ай, мынау Қозыке баланың сөзінің жаны бар екен. Нар тәуекел, аттың құйрығына байлайтын шенгел, қараған, бұта шауып әкеліндер», деп бұйырады. Айтқандай-ақ, осы шайқаста жау жағы қалың шаңнан қазақ қолының аздығын білмей дүркірек қашады. Сол қашқаннан Шаған тауының бір тас үңгіріне барып тығылса керек. Сол үңгір Қоңыр әулие үңгірі екен. Ал бұл шайқас кейіннен «Шаңды жорық» немесе «Қалмаққырған» деген атпен тарихта қалыпты. Эйгілі Қабанбай батыр «Дарабоз» атағын осы жерде алған деседі. Бұл туралы «Абай жолы» романында да жазылғаны белгілі. Үңгір маңында жонғарлармен қашама кескілескен қанды шайқастардың өткенін сол төңіректегі тас қорымдардың өзі әйгілеп жатқандай. Үңгірдің қай заманнан бері Қоңыр әулие атанғаны жайлы нақты дерек жоқ. Жергілікті жұрт арасында тылсым мекенге қатысты түрлі әңгіме айтылады.

Қоңыр Әулие төңірегіндегі аңыз әңгімелерді сөз еткенде, әйгілі Шыңғысхан осы өңірде, дәлірек айтқанда үңгір асты көл сүы түбіндегі құпия есігі бар, көзден таса жасырын орынға жерленген екен деген желдей ескен сөзді еріксіз айтасың. Оған негіз дерлік біраз әңгімелер де бар. Көл сүын зерттеушілер оның арғы шетіне жетуге әрекеттенгенмен, олардың жанкешті бұл сапарлары сәтті бола бермеген.

Әдетте, ел көріп, сүнина түсіп жүрген орын көлдің бергі басы ғана, одан әрі көлемі үлкен екі көл бөлігі барлығы анықталған. Әсіресе, көлдің үшінші бөлігі өзінің көлемі, тереңдігі, қараңғылығы, асты-үсті тік жартастарымен таң қалдырып, әрі қорқытып жан-жаққа тараған қара қуыстарымен үрей туғызған.

Оның үстіне ондағы көл сұы адам шыдамас өте сұық болған. Осы себепті болар көлдің бұл бөлігінің жұмбағы мен құпиясы ашылмаған.

Жоңғармен болған жорықпен байланысты жұрт аузында аңыз көп. Бірақ нақты дәлелденген ақиқат аз. Сол аңыздардың бірі – Елшібек мергенмен қатысты. Соғыста ойсырай жеңілген қалмақ әскері кері шегіне қашып келіп, Қоңыр әулие үнгірін паналайды. Үнгірді басып алмақ болған қазақ жауынгерлерін қалмақ мергені атып құлата беріпті. Қырағы мерген қарсыласының оқ ату мерзімін есептей бастайды. Әр істің ұрымтал тұсын ұтымды пайдаланатын жауынгер дұшпанының мылтық оқтау мерзімін дәл есептеп, үстінен дәп түседі. Сөйтіп Елшібек мерген ептілік танытып, қалмақ мергенін шауып түсіреді.

Бұл аңыздың ақиқаты әлі күнге дейін сақталған төбе бауырындағы жүздеген адам жерленген қорымдар. Зерттеушілер үнгір маңындағы қорымды Шаған шайқасында қаза тапқан сарбаздардың зираты деп болжайды. Олай деуінің себебі, зират тастарында қазақ руларының таңбалары белгіленген.

Абай өніріндегі аты аңызға айналған киелі жерлердің бірі – Хантау. Бұл жерлерде тобықты руының жайылым жерлері орналасқан, Абай мен Шәкәрімнің аңшылық еткен жерлері болып табылады. Халық арасындағы көне аңыз бойынша 1000 жыл бұрын бұл жерлерді Шыңғыс ханның әскері паналяған. Бұл жөніндегі аңыз белгілі саяхатшы А. Янушкевичтің жазбаларында орын алады. Аңызға сәйкес монголдардың әйгілі қолбасшысы осы өнірде екі мәрте қыстаған деседі. Бұл өлкедегі атақты Шыңғыстау сілемдерінің атауы да осыған тікелей байланысты деген жорамал бар. Орда тауларының атауы да сол қанды жорықтар кезінде қойылған атау болуы әбден мүмкін. Қазіргі таңда Шыңғыс ханның жаугершілік тарихы аңызға айналды және оқиғаның қалай өрбігенін дәп басып айту мүмкін емес. Алайда, бұл аңызды жоққа шығаруға да болмайды, себебі өнірде орын алған монгол тілінен енген Дегелен, Доғалаң, Шаған, Маян және т.б. атаулар монголдардың, жоңғарлардың ізінен елес берері сөзсіз.

Аңызға сәйкес: «А. Янушкевичтің айтуынша, Бұхараға баар жолда әйгілі хан бұл өлкеде екі мәрте қыстаған. Оған дәлел тау бөктерінде қирандыға айналған көне тас қамалдардың табылуы. Шыңғыстаудың Хан деп аталған бір биігінде Майқы би бастаған қазақ қолбасшылары ұлы қағанды ақ киізге отырғызып тау басына шығарып хан сайлаған. Осы таулардың ең басты биік шындарының бірі туралы түрлі аңыздар айтылып жатады. Н. Анастасьев «Абай» атты кітабында Шәкәрім шығарған бір аңыздың желісіне сүйене отырып, Шыңғыстау сілемдерінің ең биік шындарының біреуі Хан деп аталатыны туралы жазған болатын. Аңызда әйгілі қолбасшы он екі елді жаулап алғаннан кейін өзін Алланың қалауымен Шыңғыс Хан, яғни, әлемнің иесі деп атағаны туралы айттылады. Бодан болған халықтар осы таудың басына бір қазық қаққан деседі; қазықтардың үстіне көпір орнатып, оған үлкен ақ шатыр салғанмыс, сол шатырға ұлы ханды ақ киізге орап көтеріп алып шығады да «Шыңғысхан! Ұлы Шыңғысхан жасасын!» деп ұлықтау рәсімін өткізіпті. Содан бері бұл таулар Шыңғыстау, ал ең биік шының Хан деп аталып кеткен делінеді

аңызда. Сексенінші жылдардың географиялық карталарында бұл шыңның атауы Қаншыңғыс деп жазылған (1001 м), ал жергілікті тұрғындары оны Хан тауы деп атайды» [59].

Сонымен қатар өнір жазушысы Кәмен Оразалиннің ұлы, ақын Елдар Кәменұлы түйенің өркешіне ұқсаған осы бір тау шыңы туралы тағы бір аңызды тілге тиек етеді: «...мындаған әскер жылқыларының тұяқтарынан бұл даланы қою шаң басып кеткен. Бойларын үрей кернеген аң мен құс атаулы жан-жаққа бытырай қашқан... Шыңғысханның қандықол әскері жаңа жерлерді жаулап қана қоймай, сол елдің қыздарын құң, ұлдарын құл еткен... Мындаған арғымактың тұяқ дүрсілі, айқасқан қылыштардың жарқылы, ысқырып ұшқан садақтың мір жебелері, бәрі-бәрі осынау ұлы даланың тыныштығын кетірді. Бүгінде Орда деп аталып кеткен тауларға жеткен әйгілі ханның әскері тау бөктерін жайлап, өзен бойын мекен еткен деседі. Қалың әскер осынау өлкеде шатырларын құра бастады; санаулы уақытта тау баурайы үлкен әскери ауылға айналып шыға келді.

Дүниенің астан-кестенің шығарған қалың әскер әп сәтте ағаштан тақ жасап, үстіне ақ киіз жапты; ақ киіздің үстіне ұлы ханды отырғызып сонау алыстағы биік шыңға апаруға аттанды. «Бұл тау Шыңғыс ханның табанының астында!» деген ұрандар естіліп жатты. «Бұл Хан тауы, Шыңғыс тауы» деп айқайлаған қалың сарбаздардың дауысынан құлақ тұнды» [60]. Жер-су атауларын қалыптастыруды незігі принциптердің бірі тарихи оқиға екенін ескере отырып, өнірде кең таралған аңыз негізінде қалыптасқан атаудың аргы түбінде тарихи кезеңнің ізі бар деген пікірдеміз.

Сонымен қорыта келе, көнеден белгі беретін Абай, Абыралы өнірлерінің астасып, біте қайнасып жатқан ортақ жерлері тарихтан мағұлмат беретін еңбектерде де ортақ беріледі. Мәселен, Қазақ жерлерінің басым бөлігі, біразы Патшалық Ресейдің қол астына өте бастаған кезеңде Қазақстан территориясы губернияларға, облыстарға бөлініп, әр облыстың әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси жинақтар жарық көре бастаған еді. Олар қазіргі таңда мұрағат қорларында сақталатын тарихи құжаттар болып табылады. Сондай еңбектердің бірі – «Памятная книжка Семипалатинской области». Аталған еңбек әр 3 жылда бір жарыққа шығып тұрды. Еңбекте Абай, Абыралы өнірлерінің территориялдық бөлінісі сипатталып, өнірлердің ескі елді мекен атаулары тізбектеледі [61].

Соңғы жылдардағы тарихи этнографиялық зерттеулердің нәтижесі – «Жидебайдың жұлдызды даласы» атты еңбек. Абай өніріне қарасты Жидебай жерінің тарихи-географиялық, этнографиялық тұрғыдан әзірленген Б. Щербаковтың ең маңызды зерттеу еңбектерінің бірі болып табылады [59, б. 342]. Бұл еңбекте Жидебай жерінің әр сағасы, әр түпкірі, әр тасы зерттеу нысанасына алынады. Жидебай өніріндегі Шыңғыстау, Хан тау, Ертегі көлдері, барлығы да зерделенген.

Кез келген өнірлердің бірі тәрізді Абай, Абыралы өнірлерінің жер-су атауларының қалыптасуына негіз болған белгілі бір тарихи оқиғалар,

қоғамдағы өзгерістер, жорық-соғыстар мен елдің әлеуметтік жағдайы топонимдік атау қалыптастыруға негіз болатынын атап өткіміз келеді.

1.3 Өнір жер-су атаулары қалыптасуының тарихи-географиялық негіздері

Халқымыздың өткен дәуіріндегі тарихын, көрші елдермен жасалған мәдени қарым-қатынасын және әдел-ғұрпын танып білуде жер-су атауларының атқаратын рөлі аса зор. Өйткені ол атаулардың бәрі – халық тарихы, қоғам өмірімен, адамдардың жеке басы, іс-әрекетімен біте қайнасып, ғасырдан ғасырға ұласып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, кейінгі буындарға мирас болып отырған мәдени мұра, өшпес шежіре, халықтың ұшқыр қиял, данышпандық зердесі мен ұлттық мінез-құлқы, барша болмысының көрінісі.

Қоғам дамуының кез келген кезеңінде ономастикалық атаулардың тарихи маңызы зор болды. Қазақстанның көптеген ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық ономастика жүйесі XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап түбекейлі өзгерістерге ұшырады және патша үкіметінің отаршылдық мүдделеріне, кейіннен кеңес жүйесінің тоталитарлық саясатына қызмет етуге мәжбүр болды. Отаршылдық пен тоталитарлық режимдердің идеологтері ономастиканы қоғамның тарихи - мәдени санағына әсер етудің саяси құралына айналдыры. Нәтижесінде қазақ ономастикасының өзіндік болмысына, ұлттық ерекшелігіне, әсіресе, оның топонимикалық және антропонимикалық жүйелеріне орасан зиян келтірілді. Қазақстан картасы едәуір бүрмалаулаарға ұшырады. Жоғымыз табылып, іргеміз бүтінделген заманда Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларын жаңа қырынан қарап, атау қалыптастырудың тарихи-географиялық негіздерін анықтау арқылы топонимика ғылымына үлкен үлес қосатын боламыз.

Біздің айналамызды қоршаған заттардың бәрінің де өз атауы болады. Тек қана өзіне адамның назарын аудара алмайтын көптеген формалар ғана атау қабылдамайды. Сол сияқты қолдан жасалған географиялық нысандардың да атаулары болады. Қарапайым объектілерден географиялық объектілердің айырмашылығы - бұлар екі типтегі атауды қабылдайды. *Жалпы атау* – белгілі бір ұғымды білдіретін тау, өзен, қала, ауыл сияқты сөздер және жеке атау. *Жеке атаулар* – әрбір географиялық объектіге жеке дара берілетін атаулар. Оларды бір объектіден екінші объектіге ауыстыруға болмайды. Жалпы атаулар өмірдегі кез келген басқа заттармен географиялық атауларды біріктіреді. Олар жалпы есімдердің көмегімен жасалады да, барлық бір типті, бір сипатты нысандарға беріледі [62]. Мысалы, *арал* - бұл жан-жағынан сумен қоршалған құрлық. Географиялық нысандар класы жер шарының бәрінде бірдей қолданылады. Физика-географиялық объектілердің атаулары өздерінің физикалық қасиеттерінің негізінде пайда болады, ал ұсақ объектілер атауына олардың сыртқы ерекшеліктеріне байланысты адам қиялындағы бейнелер негіз болады.

Абай, Абыралы өнірі топонимдері құрамындағы саны жағынан көбі де, лексикалық құрамы жағынан алуан түрлісі де қоршаған ортаның физика-географиялық қасиетін көрсететін географиялық атаулар болып табылады. Бұл саладағы топонимдерді қалыптасқан топтау зандылықтары негізінде қазба

байлық, кеніш атаулары мен жер бетінің бедері, табигат көрінісі, ауа райының құбылысы, өзен-сулардың үлкен-кішілігі, дәмінің аңы-тұщылығына, өсімдіктер мен жан-жануарлардың атауларына байланысты және түр-тұс пен сандардан қойылған топонимдер деп бөлеміз. Бұл топонимдердің *taу*, *төбе*, *үңгір*, *шоқы*, *тас*, *жоста*, *жартас*, *сай*, *жазық*, *жыра*, *шұңқыр*, *адыр*, *асу*, *өзек*, *өткел*, *кезең*, *қақ*, *құдық*, *бұлақ*, *бастау*, *су* сөздерімен бірігу, тіркесу арқылы жасалады.

Бұл тізбектегі географиялық терминдер топоним қалыптастыруда топоформанттар деп аталады. Оларды өз ішінен жер бедерін сипаттайтын сөздер және гидронимдерді сипаттайтын сөздер деп бөлуге болады. Г.Қ. Конқашбаев оларды «қазактың халықтық география терминдері» деп атаса [63], Б. Серебренников бұл сөздерді «индикатор-терминдер» [64] деп белгілейді. Топонимиялық детерминативтердің (географиялық терминдер) объектінің түрлі қасиеттерін берудегі ролінің шын мәнінде жоғары екендігін айта отырып, осы географиялық терминдерді қарапайым халықтың өздерінің ойлап тапқандығын тілге тиек етеді.

Аталған негізdemеге сәйкес Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларында кездесетінін тау, төбе, шоқы географиялық терминдерін қарастырамыз. Аталған географиялық терминдер өнір топонимикасында қолданысы белсенді терминдердің бірі болып табылады. Мысалы, Тау сөзінен жасалған атаулар: *Шыңғыстау*, *Архат-Бұрхат тауы*, *Орда тауы*, *Дозалаң тауы*, *Қылыш тауы*, *Қона тауы*, *Қарауыл тауы*, *Өртөң тауы*, *Үлкен Шоңай тауы*, *Босага тауы*, *Буырлы тауы*, *Жалғызтау*, *Жаман Абыралы тауы*, *Жақсы Абыралы тауы*, *Көшбай тауы*, *Отыз бестің тауы және т.б.* Тау географиялық термині жер бедерінің шығынқы тасты жерін сипаттайтын сөз. Ол – қазіргі тілімізде сонау түркі заманынан бері жеке дара тұрып та, белгілі бір атау құрамында да *тағ-дағ-тав-тау-тоо-туу-тай* тұлғаларында барлық түркі тілдерінде қолданылып келе жатқан географиялық термин.

Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларында шоқы географиялық термині де қолданысы белсенді терминдердің бірі болып табылады. Мәселен, *Ақшиоқы*, *Қарашиоқы*, *Сарышоқы*, *Ақмаганбеттің ақшиоқысы*, *Әннеттің қызылшиоқысы*, *Бесбесбайдың сарышоқысы*, *Жантай шоқы*, *Көлденең шоқы*, *Кіши Ақшиоқы*, *Қарашиоқы*, *Қызыл шоқы*, *Сабырбайдың ақшиоқысы*, *Найза шоқы*, *Мырзашоқы*, *Үлкен ақшиоқы*, *Сұлушиоқы*, *Тасшиоқы* және т.б. тәрізді этнотопонимдері құрамындағы шоқы географиялық термині әуел баста бір таудың, төбенің ең үстіңгі бөлігі мағынасын бергенімен, уақыт өте келе жалқы есімге трансформациялану процесінен өткен. Ал шоқы сөзінің алдындағы айтқан, найза, ақ, қара, қызыл, сары және т.б. сөздері оның белгілері болып табылады. Кез келген өнірдің географиялық ерекшелігі әртүрлі болады. Яғни әр жерде кездесетін шоқылар, түріне, түсіне, санына, көлеміне мөлшеріне қарай әртүрлі болады. Осы белгілеріне орай халық оларға әртүрлі атаулар берген. Бұл атаулар уақыт өте келе сол таудың, не төбенің атауына, не болмаса елді мекен атауына айналып отырған. Алайда кез келген этнотопонимнің пайда болу, қалыптасу кезеңін дөп басып айту қыын. Тек қана оның құрамындағы сөздердің этимологиясын анықтау арқылы ғана ол сөздердің қолдану дәуірін анықтау

мүмкіндігіміз бар. *Шоқы* сөзінің жалпы мағыналарына тоқталатын болсақ: «шоқы» - биік жота, төбе; «шоқат» - төбешік; қырат, қырқалар; «шоқылы» - шоқысы бар, шоқысы көп – орографиялық ландшафттың бір түрі (мелкосочник); «шоқалақ» - кедір – бұдыр, ойлы – қырлы жер; «шонғал» - тіңкиген үлкен тас» [65], деген мағына береді.

Шоқы сөзімен синонимдес келетін географиялық термин – төбе. Төбе топоформанты арқылы Абай, Абыралы өңірінде *Домалақтөбе*, *Әулиеттөбе*, *Ниеттөбе*, *Сарыттөбе*, *Мұсақұл төбе*, *Шоңай төбе*, *Шұбар төбе*, *Борсықбай төбесі*, *Ботаққанның төбесі*, *Қарибала төбесі*, *Қарауылтөбе*, *Шарықты төбе*, *Ұзынтөбе* және т.б. атаулар қалыптасқан. Кейбір түркітанушы ғалымдар *шоқы* мен *төбе* сөздері фоносемантикалық вариантар деп санайды. Мәселен, зерттеуші А. Макұлбек түркі тілдеріндегі ш - т -, с -, ц- дыбыстық өзгерістерінің заңдылығы жайлы айта келіп, бұл екі географиялық термин бір-бірінің фонетикалық нұсқалары деген тұжырым жасайды. *Шоқы* сөзі О.Т. Молчанованаң сөздігінде: «кирг чоку – 1) теменная кость; 2) голова (человека), макушка; 3) шихан, мар. (горный рельеф), вершина, макушка, тоонун, чокусу – вершина горы; казах. шоқы – «одинокая коническая возвышенность; острый холм, бугор, сопка, пик; остроконечная вершина горы»; узб. чукъки – «вершина горы, горный пик»; монг. цохио – «утёс; калм». цох – 1) «висок; ступа». Чоку как составная часть входит в ряд географических наименований, например, р., кл., ур. Бараон – Чоку, г.Бес – Чоку и др.» болып сипатталады [66]. Топонимист ғалым А.М. Малолетко да *чоку* сөзінің дыбыстық өзгерістерін көптеген түркі, монгол, тұнғыс-манжур тілдерінде ш - т -, с - ц-дан басталатын нұсқаларын келтіре отырып, Чоку – таудың ең үстіңгі бөлігі, таудың басы мағынасында келетін нағыз алтайлық сөз екенін атап көрсетеді [67]. Бұл тұжырымдар *шоқы* сөзінің этимологиясын сонау көне түркі, алтай кезеңіне дейін апарады. *Ақшоқы*, *Қарашибоқы*, *Сарышоқы*, *Ақмағанбеттің ақшоқысы*, *Әнеттің қызылшоқысы*, *Бесбесбайдың сарышоқысы*, *Жантай шоқы*, *Көлденең шоқы*, *Кіши Ақшоқы*, *Қарашибоқы*, *Қызыл шоқы*, *Сабырбайдың ақшоқысы*, *Найза шоқы*, *Мырзашибоқы*, *Үлкен Ақшоқы*, *Сұлушибоқы*, *Тасшоқы* тәрізді топонимдер құрамындағы шоқы сөзі әуел баста бір таудың, төбенің ең үстіңгі бөлігі мағынасын бергенімен, уақыт өте келе жалқы есімге трансформациялану процесінен өткен. Ал *шоқы* сөзінің алдындағы *бес*, *қара*, *қызыл*, *сары*, *сұлу*, *тас*, *найза*, *үлкен* және т.б. сөздері оның белгілері болып табылады. Кез келген өңірдің географиялық ерекшелігі әртүрлі болады. Яғни әр жерде кездесетін шоқылар, түріне, түсіне, санына, көлеміне мөлшеріне қарай әртүрлі болады. Осы белгілеріне орай халық оларға әртүрлі атаулар берген. Бұл атаулар уақыт өте келе сол таудың, не төбенің атауына, не болмаса елді мекен атауына айналып отырған. Алайда кез келген этнотопонимнің пайда болу, қалыптасу кезеңін дөп басып айту қыын. Тек қана оның құрамындағы сөздердің этимологиясын анықтау арқылы ғана ол сөздердің қолдану дәүірін анықтау мүмкіндігіміз бар. Қазақ оронимиясында қолданылатын *бел* халықтық географиялық термин. Абай, Абыралы өңірі жер-су атауларында тау, жер аты, қоныс, жайлау, қыстау географиялық нысан аттарын сипаттайды. Абай,

Абыралы өнірі жер-су атауларында *Ақылбайдың Беласуы, Белбасар, Белқұдық, Белобаза, Белсу* атаулары бел географиялық терминдерінің қатысуымен жасалған. *Бел* сөзі – көне түркі тіліне тән сөз. Негізгі мағына ие «адамның белі» географиялық атауларда тау жотасы, жердің ортасы деген мағына береді. Монгол тілінде «бэл» формасында қолданыла отырып, топонимдер құрамында орын алады. Байқағанымыздай, кейбір халықтық географиялық терминдер жергілікті жер ерекшелігіне қарай семантикалық «ығысуға» ұшырайтындығы дәлелденді.

Абай, Абыралы аймақтық топонимиясында ұшырасатын, жер бедерінің ерекшеліктерін айқындайтын топонимдер құрамында *тас* термині де қолданылады. Қазақ тілінде «тас» сөзі топоним құрамында келіп, тау, төбе, қатты тау жыныстарынан тұратын биіктік мағынасын береді. Көне түркіден бүгінге дейінгі түркі тілдерінде тас/таш/тош/даш фонетикалық нұсқадағы «тас» сөзі қолданылады. Алтай тілінде «таш – тас, тау, төбешік» мағынасында, тува тілінде «даш – тас» мағынасында, тофа тілінде «таш – тас, тасты» мағынасында қолданылады [68]. Атап айтқанда, *Ақтас, Ақтайлақтың Ақтасы, Аққойтас, Қойтас, Үйтас, Алтынтас, Әбеннің Ақтасы, Әйнекбай Қойтасы, Әулиетас, Бала Шақпақтас, Бестас, Бортас, Жалпақтас, Жақпартас, Жұмбақтас, Керегетас, Күйметас, Қақпақтас, Қаражартас, Коңыртас, Којсанның ақтасы, Қаратас, Қызылтас, Қысаңтас, Маятас, Найзатас, Ордатас, Өретас, Серектас, Таңбалытас, Тасбақан, Тастақ, Тастықұдық, Үкілі Қойтас, Шоқпартас, Шіркейтас* сынды атаулардың құрамында келетін *тас* детерминанты бай, Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларын қалыптастыруда өнімді қызмет атқарады. Құрамында *тас* термині бар келтірілген бұл атаулар айрықша көрініп тұратын жеке тастарға немесе қатты жыныстардан тұратын қалдық тауларға, төбелерге қатысты қойылған. *Тас* термині алдындағы анықтауыш сөздер географиялық нысанның пішінін, түсін айғақтайды немесе ұқсату негізінде қойылады. Осында топонимдердің кейбір анықтауыш сөздері елеулі этнолингвистикалық ақпараттарға ие. Мәселен, *Таңбалытас* атауының құрамы *таңба* және *тас* сөздерінен тұрады. Мұндағы *тас* детерминант сөз болса, *таңба* географиялық нысанның атын қалыптастыруға себеп болған негізі белгі – анықтауыш сөз. Яғни тастың бетіне қашап жазылған таңбалар көптеп кездесетін тасты төбелі жерге анықтауыштық мағынада *Таңбалытас* деген атау берілсе керек. Ал тасқа қашалған таңбалы жазулардың дәуірлеу кезеңі сонау сақ, ғұн дәуіріне дейін кететінін аңғарсақ, *Таңбалытас* атауы бізге сол кезеңдердің ізінен ақпарат беріп тұр деуге болады.

Сондай-ақ, Абай, Абыралы жер-су атауларынан жота сөзінің қатысуымен жасалған *Жүрекжомта, Шолпан жомтасы* атауларын, жартас географиялық терминінің қатысуымен жасалған *Аршалы жартасы, Әйнекбай жартасы, Балағазы жартасы*, сай топоформантының қатысуымен жасалған *Ажыбай сайы, Буркіт сайы, Жабагы сай, Жолбарыс сайы, Жылы сай, Күлмен сайы, Кеңдала сайы, Қабанбай сайы, Қабылан сайы, Терең сай, Омар сайы, Момын сайы, Хандар сайы, Иірсай* атауларын мысалға келтіре аламыз.

Жалпы мал шаруашылығында сайдың атқарар ролі жоғары болған. Қыста сүйк жел мен бораннан ық болса, жазда шабындық, қысқа мал азығын даярлайтын орын, әрі сай табанындағы сулар суат қызметін атқарған. Сай термині түркі тілдерінде де кең қолданысқа ие. Э.М. Мурзаев «сай» лексемасының мағынасын малтатас шөгіндісі, таяз жер, құрғақ арна, жырадағы жылға, өзек» мағынасында барлық түркі текстес халықтарда кездесетін, ол туралы орыс ономаст ғалымдарының жиі жазғанын айтқан [69]. Қазақ тіліндегі «екі таудың арасы, биік шатқал» мәніндегі сай орографиялық термині мен монгол тіліндегі «өзен судың тарамдары»; «биік таулар арасын бөліп жатқан сайлар» мағынасындағы *салаа* сөздері қосарлана келіп қазақ тілінде *сай-сала* деген дербес терминді құрайды. *Сай-сала* терминіне жинақтау, жалпылау мәні тән болып келеді, мұндағы сала лексемасын біз монгол тілінен енген кірме сөз ретінде қабылдаймыз.

Монгол тіліндегі *салаа* – 1. «шат, тау сілемдері», 2. «бөлік» мағыналарында қолданылатын сөздердің түбір негізі *сал* – «ажырау, айырулу, екіге жарылу» етістігі болып табылады. Қырғыз тіліндегі *салаа* «тармақ, өзен сағасы; саусақтардың арнасы» сезін монгол тілінен енген кірме сөз ретінде қарастырған Б.М. Юнусалиев, Б.Я. Владимирцовтың «процесс образования долгот в монгольском языке завершился на рубеже XIV-XV вв. «деген пікіріне сүйене отырып», в киргизско- алтайском языке к этому периоду развились вторичная долгота, а предки современных казахов заимствовали это слово в форме сала (без долготы) через посредство киргизско-алтайского языка», – деген қорытындыға келеді. Әр тілде әрқайсысы жеке дара қолданылатын (қаз. *сай* және монг. *салаа* – *сай*) сөздердің мазмұны мен мәні қазақ тіліндегі *сай-сала* деген дербес топонимикалық терминнің мазмұнына еніп кетуінің тарихи астарын біз XVII-XVIII ғ. Жонғар шапқыншылығы кезімен байланыстырамыз. *Сай-сала* қос сөзінің екінші сыңары монгол тілінде «сай» деген ұғымды беретіндігін, мұнда қалмақ-қазақтардың сол дәуірдегі қостілділігі көрініс тапқандығын пікір ретінде алға тартамыз.

Аймақ топонимикасында орын алған *Aktas*, *Қаратас* атаулары орографиялық нысанның табиғи ерекшеліктерін көрсетеді. Белгілі ғалым-түрколог А.Н. Конновтың мәлімдеуінше, «қара» сөзі түркі тілдеріндегі тұрақты сөз тіркестерінде алты мағынаға ие [70]. Бұл терминнің топонимиялық мағынасы F. Қонқашбаевтың еңбектерінде қарастырылып, ірі, қошқыл түсті қатты жыныстардан тұратын, алыстан қарауытып көрінетін тәбе немесе шоқы атауларының құрамында кездесетіні көрсетілген.

Тіл ғылымында топонимдерді қалыптастырудың өзіндік факторлары болады. Ғалым Н. Подольскаяның пікірі бойынша бұл факторларға лингвистикалық, физикалық-географиялық және тарихи факторлар жатады [71]. Жер-су атауларының пайды болуының басты себебі, адам баласының өзі мекендереген аймақты белгілеу қажеттілігінен туындаиды. Ең ірі географиялық аймақтың атаулары бірінші кезекте аталады, өйткені олар өте белгілі және кеңінен танымал болып келеді. Сондай-ақ, Үлкен өзендердің бассейндері халықтың шоғырлануында белгілі бір рөл атқарғанын атап өткен жөн. Көптеген

өзендердің атаулары жағалауын мекендейген халықтың ерекше белгілерімен, қасиетімен аталғаны да белгілі. Сондай-ақ, топонимдерге қарағанда гидроним атаулары ұзағырақ сақталатынын атап өткіміз келеді. Мәселен, бүгінгі таңдағы кейбір ірі өзендердің атаулары сонау көне түркі заманынан сақталған. Атап айтқанда, «Хан - Хаһан» өзені. Сондай-ақ, топоним жасаудағы гидронимдік терминдер жайлы сөз еткенде, қазақ тіліндегі өзен/өзен, арық/арық, булак/бұлақ, кудук/құдық су/суг тәрізді көне түбірлердің де ортақ, әрі жи қолданысы көнетүркілік ортақ тарихи жадыға қарай бағыт сілтейді. Аймақ топонимикасында гидронимдік терминдердің топонимжасамдық қасиеті жайлы сөз еткенде, «су» терминінен бастаған жөн.

Абай, Абыралы өңірлерінің аймақтық топонимикасында «су» географиялық термині гидроним атауын қалыптастырудығы өнімді термин болып табылады. «Су» сөзі аймақ топонимикасында жеке географиялық термин ретінде орын алмайды. Тек күрделі топонимдердің құрамында топоним жасаушы сөз ретінде ғана кездеседі. Алайда халық арасында суды «өзен» деп қабылдау қазақ тілінде кең тараған құбылыс болып табылады. Көне түркіден бүгінге дейінгі түркі тілдерінде су/сүү/сув/суг сөзі өзен, өзек, бұлақ, бастау және т.б. гидронимдік атауларды беруде кеңінен қолданылады. М. Қашқарі сөздігінде «suv/sub – су, ылғал, сұйық» ретінде анықталады [72]. Түркімен және башқұрт тілдерінде су сөзі «көл, шағын көл» мағынасында да қолданылады [68, с. 165]. Басқаков су сөзін «су, бастау, өзен» мағынасында сипаттайды [73]. Тува, тоға тілдерінде су «суг» формасында қолданылып, топоним құрамында «өзен» деген мағына береді [68, с. 55]. Аймақ топонимдерінен *Аиңсу*, *Белсу*, *Қарасу*, *Қекаласу*, *Қөлденеңсу*, *Молалысу*, *Мойынсу*, *Шүйгінсу* «су» географиялық терминінің қатысуымен қалыптаса отырып, барлығы дерлік гидроним атауын береді.

Аймақ топонимикасында «бұлақ» географиялық термині топонимдер құрамында жиі кездеседі. Аталмыш терминнің ерекшелігі жер және су атауын беруде де қолданыс тапқан. Қазақ тілінде бұлақ сөзі дербес гидронимдік термин ретінде де, топоним құрамында келіп, топоним жасаушы компонент ретінде де қолданылады. Көне түркіден бүгінге дейінгі түркі тілдерінде бұлақ/булак түріндегі фонетикалық варианттылықпен келеді. Сөздің қолданыс ареалы көп жағдайда солтүстік батыс және солтүстік шығыс түркі тілдері болып табылады. Сондай-ақ, монгол тілінде де «бұлақ» термині кездеседі, тува тілінде «булак» формасындағы сөз тау аңғары, көз, бастау мағынасында қолданылады. Бүгінгі түркологиялық зерттеулер «бұлақ» сөзін түркі-монгол тілдеріне ортақ термин ретінде қабылдайды. Аймақ топонимикасынан мысал келтіретін болсақ, *Абайбұлағы*, *Айбұлақ*, *Қасқабұлақ*, *Айбастаубұлақ*, *Айнабұлақ*, *Ақбұлақ*, *Ақтандұлақ*, *Алтынбұлақ*, *Алтынды бұлақ*, *Асубұлақ*, *Әбдібұлақ*, *Әшімбұлақ*, *Әлібекбұлағы*, *Байсалбұлағы*, *Бақалыбұлақ*, *Бақай батырдың бұлағы*, *Батпақбұлақ*, *Бейсенбайбұлақ*, *Бекбұлақ*, *Бестасбұлағы*, *Егіндібұлақ*, *Есіргемес бұлағы*, *Есіркен бұлағы*, *Жамбасбұлақ*, *Кенжеғұл бұлағы*, *Кеңбұлақ*, *Керуенбұлақ*, *Қекбұлақ*, *Қүйгенбұлақ*, *Құмістібұлақ*, *Қайрақты бұлағы*, *Қаламтырлы бұлағы*, *Қарабұлақ*, *Қарлыбұлақ*, *Қорғанбұлақ*, *Қызылбұлақ*,

Мұздыбұлақ, Милыбұлақ, Мыңбұлақ, Ортабұлақ, Өтегүл бұлагы, Пүшпайдың бұлагы, Пүшпарбай бұлагы, Сарбас бұлагы, Сарқыз бұлагы, Сарыбұлақ, Суықбұлақ, Сылдырбұлақ, Сырт Қасқабұлақ, Тақтайбұлақ, Тақырбұлақ, Талдыбұлақ, Тәкежан Қасқабұлагы, Теке бұлагы, Теміrbай бұлагы, Төрбұлақ, Төсбұлақ, Тұщыбұлақ, Тышқан бұлагы, Ұзынбұлақ Үлкен Қасқабұлақ, Шаянбай бұлагы, Шолтан бұлагы, Ізгұтты Қасқабұлагы, Қырым бұлагы тәрізді жер-су атауларының қалыптасуына бұлақ географиялық термині негіз болған. Аталған термин кісі есімдерімен тіркесу арқылы, сондай-ақ, анықтауыштық сөздермен бірігу арқылы топоним қалыптастырып, жер, су, тау атауларын беруде кеңінен қолданылған.

Абай, Абыралы өңірінің аймақтық топонимикасында қолданыс тапқан гидронимдік терминдердің бірі – құдық. Монғол және түркі халықтарында «құдық» термині арқылы қалыптасқан топонимдік атаулар жиі кездесетінін байқауға болады. Зерттеу жұмысымыздың тілдік материалына талдау жасауда Абай, Абыралы өңірлерінің топонимдік жүйесінде құдық термині жер-су атауын қалыптастыруши өнімді термин екенін аңғардық. Мәселен, *Абай ойқұдығы, Төрекұдық, Қарақұдық, Құрқұдық, Аққұдық, Аиықұдық, Белқұдық, Бетқұдық, Далақұдық, Достар құдығы, Ербол құдығы, Жалғызқұдық, Жортар құдығы, Жөкең құдығы, Жылқықұдық, Көнбай құдығы, Қақабай Аққұдығы, Қараашаның аққұдығы, Құнанбай құдығы, Қыдыши құдығы, Қызылқұдық, Қырыққұдық, Найзатас құдығы, Ойқұдық, Өртөң құдығы, Көкқұдық, Өтепбайдың көкқұдығы, Тайлақпай құдығы, Талдықұдық, Тастықұдық, Тәкежсанның Ойқұдығы, Шұғақұдығы* және т.б. Көріп отырғанымыздай, құдық белгілі бір сөзben бірігу және тіркесу арқылы да топонимжасамда қолданысқа түседі. Атау қалыптастырудың көп жағдайында өнір гидронимикасын қалыптастыруға қатысады.

Абай, Абыралы өңірі географиялық ерекшеліктерін аңғартатын жазық сөзінің қатысуымен *Ералы жазығы, Тышқан жазығы, Барлыбай жазығы, Қараөлең жазығы* атаулары қалыптасқан. *Жыра* сөзінің тіркесуімен *Есембай жырасы, Аиықұдық жырасы, Жексенай жырасы* атаулары, шұңқыр сөзінің қатысуымен *Қазан шұңқыр*, адыр сөзінің қатысуымен *Бурахан адыры, Ботбай адьры, Журекадыр, Қоңырадыр, Қожа адьры, Қоңырадыр, Саржырақ адьры, Сарадыр, Өтегүл адьры, Күйген бұлақ адьры, Қарабұжыр адьры, Қаражырық адьры, Пүшантай адьры, Төлеубай адьры, Шұбар адыр, Байгабыл адьры, Қарадыр, Шөладыр* атаулары жасалып, асу сөзінің тіркесуімен *Ақбайтал асуы, Ақылбайдың беласуы, Бөкенші асуы, Теректі асуы, Тік асу, Мойнақ асуы, Нұрбай асуы, Әулие Қалыбай асуы, Жалпақ асуы* атаулары жасалған. Өнір географиясында орын алған өзек, өткел, кезең, қақ географиялық терминдері *Аиықөзек, Борлыбай өзек, Жаман өткел, Шілікті кезең, Қайыңдыкезең, Нұрсұлтан қағы, Шұға қағы, Бидайық қағы* атауларының қалыптасуына негіз болды.

1.4 Топонимикалық жүйені қалыптастырудың этномәдени факторлары

Қазіргі қазақ тіл білімінде ұлт, тіл, мәдениет арақатынастарының, өзара байланысының жаңаша антропоцентристік парадигмада зерттелуі ономастикалық материалдарды кешенді түрде, яғни қазақ халқының санасымен, дүниетанымымен, өмір сүрген табиғи ортасымен, ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылығымен, т.б. тұрғыда қарастыруға үлкен мүмкіндіктер беріп отыр. Қазақ тіліндегі өте бай ономастикалық қорда, соның ішіндегі географиялық жалқы есімдер жүйесінде қазақ этносиңа қатысты орасан мол этнотанымдық ақпараттар жинақталған. Осындай мол ақпараттық байлықты антропоцентристік парадигма аясында қарастыру қазақ жалқы есімінің онтологиялық табигатын, көп қырлы ерекшеліктерін тану мен сипаттауға жаңа жол ашады.

Тілдің белгілі бір қоғамның тарихи, саяси, мәдени және т.б. әлеуметтік жайларына тікелей байланыста қалыптасып, дамып отыратыны даусыз шындық. Тілді осы бағытта ең алғаш теориялық тұрғыдан зерттеу ісі неміс ғалымы В.Ф. Гумбольдт еңбегінен бастау алған [74]. Одан кейінгі зерттеушілер қоғам (этнос) мен тілдің байланысын жан-жақты аша түсті. Алайда этнос пен этнос тілін бірлікте қарауда «этнолингвистика» терминін алғаш қолданған америка ғалымы Б.Л. Уорф болды. Жалпы тіл білімі саласында тілді гомогендік тұрғыдан қарастыратын интралингвистика бағытына қарсы социолингвистика, психолингвистика, этнолингвистика және т.б. бағыттар бойынша жазылған В. Вундт, А.А. Потебня, Ф. Соссюр, Э. Сепир, Н.И. Толстойлар еңбектері бұл саланы дамыта түсті. Ал кейінгі кезде (АҚШ-та) қалыптаса бастаған тағы бір көзқараста этносты «Адам» деген ұғыммен алмастыру арқылы этнолингвистиканың баламасы ретінде антропология (адам туралы ғылым) терминін қолдану үрдісі де байқалып отыр. Әрі этнолингвистиканы тек «көне дүниені» зерттеуші ғылым деп танып, оларды байырғы халық тілінен, жергілікті тіл ерекшеліктерінен іздеушілер де бар. Оны жақтаушылар орыс ғалымдары В.В. Иванов, Н.И. Толстой, В.Н. Топоров, А.Ф. Журавлев және т.б. Жалпы бұл саланы зерттеуші ғалымдар әр түрлі бағыт ұстанғанымен этнолингвистиканы «этнос пен этнос тілі» негізіндегі ілім ретінде пайымдайтынын байқаймыз.

Ал қазақ этнолингвистикасының ғылыми негізін жасауда А. Қайдаров, Е.Н. Жанпейісов, Ж.А. Манкеева, Н. Уәлиев және де қазақ ономастикасындағы зерттеу нәтижелерінің қатарына өңірлік топонимдік жүйеде сақталған ұлттың материалдық және рухани мәдениеттің тілдік бейнесін зерттеген Т. Жанұзақ, А. Әбдірахманов, Е. Керімбаев, Қ. Рысберген, Б. Тлеубердиев, Ұ. Ержанова, Б. Бияров, А. Әлімхан және т.б. еңбектері түркі, қазақ тіл білімі этнолингвистикасы саласына арналған еңбектер болып табылады. Аты аталған ғалымдардың еңбектерінде белгілі бір халық (этнос) лексикасының сол этностың дүниетанымы, мәдениеті, болмысы, тарихы, менталитеті және де т.б. ұлттық қасиеттерімен ұдайы бірлікте болатыны туралы айтылады. Белгілі бір тіл лексикасы ішіндегі жалқы есімдердің (ономастика) жалпы есімдерге

қарағанда тұрақты, ғасырдан ғасырға өзгеріссіз жететінін ескерсек, топонимдер бойындағы экстралингвистикалық факторларды зерделей, зерттей беру қажеттігі туындайды. Топонимдердегі этнолингвистикалық факторлар, әсіресе өнірлік атауларды ареалды тұрғыда зерттеу барысында айқын танылып, ашыла түседі. Себебі белгілі бір географиялық ортада, территорияда этнос ретінде қалыптасып, тарихи, тілдік бірлікте ірі мемлекеттік деңгейге көтерілген халықтар тіліндегі жергілікті тіл ерекшеліктері (диалект) секілді олардың өнірлік деңгейдегі таным-түсінігі, әдет-ғұрпы, шаруашылық-кәсіп түрлері, жер бедері, өсімдіктер дүниесі, ауа-райы және т.б. әр текті болып келеді. Сөз жоқ, бұл әр тектілік сол аймақтың диалектілерінде ғана емес, аз да болса ономастикасында да таңбаланып отырады. Бұл жай орыс ғалымдарының еңбектерінде жан-жақты зерттелініп келеді.

Этнолингвистика бір топтағы тілдер мен жекеленген тілдердің тарихи дамуын сол тілдерде сөйлейтін халықтың этникалық даму тарихымен бірлікте қарастырып, тіл мен мәдениетте қатар таңбаланатын ұғым, түсініктердің этникалық ойлау ерекшеліктеріне қатысын және оның тілдік қабаттағы іздерін ұлттық негізде зерттеуді мақсат етеді. Тіл мен мәдениеттің байланысы туралы В.Ф. Гумбольдттың «тілге материалдық және рухани мәдениет әсер етеді; кез келген мәдениетте ұлттық нышан орын алады, бұл тіл жүйесінен айқын аңғарылады; тіл – адам мен қоршаған әлемді жалғастыруши дәнекер: тілде сол «халықтың рухы» мен мәдениеттің белгісі – ішкі формасы жатады» деген ғылыми пікірі бүгінгі лингвистикадағы тоғысқан салалардың қарқынды даму жолындағы жетекші идеялардың бірі болып отыр [74, с. 32].

1990–2000 жылдар аралығында қазақ тіл білімінде ұлттық мәдени бірліктердің тілдік құралдар арқылы таңбалануы этнолингвистика саласында қарастырылып, зерттелініп келді. Әлемдік лингвистиканың күн тәртібінде тұрған антропоцентристік парадигмаға бетбұрыс жасалынды. Соның нәтижесінде: «ұлттық ономастиканың бет-бейнесін қалыптастыруға қатысатын тарихи, этномәдени және қоршаған табиғи орта ерекшелігі ұйытқы болатындығы дәлелденді. Қазақ ономастикасының соңғы жылдарындағы ғылыми, монографиялық еңбектерде жалқы есімдерді лингвомәдениеттану тұрғысынан қарастырудың тиімділігі ашық айтыла бастады.

Қазақ этнолингвистикасының ғылыми негізін қалыптастыруши академик Э. Қайдар 1998 жылы этнолингвистиканың жаңа бағыттарының дамып, қалыптасып келе жатқанын айтады: «Бүгінгі таңда қазақ этнолингвистикасы ғылыми негізі қалыптаса бастаған, жан-жақты ізденіс нәтижесінде өзіндік ерекшелігі мен үрдісі айқындалып келе жатқан, дербес те перспективті ғылым саласы ретінде танылып отыр» [75]. Лингвомәдениеттану ғылымының этнолингвистикасымен іргелес дамып келе жатқандығы қазақ тіл білімінде XX ғ. сонында айтыла бастады. Тіл арқылы мәдениеттанудың бір-бірімен өзара тығыз байланысты жаңа ғылыми бағыттары қалыптасып келеді. Олар: 1) этнолингвистика; 2) елтану; 3) лингвомәдениеттану. Аударматану ғылымының лингвомәдени аспектілерін зерттеуші А. Алдашева әлемдік озық лингвистика жетістіктерінің қазақ тіл ғылымына ену, қалыптасу жолдарын

төмендегіше түсіндіреді: «Жиырмасыншы ғасырдың соңғы бөлігінде, ғасырлар тоғысқан тұста әлемдік озық лингвистика тілтанымның теориялық бағыттарын имманентті, структуралық лингвистикадан өзгешелеу жаңа арналарға – яғни тілді жеке адаммен, оның ойлау өрісімен және рухани-практикалық қызметімен байланыстыра қарауға қарай бет бұрып отыр. Когнитивті, антропологиялық лингвистика деп аталатын мұлде жаңа салалардың қатарында соңғы жылдары «лингвокультурология» деп аталатын бағытта аталып келеді. Бұлардың қай-қайсысы да қазақ тіл ғылымы төселе қоймаған соңғы салалар» [76].

Қазақ тіл білімінде лингвомәдениеттану мәселелері түрлі салаларда зерттелініп жүр. Тіл мен этностиң мәдени бірліктегі көрінісі Ә. Қайдар, Ж. Манкеева; ақын-жыраулар поэзиясындағы этномәдени дереккөздер (Р. Сыздықова); этномәдени атаулардың этиологиялық негіздері (Ә. Қайдар, Е. Жанпейісов); фразеологизмдердің этномәдени танымдық нышандары (Г. Смағұлова, С. Сәтенова, Р. Авакова); аударматанудағы лингвомәдени мәселелер (А. Алдашева); тіл мен этнос мәдениетінің салғастырмалы теориясы (қазақ тілін орыс және басқа тілдермен салыстыру бойынша (М. Копыленко, З. Ахметжанова, С. Исабеков) және т.б.

Тіл мен сол тіл аясындағы топонимдерді ұлт мәдениеті көрінісі ретінде қарастыру сол тілде сөйлеуші халықтың топонимдер номинациясындағы бай мәдени үлгілері мен іс-тәжірибелерін, қоршаған ортаны қабылдау ерекшеліктерін танып білуге жол ашады. Яғни лингвомәдениеттану мәдениет пен тіл бірліктерінің арасындағы интеграциялық синтезді сұрыптаپ, кешенді түрде қарастырып отырады. Тілде бейнеленетін, тіл арқылы көрінетін мәдени құндылықтардың қолданыстық жүйесін зерттейді. «Лингвокультурология – это наука, возникшая на стыке лингвистики и культурологии исследующая проявления культуры народа, которые отразились и закрепились в языке» [77].

Тіл – қарым-қатынас пен ойды жеткізудің ғана емес, мәдениет білімдерін жинақтаудың басты құралы болып табылады. Құрделі таңбалық жүйе бола отырып, тіл қандай да бір ақпарат беру, сақтау, пайдалану, иемдену құралы да бола алады. Тіл секілді мәдениетте белгілі бір ақпаратты жеткізуге қабілетті таңбалық (семиотикалық) жүйе құрайды, бірақ оның тілден айырмашылығы – өзін-өзі ұйымдастыруға қабілетсіздігінде, өйткені мәдениет – ең алдымен жады, оның негізгі қасиеті – жинақтау, сақтау және сансыз жалпылыққа талпыну. Өзінің сансыз бірегейлік қасиеттерін танытуға талпынатын тұлға қарым-қатынасқа түспей, мәдени диалог жасамай тұра алмайды. Сондықтан «тіл – ұлт (ұлттық тұлға) – мәдениет» – лингвомәдениеттанудағы орталық үштік болып табылады, ғылымның осы саласындағы маңызды мәселелерді шешуші орталық нүктө.

Лингвомәдениеттану – ұлттық сипаты бар деп танылатын әлеуметтік, танымдық, этика-эстетикалық, рухани және тұрмыстық қатынастар мен олардың заңдылықтарын тілдік құралдар арқылы зерттейтін тіл білімінің бір бағыты. Осы тұрғыдан алғанда лингвомәдениеттанудың негізгі мақсаты – ұлттық болмыстың тілдегі көрінісін, халықтың танымдық рухани болмысын, мәдениетін таныту.

Кез келген тілдік құбылыстың табиғатын оның тек тілдік зандылықтарына сүйеніп қана қоймай, сонымен қатар халықтың дүниетанымына, салт-дәстүріне, ұлттық болмысына назар сала қарау лингвомәдениеттану пәнінің үлесіне тимек. Ал, лингвомәдениеттану латынның Linqua – тіл, Cultura – мәдениет, Logos – ілім деген терминдерінің жинақталуынан туындала, лингвистика мен мәдениеттану пәндерінің тоғысуында пайда болған, халық мәдениетінің тілдегі әсерін зерттейтін сала.

Демек, этнолингвистикамен сабактас, этнос болмысының сан түрлі қырын зерттейтін, этнос тіліне жалпы қатысы бар ғылымның бір саласы – лингво-мәдениеттану. Бұл сала этнос тілінің тілдік табиғатын айқындауға тікелей қатысты болмаса да, этностиң мәдениетін таныту мүддесін көздең мәдениеттанумен сабактас [38, б. 37].

Жалқы есімнің табиғатын зерттеу, олардың ерекшеліктерін анықтау, семантикасы мен этимологиясын ашу, әр халықтың, әр аймақтың жалқы есімін сөзжасамдық құрылымын талдау зерттеушілерді жалқы есімді тарихи ғана емес, ұлттық та деген тұжырым жасауға итермелейді. «Ұлттық ономастиканың ерекшеліктері олардың белгілі бір ұлттық тілге қатыстылығында ғана емес, сонымен қатар ұлттық онимия жасалып, қалыптасқан ұлттық мәдениетке де байланысты» [78]. Сол себептен жалқы есімнің ұлттық ерекшелігі жөніндегі деректі халықтың ұлттық мәдениетінен іздеу керек. Бұл тұрғыдан жалқы есімге қатысты «ұлттық – мәдени ерекшелік» дегеніміз халықтың біртұтас әлемге деген көзқарасы, әлеуметтік және материалды мәдениеті, сонымен бірге олардың жалқы есімнің семантикасында көрініс табуы. Этностиң материалдық және рухани өмірі қазақ тілінің этностиң болмысымен өзара байланысты, этностиң тұрғыдан өзіндік таңбаға ие болған онимиялық бірліктер өзіндік бейнеге ие болады [79].

Адамзат қоғамы сан ғасырлар бойында үздіксіз дамып, алдыға қарай жылжу үстінде десек, оның мәңгілігінің мәні – ұзақ уақыт ағымында жинақтаған ілім – білімінде, мәдениетінде. Сол себепті, өткенін барлап, кешегісі мен бүгінін таразылай білген қоғам ғана замана талабына ілесе алады. Қоғамды мәуелі бәйтерекке теңесек, ол – халықтың ғасырлар бойы тарихы мен мәдениеті оның тереңге тартқан тамыры іспетті. Ал мындаған жылдар жылжындағы қоғам тағдырын, оның материалдық, рухани мәдениеті мен өмір тәжірибесін танып, білудің негізгі жолы – құпия, қалтарыстары мол халықтың тілді зерделеуде жатыр. Халықтың тілді тану мен таныту – тіл ғылымының парасатты парызы, қасиетті борышы.

Тілдің ұлттық табиғаты тіл ғылымы арқылы танылады десек, тілдік қордың құрамдас бөлігі – жалқы есімдердің ұлттық табиғатын ономастика саласы танытады. Атаулар – этнос тіршілігінің, танымының айшықты айғақтары ретінде қалыптасқан тілдік жүйе.

Сонымен, өңірлік топономияны ұлттық мәдени арна ретінде қарастыратын ономастикалық бағытта жұмыс жүргізу барысында зерттеу нысанамыздағы топонимдердің мәдени сипатын ашып, айқындау қажеттілігі туындаиды. Қазақ ұлтының өзге ұлттардан ментальдық айырмашылығын

көрсететін таным, салт, дәстүр ерекшеліктерін білдіретін топономиялық тұлғаларды талдау – тіл арқылы ұлтты, оның мәдениетін тану болмақ. Топонимдер арқылы мәдениеттану – ұлттың, халықтың кешегісімен бүгінгесін тану. Осы орайда, атаулардың этномәдени сипатта қатысуына әсер етуші негіздерді ескере отырып, өлкे топонимдерін екі топта қарастырдық:

1. Қазақ халқының рухани мәдениетіне негізделген топонимдер.
2. Қазақ халқының материалдық мәдениетіне негізделген топонимдер.

Лингвомәдениеттану ғылымының негізгі зерттеу объектісі – белгілі бір ұлттың немесе қоғамның мәдени этнобелгілері болғандықтан, кез келген мәдени этнобелгілер белгілі бір дәрежеде материалдық және рухани мәдениет жиынтығынан құралады. Ұлттық мәдениеттің аталған екі саласы қоғамдық формацияда қатар дамып, бірін-бірі толықтырып отырады. Қазіргі таңда материалдық және рухани мәдениеттің салаларын лексика-семантикалық топтарға бөле қарастыру дәстүрін ұстанатын еңбектер де ұшырасады. Мәселен, Ұ. Ержанова Батыс Қазақстан топонимдерін осы тұрғыдан екі топқа бөліп, олардың таралу, қолданылу аясын төмендегіше көрсетеді:

- материалдық мәдениетке байланысты этнографиялық топонимдер;
- рухани мәдениетке байланысты этнографиялық топонимдер.

Материалдық мәдениетке байланысты этнобелгілері бар топонимдер одан әрі мынадай лексика-семантикалық топтарға бөлінеді:

- a) төрт тұлік мал атауларымен байланысты этнобелгілер: *Аққойтас, Аман, Атшабар, Бұзаушиоқы, Тоқтықөл, Тоқтысы, Тұлпар, Қарақойтас, Айғыркеткен, Ақбайтал, Биесыйтас, Ешкіөлген, Мыңжылқы, т.б.;*
- ә) жайылымға байланысты этнобелгілер: *Шөптіқақ, Кеңкөгал, т.б.;*
- б) малдың қор-жайына байланысты этнобелгілер: *Аққора, Ақбаз, т.б.;*
- в) малды суаруға, егіншілікпен байланысты этнобелгілер: *Майөзек, Қасқабұлақ, Суықбұлақ, Жаманөткел т.б.;*
- г) жылқы малына қатысты этнобелгілер: *Тоқымтыққан, Жабазысай;*
- ғ) отырықшылыққа байланысты этнобелгілер: *Қоныс, Кеңқоныс, Ауыр, Қөпбейіт, т.б.;*
- д) құрал-сайман, қару-жарак, киіз үй жабдықтары атауларына қатысты этнобелгілер: *Найзашиоқы, Найзатас құдығы, Керегетас, Шоқпартас, Шымылдық, Күйметас, т.б.*

Рухани мәдениетке байланысты этнобелгілері бар топонимдерді мұсылмандықтың дінінің өкілдері мен сопылық ілім қайраткерлерінің есіміне, ру, тайпа, тайпалық одақ атауларына, әулиелердің атына байланысты және табиғат пен жер-су иелеріне сыйыну нәтижесінде қалыптасқан жер-су атаулары деп бөлуге болады. Дегенмен қазақ антропонимдері мен топонимдерінің ұлттық мәдениетке қатысын зерттеген еңбектердің 1960 жылдардан бастау алғашынын да жоққа шығармаймыз. Мәселен, А. Әбдірахмановтың 1962 жылдың жарық көрген «Вопросы топонимики Казахстана» атты мақаласында ұлттық мәдениет негізінде қалыптасқан атаулар лексика-семантикалық топта қарастырылып, олардың материалдық және рухани мәдениетке қатысы ашылады [77, с. 46-52]. Бұл жай қазақ антропонимдерін зерттеуші, негізін салушы Т. Жанұзақов

еңбегінде де жан-жақты сөз болған [3]. Сонымен қатар, XX ғасырдың екінші жартысында жарық көрген қазақ ономастикасына қатысты зерттеу еңбектерінің бәрінде де ұлттық мәдениет көріністері белгілі бір дәрежеде сөз болып отырған. Алайда жоғарыда сөз болған, соңғы жылдарда жарық көрген еңбектер қазақ топонимдерін материалдық, рухани мәдениет көздеріне қатысты қарастырудың тиімділігін көрсетеді. Абай, Абыралы өңірі топонимдері материалдары тарихи, археологиялық деректердің, байырғы мәдениет көздерінің қай тілдік ұжымға қатыстылығын нақтыладап, оның белгілі бір кезеңдегі ұлттық, ұжымдық қызметін аша түседі. Себебі этнос өзі жасаған мәдени дүниені өзінің тілдік әрекеті арқылы да дүниеге танытады. Материалдық мәдениет үрдісі қоғамдық сананы жаңа сапаға көтеретін рухани мәдениетке ұласады. Материалдық және рухани мәдениеттің жалпы ұқсастығы мен тұрақтылығы кәсіп саласындағы екі бағыт – егіншілік пен малшылықтың орайлас келуінен туындаған. Бұл ретте архимәдениетке (бірыңғай егіншілік, жартылай егіншілік пен жартылай мал шаруашылық), сөз әлеміне ден қою арқылы көшпенділер этномәдениетінің төл ерекшелігін танып-түсінуге болады.

Осы арада назар аударатын жай – «өмір сүруді қамтамасыз ететін мәдениетке» жататын дүниелердің мәдениетке қатысы адамдардың тек өмір сүру үшін қажет мұқтаждарын ғана қанағаттандырып қоймай, сонымен бірге олардан жоғары тұратын социогендік, символикалық және эстетикалық қажеттерін де өтейді. Материалдық байлықты өндіру алғашқы өндірістің мәдениеті болып саналады. Әрі қарай өмір сүру құралдарының тетігін жетілдіріп және оның көмегі арқылы қалыпты өмір сүріп, қызмет ететін жағдай жасалуы рухани мәдениетке қатысты» [9, б. 31], – деген Ж.А. Манкеева пікірінің рухани мәдениетке жаңаша көзқараспен қарау үрдісінің бастамасы болғандығын атап өту орынды болады. Себебі рухани мәдениет материалдық мәдениет жетістіктеріне негізделіп, ұлттық санадағы рухани таным-түсінік пен мәдениеттің дамуына жол ашады. Керісінше материалдық мәдениет рухани мәдениеттің негізінде ұлттық сипатқа ие болып, ареалды тұрғыда жетіле түседі. Бұл жай Абай, Абыралы өңірі топонимдері жүйесінен айқын көрініс береді. Мәселен, төрт түлікке қатысты қалыптасқан мифонимдер Зенгі баба, Қамбар ата, Ойсыл қара т.б. мәдениет көрсеткіші болып табылады.

Айтылған жайларды басшылыққа ала отырып, Абай, Абыралы өңірі топонимдерін лингвомәденитанымдық тұрғысынан материалдық және рухани мәдениет топтарына бөле қарастыру – өңірлік топонимиқаның ұлттық нышандарын дұрыс айқындауға жол ашады деп ойлаймыз. Алайда бүгінгі танда этномәдени лексиканы жоғарыдағы екі топқа бөле қарастырудың шарттылығын да жоққа шығармаймыз. Себебі қазақ топонимикасындағы көптеген еңбектерде рухани мәдениет тобындағы атауларға тек ұлттық нағым-сенім мен діни ағымдарға қатысты атаулар ғана жатқызылып жүр. Ол топтағы еңбектерде коршаған орта мен табиғат құбылыстары атауларының тілдегі танымдық бейнесі толық ашыла бермейтіні де шындық. В.Ф. Гумбольдтың, А.А. Потебняның түсіндіруінде тіл дүниені тікелей, тұра бейнелемейді. Тілде адамның дүниені қалай түсінетіні көрініс береді. Демек, сөз заттың тұра

таңбасы емес, адам санасында тілдік шығармашылық процесс нәтижесінде туған бейнесі болып саналады. Қазақ топонимдері тобындағы өсімдік, аң-құс атауларына қатысты топонимдерде де ұлттық таным сабактастыры, тілдік шығармашылық процесс нәтижелері айқын байқалып тұрады. Сондықтан да бұл топтағы топонимдерді әрі материалдық, әрі рухани мәдениет тұрғысынан қарастыруға болады. Дегенмен өсімдік пен аң-құс, топонимдік детерминативтер қатысы арқылы жасалған топонимдерде рухани мәдениет белгілері айқынырақ байқалады. Мәселен, *Бөрілі*, *Қасқабұлақ*, *Қарасу*, *Шыңғыстау*, *Қоңырзұлие*, *Әулиебұлақ* және т.б. топонимдердегі танымдық, киелілік, жинақтық т.б. белгілерінің көріністері осыған дәлел.

Сонымен қатар Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларында кездесетін *Борлыбай*, *Шаган*, *Үшқараның аңы көлі*, *Еспе*, *Лепсі*, *Тұщықөл* т.б. жер-су атаулары этникалық мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылады. Себебі бұл атаулардың өн бойында этностың тарихы, салт дәстүрі, наным-сенімі, шаруашылығы мен мәдениетін сипаттайтын құнды тарихи ақпараттар сақталған. Мәселен, *Борлыбай* белгілі кезенде өмір сүрген, ауқатты, танымал немесе тарихта өз орны бар адам болғандықтан, жер атын атауға лайық болса керек. *Шаган* атауы монгол тілінен аударғанда *шаган/ цаган / цааган*, яғни ақ түсті деген мағына береді. Атау өнірдегі жердің түсіне байланысты беріле отырып, тарихтағы монгол, жонғар шапқыншылығының ізінен ақпарат тасушы атау болып табылады. Осы тұрғыдан қарағанда этностың болмысы мен дүниетанымына қатысты ерекшеліктерді молынан сақтап келген өнір жер-су атаулары семантикасында лингвомәдени, этномәдени тұрғыдан зерттеуді қажет ететін, сыры ашылмаған қырлары да жоқ емес. Жалпы, жер-су атауларының этнолингвистикалық сипатын тек оның тілдік зандылықтарына ғана сүйеніп емес, сонымен қатар сол тілде сөйлеуші этностың, халықтың тарихына, салт-дәстүріне, мәдениетіне, ұлттық менталитетімен тығыз байланыстыра зерттеу бағыты бүгінгі таңда кең өріс алуда. Бұған сол этностың дүниетанымы мен болмысы, ойлау жүйесі мен оны қоршаған ортаға сай қабылдауы және санада қалыптасқан ұғымдардың тілдік ұжымның қабылдауына сай тілдік бірліктер арқылы вербальдануын қарастыру кез-келген тілдік таңба туралы толыққанды, кешенді ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Белгілі бір этностың ұзақ уақыт белгілі бір ортада бірлесіп өмір сүру қоғамды қалыптастырады. Ал қоғам уақыт шеңберінде үздіксіз дамып, үнемі алдыға қарай жылжып отыратынын ескерсек, сапалы, берік, мәңгілік қоғам орнатудың мәні – көп уақыт, ғасырлар, дәуірлер бойы жинақтаған тәжірибе мен білім-ғылымда, мәдениеті мен ділінде. Сондықтан да, бабаларымыз өткен ізді саралап, кешегісі мен бүгінін таразыға тарта алған қоғам мүшелері ғана уақыт ізіне теңесе алады. Этнос өмір сүретін орта – халықтың ғасырлар бойғы тарихы мен мәдениетінің синтезінен қалыптасқан, тамыры теренге жайылған тіршілік ортасы. Оның өн бойында мыңдаған жылдардың тағдыры, материалдық, рухани мәдениеті мен өмір тәжіриbesі жатыр. Оны танып, білудің негізгі жолы – сол ортада өмір сүрген елдің халықтық тілін саралап-сараптау. Халықтық тілді зерделеу – тіл ғылыминың негізі міндеттерінің бірі болып табылады.

Сонымен, аймақтық топономияны ұлттық мәдени арна ретінде қарастыратын ономастикалық бағытта жұмыс жүргізу барысында зерттеу нысанамыздағы топонимдердің мәдени сипатын ашып, айқындау қажеттілігі туындаиды. Қазақ ұлттының өзге ұлттардан менталдық айырмашылығын көрсететін таным, салт, дәстүр ерекшеліктерін білдіретін топономиялық тұлғаларды талдау – тіл арқылы ұлтты, оның мәдениетін тану болмақ. Топонимдер арқылы мәдениеттану – ұлттың, халықтың кешегісімен бүгінгесін тану. Осы орайда, атаулардың этномәдени сипатта қатысуына әсер етуші негіздерді ескере отырып, жоғарыда атап өткенімідей, өлкे топонимдерін еki топта кеңірек қарастыратын боламыз:

- қазақ халқының рухани мәдениетіне негізделген топонимдер;
- қазақ халқының материалдық мәдениетіне негізделген топонимдер.

Халық түсінігінің, психологиясының көріністері ұлттық топономияның әрбір атауынан ұшқын береді. Мәселен, «Әулиелік» сипатқа ие болған су көздерінің, мәселен, Қоңыраулие, Әулиебұлақ маңына мал бақпаған, сүйн ластамаған. Бұл географиялық атаулардағы ақпарат арқылы осы нысандарды қорғау ісінің жүзеге асырылғанын дәлелдейді. Алтайдағы сарқырамалар, сылдырлап аққан бұлақтардың өзі адамның жаны мен тәніне құш-куат береді. Аягөз ауданындағы Баршатас ауылының маңында орналасқан емдік қасиеттерін бағалау тұрғысынан «әулиелік» атау берген қазақ халқы шипалы су көзін ластаудан сақтап, қорғау мақсатын да көздеген. Ақбет тауының астынан осы арада бұрқырап бұрқырап шығып, сарқырап ағып жатқан «Әулиелі бұлақ» деп аталады. Асқазанға шипалы «асханалық су» болып саналады. Сондықтан сүйнің осындай қасиетіне байланысты бұл бұлақты «Әулиелі бұлақ» деп халық біліп атаған. Табиғат байлығымен сирек кездесетін жаратылышымен көз тартқан, сұлұлығы мен эстетикалық бағасы зор Шыңғыс тауының жоталарынан көптеген бұлақ, жылғалар ағып шығады. Ең ірілері Батпақбұлақ, Бейсенбайбұлақ, Бекбұлақ, Бестасбұлагы, Егіндібұлақ, Есіргемес бұлагы, Есіркеп бұлагы, Жамбасбұлақ, Кенжесеғұл бұлагы, Кеңбұлақ, Керуенбұлақ, Көкбұлақ, Күйгенбұлақ, Күмістібұлақ, Қайрақты бұлагы, Қалампырлы бұлагы, Қарабұлақ, Қарлыбұлақ, Қорғанбұлақ, Қызылбұлақ, Мұздыбұлақ, Милыбұлақ, Мыңбұлақ, Ортабұлақ жоталарының терістік, батыс, тұстік және шығыс бағыттарымен құлай ағады. Бұлақтар номинациясы жергілікті табиғат жағдайларын дәстүрлі дүниетаным мен шаруашылық қажеттерге орай бейнелеумен байланысты қойылғаны анық. Ұлттық ой-сананың бедері, қазақ халқының этикалық нормалары мен тіл мәдениетінің өресі танылып тұр.

Біздің зерттеу жұмысымызға негіз болып отырған Абай, Абыралы өнірінде қолданылып жүрген жер-су атауларының макро, әсіресе, микрожүйесі, оның этнолингвистикалық сипаты болып саналады. Топонимдердің этнолингвистикалық сипаты – қазақ тіліндегі лексикалық бірліктерінің табиғатымен байланыста тұтас зерттелетін мәселе. Сондықтан оны жалпы тілдік құрылым жүйесінің дамып қалыптасуынан, тіпті түркі тілдерінің тарихи даму барысынан тыс қарау мүмкін емес. Түркі халықтарының туыстық, тарихи-мәдени байланысы, тығыз қарым қатынасы ономастика

жүйесінде көптеген ортақ белгілердің пайда болуына әсер етті. Сондықтан қазіргі таңда кез-келген тілдік құбылыстың табиғатын тек оның тілдік зандылықтарына ғана сүйеніп емес, сонымен қатар сол тілде сөйлеуші этностың, халықтың дүниетанымына, ел-жер тарихына, салт-дәстүріне, мәдениетіне, ұлттық менталитетіне тығыз байланысты алуда.

Ұлттық жер-су атауларының сипаты тек тілдік фактілермен ғана ерекшеленбейді, сондай-ақ белгілі бір өнірдің физикалық, географиялық жағдайына, жергілікті халық өмірінің этникалық мәдени ерекшеліктеріне және сол өнірдің әлеуметтік тарихына байланысты қалыптасқан себептермен де ерекшеленеді. Осы себептерді жер-су атауларының қалыптасуына негіз болатын факторлар деп қарастырамыз. Олай болса, кез келген өнірдің жер-су атауларын зерттеуде сол өнірдегі жер-су атауларының кейпін қалыптастыратын осы факторларды тіл ғылымында дәстүрлі түрде З-ке бөліп қарастыру дағдысы қалыптасқан: Географиялық фактор; Этнографиялық фактор; Тарихи-әлеуметтік фактор.

Географиялық фактор этникалық жиынтықтың ең негізгі жүйелі сапасының бірі екені белгілі. Оған табиғи ресурстар, халықтың экономикалық, географиялық жағдайы, табиғи және өндірістік территориялық кешендер мен оның жеке түрлері кіреді. Абай, Абыралы өнірі жазықты, төбелі, сулы жерлерді қамтиды. Жері құнарлы, жазық даласы мал жайылымына жайлыш болып келеді. Адамдардың қоршаған географиялық ортаны шаруашылық және мәдени түрғыдан игеруі, олардың өміріндегі тарихи, қоғамдық, әлеуметтік өзгерістер жаңа ономастикалық атаулар жүйесінің тууы мен қалыптасуына мүмкіндік береді. Халықтың болмысы, оның жер бетіндегі тіршілігі сөзбен таңбаланады. Халық тіліндегі осындай дәйекті де деректі атаулардың күрделі бір саласы – топонимдер, яғни жер-судың, туған, өскен өлкенің атаулары, әр алуан географиялық объектілерге тағылған тілдік айырым белгілер болып табылады. Топонимикалық деректер белгілі бір географиялық ағым атаулары болғандықтан, тіл ішінде өз алдына сұрыпталған лексикалық қабат өмір сүреді. Сондықтан Абай, Абыралы өніріндегі географиялық ортаның ерекшеліктері осы аймақтық топонимиясында, географиялық жалқы есімдерінде жүйелі көрініс тапты деуге болады.

Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларының қалыптасуындағы географиялық негізге этнографиялық фактордың да ерекше әсері болды. «өмірдің өзі көшпелі қазақты өрістің ерекшеліктерін нақты білуге (бедер ерекшеліктерін, климаттың, өсімдіктің, су қоймаларының түрлерін, оларды малға пайдаланудың маусымдық ерекшеліктерін т.б.) Жаңа үйреткен жол, сонымен қатар көшу кезінде бағыт болатын, қолайсыз ауа райында малға пана болатын ландшафтың ерекшеліктерді де білуге үйретті» [63, с. 23]. Сондықтан мал бағуды кәсіп еткен, өмірі мен тұрмысы даламен, табиғатпен тығыз байланысты болған қазақ халқының барлық жерлерінде осы зандылық үстемдік құруда.

Жалпы есімдер әрқашан тарихи сипатта келеді және олар тарих тереңіне үңілуге көмектеседі. Себебі олар үнемі қоғаммен тығыз байланысты.

Ономастика дамуында қоғам өмірінде болып жатқан әлеуметтік, саяси, тарихи және мәдени процестер шешуші роль атқарып, әр дәуірдің өзіндік типтік ономастикондары пайда болады.

Қазіргі уақытта материалдық түрмистағы, рухани мәдениет саласындағы, сондай-ақ, әлеуметтік өзгерістерге байланысты топонимдер де жиі өзгерістерге ұшырап, соның зардабынан біртіндеп халықтардың этникалық ерекшеліктері де ұмытыла бастауда. Бірақ тіліміздің кумулятивтік қызметіне, топонимдердің ерекшелгіне сәйкес ол ерекшеліктер ұзак уақыт сақталып отыр. Мысалы, кез-келген тілдің ономастикалық жүйесі сол тілді тұтынушы этностың (ұлттық, халықтық, ру-тайпалардың) тарихына, мәдениетіне, шаруашылығына байланысты болады. Олай болса, топонимдер жүйесі де халықтың этникалық құрамы, материалдық, рухани мәдениеті, азаматтық тарихы жөнінде аса мол деректер беретіні сөзсіз.

1 бөлім бойынша тұжырым

Зерттеу жұмысының бірінші тарауы жер-су атауларының ономастикалық қеңістіктегі теориялық негізdemесін анықтауға арналды. Яғни бұл тарауда ең алдымен қазақ тілі білімінің топонимикалық зерттеулердің зерттеу нысанасына алыну кезеңі, республика көлеміндегі жер-су атауларының топтастырылып, каталогтарының әзірленуі, лингвистикада топонимдерді лексика-семантикалық, этимологиялық, лингвомәдениеттану тұрғысынан зерттелу тарихына жалпы шолу жасалды. XX ғасырдың екінші жартысынан басталатын топонимикалық зерттеулерді кезең кезендерге топтастырылу үлгілері талданды. Сонымен қатар осы кезендерде жарық көрген іргелі зерттеулер жайында мәліметтер берілді. Жалпы топонимика саласының қазақ тіл біліміндегі зерттелу барысынан басқа славян топонимикасының зерттеу ортасы, батыс топонимикасының зерттеу ортасына да қысқаша шолу жасалды. Сондай-ақ, қазақ топонимикасының атасы түркі топонимикасының бастау көздері негізге алынды. Откеннен бүгінге дейінгі топонимика саласын зерттеген түркітанушы ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалды. Мәселен, түркі топонимикасының атасы М. Қашқарі деп танысады, оның іргелі зерттеуі түркі халықтарының белді зерттеушілері Э. Мурзаев, О. Молчанова, Б. Ондар, Эрхан Айдын, Ибрахим Шахин, С. Иманбердиева, Л. Наханованың ғылыми зерттеулерімен жалғасын тапты. Жалпы қазақ топонимикасына шолу жасай келе, отандық топонимиқаның жалпы топонимика теориясын, өңір топонимикалық жүйелерін қалыптастырып, қазіргі таңда жер-су аталарын лингвокогнитивтік, прагмалингвистикалық түрғысынан жаңаша пайымдалып жатқандығын тұжырымдадық.

Екінші, үшінші, төртінші тараушаларда Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларының қалыптасуына негіз болған қоғамдық-тарихи, тарихи-географиялық негіздер мен этномәдени факторларды талдадық. Зерттеу барысында жинақталған тілдік материал аталған тақырыптардың мәнін ашуда елеулі үлес қосты. Нәтижесінде Абай, Абыралы жер-су атаулары өз бойында өнірдің тарихи сипатын, географиялық ерекшелігін, тілдік болмысын бойына

жинақтап, қолданысқа түскенде өңір халқына рухани-мәдени ақпарат беретін тілдік бірліктер екеніне көз жеткіздік.

2 АБАЙ ОБЛЫСЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

2.1 Абай ауданы және Абыралы өнірі жер-су атауларын жіктеудің лексика-семантикалық аспектісі

Ономастика мәселесі – тек тілші-ғалымдардың не болмаса, тіл саласындағы құзырлы орган мамандарының ғана шаруасы емес, ол тарихшылардың, географтардың, жалпы халықтың, тұтас ұлттың мәселесі. Сондықтан да, қазақтың дана Абайы ғұмыр кешкен өнірдің жер-су атауларынан халқымен бірге өмір сүріп келе жатқан тіл арқылы өткен тарихымыз жайлы көп мәлімет алатынымыз шынайы ақиқат. Демек, Абай мұрасымен бірге жер-су атауларына қатысты этнотанымдық көріністер де бүгінге дейін сақталып келген. Біз топонимикалық атауларды зерттеуге өзек етіп Абай ауданы мен оған шекаралас жатқан Абыралы ауылдық округін алып отырмыз. Абай ауданында бізді көп қызықтырғаны, негізінен, жер, су, жайлау, қыстау, тоғай, төбе, сай атаулары. Қайсыбір жер атын, су атын алсақ та, оның аталуының өзіндік бір сыры, өзіндік тарихы бар.

Кез келген халықтың ономастиконының пайда болуы мен дамуында шаруашылық, әлеуметтік-экономикалық т.б. факторлар белгілі бір орын алады. Мысалы, түркі тілдерінің антропонимдер мен топонимдер жүйесінде үй жануарларының атынан жасалған атаулардың көптеп кездесуі – халықтың бар өмірінің сол мал шаруашылығымен тығыз байланысты болуында. Енді біраз атаулар әлеуметтік-экономикалық терминдерден, сондай-ақ қоғамның метериалдық және рухани мәдениетін көрсететін сөздерден тұрады. Көптеген атаулар әртүрлі тарихи дәуірлерде туған көне сөздерден жасалып, қоғамның шаруашылық қызметінің сипатын, әлеуметтік құрылымының деңгейін көрсетеді. Ономастика дамуында қоғамдық өмірде болып жатқан әлеуметтік, саяси және тарихи, мәдени процестер шешуші рөл атқарды, әрбір дәуір өзінің типтік ономастикондарын береді. Жалқы есімдер әрқашан да тарихи сипатта келеді. Олар тарихтың тереңіне үнілуге көмектеседі, себебі олар үнемі қоғаммен, қоғамдағы саяси оқиғалармен тығыз байланыста келеді.

Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларының лексика-семантикалық ерекшеліктерін анықтай отырып, зерттеудің топонимикағылымы үшін маңызы өте зор. Себебі кез келген атау өздігінен пайда болмайды. Оған міндетті турде сыртқы факторладың әсері болады. Атап айтқанда, саяси-тарихи, ландшафттылық-географиялық, этнотанымдық факторлар жер-су атауларының қалыптасуына негіз болып, кейін оларды тіл ғылымы аясында тақырыптық жіктеуге де әсерін тигізіп жатады. Сондай-ақ, географиялық атаулар өздігінен, қалай болса солай жасала салмайды. Топонимикағылымында атау қалыптастырудың өзіндік принциптері болады. Қазақ жер-су атауларын зерттеп жүрген тілші ғалымдар бұл принциптерге жеке жеке тоқталады.

Ұлттық тіліміз топонимдер жасауда маңызды қызмет атқаратын географиялық терминдерге өте бай. Ол қазақ тілінің сөздік қорының молдығымен, халықтың жер-суга ат беруде байқампаз, тапқыр болуымен

байланысты болса керек. Топонимдер – біздің сан ғасырлар бойы қалыптасқан тарихымыздың және мәдениетіміздің көрінісі, бір айғағы. Байтақ қазақ даласының қай қызырына көз салсақ та, ондағы жер-су атауларының бойынан, аталау болмысынан осыны аңғарап едік. Яғни, ол атаулардың халықтың дүниетанымын да, психологиясын да, тұрмыс-тіршілігін де, шаруашылық кәсіптерінің көріністерін де, салт-дәстүрін де, жер-су, географиялық атауларын кие тұтқандықтан туындаған биік эстетикалық талғам мен танымды да көре аламыз. Әр өнірдің топонимдері сол өнір жайлы, сол өнірде тіршілігін жалғастырған халықтың өмірі, тарихы, салт-дәстүрі жайында хабардар етіп, қандай да бір тұжырым жасауға жағдай қалыптастырады.

Абай облысы Абай, Абыралы өнірі жер-су атаулары басқа өнірлердің топонимдік жүйесі тәрізді белгілі кезеңнің ғана емес, тұтас бір ғасыр не ғасырлардың жемісі болып табылады. Абай, Абыралы өнірі топонимдерінің құрамында жергілікті халықтың іс-әрекет, тұрмыс-тіршілік, мал, жер шаруашылығы мен аң аулау, құс өсіру кәсібін көрсететін топонимдер көптеп кездеседі. Жердің құнарлы-құнарсыздығын, құдық, бұлақ өзендердің ашытұщылығын, табигат құбылысын көрсететін топонимдер де осы топқа жатады.

Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларының қалыптасу, халық арасына сіңісу үдерісі жергілікті халықтың тарихы мен ғасырлар бойғы өмір салты, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы ұлттық тілімізben қатар дамып отырды. Бұдан қазіргі қоданыстағы атаудың осы күннің еншісіне тиесілі болғанмен, оның өзінің бір шығу тарихы бар екені, түрлі тілдік қабаттан тұратыны байқалып отырады. Кей атаулар бірнеше қабат қайталанып, бірде жота, бірде қыстақ, бірде ферма атауы ретінде кездеседі. Мәселен, *Қарауыл* атауы үш рет *Қарауыл ауылы*, *Қарауыл өзені*, *Қарауыл төбе* болып қайталанады. Аудандық жер-су атауларының этимологиясы мен семантикасы әр алуан. Көптеген атаулар сол жерлердің географиялық ерекшеліктеріне, жер бедеріне, өзіндік қасиеттеріне байланысты аталған.

Аудан топонимдерінің көшілігі кісі атына байланысты атаулар мен өсімдік және жануарлар дүниесіне байланысты болып келуі бұл аймақтағы шаруашылық жайының ерекшеліктерін айқын көрсетеді. Тіпті бұл атаулар ертеден қойылса да осы күнде де өзінің маңызын жоймастан сақталып келе жатыр.

Табигатты алғаш игерген адам баласы екендігінде дау жоқ. Адамды өзінің қанатының астына алып, құшағында аялаған да табигат-ана екені кім-кімге де белгілі. Топоним терминінің мағынасын осы ұғымдардың қызылысқан жерінен іздең дұрыс. Қоршаған орта – табигаттың баяғы заманнан қоныс тепкен орны. Осы орындардың қай-қайсысы да адамзат тарапынан өзіндік атаулармен белгіленіп отырады. Тіл білімі ғылымында ол атаулар топонимдер деп аталады [80].

Жер-су атауларын жинақтаудан кейін әрбір атаудың болмысына, ішкі мағынасына үңілгенімізде олардың өзіндік ерекшелігін байқайтынымыз сөзсіз. Мәселен, кейбір атаулар кісі аттарынан, кейбір атаулар тұс атаулары мен географиялық терииндердің бірігуінен, кейбір атаулар саны мен географиялық

терминдердің бірігуінен, сондай-ақ, өсімдік, жан-жануар атаулары мен географиялық терминдердің сөзжасамдық қатынасқа түсінен қалыптасатынығын аңғару қын емес. «Ұлттық ономастиканың ерекшеліктері олардың белгілі бір ұлттық тілге қатыстырылышында ғана емес, сонымен қатар ұлттық онимия жасалып, қалыптасқан ұлттық мәдениетке де байланысты» [11, б. 94]. Олай болса, жер-су атауларының мағыналық топтары қазақ тіліндегі жер-су атауларын зерттеу нысанасына алған әрбір тілші ғалымның назарынан тыс қалмайды.

Қазақ тіл білімінің топонимика ғылымында жер-су атауларын лексика-семантикалық түрғыдан топтастыру жұмыстары Т. Жанұзақов, А. Әбдірахманов, Қ. Рысберген сынды ғалымдардың зерттеулерінен басталып, кейін аймақ топонимистері Қ. Сапаров, Б. Тілеубердиев, Б. Тасболатов, Ұ. Прманова, А. Әлімхан, Б. Бияров, Ш. Сейітова, Ұ. Ержанова, К. Каймулдина және т.б. топонимикалық еңбектерінде жалғасын тапты. Атап айтқанда, қазақ жер-су атауларына лексикалық жіктеу жасаған топонимист ғалым – А. Әбдірахманов. Ол қазақ жер-су атауларын 14 түрге топтастырып, лингвистикалық талдау жасайды [81]. Қазіргі топонимика ғылымында орын алатын класификациялардың көбі аталған жіктемеден өзгеше емес. А. Әбдірахмановтың жіктеуі өңір топонимдерін лексика-семантикалық түрғыдан зерттеуге негіз болды.

Ал зерттеуші Т. Жанұзақов 2021 жылы жарық көрген «Қазақ ономастикасы. Бес томдық» атты 3 – томында Орталық Қазақстан өніріне қарасты жер-су атауларының көптігін, құрамы мен құрылымының күрделігін айта келе: «Топонимдердің семантикасы аталып отырған белгілі бір объект жайында тиісті дәрежеде белгілі бір мағұлмат беріп қана қоймай, сол жер-суға адамның қатыстырылышын да көрсетіп, білдіріп отырады. Сондықтан топонимдер семантикасының қыры мен сырның егжей-тегжейін жан-жақты, терең де мазмұнды етіп айқындал, анықтай түсуде кеңінен қолданылатын аталмыш методтың ең басты жолы – лексика-семантикалық класификация болып табылады» [82] деген тұжырым жасап, жер-су атауларын 1) қоршаған ортаның физика-географиялық қасиетін көрсететін топонимдер; 2) адамның іс-әрекет тұрмысы және қоғамдық өмірін көрсететін атаулар деген үлкен екі топқа топтастырады. Сонымен қатар топонимист ғалым үлкен екі үлкен топты өз ішінен бірнеше ұсақ топтарға бөліп қарастырады. Мәселен, бірінші топқа қазба байлық атауларынан қалыптасқан жер-су атауларын, өсімдік, жан-жануар атауларынан қалыптасқан топонимдерді, түр-түске, сан атауларына қатысты жер-су атауларын жатқызады. Ал екінші топқа мал шарушылығына, жер өндеуге, халықтың қоғамдық саяси өміріне байланысты қалыптасқан атауларды жатқызады.

Павлодар, Баянауыл, Шығыс Қазақстан өнірі жер-су атауларын географиялық-ландшафтылық қырынан зерттеген ғалым Қ. Сапаров 2007 жылы зерттеу нысанасына алған Павлодар облысы топонимдерін өнірдің физикалық-географиялық ерекшеліктеріне, геологиясы мен пайдалы қазбаларына, гидронимиясына, топырақ және өсімдік жамылғысына, жануарлар дүниесіне

қарай топтастырады [83]. Ал «Баянаула топонимикасы» атты еңбегінде Баянауыл өңірі жер-су атауларын табиғат жағдайларын сипаттайтын жер-су атаулары, жер бедерін сипаттайтын жер-су атаулары, геологиялық және пайдалы қазбаларды бейнелейтін топонимдер, гидографиялық терминдер жүйесінен қалыптасқан атаулар деп топтастырады [84].

Түркітанушы ғалымдардың негізdemесіндегі топонимикалық зерттеулер де жер-су атауларын лексика-семантикалық тұрғыдан топтастыруда өзіндік үлігілерін ұсынады. Мәселен, О. Молчанова 1) адамға байланысты; 2) адамның қабылдауына, естуіне, сипап сезуіне, дәм сезуіне байланысты; 3) фаунаға байланысты; 4) флорага байланысты; 5) қоршаган ортада кездесетін заттарға байланысты атаулар деген класификация жасайды [66, с. 24]. Түркітанушы топонимист В. Махпиров: «Лексика-семантикалық класификация этимологиялық талдаудың тікелей жалғасы болу керек және белгілі бір жағдайда оның объективті дәлелі болып қызмет етуі тиіс» деген тұжырымдама жасай отырып, жер-су атауларын топтастыруда этимологиялық аспектіні назардан тыс қалдырмау керектігін алға тартады [85].

Қазығұрт өңірі топонимиясын этнолингвистикалық қырынан зерттеген тілші Б. Тасболатов Қазығұрт жер-су атауларын аңыздық сипаттына орай мифтік және этнотанымдық топонимдер деген топтарға жіктейді [25, б. 78].

Сондай-ақ, Онтүстік Қазақстан облысы топонимдерін этнолингвистикалық бағытта зерттеген топонимист ғалым Б.Т. Тілеубердиев өңір жер-су атауларын этнодетерминделген лексикалық қабатына, этномаркерлі лексикалық қабатына және рухани мәдениет терминдерімен байланысты ислам, сопылық қайраткерлердің есімдерінен жасалған, ру-тайпа басы, әулие есімдерінен, табиғат және жер-су иелері есімдерінен, кәсіби мамандықты желеп-жебеуші әулиелер есімдерінен жасалған атаулар ретінде топтастырады [5, б. 41].

Қазақ топонимиясының лингвокогнитивтік және этномәдени негіздеріне қалам тарқан ғалым Қ. Рысберген жер-су атауларын лингвокогнитивтік және психолингвистикалық ерекшеліктеріне орай метафораланған атаулар, тұр-тұске байланысты репрезентацияланған атаулар, психосоматикалық атаулар және т.б. деп ажыратады [19, б. 27].

Батыс Қазақстан өңірі жер-су атауларын зерттеу нысанасына алған тілші Ұ. Ержанова өз еңбегінде О. Молчанова, А. Суперанская, В. Махпировтың жер-су атауларына лексика-семантикалық тұрғыдан жасаған топтастыруларын негізге ала отырып, Батыс Қазақстан топонимдерін семантикалық ерекшеліктеріне байланысты 1) эвфемизм мен діни нағымға байланысты атаулар; 2) санға байланысты атаулар; 3) метафоралы атаулар; 4) өсімдік дүниесіне байланысты атаулар; 5) жан-жануарлар мен құстарға байланысты атаулар; 6) тұр-тұске байланысты атаулар; 7) белгілі әлеуметтік тарихи оқиғалар мен басқа да халық өміріндегі әртүрлі оқиғаларға байланысты атаулар; 8) халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне байланысты атаулар; 9) топонимдердің түрлі ерекшеліктеріне, белгілеріне, қасиеттеріне байланысты қойылған атаулар; 10) қазба байлықтарына байланысты қойылған атаулар;

11) жаман, жақсы, үлкен, кіші компоненттерінің қатысымен қалыптасқан атаулар; 12) жаңа сөзінің қатысымен қалыптасқан атаулар; 13) генотопонимдер мен этнотопонимдер атты мағыналық топтарға ажыратады [12, б. 33-34].

Жоғарыда келтірілген жіктемелерге сүйене отырып, Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларын да өзара лексика-семантикалық ерекшеліктеріне орай топтастыруға болады. Өнір топонимдерін өзара топтастыруда ең алдымен сол өнірдің физикалық-географиялық, геологиялық, қоғамдық-саяси, тарихи және табиғи ерекшеліктеріне назар аударылды.

Абай ауданы мен оған шекаралас жатқан Абыралы ауылдық округі Абай облысының батыс бөлігінде орналасқан. Аудан атауы өнірде дүниеге келген қазақтың ұлы ақыны Абайдың есімімен аталады. Жалпы аумағы 20093 шаршы километрді құрайды. Өнірдің жер бедері ойлы-қырлы болып келеді. Абай ауданының онтүстік батысын Ханшыңғыс және Шыңғыстау, шығысын Дегелен, Ордатау, батысын Дос тауы көмкеріп жатыр. Абай, Абыралы өнірлерінің ауа-райы жайлы айтсақ, қызы суық, жазы ыстық, құрғақ болып келеді. Абай, Абыралы өнірлерінде жазда құрғап қалатын ұсақ өзендер мен жылғалар, аңы және сор көлдер көптеп кездеседі. Жалпы өнір топырағының түсі қоңыр және сортаң топырақты болып табылады. Өнірде өсетін өсімдіктер қатарын далалы жерлерде селеу, ши, бетеге, жусан, таулы жерлерде қайың, терек, өзен маңында қарақат, мойыл, талдың кейбір түрлері өседі. Өнірде жабайы жануарлардан арқар, елік, қасқыр, тұлқі, ор қоян, қарсақ, борсық, күзен, тиін, сарышұнақ; құстардан дуадақ, құр, бұлдырық, бөдене, тырна, қаз, үйрек, бүркіт, т.б. кездестіруге болады [59, б. 195]. Аталған өнірлік ерекшеліктерді ескергенімізде, жинақталған жер-су атаулары материалдарынан өзіндік жіктеу мен топтастыру қалыптастыру әбден мүмкін.

Жинақталған тілдік материалдардың топонимикалық ерекшеліктеріне назар аудара отырып, сандық көрсеткіштерін 1-кестеге сәйкес топтастыруға болады.

Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округі жер-су атауларының сандық көрсеткіші.

Кесте 1 – Жер –су атауларының сандық көрсеткіші

Аудан аты	Антропоним	Этноним	Ойконим	Ороним	Гидроним	Никроним	Зооним	Фитоним	Табиги ерекш.байланысты атаулар	Санға байланысты	Көп-кон жерлері	Түске көткесті
Абай ауданы	419	21	10	138	149	73	23	28	20	27	250	134
Абыралы а.о.	40	1	12	83	37	6	13	6	21	4	65	38
Жалпы саны: 1471	459	22	22	221	186	79	36	34	41	31	315	172

1-кестеге сәйкес өңір жер-су атауларының жалпы саны 1471 атау болса, соның 459-ын антропотопонимдер, 22-ін этнонимдер, 22-ін ойконимдер, 232-ін оронимдер, 186-ын гидроним, 79-ын некронимдер, 36-сын зоонимдер, 34-ін фитонимдер құрайды. Сондай-ақ, 41 атау табиғат ерекшеліктерімен байланысты болып келеді. Өңір атауларының құрамын 31 сан атауына байланысты топонимдер, 315 атау қыстау және қүзеу атаулары, 172 түске байланысты атау толықтырып тұр. Сандақ сипаттамаларға мысал келтіретін болсақ:

1. *Антропотопонимдер*: Абай, Абыралы өңірі жер-су атауларында ең көп кездесетін атаулардың бірі – адам атына байланысты қойылған жер-су атаулары. Бірқатар жер-су аттары кезінде сол жerde мекендеғен адамның атымен тікелей аталып, кейін топоним ретінде қалыптасып кеткен. Кісі есімінен және ру-тайпа атауларынан қалыптасқан бұндай атаулар өңір топожүйесінде ұзақ уақыттан бері қалыптасып, бекіп кеткен. Антропотонимдер көп жағдайда белгілі бір жерді ұзақ уақыт мекен еткен кісілердің, қоғамдағы тарихи тұлғалардың, көшбасшылардың есімі негізінде қалыптасады. Кісі есімінің жер-су атауына аудисуы белгілі бір тарихи кезеңде адамның сол жерді мекен етуімен тікелей байланысты болып табылады. Абай, Абыралы өңірі жер-су атаулары қатарында орын алатын антропотопонимдер тарихта аты қалған белгілі тұлғалар есімі, қарапайым адамдар есімдері арқылы қалыптасқан, сол сияқты кезінде өмір сүрген белгілі тарихи адамның түрлі атағымен аталатын топонимдер де жоқ емес. Өңірді мекен еткен өте көне ру-тайпа атаулары да тарихи, ескі атаулардың қалыптасуына негіз болған. Мысалы: *Абрагалы, Кеңгіrbай bi, Көкбай, Ақымбет, Алишынбай, Ералы, Есқожса, Зұлгарыш, Нұрлан, Тоқтамыс, Шыңғыстау, Ескене, Жексен, Абай ауданы, Абай бұлағы, Абай Қасқабұлағы, Ағыбай қорасы, Ақметбек қорасы, Ақылбай зираты, Ақмағамбеттің ақшоқысы, Ақтандек күзегі, Ақылбай қыстауы, Ақылбайдың тасбастауы, Әйгерім бұлағы, Әйгерім қараганы, Әлібек бұлағы, Әйнекбай қойтасы, Әлім сайы, Әнеттің ақшиi, Әшім бұлағы, Әтей биігі, Бабахан қырманы, Бажек адыры, Базаралы кесенесі, Байқошқар өзені, Бақай бұлағы, Балтаниң тасқұдығы, Балагазы жартасы, Бейсенбай қараганы, Жұніс бұлағы, Жексенай жырасы, Зұлгарыш қыстауы, Икенің қорасы, Кеңгіrbай мазары, Көкбай ауылы, Қанай қараганы, Қараашаның қойтасы, Пұшарбай бұлағы, Ералы жазығы, Ербол қараганы, Ерке қараганы, Жауынбай бұлағы, Жәнібек өзені, Жанай қараганы, Жөкең құдығы, Көкбай мазары, т.б.*

2. *Этнонимдер*: Өңірді ежелден мекен еткен ру-тайпа атауларына байланысты қалыптасқан топонимдерді этнонимдер деп атайдыз. Абай, Абыралы өңірі жер-су атауларында аталған топонимдер тобы өте ерте қалыптасқан атауларда және жонғар шапқыншылығынан кейін қалыптасқан атауларда кездеседі. Мысалы: *Әтей (Тоқтамыс a.o.), Байел (Көкбай a.o.), Байшора сайы (Архат a.o.), Бөкенші (Кеңгіrbай bi a.o.), Буратиген (Көкбай a.o.), Есболаттың Қарасуы (Қасқабұлақ a.o.), Жөкең құдығы (Кеңгіrbай bi a.o.), Жігітек ауылы, Көпбәкең (Қасқабұлақ a.o.), Көтібақтың қарасуы (Қасқабұлақ a.o.), Керей қонысы, Қойсары, Мотыштың ақшиi (Саржал a.o.),*

Мотыш ауылы, Тобықты жайлауы, Топайдың қызылы (Кеңгірбай би а.о.), Төртқара (Архат а.о.), Уақтың Арқалығы (Қасқабұлақ а.о.), Сарша биігі (Қасқабұлақ а.о.), Сақтың көлі (Қасқабұлақ а.о.), Ханышыңғыс, Шыңғысхан, т.б.

3. Ойконим дегеніміз ауыл, аймақ, елді-мекен атауы болып табылады. Мысалы: Қарауыл, Бөрілі, Абай, Көкбай, Қасқабұлақ, Айдақел, Ақбас, Ақшоқы, Арқат, т.б.

4. Ороним – тау атаулары, өнірдің жер-бедері ойлы қырлы болып келетіндіктен, үлкенді-кішілі таулар да кездесіп жатады. Мысалы: Шыңғыстау, Ханышыңғыс, Дос, Дегелең, Орда, Арқат, Аршалы, т.б.

5. Гидроним. Өнірдегі үлкенді-кішілі, өзендер, көлдер, бұлақтар мен бастаулар, құдықтардың атаулары. Мысалы: Әйгерім бұлагы, Тәкексан бұлагы, Жәнібек өзені, Жәкең құдығы, Абай-Ділдә бұлагы, Құнанбай құдығы, Шолпан бұлагы, Өтепбайдың Көкқұдығы, Қарасу, Қарауыл өзені, Қараашаның аққұдығы, Қаржасау бұлагы, Қарлыбұлақ, Құлан бұлагы, Құндызды өзені, Қыдыши құдығы, Қызыл Қайнар, Қызыл құдық, Орта қарааш, Өртөң құдығы, Өтегүл бұлагы, Пұшантайдың бұлагы, Пұшарбай бұлагы, Сақтың көлі, Саргалдақ, Сарықөл, Тайлакпай құдығы, Тайлакпай құдығы, Тай өзені, Тақырбұлақ бұлақ, Тентек қызы, Теміrbай бұлагы, Тесітшықкан, Тұщыбұлақ, Тізесу, Үлкен сор, Шаган өзені, Шатқалан, Шеттембай, Шолақтерек, Шолпан бұлагы, Шөптікөл, Шұға құдығы, Ызғұтты Қасқабұлағы, Ысқақ Қасқабұлағы, Ырсай көлі, т.б.

6. Нейкроним – жерлеу орындарының атауы болып табылады. Абай, Абыралы өнірінен аузы дуалы билер, жамбасы жерге тимеген батырлар, бертін келе, болыстар мен бай-шонжарлар, елге еңбегі сіңген азаматтар шыққан киелі өлке. Аталған тұлғаларға бейіт, мазарлар соғылып, бүгінгі таңда олардың атымен аталып келеді. Мысалы: Абай зираты, Абұйіrbай зираты, Айбала зираты, Байқошқар зираты, Айтұған қажының зираты, Ақтамбек зираты, Ақылбай зираты, Ермек ана зираты, Тәуке батыр мазары, т.б.

7. Фитоним. Өсімдіктер дүниесіне байланысты қойылған топонимдер: Қазақстан- ертеден мал шаруашылығымен шұғылданған ел. Ондай елдердің топонимдері өсімдіктердің, жануарлардың аттарымен аталуы заңды құбылыс. Өйткені, малдың негізгі қорегі – шөп. Мысалы: Ақтогай, Ақши, Ақшиайрық, Арнаши, Аршалы, Аршалы жартасы, Бидайық, Бидайық қағы, Жалғызқайың, Жанай қараганы, Келте ши, Кішіқараган, Қайыңды кезең, Қалампырлы бұлақ, Қанай қараганы, Қарагаш, Қарагайлы, Қараганайрық, Қарагандыөзек, Қосагаш, Қызылағаш, Қызылишілік, Майқараган, Ортақараган, Саргалдақ, Сарымсақты, Талдыбұлақ, Талдықұдық, Теректі асуы, Терең сай, Тогай, Шиліөзек, Шиліапан, Ши бойы, Шөптікөл, Иірсайкөл, Қоғалы, Шілікті кезең, Аяққараган, Сарымсақты, Жалғызтал, Жалғызагаш, Келтеши, Қайыңды кезең, Қалампырлы, Қарагаш, Қарагайлы, Қараганайрық, Қызылишілік, Теректі асуы, Шиліөзек, Шөптіқақ.

8. Зооним. Хайуанаттар мен жануарлар дүниесіне байланысты қойылған топонимдер:

а. Абай ауданы бойынша үй хайуанаттары: *Айғыркеткен, Айғыр, Ақбайтал, Ақитөлген, Аққозы, Биесыймас, Биеҗала, Бұзау өзені, Жабағы сай, Ешкіөлген, Итжон, Көксерке, Қойсары, Қойтас, Мыңжылқы, Тай өзені, Түйекетпес адыры, Балапан, Ешкіөлмес биігі, Түйеөркеш тауы, Итжеккен, Бескүшік, Қойтас, Ешкі өлген, Тоқтықөл, Тоқтысыу, Тұлпар.*

ә. Абай ауданы бойынша жабайы аңдар: *Арқарлы, Балықты көл, Барышын биігі, Бұғықараган, Бұғылы, Бұркіт сайы, Жолбарыс сайы, Қаршығалы жайланауы, Қабылан сайы, Қоянды қараганы, Қабанатқан, Қабылан сайы, Суырлы, Сұңқарлан, Шошқалы көл, Ақторғай, Қарлығаш, т.б.*

б. Абай ауданы бойынша жәндік атауларының қатысымен қалыптасқан атаулар: *Құмырсқалы, Бақалыбұлақ, Шіркейтас, Жыланды.*

Абыралы өңірі бойынша үй хайуанаттары: *Аққойтас, Атан, Атишабар, Бәйгетөбе, Бұзау шоқы, Итаяқ, Тоқтықөл, Тоқтысыу, Тұлпар, Қарақойтас.*

Абыралы өңірі бойынша жабайы аңдар: *Арқарлы, Аққүкөл, Қиікқашқан, Сұңқар тауы, Тұлкібас, Үкіжан.*

9. Табиғат ерекшеліктегіне байланысты қойылған топонимдер: *Улкен Дегелен, Кіши Дегелен тауы, Улкен Абыралы тауы, Кең Коныс, Кеңзек жайланауы, Көлденең шоқы тауы, Кішіәулие, Кіши Қасқабұлақ, Кіши Орда, Ортабұлақ, Улкен сор көлі, Мойынсу, Басқараған, Бүйрекқараған, Аяққараған, Бақай бұлағы, Төсбұлақ, т.б.*

10. Санға байланысты атаулар. Географиялық объектілердің айрықша белгілеріне ыңғайластырылып қойылған сандық топонимдер: *Алтыапан, Алпысбай, Бескүшік, Бестамақ, Бесталан, Бестас, Бестас биігі, Бестас бұлағы, Бестас көл, Бесүйбекет, Жалғызагаш, Жалғызтал, Жалғызқайың, Жалғызқұдық, Қырық ошақ көлі, Қырық үңгір қорымы, Қырыққұдық, Мыңжылқы, Мыңкетпес биігі, Мыңбұлақ, Төртқара, Үшкеліншек, Үшқара көлі, Үшөзек, Үштөбе, Тогызарқан, т.б.*

11. Түске қатысты атаулар. Географиялық ортандың түр-түсіне, табиғат құбылысына байланысты қойылған топонимдер: *Тұсті білдіретін сын есімдер әдетте нысандардың түсін немесе түрін білдіре отырып, тау, тас, төбе, бұлақ, арық, биік, су, бет дала, жол, сор, құм, сенгір, жон және т.б географиялық нысандарды анықтау үшін де қызмет етеді. Мысалы: Ақиоқы, Қоңыраулие, Қызылқайнар, Қызылшоқы, Қарауыл, Қарашоқы, Қызылоба тауы, Сарыадыр жостасы, Ақбаз, Ақбиіктауы, Аққұдық, Қараадыр тауы және т.б.*

Атау қалыптастыруда негіз болған қоғамдық-тариҳи, географиялық, этнотанымдық жағдайларды сараптай келе, Абай, Абыралы өңірі жер-су атауларын 1) тікелей адамға қатысты атаулар, 2) өңірдің өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүйненесіне қатысты атаулар, 3) өңірдің табиғи ерекшеліктегіне, сын-сипатына, түр-түсіне, сандық белгісіне байланысты қалыптасқан атаулар деген мағыналық топтарға бөлуге болады. Тікелей адамға қатысты атаулар негізінде адамның дene мүшесіне, мысалы, *Мойынсу, Басқараған, Бүйрекқараған, Аяққараған, Бақай бұлағы, Төсбұлақ, Аяққараған, Жамбасбұлақ, Кіндікті, Тізесу, т.б.* қатысты атаулар өңір топонимиясында орын алады. Адамның дәм сезу ерекшеліктегіне байланысты *Аңызек, Аңысу,*

Аиңайрық, Тұңыбұлақ, т.б. атауларды атау өтүге болады. Адамның иіс сезуіне байланысты *Сасықбастау* топонимі орын алады. Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларында сандық жағынан барлық атаулардың жартысынан көбін құрайтыны – антропотононимдер. Сол себепті келесі тараушада оларға жеке тоқталуды жөн деп санаймыз.

Абай, Абыралы өнірінің өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүниесі жер-су атауларында өзіндік көрініс береді. Бұндай атаулар көп жағдайда аталған өсімдік немесе жан-жануардың көптігін, молдығын білдіреді. Жануарлар әлемінде жер-су атауларын жабайы аңдар, үй хайуанаттары, жәндік, құрт-құмырысқа атауларынан жасалған топонимдер деп ажырата аламыз. Келесі тараушаларда өсімдік және жануарлардың атауынан қалыптасқан атаулар зерттеу нысанасына алынады.

Жер-су атауларының құрамында кездесетін тұр-тұс, сан атаулары кейде тура, кейде ауыспалы мағынасында келіп, өнір топонимиясын қалыптастыруға өнімді қызмет атқарады. Тұр-тұс атауларымен салыстырғанда сан атауларының белгілі бір түрлері ғана қолданысқа түсे отырып, Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларындағы киелі сандық сипатты анықтап береді. Тұр-тұс, сан атаулары құрамында келген жер-су атаулары өнірдің көзге көрінетін қасиет, белгілерін сипаттаудағы, сандық ерекшеліктерін анықтауда кеңінен қызмет етеді.

Ұқсату, теңеу, балау, ретімен қойылған топонимдер де Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларының құрамын толықтыра отырып, атаудың семантикалық ішкі мағынасы *Аққозы, Мойын, Кергентас, Терісайрық, Айнабұлақ, Айыркезең, Аиңылы, Басбұлақ, Берелі, Шолақтұмсық, Тұйық, Шоқартас, Қойтас, Қожыр, Қотанашы, Обалыкезең*, т.б. сипатта келіп, өнір топонимиясының тағы бір қырын танытады.

Қорыта айтқанда, түсіне, ұғына білген адамға Шыңғыстау өнірі аспан астындағы табиғат мұражайы десе де болады. Халқымыздың үш бірдей данышпан даналары Абай, Шәкәрім, Мұхтар дүниеге келген, иісі қазақ баласы үшін киелі де қасиетті ұлылыр мекені атанған,abyздар мен аңыздар өлкесі – қарт Шыңғыстау. Тарихы тереңге тамыр тартқан Абай ауданының жер-су атауларында үлкен мән-мағына бар екені еш даусыз. Өзіміз туған, тұратын жеріміздің тарихын білу мен үшін үлкен парыз.

Жер-су атаулары – біздің тарихымыз, ұлттық жадымыз. Атаулар кез-келген елдің тарихынан сыр шертіп, болмыс-бітіміне, халықтың тұрмыстіршілігі мен шаруашылығынан, салт-дәстүрінен, тілі мен дінінен хабардар етеді. Осы жер-су аттары мағлұматтарға толы ел мен жер шежіресі, өткен заманның хабаршысы іспетті. Халқымыз басынан өткерген неше түрлі қылы замандар асыл мұрамызға өз залалын тигізгені баршамызға белгілі. Еліміз егемен болып, тәуелсіздігін алғаннан кейін мемлекетіміздің топонимикасына да тәуелсіздік берілді. Өйткені, географиялық атауларды бұрынғы қалпына келтіріп, оларды өзгертуілген жер-су, елді-мекен аттарын байырғы атаулары ұмытылған елді мекендерді қайта атау тәрізді жұмыстар бүгінгі таңда жақсы қарқынмен жүргізілуде. Оның пайдасы- бүгінгі таңда ұмытылғанымызды қайта жаңғыртып, ескерткіштер мен тау-тасымыздың атауларын бүгінгі өскелен

үрпақтың санасында мәңгі қалатындығы. Диссертациялық жұмыстың келесі тараушаларында өнір жер-су атауларын 1) тікелей адамға қатысты - антропоним және этнонимдерден қалыптасқан жер-су атаулары, 2) өнірдің өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүниесіне қатысты - зооним және фитонимдерден қалыптасқан атаулар, 3) өнірдің табиғи ерекшеліктеріне, син-сипатына, тұр-тұсіне, сандық белгісіне байланысты - сан және тұс атауларынан қалыптасқан жер-су аттары деген мағыналық топтар бойынша топтастыру, талдау жұмыстарын жүргізетін боламыз.

2.2 Антропоним және этнонимдерден қалыптасқан жер-су атаулар

Белгілі бір жерге атау беру кезеңінде сол жерді мекен еткен этнос немесе сол жерге тікелей қатысы бар кісі есімін пайдалану арқылы атау қалыптастыру топонимика саласында жіңінекшілік құбылыс. Зерттеу жұмысымызға арқау болып отырған аудан жер-су атауларының көп бөлігі, шамамен 80 пайзызы антропонимдер және этнонимдерден қалыптасқан жер-су атауларынан тұрады. Тіл ғылымының ономастика саласында антропоним мен этнотопонимдер жеке зерттеу объектісіне алғыншылар, кеңінен зерттелген мәселе болғанына қарамастан, жер-су атауларында орын алатын кісі есімдері мен ру-тайпа атауларының қолданысында өзіндік заңдылық, ішкі мазмұндық ерекшелік бар екені белгілі.

Тіл-тілдің ономастикасында өзіндік орынға ие кісі есімдері – тіл білімінде әр қырынан талданып, ғылыми негізі қалыптасқан ономастиканың маңызды бір бөлігіне айналып отыр. Қазақ тіл білімінде антропонимдер Ф. Әшімханова, Ж. Ағабекова, Б. Әбдуәлиұлы, З. Жанғабылова және т.б. зерттеушілер тарапынан жан-жақты қарастырылып, ғылыми негізdemесін қалыптастырылды. Яғни антропонимика дегеніміз кісі аттары мен тегін, лақап есімдер мен бүркеншік аттарды топтастырып, жинақтап, өз ішінде сыныптаңдыратын ономастиканың жеке дербес саласы болып табылады. Антропонимика кісі аттарының шығу тегі, заман ағымында өзгеру барысы, қалыптасу заңдылығы, ішкі құрылымы, кісі есімдерінің қалыптасуына әсер ететін әлеуметтік-қоғамдық фактілер және тағы басқа ерекшеліктерді жиынтық жүйеде қарастырып, тіл білімінде кісі есімдерінің маңызды тілдік материал екенін айқындай түседі. Ономастикадағы антропонимдер тек адамдарға жекелей есім берумен ғана шектелмей, сол есімге ие адамның өзіндік ерекше сипаттарына байланысты жер-су атауларын атауда қолданыс табуы тікелей қоғамдық-әлеуметтік сипатқа байланысты деп ойлаймыз. Сол себепті жер-су атаулары құрамында келетін кісі аттарын тілдік тұрғыдан жүйелі түрде қарастыруға болады. Тіл ғылымында антропонимдер этнолингвистикалық таным тұрғысынан М. Мусабаева тарапынан [86], қазақ тіліндегі ескі есімдер мен қазақ ономастикасындағы антропонимжасам мәселелері Б. Әбдуәлиұлы тарапынан [87], құрылымы етістік текстес кісі аттары З. Жанғабылова тарапынан [88], араб тілінен енген адам аттарының қалыптасу ерекшеліктері Ж. Ағабекова тарапынан [89], кісі есімдерінің уәжділігі мен танымдық болмысы Н. Асылбекова тарапынан [90], қазақ есімдерінің лингвомәдени сипаты Ф. Әшімханова тарапынан [91], қазақ тіліндегі қыпшақ текстес кісі аттарының тарихи-лингвистикалық ерекшеліктері М. Әлімбаев

тарапынан [92] зерттеу объектісіне алғынып, ономастика ғылымындағы антропонимика саласының ғылыми негізdemесі қалыптастырылды.

Қазақ кісі есімдерінің қызметтік ерекшеліктеріне жасалған жоғарыдағы лингвомәдениеттанымдық талдаулардың барлығы, антропонимдердің пайда болуы мен жасалу жолдарының мәдени маңызын айқындай түседі. Антропонимдерді лингвомәдени аспектіде зерттеу нысанасына алу арқылы ұлттық болмыстың тілдегі көрінісін, тіл фактілері мен халықтың танымдық, этика-эстетикалық категориялары рухани мәдениетін тану, олардың қызметі мен орнын анықтау мәселелерін айқындай түсетініміз белгілі. Бұл жөнінде А. Суперанская өз еңбегінде жалқы есімдердің зерттелу тарихына мұқият тоқталып: «Ономастикалық лексиканың өзіндік ерекшелігі лингвистикалық емес әдістермен айқындалатын аталушы нысандармен (объектілермен) тығыз байланыстығына орай олардың лингвистикалық құндылығы өздерінің әлеуметтік, тарихи, географиялық, экономикалық маңыздылығымен өлшенеді, ал тілдегі тағдыры экстралингвистикалық факторлармен анықталады» [41, с. 86] деген ой айтады.

Антропонимдердің лингвомәдени ерекшеліктері жайлы ғылыми тұжырымдар мен көзқарастар қалыптастырған тілші ғалымдардың ғылыми негізdemелері тілдегі ономастика саласының маңызы мен мәнін айқындаған, тілді қолданудағы кісі есімдері, ру-тайпа, жер-су атауларының қажеттілігін айшықтай түседі. Бұл ретте тілдің ономастика, соның ішінде топонимика саласын зерттеуде жалпы зерттеулер жүргізген А.В. Суперанская, Н.А. Никонов, В.А. Попова, В. Бартольд, В. Радлов, Н. Катанов, Э. Мурзаев және т.б. түркітанудағы ономастика, соның ішінде қазақ антропонимасын қарастырған С. Аманжолов, Ә. Қайдар, Ә. Керімбаев, Ж. Досқараев, Қ. Жұбанов, Т. Жанұзак, З. Жангабылова, Ж. Ағабекова, А. Омарбекова, Ф. Әшімханова, М. Алимбаев Б. Әбдуәлиұлы және тағы басқа зерттеушілердің еңбектері ономастика ғылымына зор үлес қосқан зерттеулер болып табылады.

Ономастика саласының атасы Т. Жанұзак есімдерді тарихи дәуірлерге бөлу принципін алға ұсынады. Автор қазақ антропонимдерінің даму тарихын 4 дәуірге бөліп қарастырады: 1) көне түркі заманын V-VIII ғасырлардағы антропонимдерді қамтиды; 2) орта ғасырларға тән кісі аттарын; 3) жаңа заманда XVII-XIX ғасыр; 4) қазан төңкерісінен кейінгі уақыттарда пайда болған антропонимдерді қамтиды [82, б. 38-67]. Ал «Қазақ антропонимжасамы: теориялық және практикалық негіздері» атты еңбегінде зерттеуші ғалым Б. Әбдуәлиұлы қазақ тіліндегі адам аттарының антропогенездерін, тарихи-лингвистикалық табиғатын, экстралингвистикалық табиғатын, сөзжасамдық қырларын жан жақты зерттеп, тіл білімінің ономастика саласын есімдердің жасалу жолдарын терең жүйлеп шықты. Зерттеу жұмысында ғалым қазақ антропонимдерінің қалыптасқан ерекше жүйелі құрылымы бар екенін айта келе, белгілі бір адам атын қалыптастырудың түрлі әдіс-тәсілдерін сипаттап береді. Жүйелі құрылымдың зерттеудің нәтижесінде тіл ғылымында «антропонимжасам» деп аталатын сөзжасамның жеке дербес саласы дүниеге келді. Зерттеуші ғалым: «...қарапайым сөздерден антропонимдердің жасалуы

бар да, антропонимдердің сөзжасамдық қабілеті бар» [93], дей келе, тіл біліміндегі антропонимдердің сөзжасамдық ерекшеліктері жайлы кеңінен ғылыми негіздеме жасайды.

Жалпы ономастика саласы қазақ тіл білімінде кенжелеп қалған ғылым деп санауға болады. Себебі тіл тілдегі басқа ғылым салаларының даму, қалыптасу кезеңі өте көне дәуірлерден басталса, ономастика саласының тілдік материалдары адамзаттың саналы кезеңінен бастап қалыптасқанына қарамастан, XX ғасырдың екінші жартысынан бастап қана зерттеу нысанасына алынғаны белгілі. Бұл ретте өуелде кісі есімі болып, кейін жер-су атауын атауға ойысқан атаулар қашанда зерттеушілердің назарын іліктерід. Өйткені кез келген ғалым өз тәжірибесі мен ой-тұжырымын ой елегінен өткізетіні белгілі. Мәселен, «Топонимдер орнына жұмсалатын антропонимдер басқа жер-су атауларындағы тұрақты болып келмейді. Кісі есімдерінен жасалған топонимдер адамдардың отырықшыл, көшпелі тұрмысынан хабар беріп, топонимикалық номинацияның негізгі жолдарына сәйкес дамып отырады. Әсіресе бұл ерекшелік адам қызметін бейнелейтін топонимдерден көрінеді. Адам мен оның қызметінен туатын топонимикалық номинация антропотопонимдерді құрайтын жеке адамдардың есімдері, лақап аты, фамилиялары сияқты категориялармен тығыз байланысты болады. Сонымен қатар, этнотопонимдерді құрайтын халық, ұлт, тайпа атаулары мен генотопонимдерге негіз болатын ру-тайпа тармақтарының атауларымен де тығыз қарым - қатынаста болады» [12, б. 72]. Жоғарыдағы тұжырымға сүйене отырып, біз ономастика, соның ішінде антропотонимика саласының әлі жан-жақты қырынан қарастыру қажеттігін аңғарамыз. Бұл ретте зерттеу нысанамызға ілігне Абай, Абыралы аудандарының жер-су атауларының 80 пайызға жуығы антропотопонимдер болғандықтан, олардың қалыптасуына негіз болған антропонимдерді өзара лингвомәдени ерекшеліктеріне орай ажыратып қарастыру маңызды мәселе деген пікірдеміз.

Жалқы есімдер адамдардың бір-бірін түсінуі және қарым-қатынас жасауы үшін өте маңызды. Антропоним (грек. *anthropos* – адам, *onuma* – есім, ат) – адамдардың өзіне меншікті есімдері, аты-жөні, бүркеншік, жасырын, лақап аттары болса, антропонимика *антропонимдерді* зерттейтін онамастиканың тармағы. Сонымен бірге антропонимика әдеби шығармалардағы антропонимдер мен ауыз әдебиетіндегі кейіпкерлердің де аттарын зерттейді. Лингвистикада антропонимдердің жиынтығы *антропонимия* деп аталады [82, б. 25].

Антропонимдер адам есімдерін атауға байланысты болғанына қарамастан, мәдениет тарихымен, адам психологиясының ерекшеліктерімен, салт-дәстүрмен және т.б. көптеген құбылыстармен байланысты аттар категориясының өте қыын спектрін береді. Антропонимдер адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық-әлеуметтік құрылышын және материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын да көрсете алады. Халықтың әдет-ғұрып, тарихи дәстүрлері мен кісі аттарының арасында тығыз байланыс бар.

Т. Жанұзақ пен Қ. Рысбергеннің пікірінше: «Антрапонимдік жүйенің қызыметі әрбір қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени өресінің дамуымен ұштасып жатады. Тіліміздегі кісі аттары қоғамның даму кезеңі, оның мәдениеті мен этнологиясы, саяси экономикалық жағдайы, қоғамдық құрылышы жөнінде мағлұмат береді» [94].

Түркі халықтары оның ішінде Орта Азия халықтарының есімдері бір-біріне өте ұқсас келеді. Бұл халықтар діни ұғымдар негізінде балаларға ат қоюда табиғатқа бас ию сияқты әдет-ғұрыпты сақтуышылық болған. Мысалы: *Құдайберген, Тәңірберген, Алдамжар, Аллаберген, Таңшолпан, Күнімай, Күнтуған, Айтұған, Аймереке, Қамарсұлу т.б.* кісі есімдері осындай жағдайдан келіп шыққан.

Бұл мәселеге қатысты кезінде Ш. Уалиханов былай деп пікір айтқан болатын: «Ырым, яғни әдет-ғұрып алдын ала бір нәрседен хабар беру тұрғысында орындалатын салт-санға тән». Мәселен, ұлды болмай, үнемі қыз көретін ата-ана өзінің соңғы туылған қызына Ұлтуған, Ұлбала, Ұлжсан, Ұлтуар, Ұлболсын, Ұлдай, Ұлданай, Ұлжалғас, Ұлмекен деген есімдерді қоюы ұлды қастерлеу, жоғары бағалаудан, қыздың артынан ұл ерсін деген үміт-тілегінен туындаған керек» [95].

Антрапонимдер жүйесі адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық-әлеуметтік құрылышын және материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын да көрсете алады. Олардың кейбір топтары қазақ ауылшының ертедегі тіршілік, іс-әрекетінен және шаруашылық күйінен мағлұмат береді. Мәселен, төрт түлік малға, шаруашылық, тұрмыстық сөздерге байланысты есімдер. Немесе қазақ халқының ұлттық әдеті бойынша жас келіндер күйеуінің жақын туыстарының, ата-енесінің аттарын атамайтын. Сөйтіп жас келін күйеуінің ағасын, інісін я қарындасын тұра атымен атай алмай, жанама ат қойып алатын. Атап айтқанда, қайынсіzlілерін – шырайлым, бикеш, бойжеткен, әке қыз, еркем, ержеткен, ерке қыз, ал ер адамдарды төрем, шырак, мырза жігіт, молда жігіт т.б. деп атайды. Тіпті күйеуінің құрдастарының аттарын атауды да ұят санап құрдас, замандаған немесе аттас деп атау дәстүр ұстаған.

Түркітанушы Э. Мурзаев: «В названиях населенных мест наиболее часто присутствуют имена, фамилии, прозвища» [69, с. 3] деп көрсеткеніндей, жер-су атауларының кісі есімімен аталуы Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларының негізгі бөлігін құрайды. Антрапонимдердің қойылуына сол жерді мекендереген немесе сол мекенге қатысты маңызды оқиға кейіпкерінің есімдері себеп болған. Жалпы өнір жер-су атауларының, соның ішінде антрапотопонимдерінің дені ер адамдардың есімдерінен жасалған. Мысалы, *Ақымбет, Алишынбай, Ералы, Есқожса, Зұлгарыши, Нұрлан, Тоқтамыс, Шыңғыстау, Ескене, Жексен, Абай ауданы, Абай бұлагы, т.б.*

Бұл занұлдылықтың өзі қоғамдық ортада ер адамдардың орны ерекше болғанын дәлелдеп, салмақты істердің ерлердің мойнында екенін көрсетіп, «ер мойнында қыл арқан шірімес» дегенді білдіретін, ер-азаматты қадірлеу, сыйлау, ардақтау психологиясының бір ұшығын танытқандай. Халық шығармашылығы

елі мен жерінің қорғаны, тірегі санаған ер-жігіт, асыл-ұлдарын қасиеттеп, қадірлеген жер-су атауларының төркінімен де байланыстырады [79, б. 19].

Қазақ тілінде кісінің тегі (фамилия) XVIII ғасырдан бастау алады. Жалпы қазақ халқына орыс фамилияларының қосымшаларын қосып, мұндай фамилия алу үрдісі қазақ жерінің орыс патшалығының елімізді отарлай бастаған сонау XIX ғасырлардан басталса, Қазан төңкерісінен кейін жаппай бүкіл халыққа телінді [94, б. 46].

Зерттеу нысанамызда адамның түр-тұлғасы, мінез-құлық, іс-әрекетіне байланысты лақап аттар да топоним жасауға өз үлесін қосады. Лақап есімдердің мән-мағынасы анық, айқын келеді, әрі олар тез өзгеретін уақытша берілетін есімдер болғандықтан, сол заманың, қоғам тіршілігінің қуәлары іспетті. Қазақ антропонимдері құрамы мен құрылышы және шығу тегі, этимологиясы жағынан алуан түрлі. Олардың құрамында ежелгі заман мен ерте орта ғасыр, ортағасырлық және жаңа замандық антропонимдердің бары – тарихи құбылышы. Бұл атаулардың бір тобы көне түркі тіліне, байырғы сөздерімізге хас болса, тағы бір тобы араб, парсы тілдерінен енгендер.

Көне түркі есімдерінен айға, күнге, хайуанаттарға, отқа, суға, т.б. табиғи құбылыштарға табыну дәстүрін асыл металл, қымбат тастар мен дәүлет-байлықты дәріптеуді, аспан тәніріне, мифологиялық құбылыштарға, бас ию салтын көреміз [96].

Жалпы Қазақстан картасында да көп таралған атаулардың бірі – адам атына қойылған географиялық атаулар. Бірқатар жер-су аттары кезінде сол жерде мекендейген адамның атымен тікелей аталып, кейін топоним ретінде қалыптасып кеткен. Мұндай атаулар өте ертеден бері топонимдік жүйеде орын алғып келеді. Көбінесе аталған атаулар сол жерді жаз жайлап, қыс қыстаған, иемденген адамдардың атына байланысты қалыптасады. Адам атының жер-су атауына ауысуы белгілі бір адамның сол жерді мекен етуімен тікелей байланысты болып табылады. Бұл топонимдер қатарында тарихта аты қалған белгілі тұлғалар есімі де, қарапайым адамдар есімі де кездеседі, сол сияқты кезінде өмір сүрген белгілі тарихи адамның түрлі атағымен аталатын топонимдер де ұшырасады. Мысалы, *Абыралы*, *Кеңгірбай би*, *Биата*, *Көкбай*, *Ақымбет*, *Алишынбай*, *Ералы*, *Есқожа*, *Зұлгарыши*, *Нұрлан*, *Тоқтамыс*, *Шыңғыстау*, *Ескене*, *Жексен*, *Әйгерім бұлагы*, *Тәкежсан бұлагы*, *Жәнібек өзені*, *Жөкең құдығы*, *Абай-Ділдә бұлагы*, *Құнанбай құдығы*, *Шолпан бұлагы*, *Өтепбайдың Көкқұдығы* және т.б. атаулар «Абай жолы» роман-эпопеясында да кезесетін тарихи есімдер негізінде қалыптасқан атаулар екенін атап өтүге болады.

Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларының құрамындағы антропонимдер жайлы сөз еткенде, ең алдымен, «Абай жолы» шығармасы ойға оралады. М. Әуезовтың әнциклопедиялық туындысы – ел тарихи, жер тарихы, өнірді мекен еткен ру-тайпалар мен танымал, беделді тұлғалардың және т.б. көптеген жалқы есімдерден мол ақпарат беретін шығарма. Бұл ретте көркем шығарманың тілін зерттеуге негіз болған Е.Жанпейісовтың «Этнокультурная лексика казахского языка» еңбегінің қазақ тіл біліміндегі этноантропонимия саласын

қалыптастыруда маңызы ерекше [97]. Сонымен қатар Э. Орынбетованың «М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясының ономастикалық кеңістігінің лингвомәдени сипаты» атты ғылыми зерттеуі Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларындағы антропотопонимдердің табиғатын айқындауда жол көрсетуші маңызды еңбектердің бірі болып табылады. Қазақ тіліндегі антропонимдердің лингвомәдени жүйесін қарастырган зерттеуші Ф. Әшімова Е. Жанпейісовтың еңбегі негізінде Абай жолында кездесеттін адам есімдерін өзара 1) Араб-парсы тілдерінен енген адам есімдері; 2) Ай, нұр, күн сөзімен тіркескен есімдер; 3) Бек, бей, бай, мырза, сұлтан, хан, батыр, ер сөздерімен тіркескен есімдер, 4) Жан, тай, сөздермен тіркескен есімдер; 5) Қымбат металл, ру атауына байланысты кісі есімдер деп топтастырады [91, б. 17]. Абай, Абыралы өнірі топонимдер жүйесінде орын алғын антропонимдерді Ф. Әшімованаң антропонимдерді топтастыру ерекшеліктеріне сүйене отырып топтастыруға болады. Біріншіден, 1) Жер-су атауларын қалыптастырудың негіз болған араб-парсы тілдерінен енген адам есімдеріне Әбді, Әбдірайым, Әбділдә, Әбек, Әзберген, Әзмаганбет, Әбілпейіс, Әділ, Мансұр, Омар қыстауы, Әшил бұлағы, Арап болыс күмбезі, Мұсақұл төбесі және т.б. атауларды жатқызуға болады. Қай тілдің болсын антропонимиялық қазына байлығын тек төл есімдер ғана емес, басқа тілден енген антропонимдер де құрайды және олардың жалпы антропонимиялық қордағы үлесі мол болады. Қазақ тіліндегі араб текті есімдер арабтардың мәдениетінің, салт-дәстүрінің және дінінің енуімен байланысты болып табылады. Зерттеуші Ж. Ағабекованаң зерттеу мәліметтеріне сәйкес араб текті қазақ есімдерінің қазақ антропонимия қорындағы жалпы саны – 2000-нан аса, оның 1000-нан астамы ерлер, 900-дейі әйелдер есімін құрайды. Олардың тақырыптық аясын Алланың көркем есімдері және пайғамбарлар аттарына байланысты есімдер құрайды [89, б. 79-80]. Олай болса, Абай, Абыралы өнірі жер-су атаулары жүйесінде орын алған антропотопонимдер Алланың көркем есімдері және пайғамбарлар аттарына байланысты есімдерден, сондай-ақ, араб тілінен енген басқа да сөздерден жасалғанын аңғаруға болады. Мәселен, *арап*, *әулие*, *зират* сөздерінен қалыптасқан Әулиебұлақ, Қоңыраулие үңгірі, Құнанқой зираты, Әулие Қалыбай асуы, Байтүгел Әулиенің күмбезі топонимдері сөзімізге негіз бола алады. Екіншіден, 2) Өңір топонимдерінің қалыптасусына Ай, нұр, күн сөзімен тіркескен есімдер негіз болады. Мәселен, *Айбас*, *Айым*, *Айтуган қажының зираты*, *Айбала*, *Айбек*, *Айтқазы*, *Айтуган*, *Нұрлан*, *Нұрбике*, *Күнишuaқ*, *Күнишuaқ асуы* және т.б. атаулар. Мұндағы бірінші негіз ай, нұр, күн сөздері болып табылады. Алайда топоним қалыптастыруда кісі атауының құрамындағы сөздер емес, кісі атының иесі және оның қоғамдағы орны негіз болса керек. Үшіншіден, 3) Бек, бей, бай, мырза, сұлтан, хан, батыр, ер сөздерімен тіркескен есімдер Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларының қалыптасусына негіз болған. Мысалы: *Бекбосын*, *Бегалы*, *Бегалин*, *Байгара*, *Байбол*, *Байрақым*, *Байарыстан*, *Байдәулет*, *Байсейіт*, *Байқошқар*, *Бейсенбай* қараганы, *Мырзакелді* және т.б. антропотопонимдер құрамында бай, бек, мырза сөздерінің қатысуымен жасалған. Аталған жер-су атауларының адам есіміне қатысты қалыптасқанына қарамастан, қалыптасу кезеңі әр алуан екенін

аңғаруға болады. Мәселен, *Байқошқар* атауы әуел баста кісі есімі болғанымен, кейін жер атауын қалыптастыруға қызмет атқарған. Яғни өңірде орын алатын *Байқошқар* зираты, *Байқошқар* өзені, *Байқошқар* жері жонғар шапқыншылығы заманында танымал болған батыр есімімен байланысты болып келеді. *Байқошқар* – жонғардың бір батырымен жекпе-жекке шығып екеуі де қаза табады. Атаудың адам есімімен байланысты берілген екендігі халық арасында тілге тиек етіледі. Бұл кісі есімінен қалыптасқан атау жайлы мәліметтер «Абай жолы» шығармасында да орын алады. Мысалы: «*Абай да бұрыңғы жылдар осы Көлқайнардан, сонау алыс, сырттағы Байқошқар өзеніне жеткене он шақты қөшіп баратын сапарды қызығы бітпес қан базардың көшкеніндегі көретін*» [98], Сондай-ақ жазушы К. Оразалин шығармаларында да *Байқошқар* атауына ие жер-су, тау аттарынан мысалдар кездестіруге болады. Мысалы: «*Айдыны шалқар кең байтақтар қасқайып, алыста Бақанас, Байқошқар биіктегі біз мұндалайды*» [99]. Төртіншіден, 4) Жан, тай, сөздермен тіркескен есімдер өңір жер-су атауларының қалыптасуына негіз болған. Мысалы: *Ақыжсан, Эміржсан, Айтжсан, Жанқара, Үкіжсан, Дүйсетай бұлагы, Пұшантай бұлагы* және т.б. Жан, тай тіркесінде келген кісі есімдері жер атымен қатар гидроним атауларын беруге қатысқан. Бұл жағдайда кісі есіміне *бұлақ* географиялық термині тіркесіп отырған. Бұндай форма басқа да гиронимдік атауларда қолданыс тапқан. Бесіншіден, 5) Ру атауына байланысты кісі есімдер Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларының жасалуына негіз болған. Мәселен, *Әтей, Байел, Байшора сайы, Бөкениші, Бурагиен, Есболаттың Қарасуы, Жөкең құдығы, Жігітек ауылы, Көпбәкен, Көтібақтың қарасуы, Керей қонысы, Койсары, Мотыштың ақшии, Мотыш ауылы, Тобықты жайлauы, Топайдың қызылы, Төртқара, Уақтың Арқалығы, Сарша бишігі, Сақтың көлі, Дағанды және т.б.* Аталған жер-су атауларының барлығы дерлік Абай, Абыралы өнірлерін өте ерте замандардан мекен еткен ірілі-ұсақты ру-тайпа атауларынан қалыптасқан. Ру-тайпа атауларынан қалыптасқан жер-су атауларының барлығы дерлік жерді меншіктеу, шекара белгілеу мақсатында қалыптассаса керек.

Жалпы Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларының құрамындағы антропотопонимдердің топонимге айналуының негізгі үш түрі бар. Соның біріншісі жеке адам аттары детерминизация үдерісін басынан кешіріп, жер-су атауының орнына жұмсала бастайды. Мысалы: *Абұйырбай, Ағали, Айбала, Айбек, Абрали, Қеңірбай би, Көкбай, Ақымбет, Алишынбай, Ералы, Есқожса, Зұлгарыши, Нұрлан, Тоқтамыс, Ескене, Жексен, Айтұған, Айдарбай, Айпара, Айтқазы, Ақметбек, Әбди, Әлпейіс, Әзберге, Сулеймен, Тазабек, т.б.* Бұл типтес атаулар көп жағдайда жерге иелік еткен адамның есімінен байланысты болады. Көшпелі тұрмыс салтын ұстанған сахара қазағы жазын жайлauа, күзде күзеуде, қыста қыстауға көшіп қону барсында әрбір жайлauа, қыстау, күзеу жерлерді сол жерді жайлаган адамның атымен атап отырған. Ондағы мақсат шекара белгілеу, біреуі иелік ететін жерге екінші бірі баса көктең кірмеу үшін, бәлембайдың күзеуі, түглембайдың жайлauа деген қолданыс сақталған. Адам атымен аталған жерлер уақыт өте келе бекіп, сол жерге топонимдік атау болып қояды.

Яғни көріп отырғанымыздай, жеке кісі атынан қалыптасатын атаулар көп жағдайда жер иелік етумен тығыз байланысты болады.

Адам есімімен берілетін атаулардың екінші түріне белгілі бір географиялық терминмен немесе есім сөзben тіркесте келетін күрделі атауларды жатқызуға болады. Мысалы: *Кеңгірбай би*, *Әнеттің ақшиi*, *Бабахан қырманы*, *Бажек адыры*, *Байшора сайы*, *Бақай бұлағы*, *Балтаның тасқұдығы*, *Барлыбай өзені*, *Бейсенбай қараганы*, *Бөкенші өзені*, *Ералы жазығы*, *Ербол қараганы*, *Есболаттың қарасуы*, *Жәнібек өзені*, *Жексенай жырасы*, *Керей қонысы*, *Қанай қараганы*, *Мамай батыр мазары*, *Оспан көл*, *Пұшарбай*, *Өтегұл бұлағы*, *Рамазан*, *Сәдіхан бастауы*, *Сая қорасы*, *Сергазының қара жалы*, *Тәкежан Қасқабұлағы*, *Үркімбай бейіті*, *Шолпан бұлағы*, *Наманай бейіті*, *Нұртаза*, *Олжайдың аққұдығы*, *Оразбек қорасы*, *Ысқақ Қасқабұлағы*, т.б. Аталған мысалдардан көріп отырғанымыздай, адам есімдері ақши, сай, адыр, қырман, бұлак, тасқұдық, өзен, қараған, жазық, қарасу, жыра, қоныс, мазар, бастау, қора, бейіт, аққұдық, қасқабұлақ тәрізді сөздердің тіркесінде келген, күрделі антропотопонимдер болып табылады. Бұл типтес атаулардың күрделі құрамын анықталушы, анықтауыштық қатынаста келген сөз тіркестерінен қалыптасқандығын аңғарамыз. Яғни о баста белгілі бір жердің ерекшелігі ретінде адам есімін қолдану тәсілі десек те болады. Мәселен, бұл жай қараған өскен жер емес, Бейсенбайға тиесілі жерде өскен қараған, не болмаса, бұл жай жыра емес Жексенай жырасы. Яғни бұл жыра Жексенайдың жерінде орналасқан, не болмаса, жырада Жексанайға қатысты белгілі бір оқиға орын алса керек.

Адам есімімен берілетін атаулардың үшінші түріне міндettі түрде негізінде белгілі бір оқиға жатқан атауларды жатқызамыз. Мысалы: *Қодарқұлаған құз*, *Өтепбайдың Көкқұдығы*, *Мамай батыр мазары және т.б.* Бұл атаулардың мағынасынан міндettі түрде өңірде орын алған оқиғаның белгісін көреміз. Атап айтқанда, Қодарды құлатып өлтірген құз, уақыт өте келе дәл осылай аталып кеткен. Не болмаса, Өтепбай деген адамның қазып, орнатып, сыртына орнатқан ағашын көкпен бояп қоюына байланысты Өтепбайдың Көкқұдығы аталып кеткен.

Абай, Абыралы өңірі жер-су атауларының құрамында антропотопонимдердің көптеп кездесуі өңірдің тарихымен, өңірдің мекен еткен халықтың басынан кешірген көш тарихымен тығыз байланысты деуте болады. Себебі, өңір тарихына көз жүгіртсек, моңғол шапқыншылығының іздері, жонғар шапқыншылығының іздері айқын байқалады. Аталған зұлматтан халықты аман алып қалып мақсатында жерді-елді тастан көшуге мәжбүр болған қазақ халқы бір ғасырға жуық уақыттан соң туған жерге оралғанда туған топырақтан тағы айырылып қалмау мақсатында елге танымал тұлғалар, халық алдында беделді азаматтар мен өңірді мекен еткен ру-тайпа атауларын жер атауларына берсе керек. Бұдан жалпы Абай, Абыралы өңірі жер-су атауларының антропотопоним және этнотопонимдерден тұратынын аңғарамыз. Мәселен, қарапайым адам аттарынан қалыптасқан *Arap*, *Әбdi*, *Әбdiрайым*, *Әбdiлдә*, *Әбек*, *Әзберген*, *Әзмаганбет*, *Әбілпейіс*, *Әділ*, *Әмзе*, *Әлім*, *Әміргали*,

Әміржсан, Әтей, Бақай, Бекбосын, Берікбай, Әзімбай, Әтей, Байғара, Байбол, Байрақым, Барлыбай, Бозамбай және т.б. көптеген атаулар кез келген кісі есімін білдіреді. Ал өңірді мекен еткен ірілі-ұсақты ру-тайпа атауларынан қалыптасқан Әтей (*Тоқтамыс а.о.*), Байел (*Көкбай а.о.*), Байшора сайы (*Архат а.о.*), Бөкенші (*Кеңгірбай би а.о.*), Буратиген (*Көкбай а.о.*), Есболаттың Қарасуы (*Қасқабұлақ а.о.*), Жөкең құдығы (*Кеңгірбай би а.о.*), Жігітек ауылы, Қөпбәкең (*Қасқабұлақ а.о.*), Қотібақтың қарасуы (*Қасқабұлақ а.о.*), Керей қонысы, Қойсары, Мотыштың ақшиі (*Саржал а.о.*), Мотыш ауылы, Тобықты жайлайуы, Топайдың қызылы (*Кеңгірбай би а.о.*), Төртқара (*Архат а.о.*), Үақтың Арқалығы (*Қасқабұлақ а.о.*), Сарша бүігі (*Қасқабұлақ а.о.*), Сақтың көлі (*Қасқабұлақ а.о.*), Дағанды және т.б. осы тәріздес атаулар мақсатты түрде қойылған атаулар деп білеміз. Оның астарында жерді меншіктеу, мөр басу тәрізді үрдіс бар деп ұғынуға болады. Жер-су атауларында кездесетін әрбір этноним сол өңірдің өткен тарихынан мәлімет беріп отыратын қайнар бұлақ болып табылады. Мәселен, осы көрген атаулардан біз, Абай, Абыралы өңірін ежелден бері Жігітек, Тобықты, Мотыш, Топай және т.б. көптеген танымал, танымал емес ру-тайпа өкілдерінің мекендеген ата-жұрты екендігіне көзімізді жеткіземіз.

Сондай-ақ, өңір антропотопонимдерін сыртқы формасына қарап оны құрамына қарай да ажырату мүмкіндігі бар екенін аңғаруға болады. Өзінің күрделі құрамына қарай Абай, Абыралы өңірі антропотопонимдерін төмендегідей топтастырыдық:

Абай ауданы бойынша бір компонентті атаулар – *Абүйіrbай*, *Абырбай*, *Ағали*, *Айбала*, *Айбек*, *Айдарбай*, *Айтқазы*, *Айтұған*, *Ақтамбек*, *Ақыжсан*, *Асылбек*, *Алпысбай*, *Арап*, *Әбdi*, *Әбдірайым*, *Әбділдә*, *Әбек*, *Әзберген*, *Әзмаганбет*, *Әбліппейіс*, *Әділ*, *Әмзе*, *Әлім*, *Әмірғали*, *Әміржсан*, *Әтей*, *Бақай*, *Бекбосын*, *Берікбай*, *Әзімбай*, *Әтей*, *Байғара*, *Байбол*, *Байрақым*, *Барлыбай*, *Бозамбай*, *Есенбай*, *Жасар*, *Жидебай*, *Зұлпатаң*, *Қажік*, *Қанай*, *Пұшарбай*, *Садықан*, *Үйсінбай*, *Кеңгірбай*, *Ақымбет*, *Алишинбай*, *Есқожса*, *Есенбай*, *Зұлгарыш*, *Нұрлан*, *Тоқтамыс*, *Ескене*, *Жексен*, *Желдібай*, *Құстаубай*, *Сүлеймен* [100].

Абыралы өңірі бойынша бір компонентті атаулар – *Абыралы*, *Абдолла*, *Айбас*, *Айтжсан*, *Айым*, *Ақбас*, *Ақшабай*, *Бегалы*, *Келдібай*, *Көшекбай*, *Қасымбек*, *Меңдеке*, *Өтебай*, *Отарбай*, *Сақбай*, *Теңізбай*, *Шорабай*, *Шоқыбай*, *Ынтықбек*, *Есенгара*, *Кешубай*, *Құрманәлі*, *Қасымбек*, *Сүлеймен*, *Байарыстан*, *Байдәulet*, *Байсейіт*, *Байқошқар*, *Бегалы*, *Бегалин*, *Бейсенжал*, *Берікқара*, *Дәулен*, *Дәулетбай*, *Егібай*, *Жанқара*, *Қожақай*, *Құрманәлі*, *Мансұр*, *Майлықара*, *Мырзакелді*, *Мұздыбай*, *Нұрбике*, *Жолан*, *Келдібай*, *Калинин*, *Төкенсу*, *Тұлкібай*, *Үкіжсан*, *Хамза*, *Шабас*, *Шәден*, *Шәніке*, *Шәуке*.

Абай ауданы бойынша екі компонентті атаулар – *Абай ауданы*, *Абай бұлагы*, *Абай Қасқабұлагы*, *Ағыбай қорасы*, *Ақметбек қорасы*, *Ақылбай зираты*, *Ақмағамбеттің ақшоқысы*, *Ақтанбек күзегі*, *Ақылбай қыстауы*, *Ақылбайдың тасбастауы*, *Әйгерім бұлагы*, *Әйгерім қараганы*, *Әлібек бұлагы*, *Әйнекбай қойтасы*, *Әлім сайы*, *Әнеттің ақшиі*, *Әшім бұлагы*, *Әтей бүігі*,

Бабахан қырманы, Бажек адыры, Базаралы кесенесі, Байқошқар өзені, Бақай бұлагы, Балтанаң тасқұдығы, Балағазы жартасы, Бейсенбай қараганы, Жұніс бұлагы, Жексенай жырасы, Зұлгарыш қыстауы, Икенің қорасы, Кеңгірбай мазары, Көкбай ауылы, Қанай қараганы, Қарашибаның қойтасы, Пұшарбай бұлагы, Ералы жазығы, Ербол қараганы, Ерке қараганы, Жауынбай бұлагы, Жәнібек өзені, Жанай қараганы, Жөкең құдығы, Көкбай мазары, Көкбай ауылы, Көкбай бұлағы, Қақабай аққұдығы, Қарибала төбесі, Құнанбай қорығы, Құнанбай құдығы, Құнанқой зираты, Мұсақұл төбесі, Шәкәрімнің қайындысы, Шолпан тауы, Ысқақ Қасқабұлагы, Тоқтамыс ауылы, Құлмен сайы, Қыдыши құдығы, Оспан көл, Есенбай жырасы, Есіргеміс бұлагы, Өтепбайдың Көкқұдығы [100, б. 11].

Абыралы өнірі бойынша екі компонентті атаулар - Жарқымбай қазы, Жұман ши, Көшбай тауы, Қалыбай асуы, Қалыбай қуысы, Омар қыстауы, Сенкібай қажы, Томар қыстауы, Жапалақ батыр, Жәнтекей мәрәмік, Жұман ши, Сенкібай қажы, Томар қыстауы, Шыныбай қажы, Ынтықбек, т.б.

Абай ауданы бойына үш компонентті атаулар – Абай- Шәкәрім кесенесі, Абай – Ділдә қыстауы, Ағыбайдың ақ біті, Абыралы Қажының біті, Айпара Ана мазары, Айтұган қажының зираты, Ақтандерді жырау мазары, Алаш Қозыбагаровтың зираты, Арап болыс күмбезі, Ақметбек қыстау орны, Аяған – Үбіғали қыстауы, Әлмаганбеттің қара бұлагы, Энет баба ескерткіші, Әнеттің қызыл шоқысы, Әулие Қалыбай асуы, Байтүгел Әулиенің күмбезі, Бақай батырдың бұлагы, Бекей – Шекей қорасы, Берікбай Бақсы шілігі, Берікболдың қызыл шілігі, Бозамбайдың тасты құдығы, Бурахан Қажының бейіті, Еңлік – Кебек мазары, Ермек Ана зираты, Ешен Әулие кесенесі, Жаңбырбайдың ақ топырағы, Жұмабек дәрігер басы, Жұмамбай Қажының бейіті, Ике биігіндегі петроглифтер, Кеңгірбай Би ауылы, Кеңгірбай Би мазары, Қүйісбайдың шұбар құдығы, Қалидың қара биігі, Қанақ батырдың біті, Қуандық батыр кесенесі, Еренайдың ақ биігі, Жақияның тас құдығы, Қондыбайдың қара биігі, Мамай батыр мазары, Оразбайдың қара суы, Шәкәрім саят қорасы, Ықия батырдың зираты, Бозамбай тасқұдығы, т.б. [100, б. 11].

Абай ауданы бойынша ру, тайпа аттарына байланысты үш компонентті атаулар - Көтібақтың қара суы, т.б.

Абыралы өнірі бойынша үш компонентті атаулар - Әулие қалыбай асуы, Шыныбай қажы бейіті, т.б.

Абыралы өнірі бойыншакөп компонентті атаулар – Жанан батырдың көз жасы, З. Белібаев атындағы «Жеңіс алаңы» және т.б.

Сонымен қорыта келе, топонимикалық зерттеулер зерттеу нысанасына алынып отырган өнір тарихы мен мәдениетінің рухани қалыптасуын, жаңаша ұғынуға мүмкіндік береді. Абай, Абыралы аудандарының жер-су аттарын зерттеу кіші Отанымыздың жеке имиджін нығайтуға, тұған өнірге деген шексіз сүйіспеншілікті насиҳаттауға ықпал етері анық. Өнірлік топожүйенің ономастикалық базасында қазақ этносиға қатысты өте бай ғылыми ақпарат жинақталғанын аталған зерттеулер анық көрсетіп отыр. Кісі есімдерінен

қалыптасқан атаулар қарапайым халықтың күнделікті тұрмысының, тарихи әлеуметтік, лингво-мәдени аспектілерінің бейнесін айқындай түседі.

Абай, Абыралы өнірінің мәдени және тарихи тұрмысын бейнелейтін жер-су атауларының дені кісі есімдерінен қалыптасуы зерттеушілердің үлкен қызығушылығын тудыруы әбден мүмкін. Бұл бөлімнің зерттеу нәтижелері Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларының басым бөлігін адам есіміне байланысты атаулар құрайтындығын көрсетті. Оның себебін аталған өнірде орын алған саяси, қоғамдық жағдайлардың салдарынан жерден айырылып қалу қаупі туындағандықтан, жергілікті халықтың жерлерін меншіктеу мақсатында жер-су атауларына адам есімін беру арқылы мәселелені шешіп отырғанын көреміз.

Тарихи жағдайлар, бір кездерде осы жерлерде болған оқиғалар, олармен байланысты қуәгерлердің әңгімелері, елді мекендердегі белгілер өнірдің қайталанбас келбеті мен ұлттық ерекшелігі жер-су атауларында кісі есімдері мен ру-тайпа атаулары арқылы қалыптасқан топонимдерде бейнеленіп, үлкен тарихты ономастикалық қеңістікке сақтап берді. Олай бола, топонимиқаның тілдік материалы ең алдымен тарих, мәдениет, әдебиет, қоғам белгілерін жадында сақтайтын құрал екенін естен шығармаған жөн.

2.3 Зооним және фитонимдерден қалыптасқан топонимдік атаулар

Қазақ тілінің топонимдер жүйесінде кездесетін аңдар мен жануарлардың, оларға байланысты атаулардың халықтың тұрмыс-тіршілігінде, мәдени және экономикалық өмірінде зор қызмет атқарғандығы кім-кімге де белгілі. Сонымен қатар, жан-жануарлар атаулары топонимдер құрамында да келіп, аудан топонимиясының құрамын байыта түскен. Жан-жануарлар атауының қатысымен қалыптасқан жер-су атауларын топонимикада зоотопонимдер деп атайды

Абай, Абыралы өнірі топонимдерінің қатарында аң, құс, жан-жануар, үй хайуанаттары, жәндіктердің атаулары арқылы жасалған жер-су атауларының белгілі бір мөлшері бар. Өнірдің таулы-далалы аймақтарында арқар, қасқыр, түлкі, борсық, суыр және т.б. кездеседі. Ал тау –тасында, тобылғылы, қарағанды бұталы жерлерінде және өзені мен бұлақтарында әртүрлі құстар мекен етеді. Өсімдіктер мен жануарлар әлемінің көптүрлілігі Шыңғыстау сияқты тарихи өлкеге өзіндік сипат, көрініс береді [101]. Ғалымдардың зерттеулері нәтижесінде 400-ге жуық өсімдік түрлерінің, 300-ден астам омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың бар екендігі анықталған.

Зоонимдерден қалыптасқан жер-су атауларын зерделегенде, ең алдымен қазақ халқының ғасырлар бойы өмір салты, тұрмыс-тіршілігіне назар аударған жөн. Абай, Абыралы өнірі зоотопонимдеріне мысал келтіретін болсақ: *Тыиқан жазығы, Қойтас, Аққозы, Байқошқар, Ботақан ошағы, Бұғылы, Құлынишақ, Қозықөш, Қоянды қараганы, Түйекетпес, Атан, Ешкіөлместің қарасуы, Құлан бұлагы, Қойсары, Итжон, Байтөбет, Жыланды, Шошқалы көл, Қарышыгалы, Түйеөркеш, т.б.*

Зоотопонимдер тек жер – су атаулары қызметін ғана атқарып қоймайды, сондай-ақ, ол атаулардың қалыптасу кезеңін, сол аймақ фаунасының ерекшелігін де сипаттай алады. Мысалы, Көкбай ауылдық округі аумағында *Жабагысай* деген жер атауы бар. Деректерге сүйенсек, Қазіргі Көкбай ауылынан Шыңғыс іші, Тақыр өзені бойында 5 шақырымдай қашықтықта Көкбай аталатын ескі қора орны бар. *Жәдікбай* бай жайлауға шығып бара жатып, қойының жабағы жүнін қырықтырып сайға үйіп кетеді еken. Содан сай «*Жабагы сай*» аталып кеткен. Қасқабұлақ ауылдық округі аумағындағы *Бөрілі* тауында қасқырдың көп болуына, осы тауда көптеп күшіктеуіне байланысты Бөрілі деп қойылған. Сондай-ақ, Абай ауданы мен Аягөз аудандарының шекарысында орналасқан *Жыланды* атауы, тауда жыландардың көптігін білдіреді. Тоқтамыс ауылдық округі аумағындағы *Сұңқарлан* тауы, сұңқар құсының көп кездесуіне байланысты қойылған. Қазақстанда кең тараған, сұңқар тәрізділер отрядына жататын жыртқыш құс болып келеді. Архат ауылдық округінде кездесетін *Бүркітсай* атауы бүркіт құсының көп кездесуіне байланысты қойылған.

Абай, Абыралы өңірі жер-су атаулары жүйесіндегі зоотопонимдерді саралай келе, мынадай мағыналық топтарға ажыратуға болады: 1) жабайы аң аттарынан қалыптасқан атаулар; 2) үй хайуанаттарының атауларынан қалыптасқан атаулар; 3) құрт-құмырсқа жәндік атауларының қатысуымен қалыптасқан атаулар; 4) құс атауларынан қалыптасқан топонимдер.

Қазақ халқы – ежелден бері көшпелі өмір салтын ұстанып, жабайы аңды қолға үйретіп, алдына салған халықтардың бірі. Яғни олардың барлық өмірі жан-жануармен, малмен байланысты болып табылады. Сол себепті қазақ жер-су атауларында орын алатын жабайы аң атаулары жергілікті халықтың өз өнірінде мекен ететін андарды танып, олардың орналасу ареалынан хабардар екенін көрсетеді. Жергілікті жер-су атаулары өнірдің зоонимдік ареалынан да ақпарат беретінін аңғарып отырмыз. Жалпы қазақ топонимиясы өнір жануарлар әлемін ерекше атап, оған баса назар аударған. Белгілі бір географиялық аймақта кездесетін жабайы жануарлармен қатар, үй жануарлары, мал түрлері, оларды бағу ерекшеліктері де номинация процесінен өз орнын алады. Қазақ топонимдерінің қалыптасуына белгілі бір себептермен құстар, құрт-құмырсқа, шыбын-шіркейлер де қатысқан. Жабайы жануарлардың аттары табигат ерекшеліктерін сипаттаумен тығыз байланысты. Осылайша, аңшылық нысанасына айналған жануарлар аттарын, көбінесе өнір оронимдері құрамынан кездестіруге болады. Олай болса, бұл жерден тіл білімінің топонимика саласының зоологияғының ғылымымен байланыстылығын көрсетеді. Жинақталған тілдік материалдарды негізге ала отырып, *арқар*, *бұғы*, *қасқыр*, *бөрі*, *тышқан*. қоян және т.б. андардың өнірде мекендейтіндігінен ақпарат береді. Абай, Абыралы өнірінің зоотопонимиясының сипаттамасын 2-кестеден көруге болады:

Кесте 2 – зоотопонимдерге байланысты қалыптасқан жер-су атаулары

Аң атауы	Анықтамасы	Топонимдік мысал
<i>Арқар</i>	Құлжасының (қошқарының) мүйізі ірі, түбі жалпық, ұшына қарай сүйірлене, бұрала келген ұрғашысының мүйізі кішілеу Орта, Орталық Азияның таулы аймақтарында мекендейтін қой текес жабайы аң	<i>Арқарлы, Арқарбай</i>
<i>Аю</i>	Денесі ірі, ұстін қалың жұн басқан, қысқа аяқты, бәрін жейтін сұтқоректі ірі жыртқыш аң	<i>Аюбай – аю сөзі алдымен адам есімінің қалыптасуына негіз болады. Кейін Аюбай атауы детерминизация процесінен өтіп, топоним атауын қалыптастырады.</i>
<i>Бұғы</i>	Таулы, орманды жерді мекендейтін ашатұяқты, бұтақтанған ұлken мүйізді ірі жануар	<i>Бұғықараған, Бұғылы, Бұғыбай биігі</i>
<i>Бөрі</i>	Қасқыр, серекқұлақ	<i>Бөрілі</i>
<i>Жолбарыс</i>	Мысық тұқымдастарына жататын, жолақ терілі ірі жыртқыш аң	<i>Жолбарыс сайы</i>
<i>Қабан</i>	Сұтқоректілер класының жүптұяқтылар отрядына жататын жабайы шошқаның еркегі	<i>Қабанатқан</i>
<i>Қабылан</i>	Мысық тұқымдас түсі теңге шұбар, сұртқоректі жыртқыш аң	<i>Қабылан сайы</i>
<i>Қоян</i>	Құйрығы қысқа, артқы аяқтары ұзындау келген, ұзын құлақ кішілеу аң	<i>Қоянды қарaganы, Қоянды, т.б.</i>
<i>Киік</i>	Ешкіге ұқсас, жабайы аша тұяқты тұз жануары	<i>Киікқашқан</i>
<i>Тышқан</i>	Далалы жерді мекендейтін сүйіртұмысқыты сұртқоректі жәндік	<i>Тышқан бұлагы, Тышқан биігі, Тышқанның қарасуы, Тышқанбай қонысы</i>
<i>Тұлқі</i>	Үлпек құйрығы ұзын, терісі бағалы жыртқыш аң	<i>Тұлкібас</i>
<i>Суыр</i>	Қыста ұйықтап қалатын, кішірек кеміргіш аң	<i>Суырлы</i>
<i>Шошқа</i>	Жұмыр, жуан, сирағы қысқа, айыр тұяқты, сұтқоректі өсімтал хайуан, доңыз	<i>Шошқалы</i>

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [102-114]

2-кестеде берілген жабайы аң атауларынан қалыптасқан зоотопонимдердің мынадай еркшеліктері бар: 1) өнірді мекендейтін жабайы аңдардың халық көзіне түскен, ерекше түрлері немесе олардың көптең кездесуі атау қалыптастыруға негіз болады; 2) кейбір жабайы аң атаулары адам есімі құрамында келіп, жер атауына ойысқан; 3) жабайы аң атаулары арқылы қалыптасқан атаулар көп жағдайда ороним атауларын береді; 4) жабайы аң атауларына қосымша жалғанып, синтетикалық тәсіл арқылы жабайы аң

атауы географиялық терминмен тіркесте келу арқылы топоним қалыптастырады.

Үй хайуанаттарының атауларынан жасалған атаулар Абай, Абыралы өнірінде көптеп кездеседі. Малмен күн көрген қазақ халқы үшін үй хайуанаттары – мінсе көлік, сойса ас, ішсе сусын, терісі мен жұні киім, тіпті үйінің құрамдас бөлшектері де малдың жұні мен терісінен жасалған.

Бұкіл болмысы малмен астасып жатқан халқымыздың рухани-мәдени өмірінде де үй хайуанаттарының алатын орны ерекше болды. «Жер бетіндегі ең малсақ халық – біздің қазақ халқы. Мінсе – көлігі, ішсе – сусыны, жесе тамағы, кисе – киімі, тұтынса – бүйімы осы малдан табылған ата-бабаларымыз ғасырлар бойы мал бағып, өсіріп өмір сүрді. Тұрмыс-тіршілігін де, мәдениетін де осы төрт-түлікке сәйкес жасады. Содан соң түйе – салтанат, жылқы – мақтан, сиыр – қанағат, қой – қазына деген қанатты сөзді де тауып айтқан. Бұл сол түліктерге берілген шын мәнінде әділ баға», - дейді С. Кенжеахметұлы [115]. Сол себепті де төрт түліктің бабаларына құрмет, оларды пір тұту, өлең-жырға, аңыз-әңгімеге қосу да кеңінен орын алған. Ал тіл білімінде болса, аталған үй хайуанаттары немесе төрт түлік атаулары өнір халқының тұрмыс-тіршілігін айқындайтын жер-су атауларын қалыптастыруға үлкен үлес қосып келеді. Өнір жер-су атауларының құрамынан төрт түлік мал атауларымен қоса, олардың төлдерінің жас ерекшеліктеріне байланысты атауларын да көре аламыз. Үй хайуанаттарына байланысты қалыптасқан атаулардың сипаттамасын 3-кестеден көре аламыз:

Кесте 3 – Үй хайуанаттарына байланысты қалыптасқан жер-су атаулары

Үй хайуанатының атауы	Анықтамасы	Топонимдік мысал
1	2	3
<i>Айғыр</i>	Үйірді басқаратын ерек жылқы	<i>Айғыркеткен, Айғыр</i>
<i>Ат</i>	Салт мінілетін, арба-шанаға жегілетін және әртүрлі шаруашылық жұмыстарға пайдаланылатын ерек жылқы	<i>Атиабар</i>
<i>Аман</i>	Шаруашылық жұмыстарға пайдаланылатын ерек түйе	<i>Аман</i>
<i>Байтал</i>	Екі мен төрт жас аралығындағы құлындаған үрғашы жылқы	<i>Ақбайтал</i>
<i>Бие</i>	Құлындаитын жылқының бес жасқа толған аналығы	<i>Биесыймас, Биежала</i>
<i>Бұзау</i>	Сиыр, бұғы т.б. мүйізді малдың алты айға толмаған жас төлі	<i>Бұзау, Бұзау шоқы</i>
<i>Жабагы</i>	Алты ай мен бір жас аралығындағы ересек құлын	<i>Жабагы сай</i>
<i>Жылқы</i>	Төрт түлік малдың көлік үшін пайдаланылатын тақ тұяқты түрі, ак мал	<i>Мыңжылқы</i>
<i>Ешкі</i>	Улкендігі қойдай, мүйізді ұсақ мал және оның үрғашысы	<i>Ешкіөлген, Ешкіөлмес биігі</i>

3-кестенің жалғасы

1	2	3
<i>Кой</i>	Күйіс қайыратын аша тұяқты төрт түлік мал	<i>Койсары, Койтас, Аққойтас, Қарақойтас</i>
<i>Қозы</i>	Жасы алты айға толмаған қойдың төлі	<i>Аққозы</i>
<i>Ит</i>	Сүтқоректілер тобы, ит туысына жататын, қасқырға жақын асыранды үй хайуаны	<i>Ақитөлген, Итжон, Итаяқ, Итжеккен</i>
<i>Серке</i>	Бес-алты жастағы тартылған теке	<i>Көксерке</i>
<i>Тай</i>	Бір жастан асқан, екі жасқа әлі толмаған жылқы төлі	<i>Тай өзені</i>
<i>Тоқты</i>	Қойдың алты айдан асқан төлі	<i>Тоқтықөл, Тоқтысу</i>
<i>Түйе</i>	Бір немесе екі өркешті, күйіс қайтаратын ірі мал, үй жануары	<i>Түйекетпес Түйеөркеш</i>
<i>Тұлпар</i>	Ұзақ сапар, ауыр шайқастарда батырлар мінген асқан жүйрік, әрі белді ат; дүлдүл; асыл тұқымды жүйрік ат	<i>Тұлпар</i>
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [102, б. 140; 103, б. 67, б. 94, б. 605, 105, б. 339, б. 639; 106, б. 485, б. 487; 107, б. 686; 108, б. 357; 110, б. 657, б. 662; 112, б. 110, б. 226, б. 418, б. 468, б. 617]		

Құрт-құмымырсқа, жәндік атауларының қатысуымен қалыптасқан жер-су атауларының жүйесі 4-кестеде сипатталды.

Кесте 4 – Құрт-құмымырсқа, жәндік атауларынан қалыптасқан жер-су атаулары

Үй хайуанатының атауы	Анықтамасы	Топонимдік мысал
<i>Бақа</i>	Дене тұрқы қысқа әрі жалпақ, терісі жылтыр, құйрықсыз, қосмекенділер тұқымдасының бірі	<i>Бақалыбұлақ</i>
<i>Балық</i>	Суда өмір сүріп, желбезекпен дем алатын омыртқалылар тобындағы су жануары	<i>Балықты қөл</i>
<i>Жылан</i>	Бауырымен жорғалаушылар тобына, қабыршақтылар отрядына жататын омыртқалы жәндік	<i>Жыланды</i>
<i>Құмымырсқа</i>	1. Топтанып тіршілік ететін бунак денелі жәндік. 2. Жер шарына кең тараған денесі бас, көкірек және құрсақтан тұратын, басы үлкен, жақтары жетілген жарғаққанаттылар отрядының бір тұқымдасы	<i>Құмымырсқалы</i>
<i>Шіркей</i>	Қосқанатты қансорғыш жәндіктердің тұқымдасы	<i>Шіркейтас</i>
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [103, б. 621, б. 697; 107, б. 670; 111, б. 340; 114, б. 619]		

Құс атауларынан қалыптасқан топонимдер өнір топонимикалық жүйесінде кең тарамаған. Дегенмен де, қазақ топонимжасам принциптері мен дәстүріне сәйкес құс атауынан қалыптасқан атаулар кездесетіндігін 5-кестеден көруге болады. Яғни өнірді мекендейтін кейбір құс атаулары жер-су атауларының қалыптасуына негіз болған.

Кесте 5 – Құс атауларынан қалыптасқан жер-су атаулары

Үй хайуанатының атауы	Анықтамасы	Топонимдік мысал
<i>Aққү</i>	1. Ұзын мойынды, ақ қауырсынды, өте сымбатты құс. 2. Үйрек тұқымдастына жататын, көбінесе қауырсыны шымқай ақ түсті болатын үйрек	<i>Aққүкөл, Aққұлы</i>
<i>Барышын</i>	Он бір жастағы бүркіт құсы	<i>Барышын биігі</i>
<i>Бүркіт</i>	Таулы, далалы жерде мекендейтін тегеурінді, имек тұмсық жыртқыш құс	<i>Бүркіт сайы</i>
<i>Қарлығаш</i>	Айыр құйрықты, қанаттары ұзын әрі үшкір келетін, кішкене қара ала құс	<i>Қарлығаш</i>
<i>Қарышыға</i>	Имек тұмсығы мен тұяқтары қара, саусақтары салалы, денесі шағын келген жыртқыш құс	<i>Қарышығалы жайлайуы</i>
<i>Сұңқар</i>	Жемін көбіне ұшып жүріп теуіп аулайтын, денесі шағындау, қыран құстардың жалпы атауы	<i>Сұңқарлан, Сұңқар тауы</i>
<i>Торғай</i>	Мамық жунді, сүйір тұмсықты кішкене құс	<i>Aқторғай</i>
<i>Үкі</i>	Жапалақтар отрядына жататын, түнде ұшатын ірі жыртқыш құс	<i>Үкіжсан</i>
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [102, б. 252; 103, б. 741; 105, б. 63; 110, б. 377, б. 394; 112 б. 372; 113, б. 293; 114, б. 46]		

Қазақ топонимдері атауыштық қызметінің негізгі ерекшеліктері – географиялық нысаналардың сан алуан қасиеттер мен белгілері дәл және нақты беріледі. Қазақ тіліндегі жалқы географиялық атаулар семантикасында қоршаған ортаның көрінісін, сонымен бірге тікелей немесе жанама байланысын байқауға болады.

Шыңғыстау территориясының физико –географиялық табиғи жағдайын көрсететін ең негізгі индикатор, оның өсімдіктері. Әртүрлі биотоптардағы өсімдіктер бірлестіктері немесе фитоценоздар өзінің құрылымды – динамикалық ерекшеліктерімен сипатталады [101, б. 15].

Өсімдіктер дүниесінің, бұтақтар мен ағаштардың болуы (немесе тіпті болмауы) – табиғаттың, географиялық нысаналардың басты ерекшелігі.

Қазақстан топонимдерінің құрамында ағаш және өсімдік атаулары жиі кездесіп отырады: *қога, боз, қараган, құрай, қияқ, өлең, қамыс, тікен, жантак, сексеул, арпа, бидай, шие, алма, ариша, қарагай, терек, долана, бидайық, тал, тобылғы, емен, өрік, жидек, жусан, агаши, ермен, изен, қалба, сарымсақ, пияз, пістеме, жуза, қайың*.

Ағаш атауларының басым көпшілігі ағаш түрінің белгілі бір түрін білдіреді. Белгілі бір аймақ топонимдеріндегі кейбір орман атаулары қандай да бір ағаш түрлерінің бір кездердегі таралу ареалын көрсетеді.

Зерттеу жұмысында өсімдік атауларына байланысты жер-су атауларының қалыптасу және қолданылу ерекшелігін б-кестеден айқын аңғаруға болады.

Кесте 6 – Өсімдік атауларынан қалыптасқан жер-су атаулары

Өсімдік атауы	Анықтамасы	Мысалы
<i>Ағаш</i>	Бұтақты, жапырақты, қатты түбірлі көпжылдық өсімдік; жалпы ағаш атауы	<i>Кішиқарағаш,</i> <i>Қосағаш,</i> <i>Шұбарагаш,</i> <i>Жалғызагаш,</i> <i>Тәүкенің жалғызагашы</i>
<i>Ариша</i>	Кипарис тұқымдасына жататын, сабактары бүйраланған бүршікті, хош иісті, ақ, қызығылт түсті, мәңгі жасыл ағаш	<i>Аришалы,</i> <i>Аришалы жартас</i>
<i>Терек</i>	Бұтағы жайылмай, тік болып өсетін үйеңкі тұқымдас ірі ағаш	<i>Теректі асуы,</i> <i>Шолақтерек көлі,</i> <i>Шолақтерек жарпас</i>
<i>Қайың</i>	Қабығы тегіс, жылтыр, жүрекше жапырақты, қатты сүректі ағаш	<i>Жалғызқайың,</i> <i>Қайыңдықезең,</i>
<i>Қамыс</i>	Батпақты, сулы жерлерде өсетін, қияқ жапырақты көп жылдық өсімдік	<i>Майбасардың қамысты</i> <i>құдығы</i>
<i>Қараған</i>	Суыққа төзімді, топырақты талғамайтын жіңішке бұта	<i>Бейсенбай қараганы,</i> <i>Досымбай қараганы,</i> <i>Ербол қараганы,</i> <i>Жанай қараганы,</i> <i>Көңсақау қараганы,</i> <i>Қанай қараганы,</i> <i>Басқараган,</i> <i>Ортақараган,</i> <i>Аяққараган,</i> <i>Бүйрекқараган,</i> <i>Қарағанайрық,</i> <i>Майқараган</i>
<i>Қоза</i>	Өзен-көл жағаларында өсетін, ұзын жапырақты, бойшаң өсімдік	<i>Қозалы</i>
<i>Сарымсақ</i>	Тау беткейлерінде өсетін, ұзынша ақ сүйрікті жабайы өсімдік, жуа, пияздың бір түрі	<i>Сарымсақты,</i> <i>Сарымсақты тауы,</i>
<i>Тал</i>	Майысқақ бұтақты, жіңішке жапырақты бұта, ағаш	<i>Жәнібек талы,</i> <i>Талдыбұлақ,</i> <i>Талдықұдық</i>
<i>Ши</i>	Түп-түп болып өсетін, сабагы жіңішке қамыс тектес өсімдік	<i>Ақиши,</i> <i>Аңыши,</i> <i>Ақшиайрық,</i> <i>Шиліөзек,</i> <i>Келтеши,</i> <i>Жұманиши</i>
<i>Шілік</i>	Су бойында өсетін, жіңішке солқылдақ бұта	<i>Берікболдың қызылишілігі,</i> <i>Шілікті кезең,</i> <i>Қызылишілік</i>
<i>Шөп</i>	Жер бетіне жап-жасыл болып шығатын көкорай шалғын, балауса; жалпы өсімдік атауы	<i>Шөптікөл,</i> <i>Шөптіқаң</i>
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [102, б. 671; 113, б. 148; 114, б. 419, б. 615; 116]		

Қазақтың көптеген жалқы географиялық атауларын зерттей келе, төмендегідей қорытынды жасауға болады: қоршаған орта нысаналарын атаудың негізгі принципі - бұл топонимдер жүйесінде аталуға жататын нысананы, оның басты ерекшеліктері мен қасиеттерін дәл не нақты көрсету болып табылады. Нысананың өзіне тән ерекшелігін атау мақсатында оны тандап алу – номинатор - адамның мәдениетке және шаруашылыққа көзқарасын білдіреді, оның (атаушы адамның) материалдық, рухани дүниесінің даму дәрежесін айқындайды. Қазақ топонимдерінің өнімділігін жалқы географиялық атаулар мен халықтық географиялық терминологияның байлығынан және күрделілігінен байқауға болады [14, 6.291].

Аймақ жер-су атаулар жүйесінің өзіміз ой елегінен өткізген бір ғасырдан астам уақыт арасындағы дамуы мен қалыптасуындағы ұлттық атауларда тілдік, тарихи, мәдени және рухани сабактастық берік сақталған;

Ұлттық топонимдер қазақ топырағындағы қылыш кезеңдерде жүрген саяси, тарихи, мәдени дағдарыстарға шыдас беріп, өзінің ұлттық тәлім-тәрбие берудегі орны ерекше, атқарап рөлі орасан зор.

Сонымен, жұмыста топонимикалық жүйенің базалық стереотиптер түрлері анықталады: адам баласының мифологиялық санасының нәтижесінде топонимдер киелі қасиеттерге ие болып, мифологиялық және (қасиетті) топонимдер пайда болды; қазақ этносының басты шаруашылық түрі-көшпелі мал шаруашылығы болғандықтан, көшпелі топонимилялық стереотип қалыптасты.

Мемлекет, өкімет, саяси институттар адамзат тарихына енген кезде идеологиялық топонимилялық стереотип дүниеге келді. Оның басты ерекшелігі – географиялық нысаналарды атауға белгілі бір саяси партия немесе жеке қайраткер, сондай-ақ жалпы мемлекет ұсынатын идеологияны насихаттап ынғайта түсушілер үшін атау процесіне қатысып отырған.

Қазақ топонимдерін қолданудың тарихи аспектісі, әсіресе географиялық атаулардың әлеуметтілігінде айқын көрініс берді. Барлық географиялық атаулар, негізінен адамзаттың әлеуметтік саладағы іс - әрекетінен туындаиды. Ежелгі заманда қоршаған органдың ерекшеліктерін атау негізіне жақындастып ат қойған адам, кейінірек топонимилялық жүйе қалыптастыру үшін әлеуметтік деңгейде қызмет жасай бастады. Себебі географиялық нысаналар атауларының әлеуметтік аспектісі топонимилялық процесс жүріп жатқан мемлекет не қоғамның саясаты, идеологиясымен тығыз байланысты.

Шынайы қазақ халықтық топонимиасы жүздеген жылдар бойы жергілікті халықтың көшпелі өмір салтына жақын болып қалыптасып, аталып та қолданылып келген, ал отаршылдық топонимдер – шовинистік саясат жүргізуінен туындаған элементтер.

Қазақстан топонимиасын идеологияландыру қазан төңкерісінен кейін де анағұрлым ұлғая түсті. Кеңес үкіметі кезінде Қазақстан картасында жергілікті халыққа бейтаныс мындаған жаңа географиялық атаулар пайда болды.

Қайта құру басталған кезде, мәдениет ескерткіштерін, тарихи атауларды қайта қалпына келтіру үшін үлкен қоғамдық қозғалыс басталды.

Қазақ топонимиялық атаулардың орыс тіліндегі аудармалары қазақ этносының ұғымына сай келмегенімен қоймай, қазақ сөздерін бүрмалап, мағынасын өзгертіп жіберген. Қазақстан тәуелсіз ел болғандықтан, осы мәселеге баса назар аударылып жүр. Тек қана мемлекеттік деңгейде қарастырып қоймай, қазақ топонимдерін бүкіл әлемдік деңгейде көтеру керек, себебі географиялық атаулар халықаралық қарым-қатынастарда маңызды рөл атқарады.

Жер-су атаулары – біздің тарихымыз бен мәдениетіміздің көрінісі. Олар көптеген тарихи оқиғалардан құнды деректер бере алатын, сол арқылы өлкетанушылық білімізді кеңейтіп, рухани дүниемізді байытып, ұлттық тұлғамызды қалыптастыратын дүние. Жалпақ жұртыңды, иісі алашыңды құрметтеу алдымен өзің тұрған өлкенің тарихын, табиғатын танудан, адамдарын ардақтаудан басталады. Ұлттық тарихымыздың белгісіне айналған елді мекендер атаулары әр ғасыр шежіресінен сыр тартып, салт - дәстүрден, халықтың өмір - тұрмысынан дерек беретін қайнар көзі. Атауларға негіз болған белгілердің барлығын да ұлттымыздың, ата - бабаларымыздың да танымы жатыр деп айта аламыз. «Жер- судың аты - тарихтың хаты» деген халық атауында терең мазмұн, сындарлы салмақ жатыр.

2.4 Сын-сипат, тұр-тұс және сан атауларынан қалыптасқан жер-су аттары

Қазақ даласының кең байтақ жеріне иелік етіп, меншіктеу, көздің қарашығындей қорғап, ұрпаққа аманат етудің бірден-бір жолы – жердің, судың, тау-тастың атын қалыптастыру. Олай дейтініміз, ежелден ұлттық тілде, ұлттық мәдениетке сәйкес, ұлттық санада қалыптасқан атаулар өн бойында ұлттың көрінісі мен болмысын рухани код іспеттес тасымалдап, кейінгі ұрпаққа жеткізіп отыратыны белгілі. Олай болса, сан ғасырлық аманатты болашақ ұрпаққа жеткізуші топонимикалық атауларда ұлттық тілдің көрінісі сипат алады. Мәселен, белгілі бір географиялық нысанға ат қоюда халқымыз ең алдымен, сол өңірдегі жер бедерінің, судың, өзен-көлдің, тау-төбенің сыртқы ерекшелігіне, ұқсастықтары мен айырмашылықтарына, сын-сипатына, тұр-тұсіне, физикалық бейнесіне назар аударса керек. Сол себепті де жер-су атауын қалыптастыруда сын-сипат, тұр-тұс, сан атаулары маңызды орынға ие.

Жалпы қазақы танымда тұр-тұс атаулары тура мағынасында белгілі бір ренде берумен қатар, ауыспалы мағынада келіп, символикалық сипат беретіндігі белгілі. Мәселен, қара – қайғы-қасірет, ақ – тазалық, риясыздық, сары – байлық, уайым, көк – аспан, қызыл – құпиялық, жасыл – жаңашылдық тәрізді мәнін беріп жататынын білеміз.

Ономастика ғылымын лингвокогнитивтік тұрғыдан қарастырған ғалым Қ. Рысберген қоршаған ортаны тануда дүниенің тілдік деңгейдегі сипаттарын адамның қабылдауымен, сезінуімен жүзеге асатын «перцептивтік модустарын» көрсетеді. Оның бес түрі – көру арқылы сезіну модусы, есту арқылы сезіну модусы, кинестетикалық (адамның тері, ет арқылы) сезінуі модусы, иіс сезіну модусы, дәм сезіну модусын атайды [19, б. 102]. Зерттеуші аталған

«перцептивтік модустар» – көру, есту, сезіну модустары негізінен сын - сипат, түр-тұс мағынасындағы атаулар арқылы берілетінін атап өтеді. Когнитивтік лингвистика түрғысынан зерттелген сын-сипат, түр-тұс атаулары ауыспалы, символикалық мағыналары да болатындығы жайлы айтылады. Жер-су атаулары құрамындағы түр-түстердің репрезенттулу ерекшеліктері, географиялық терминмен тіркесу бейімділіктері және қолданыстық жиіліктері туралы сөз еткенде ғалым Қ. Рысберген қазақ тіліндегі жер-су атауларын жасауға қатысатын түр-тұс атауларының когнитивтік-прецептивтік ерекшеліктерін де атап өтеді [19, б. 116].

Зерттеуші ғалым Б. Қасым түр-тұс атауларының мағыналық қолданысын адамға, қоғамға, табиғатқа қатысты үш үлкен топқа бөліп, оларды ішінәра бірнеше кіші топтарға жіктейді. Олардың ішінде табиғатқа қатысты құрделі атаулар құрамындағы түр-түстің қолданысын: аспан әлеміне қатысты (көк аспан, сары жұлдыз), табиғат құбылыстарына қатысты (қара нөсер, ақ қар, көк мұз), өсімдік дүниесіне қатысты (аққайың, ақселеу, сарыбуын) және жер бедері мен географиялық нысандарға қатысты (Ақсу, Алатау, Сарыөзек) қолданыстарды жатқызады [117].

Көк – аспанның түсі болса, уақыт өте келе, аспан түстес заттардың бәрі көк деп аталатын болған. Бұл жөнінде академик Ә. Қайдар: «Алғашқы адамдар көк күмбезін оның түсіне қарап, «көк» деп атап кетуі қаншалықты занды болса, керісінше, жер бетіндегі көк түсті заттардың бәрін аспан түсімен салыстыра отырып, жалпылама «көк» деген түр-тұс атауын жасап алуы да мүмкін гой», [118], - деген тұжырым жасайды. Сондай-ақ, көк сөзімен сипатталатын Көк Тәңір, көктеу, көк шығу, көне және қазіргі түркі халықтары тіліндегі «көк – түбір» сөздері мен сөз тіркестері көк сөзінің жалпы символдық негізін қалыптастырыса керек. Мәселен, тәңір сөзіне көк тұс атауының тіркесуі Тәңірдің биікте, аспанда екенінен ақпарат береді. Ал көктеу, көк шығу тіркестері жер бетінде жаңа тіршіліктің бастамасын білдіреді. Көк сөзі – тек, түбір, белгілі бір туыстық қарым-қатынастың бастамасы мағынасына да ие. Топонимикада көк түсі жердің кеңдігін, судың тұнықтығын, тазалығын, суықтығын, таудың биіктігін сипаттайды. Мәселен, *Көкдала*, *Көкбет* атауларының құрамында келген көк тұс атауы жердің ұшы-қызыры жоқ кеңдігін білдіру үшін қолданылады. Ал Көкаласу, Көкирім гидронимдерін қалыптастыруда судың тазалығы мен адамды үркітетін ағысы мен салқындығы негізге алынса керек. Сондай-ақ, *Көксенғір*, *Көкбійк*, *Көкжолат* оронимдеріндегі көк тұс атауы таудың биіктігін, аспанға жақындығын сипаттау үшін қолданылады.

Символикалық қуаты жоғары түстердің бірі – қара түсі. Аталған тұс көп жағдайда қайғы-қасірет, уайыммен ассоциацияланады. Сондай-ақ, қара түсінің семантикасында көптік мағынасы да жоқ емес. Топонимикада қара тұс атауының қолданысы арқылы жасалған жер-су аттары кең қолданыс тапқан. Топонимика саласына алғаш қалам тартқан ғалым F.Қ. Қонқашбаев қара сөзі құрделі топонимнің сонынан келгенде, биіктік мағынасында қолданылады деп түсіндірсе [2, с. 23], О.Т. Молчанова қара тұс атауының көнелігін, көне түркі тілдерінде қора, қар, құр, гара, қара тәрізді түрлі фонетикалық вариантарда

кездесетін морфемалар екенін көрсете отырып, жер-су атауларының құрамында «бір оқиғадан қалған қарайған орын» мағынасында қолданылатындығын алға тартады [119]. Түркітанушы ғалым А.Н. Кононов қара тұс атауының гидронимдер құрамында келіп, «жер асты сулары» және кейбір түркі тілдерінде «жер, құрлық, топырақ» мағыналарын береді деген пікірді алға тартады [120]. Қалай болғанда да, қара атауының жер-су атауы құрамындағы орны әр уақытта топонимнің ішкі мағынасын сипаттауға тікелей байланысты екенін Абай, Абыралы өнірі жер-су атаулары дәлелдей түседі.

Абай, Абыралы өнірі жер-су атаулары жүйесінде орын алатын қара атауының тіркесіндегі топонимдерді топтастыра келе, төмендегідей мағыналық топтарға ажыратуға болады:

1. Жер, топырақ мағынасында, Мысалы: *Қарамола, Қараоба, Қараөлең* және т.б.
2. Биіктік, тау, төбе мағынасында, Мысалы: *Қараишоқы, Қаражартас, Қаратөбе, Қараңғір, Қараадыр* және т.б.
3. Жер асты сулары, сең сулары, таудан аққан қар суы мағынасында, Мысалы: *Қарасу, Қарақұдық, Қарабұлақ, Қарасор* және т.б.
4. Қалың, ну мағынасында, Мысалы: *Қарақорым, Қарабұжыр* және т.б.
5. Жер бедерін сипаттау мағынасында, Мысалы: *Қараадыр, Қараагаш, Қаракөбен, Қаражал, Қаракемер, Қарақуыс, Қараой, Қараіл* және т.б.

Түркі ғалымдарынан О. Молчанова, А.Н. Кононовтардың пікірінше, қара тұс атауының қатысуымен жасалған топонимдерге қарағанда, ақ тұс атауы арқылы жасалған атаулар анағұрлым аз кездесетіндігін көрсетеді. Батыс Қазақстан топонимикасын зерттеген ғалым Ұ. Ержанова да өнір топонимикасындағы бұл ерекшелікті атап өтеді [12, б. 64]. Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларын зерттеу барысында біз бұл пікірге қарама-қайшы ерекшелік тұс атауы түркі тілдерінде ақ//ах//ағ//а:қ формасында қолданылып, бір-біріне жақын үш топ мағынаны аңғартады: 1) «ақ» деген негізгі тұстік мағына («белый»); оның төнірегіне: ақшыл, көздің ағы, жұмыртқаның ағы, т.б. мағыналар туған; 2) «ақ» сөзінің ауыспалы мағыналары: кіршіксіз таза, кінәсіз, ақжүрек, адал; 3) керемет, тамаша, ғажайып. Ақ сөзінің этимологиясы жөнінде, оның ұғымдық, не тұстік негізі жайында XX ғасырдың өзінде-ақ түркітанушы ғалымдар арасында әр түрлі пікірлер қалыптасты. Э.В. Севортян «аға» және «әке» деген туыстық атаулардағы екі сөздің де негізі «ақ» – «оқ» (қартаю) етістігінен өрбіген деген пікірді алға тартады [121]. Жалпы сүт тағамдарын білдіретін ақ атауы (қымыз, сүт, шұбат, құрт т.б.) ақ етістігі негізінен өрбігенін аңғаруға болады. Оған дәлел «ақ» – ағу, жоғары-төмен жылжу, құйылу» мәніндегі етістік. Сүттің төмен сауылып, сорғалап құйылатыны белгілі. Әрі өзі де ақ, басқа реңкі жоқ, өзгермейтін ақ түсті ақ атау да көнілге қонымды. Көне түркі тілінде «үрүң» атаудың тілден ығыстырылып шығуына да ақ сөзінің конверсиялануы әсер еткен. Көне мұраларда кездесетін «таң ағару» тіркесіндегі «ақ» жоғары көтерілу, «таң көтерілу» мағынасын беретін ақ – етістігінің әр түрлі сапада жеткендігін ғалым Б. Сағындықұлы дәлелдейді [122]. Тарихшы-ғалым Х. Көктәнді «ақ» сөзінің ежелгі нұсқасы ретінде «су» сөзіне де үлкен мән

береді: «Су – ақ деген сөз. Судың ақ деген мағынаны білдіретінін көптеген деректер айғақтайды. Жапондарда да су дыбысталуы ақ мағынасын білдіреді екен. «Ақ сунбу – ақ-ақ биік» болып аударылады. Сырдария өзенінің «Авеста» кітабындағы атауы – Ардвисур. Бұл өзеннің ежелгі аты – «таза ақ құндар өзені» деген мағына берген. «Су» сөзінің «ақ» мәнін білдіретіндігіне тағы бір мысал: Сурманақ – жалайыр тайпасының Шыңғыс хан заманындағы бір тармағы, екінші тармағы – Шуманақ. Жалайырлар үлкен екі тармаққа бөлінген. Алғашқы тұлғалық атауы Су-ман, кейін Суман (мәні ақ деген мағынада), түсініксіз болған соң, алғашқы мағынасын калькалық тәсілмен көшіре аударып, «ақ» сөзін қосқан, содан кейін Сурманақ болып шықкан. Шуманақ тармағы атауы да осындағы тарихқа ие. Тұнғыс-маньчжур тілінде «су» сөзі «чуу» дыбысталуында сақталып, «өте» мағынасын берген. Қазақ тіліндегі «су қаранды соқыр» тұрақты тіркесі «көзі аппақ болып ағарып кеткен адам» деген ұғымды білдіреді. Екінші бір мысал: Алтын Орданың Жошы заманындағы атауы – «Сыр Орда». Көптеген тарихшылар, соның ішінде Рашид-ад-дин, Вассаф, А.Б. Греков, А. Якубовский сынды ғалымдар Алтын Орданы «Сыр Орда» деп атаған немесе «Су Орда – Алтын Орда деген атауға еге» деп жазған», – деген деректер келтіреді [123]. Кейбір Қ. Ғабитханұлы, Т. Жанұзақов тәрізді ғалымдар ақ сөзінің шығу төркінін ай космонимімен сабактастырып, оның фонетикалық өзгерісінің схемасы *ajas>aja>aj* болуы мүмкін деген пікір айтады. Ақ тұс атауының шығу төркінін анықтаудың дүдемалдығы ақ сөзінің көнелігін көрсететіні анық. Бұл ретте біз Қ. Ғабитханұлы мен Т. Жанұзақовтың «ай» сөзі о баста «ақ» деген түстік мағынаны білдіретін сөз болған, кейін келе қазіргі тіліміздегі сын есім «ақ» туындаған» деген тұжырыммен пікірлеспіз.

Абай, Абыралы өнірі жер-су атаулары жүйесінде орын алған ақ тұс атауы арқылы жасалған топонимдерге келетін болсақ, алдымен бар тұс атуларының ішінде, ақ атауы арқылы жасалған топонимдер саны ең көп болып табылады. Мысалы: *Aқбаз, Aқбастау, Aқбиік, Aқбұлақ, Aқдала, Aқдон, Aқдомбақ, Aқжасал, Aқеспе, Aқжалтау, Aқжсан, Aқжар, Aқжарық, Aқирек, Aқитөлген, Aққия, Aққойтас, Aқбиік тауы, Aққұдық, Aқөзек, Aқкора, Aқсораң, Aқтас, Aқтогай, Aқтомар, Aқтөбе, Aқтөбекөл, Aқтұмсық, Aқшаттау, Aқшии, Aқшиайрық, Aқшиоқы, Aққойтас, Aқбас, Aқбалаған, Aқбастау, Aқбұйрат, Aқбұлақ, Aқжарық, Aқтас, Aққұдық, Aқкора, Aқсу* және т.б. Бұл атаулардың әрқайсысын жеке-жеке қарастыратын болсақ, алдымен оларды төмендегідей лексика-семантикалық топтарға ажыратып алғанымыз жөн: 1) бұлақ, су, құдық, бастау, ирек сөздерінің тіркесінде келіп, гидронимдік атау қалыптастырады, Мысалы: *Aқбастау, Aқсу, Aқбұлақ, Aққұдық, Aқирек* және т.б. атаулар құрамында ақ сөзі келу арқылы ағатын, құйылатын, ирелендеп ағатын деген мағына береді; 2) жер-судың физикалық бедерін сипаттайтын атаулар, Мысалы: *Aқтөбе, Aқтұмсық, Aқбиік, Aқжар, Aқшиоқы, Aққойтас, Aқжалтау* және т.б. атаулар жер бедерін сипаттай келе, ороним атауларын береді; 3) таза, тұнық, кіршіксіз мағынасын береді, Мысалы: *Ақбас, Ақөзек* және т.б.; 4) ақ сөзі өсімдік атауларының тіркесінде келіп, жер-су атауын қалыптастырады, Мысалы:

Ақтогай, Ақтомар, Ақшии және т.б.; 5) тұра тұс мағынасында қолданылады. Мысалы: Ақдала, Ақдон, Ақдомбақ, Ақбалаган, Аққора және т.б.

Сары тұс атауының қатысуымен *Сарыадыр жостасы, Сарыжырақ, Сарықыз, Сарымырза, Сарыкөл, Сарыбұлақ, Сарықорық, Сарыапан, Сарыбұйрат, Сарықүзеу, Сарыкөл, Сарықыз, Сарытөбе, Сарышоқы* және т.б. атаулар қалыптасқан. Топоним құрамында келген бұл тұс атауы: 1) тұра мағынасында жер-бедерінің түсін сипаттауда; 2) ауыспалы мағынасында судың лай екенін сипаттау мағынасында, Мысалы: *Сарыкөл, Сарыбұлақ*; 3) жыл мезгілін беру үшін ауыспалы мағынада *Сарықүзеу, Сарыбұйрат* және т.б. қолданылған.

Қызыл тұс атауы арқылы жасалған жер атаулары өнір топонимикасында Сары сөзіне қарағанда анағұрлым аз қолданыс тапқан. Мәселен, *Қызылтас, Қызылашы, Қызылжар, Қызылқұдық, Қызылоба, Қызылқайнар, Қызылишоқы, Қызыломтау, Қызылишілік, Қызылжасал, Қызылишілік* және т.б.

Сонымен қатар Абай, Абыралы өнірі жер-су атаулары жүйесінде қоңыр түсіне қатысты *Қоңыраулие, Қоңырадыр, Қоңыртас* тәрізді санаулы жер аты орын алады. Қызыл және қоңыр түстерінің сирек кездесуін, жасыл тұс атауының қолданысқа түспеуін өнірдің физикалық-географиялық көрінісін, топырақ түсіне, ландшафтылық ерекшеліктерге байланысты деп ойлаймыз.

Абай, Абыралы өнірі жер-су атаулары сын-сипат мағынасындағы сөздер арқылы жасалуының өзіндік ерекшеліктері бар екенін атау өтуге болады. Себебі өнір географиясының ой-шүнқырын, бет-бедерін, тар-кеңдігін, үлкен-кішілігін, судың аңы-тұщы, дәмін, иісін білдіру мақсатында қалыптасқан атаулар аз емес. Оларды өз ішінен төмендегідей лексика-семантикалық топтарға бөлуге болады:

1. Тұр-тұске байланысты топонимдер: *Ақбаз, Ақбастау, Ақбиік, Ақбұлақ, Ақдала, Ақдон, Ақдомбақ, Ақжасал, Ақеспе, Ақжалтау, Ақжан, Ақжар, Ақжарық, Ақирек, Ақтөлген, Аққия, Аққойтас, Ақбіктайы, Аққұдық, Ақөзек, Ақкора, Ақсораң, Ақтас, Ақтогай, Ақтомар, Ақтөбе, Ақтөбекөл, Ақтұмсық, Ақшатай, Ақшии, Ақшиайрық, Ақшиоқы, Алатопан, Көкдала, Көксерке, Көкаласу, Көкбійк, Көкжолат, Көкірім, Көксенгір, Қараагаш, Қараишоқы, Қарауыл, Қараадыр, Қарабиік, Қарабұлақ, Қаражартас, Қаракөбен, Қараждал, Қаракемер, Қарақорым, Қарақорық, Қарақошқыл, Қарақуыс, Қарақұдық, Қарамола, Қараой, Қараөлең, Қарасор, Қарасу, Қаратөбе, Қарауылтөбе, Қарауылөзек, Қараңғір, Қараадыр тауы, Қараіл, Қоңыраулие, Қоңырадыр, Қоңыртас, Қызылагаш, Қызыләулие, Қызылбійк, Қызылбұлақ, Қызылқырғын, Қызылтас, Қызылашы, Қызылжар, Қызылқұдық, Қызылоба, Қызылқайнар, Қызылишоқы, Қызыломтау, Қызылишілік, Сарыадыр жостасы, Сарыжырақ, Сарықыз, Сарымырза, Сарыкөл, Сарыбұлақ, Сарықорық, Шұбартөбе, Шұбарағаш, Шұбарадыр, т.б.*

2. Жер-судың аңы-тұщылығына, құнарлылығына, дәміне байланысты топонимдер: *Аңыайрық, Аңысу, Тұщыбұлақ, Шөптіқақ* т.б.

3. Объектінің ұзын-қысқа, жақсы-жаман, терең-таяздығына байланысты топонимдер: *Ұзынбұлақ*, *Мұқыр*, *Сасықкөл*, *Кішітекие*, *Кішіорда*, *Жақсы Абыралы*, *Жаман Абыралы* т.б.

4. Объектінің көлеміне, сыртқы сипатына, үлкен-кішілігіне, байланысты топонимдер: *Дөңгелексаз*, *Дөңгелекқонс*, *Қисықсай*, *Жалтыркөл*, *Жалпақ*, *Жалпақасу*, т.б.

5. Металл атынан қалыптасқан атаулар: *Алтын*, *Алтынасу*, *Күмістібұлақ*, т.б.

Жер-су атауларының құрамында кездесетін сан атаулары кездейсоқ болмайтыны белгілі. Белгілі бір атау құрамында келген сан атауы сол атауды қалыптастыруға уәж болады. Сонымен қатар барлық сан атаулары топонимжасауға қатыса бермейді. Белгілі сан атауының жер-су атауында орын алуды әр уақытта тұра мағынасында ғана емес, ауыспалы мағынада, белгілі бір географиялық нысаннның санын ерекше белгі ретінде көрсету мағынасында, санның философиялық, этнотанымдық киелі атау ретіндегі мағынасында болуы мүмкін. Этностиң өзіндік дүниетанымынан, тұрмыс-салт ерекшеліктерінен туындаған арнайы санды сипаттайын сөзқолданымдар, вербалдық құралдар сандар жүйесінде аз емес. Мәселен, Абай, Абыралы өңірі жер-су атаулар жүйесінде орын алған *Жалғызқұдық*, *Жалғызқайың*, *Жалғызтал*, *Қосөзен*, *Қосбастау*, *Қостуған* және т.б. атулар «жалғыз» және «қос» сөздері арқылы жасалып, мағыналық тұрғыдан жалғыз – бір, қос – екі немесе қатар тұрған екі зат мағынасында қолданыс тапқан. Олай болса, Сан атауларының символикалық, философиялық, танымдық, ерекшеліктері тіл ғылымымен тығыз байланысты екенін айта аламыз. Топоним аталарындағы сандар жүйесін қарастырғанда бұл типтес белгілерді этнолингвистикалық аспектілерін жете тану үшін де қажет. Сондықтан, қазақ лингвистикасында, өсіресе кейінгі жылдары, тілдік танымдық қызметіне баса көңіл бөлінуде. Бұл ретте сан атаулары ең алдымен этностиң рухани-мәдени болымымен байланысты болып, семантикасында ең алдымен этностиң, ұлттық ерекшеліктерін сипаттайтын символикалық ұғым ретінде танылады. Сан атауы адам баласының санасына ана құрсағында жатқан, сәби кезеңнен бастап сіңісе бастайды. Мәселен, бес айлық мерзімде ана құрсағындағы сәбиге жан бітеді, тоғыз айлығында шақалақ жарық дүние есігін ашады. Яғни, сандар адам баласының үрық ретінде қалыптасқан сәтінен бастап, барлық өмірінде уақыт өлшемі, көлем өлшемі жағынан ерекше қызмет атқарады.

Қазақ лингвистикасында сандар I. Кенесбаев, Ә. Қайдар, Т. Жанұзақ, Н. Оралбаева, Г. Шаһарман Ә. Хасенов, А. Машанов, Н. Уәлиұлы, Қ. Ғабитқанұлы, Е. Қойшыбаев, А. Елешева, Т. Сайрамбаев, Ж. Байзақов зерттеулерінде әртүрлі аспектілерде қарастырылады. Зерттеу еңбектері арасында киелі сандарды арнайы нысанада қарастыру үрдісі кең таралған. Яғни зерттеулерде киелі сандардың мағыналары мен шығу тарихы, ауыз әдебиетінде, фольклорлық ұлгідегі қолданысы, этнолингвистикалық, этномәдени мағыналары зерттеледі. Мәселен, тілші ғалым I. Кенесбаев көне замандарда

дінинаным сенімдер негізінде пайда болған сандардың фразеологиялық тіркестердің жасалуына үйіткүй болғандығын тілге тиек етеді [124].

Топономист-ғалымдар да еңбектерінде топонимдер құрамындағы сан есімдер лексика-семантикалық түрғыдан біршама зерттелген. Әсіресе, үш, бес, жеті, тоғыз, қырық сан есімдерінің беретін ұғымдары жөнінде И.Кенесбаевтың, Н. Уәлиевтің, Т. Жанұзақовтың, Е. Қойшыбаевтың еңбектерінде қамтылған. Бұл зерттеулерде жалқы есімдер құрамындағы кейбір сан есімдердің өзіндік мағынасынан гөрі кеңірек мағынаға ие болатындығы туралы айтылады. Сондай-ақ тілімізде сан есімдердің қатысы арқылы жасалған мол да бай сала – кісі, ру, тайпа, және жер-су аттары жайлы зерттеулер бұрыннан-ақ айтылып жүр.

Абай, Абыралы өнірі жер-су атаулары құрамында сан атаулары негізінде жасалған атаулар көп емес. Мәселен, Алтыапан, Алпысбай, Бескүшік, Бесталан, Бестас биігі, Бестас үлағы, Бестасқөл, Бестамақ, Бесуйбекет, Үштөбе, Үшөзек, Жалғызқұдық, Жаңғызтау, Қырықшақ, Қырықұңғір, Қырыққұдық, Мыңбұлақ, Мыңжылқы, Тогызарқан, Төртқара, Үшкелінишек, Үшқара, Үшөзек, Үштөбе және т.б. Сондықтан оларға жеке-жеке тоқталатын боламыз. Бір санына қатысты атаулар өнір топонимиясында кездеспейді. Жер-су атауларында бір саны орнына көбінесе «жалғыз» сөзі қолданылады. Жалпы, бір саны қазақ ұғымында жалғыздық мағынасына саяды. Діни жағынан Алланың, Құдайдың жалғыз, біреу болуымен байланыстырылады. Мысалы, «Жалғыздың жары – Құдай», «Жалғыздық Құдайга ғана жарасады», «Бір Алланың қолында», «Бір Аллаға сыйынып» және т.б. М. Басқаков есептік сан есімдердің ішінде бір лексемасының көбіне жалғыз, дара мағынасында қолданылса, кейде белгісіздік мәнінде де жұмсалатынын көрсетеді [125]. Бір - сандардың алғашқысы әрі ең кішісі. Сондықтан, «аз» мағынасын береді. Мысалы, бір бес күн – аз уақыт, бір тұтам – келте, қып-қысқа, бір шөкім – кішкене ғана, өте аз. Абай, Абыралы өнірі топонимикасында жалғыз және жаңғыз сөздерінің қолданылуымен Жалғызқұдық, Жаңғызтау, Жалғызқайың, Жалғызтал атауларын кездестіруімізге болады.

Екі саны «егіз», «жұп» символдық мәніне ие. Топонимжасамда екі санының орнына баламасы ретінде «қос» сөзінің қолданылатынын көреміз.

Үш саны түркі халықтарының тілдерінде «туыстық», «руластық» және «қандастық» мағынасын білдірген. Үш сөзінің семантикасы төңірегінде қалыптасқан түрлі пікірлер бар. Т. Жанұзақ бұл сан есім топонимдер құрамында келген кезде өзінің тура мағынасында қолданылады десе, Е. Қойшыбаев кейбір топонимдерде келетін үш сөзін «оқуз» (су) тұлғасынан дамыған (оқуз-ұғс-ұғс-үш) туынды түбір деп береді [82, б. 102]. Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларында кездесетін Үшкелінишек, Үшқара, Үшөзек, Үштөбе атаулары құрамындағы үш саны Үшкелінишек мысалында белгілі бір оқиғаға байланысты орын алған. Яғни өнір тарихында орын алған үш көліншек оқиғасы орын алған жер халық арасында Үшкелінишек аталып кетсе керек. Үшқара негізінде көл атауы болып табылады. Атау құрамындағы үш саны көлдің ортасынан үш адамның көлеңкесі қарауытып көрініп тұратындей елес

беріп тұратындықтан, қалыптасқан атау. *Үшөзек* негізінен Қасқабұлақ ауылдық округына қарасты пішендік атауы болып табылады. Үш қайнар бұлақтың, сұлы алқаптың тоғысқан жері, өзегі мағынасын береді. Аталған атаудың семантикасында сан ұғымы орын алады. Атау өзектің нақты сандық сипатын беру арқылы қалыптасқан. *Үштөбе* атауы географиялық нысанның саны үшеу екенін сипаттау мағынасында қалыптасқан. Атау Қасқабұлақ ауылдық округінде орналасқан.

Төрт – қазақ халқында қасиетті саналған сандар қатарынан болмаса да, өзіндік қолданыс ерекшелігі болған. Ертеден бұл сан – тұрақтылықтың белгісі ретінде танылған. Тілімізде төрт санына қатысты төрт жолдың торабы, төрт талап, төрт көзі түгел, төрт тағандау, төрт бұрыш, тұн ұйқысын төрт бөлу, төрт түлік, төрт құлақ сияқты сөздер қалыптасқан. Абай, Абыралы өнірінде төрт санына қатысты Төртқара деген жалғыз жер аты кездеседі. Жергілікті халық арасында Төртқара этнотопоним ретінде сипатталады. *Төртқара* ру атауы болып табылады.

Бес – қазақ халқында ұғымында киелі сандардың бірі. Олай дейтініміз бес санына қатысты қазақы ұғымда бес қару, бес парыз, бес борыш, бес қатер, бес жақсы және т.б. дәстүрлерді атауға болады. Өнір жер-су атаулары жүйесінде бес санынан қатысты *Бескүшік*, *Бесталан*, *Бестас биігі*, *Бестас бұлағы*, *Бестасқөл*, *Бестамақ*, *Бесүйбекет* тәрізді атаулар орын алады. Мұндағы бес сан есімі құрделі атаулар құрамында келіп, белсенді уәждеме қызметін атқарып, күшік, талан, тас, көл, тамақ, үй, бекет және т.б. сөздермен тіркесе отырып топонимдік жүйе құрамына кіреді. Өнір жер-су атауларында орын алғын бес саны топоним құрамында киелі ұғымнан гөрі сандық мағына береді. Мәселен, *Бескүшік* атауы Абай ауданындағы жайлау атауы болып табылады. Атаудың қалыптасуына жайлауда күшіктеген иттің бірден бес күшік тузы атаудың қалыптасуына негіз болған.

Алты саны да қазақы танымда өзіндік сипатқа ие сандардың бірі. Мәселен, ауылдың алты ауызы, алтыбақан және т.б. тұрақты тіркестер мен зат атаулары құрамында келетін алты саны халық танымында когнитивтік сана қалыптастыруши, зат атауын қалыптастыруши уәж екенін көре аламыз. Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларының құрамында кездесетін *Алтыапан* қыстауы тау бөктерінде бір-біріне жақын орналасқан аюдың алты апаны кездесетін жерде орналасқандықтан, осы айрықша белгісіне байланысты *Алтыапан* деп аталса керек.

Жеті саны – қазақ халқының ұғымындағы ең қасиетті сандардың бірі. Тілімізде бұл санға қатысты көптеген мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, тұрақты тіркестер қалыптасқан. Мәселен, жеті қазына, жеті жарғы, әлемнің жеті кереметі, жеті қат жер асты, жеті ата, дүниеден қайтқан адамның жетісін беру және т.б. Алайда Абай, Абыралы өнірі жер-су атаулары жүйесінде жеті санының қатысуымен жасалған топонимдер кездеспейді.

Тоғыз – көптік, сансыз, көп мағынасын беретін қазақы ұғымдағы киелі сан. Шығыс халықтарында тоғыз саны тепе-тенділік символы болып саналады. Тоғыз саны қазақ топонимикасында көптеген жер-су атауларының қалыптасуына

негіз болған. Абай, Абыралы жер-су атаулары жүйесінде *Төгөзарқан* атты күрделі атау кездеседі. *Төгөзарқан* Тоқтамыс ауылдық округінде орын алған жер аты болып табылады. Атаудың негізінде тоғыз арқанға байланысты орын алған оқиға желісі жатса керек. Яғни бұл атаудың қалыптасуына белгілі бір заттың саны емес, орын алған оқиға негіз болған.

Қырық саны қазақы танымдағы киелі сандардың бірі. Мәселен, сәбидің ана құрсағында қырық апта жатуы, дүниеге келгеннен кейінгі қырықынан шығарып, қырық қасық суға шомылдыру, дүниеден өткен кісінің қырық күндігін атап өту тәрізді діни сипаттағы ұғымдар мен қазақ фольклорында жиі кездесетін қырық қызы, қырық күн, қырық тұн, қырық уәзір атаулары да қырық санының қасиетті, киелі сан екенін дәлелдей түседі. Абай, Абыралы өңірі жер-су атауларында қырық санымен жасалған атаулар орын алады. Мәселен, *Қырықошақ*, *Қырықұңғір*, *Қырыққұдық* және т.б. Мұндағы қырық саны ошақ, ұңғір, құдық сөздерімен бірігіп келіп, топонимдік атау қалыптастыруға уәж болған. Олай дейтініміз, өңірде бірден қырық ошақтың, қырық ұңғірдің, қырық құдықтың орын алуы ерекше белгі ретінде танылып аталған атаулардың қалыптасуына негіз болған. Жалпы алғанда жер-су атаулары құрамында келетін қырық, жұз, мың сан есімдері, негізінен, номинативті және көптік ұғымды беретін абстрактілі мағынада қолданылатыны белгілі [16, б. 127].

Өңір топонимикасында кездесетін *Қырықошақ*, *Қырықұңғір*, *Қырыққұдық* сынды атаулар біздің ойымызша, көптік ұғым беру арқылы атау қалыптастыруға негіз болған. Сан атауларының топоним құрамындағы қолданысы белгілі бір жердің, тау-тастың, бұлақ, өзеннің көптік, саналатын жағдайда сандық ерекшеліктеріне, географиялық нысаннның санына және киелі сан ұғымдарына байланысты болады. Қорыта келгенде, қазақ тілінде заттың санын білдіретін атаулар Абай, Абыралы өңірі жер-су атауларын жасауға өзіндік үлес қосады. Олар туынды түбір атауларға уәждеме бірлік қызметін атқарады. Сонымен бірге күрделі құрамды топонимдерге бағыныңды сыңар уәждемесі болады. Сан атауларының ішінде үш, бес, қырық сандарының қатысуымен жасалған геонысан атаулары көбірек орын алады.

2 бөлім бойынша тұжырым

Кез келген халықтың топонимикалық жүйесінің пайда болуы мен дамуында шаруашылық, әлеуметтік-экономикалық т.б. факторлар өзіндік ықпал жасайды. Мысалы, Абай, Абыралы өңірі топонимдер жүйесінде үй жануарларының атаулары арқылы қалыптасқан атаулардың жиі кездесуі – халықтың бар өмірінің сол мал шаруашылығымен тығыз байланысты болуында. Кейбір атаулар әлеуметтік-экономикалық терминдерден, сондай-ақ қоғамның материалдық және рухани мәдениетін көрсететін сөздерден қалыптасқан. Көптеген атаулар әртүрлі тарихи дәуірлерде туган көне сөздерден жасалып, қоғамның шаруашылық қызметінің сипатын, әлеуметтік құрылымның деңгейін көрсетеді. Топонимика ғылымының дамуында қоғамдық өмірде болып жатқан әлеуметтік, саяси және тарихи, мәдени процестер шешуші роль атқарып, әрбір дәуір өзінің типтік атауларын береді. Жалқы есімдер әрқашанда тарихи сипатта

келеді. Мәселен, Абай, Абыралы өнірі жер су атауларының құрамында кісі есімі, ру-тайпа атауларынан қалыптасқан антропотопонимдердің басым келуі жерді меншіктеу, жер иесінің кім екенін нақты белгілеу мақсатында жасалған нақты қадам деп түсіндіруге болады. Сондай-ақ, бұл тұлғалар, немесе ру-тайпа атаулары ұлт тарихында өзіндік сипатқа ие, аймаққа танымал, қоғамдық формацияға өзіндік үлес әкелген есімдер болып табылады. Олар тарихтың тереңіне үнілуге көмектесіп, қоғаммен, қоғамдағы саяси оқиғалармен тығыз байланыста болу арқылы өнір тарихында орын алады. Тарихта орын алған есімнің жер атауын беруі топонимнің тарихи негізін қалыптастырып қоймай, өнір тарихы мен жер-су атауларының арасына тығыз байланыс орнатады. Тарихта орын алған танымал тұлғалар мен ру-тайпа атауларының өнір топонимиясында көптеп орын алған өнір тарихында ақтабан шұбырынды кезеңінде орын алған елден кету, жерден айырылу оқиғасы себеп болды деген ойдамыз.

Көшпенді өмір салтын ұстанған халқымыздың тұрмыс тіршілігі де, жер-су атауларынан көрініс тапты. Бұл ретте зерттеуші В.А. Никонов «Ешқандай адам аяқ баспаған жер бетіндегі территорияда топонимдік жүйе болмауды да занды. Шаруашылық қызметі және табиғатты пайдаланудың дәстүрлерін көрсететін топонимдер тіршілігі бар аудандарда ғана болады, ол жерлерді топонимдердің өзі-ақ өткен тарихи уақыттарды, олардың шаруашылығын қалпына келтіре алады» деп, географиялық атаулардың халықтың ескі шаруашылық сипаты туралы нақты сипат беретінін тілге тиек етеді [126]. Абай, Абыралы өнірі топонимдерінің құрамында жергілікті халықтың іс-әрекет, тұрмыс-күй, мал, жер шаруашылығы мен аң аулау, құс салу кәсібін көрсететін топонимдер де кездеседі. Малға жайлы жердің құнарлы-құнарсыздығын, құдық, бұлақ, өзендердің аңы тұщылығын, табиғат құбылышын көрсететін топонимдер де осы топқа жатқызылды. Оларды мағыналық жағынан орайлас келуіне қарай өз ішінен бірнеше тұрге бөлдік: 1) Антротопоним және этнонимдерден қалыптасқан жер-су атаулары; 2) Зооним және фитонимдерден қалыптасқан топонимдік атаулар; 3) Сан және тұс атауларынан қалыптасқан жер-су аттары. Яғни екінші тарауда жинақталған тілдік материалдарды өзара салыстыра, саралай келе, өнір жер-су атауларын жоғарыда көрсетілгендей лексика-семантикалық тұрғыдан топтастырдық. Зерттеу нәтижесінде Абай, Абыралы жер-су атауларын қалыптастыруда антропотопонимдерге басымдық берілгенін, өнір атауларының 70-75 пайызға жуығы кісі есімі мен этнонимдерден қалыптасқандығына көзіміз жетті. Атаулардың қалған бөлігі жан-жануар, өсімдік, семантикасы тұрғысынан сан және тұс атауларынан қалыптасқандығы анықталды.

З АБАЙ ОБЛЫСЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ-ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

3.1 Жер-су атауларының сөзжасамдық-құрылымдық сипаты

Жер-су атауларын лингвистикалық зерттеу нысанда қарастырғандағы маңызды мәселелердің бірі – жер-су атауларының сөзжасамдық-құрылымдық сипаты. XX ғасырдың сонында қазақ тіл білімінің жеке дербес саласы ретінде қалыптасып, ғылыми-теориялық түрғыдан жаңа негіз қалыптастырған сөзжасам жүйесі тіліміздің сөздік қорын жаңа сөздермен толықтырып қана қоймай, топонимика саласының да жаңа атаулармен толығуна септігін тигізеді.

Тілімізде жаңа бір сөз пайда болуы үшін ең алдымен қоғамда, кеңістікте, әлемде жаңа зат пайда болуы немесе жаңа бір нысанға жаңа ат беру сияқты тілден тыс әрекет жүзеге асуы шарт. Тіл ғылымында бұл құбылысты жаңа сөз қалыптастырудың сыртқы факторы деп атайды. Қалыптасқан сыртқы факторлар тіл арқылы бейнеленеді. Топонимикада сыртқы факторлар дегеніміз жер-су, тас, тәбе, елді мекендерге атау беру. Атау беру жайдан жай жүзеге аспайды, әлбетте белгілі бір жүйеге, тәртіпке бағынады. Яғни топонимикалық жүйеміздегі көнеден бүгінгі дейінгі барлық атауларды қалыптастыруда тілдің сөзжасам занылықтарына, әдіс-тәсілдеріне сүйенеміз.

Қазақ тіл білімінде сөзсажам жүйесінің ғылыми-теориялық, әдістемелік-методологиялық негізін қалыптастырған ғалымдар қатарына М. Томанов, А. Ысқақов, Ә. Қайдаров, Н. Оралбаева, А. Салқынбай, Б.Қасым, Ж. Манкеева, Б. Сағындықұлы, Б. Есімсейітов, Е. Кубрякова, К. Құрманалиев және т.б. жатқызуға болады. Ал жер-су атауларының сөзжасамдық ерекшелігі жайлы тұжырымдамалар жасаған ғалымдардан А. Әбрекханов, Т. Жанұзақ, Қ. Рысберген, А. Макұлбек, Б. Бияров, Ж. Бұғыбаева және т.б. атап өтуге болады.

Жер-су атауларының қалыптасуы әрқашан сыртқы факторларға байланысты болғандықтан, тіл ғылымының топонимика саласын сөзжасам саласынан тыс қарастыру мүмкін емес. Себебі, кез келген жер-су, мекенге атау берерде тілдің сөзжасам жүйесінің жаңа сөз қалыптастыру әдіс-тәсілдерінің бірі қолданысқа түседі. Мәселен, *Бөрілі* деген атауды қалыптастырғанда бөрі сөзіне -лі жүрнағы жалғану арқылы, сөзжасамның синтетикалық тәсілі әрекетке түседі. Ал *Ақбұлақ* деген атаудың қалыптасуында ак және бұлақ сөздерінің өзара бірігуінен жаңа топоним қалыптасып, сөзжасамның аналитикалық тәсілі өз қызметін атқарады. Көріп отырғанымыздай, сөзжасамдық әдіс-тәсілдерсіз топонимжасамды елестету мүмкін емес. Бұл жайында сөзжасам саласының белді маманы ғалым Н. Оралбай «Тілдің сөзжасамдық занылықтары, әдістәсілдері көне замандардан бері қолданылып, дамып, іріктеліп, түрлі өзгерістерді басынан өткізіп, қазіргі қалыпқа түсіп, әбден қалыптасқан. Тілде жаңа сөз кездейсоқ, қалай болса солай жасала бермейді. Ол тілде қалыптасқан занылықтар арқылы жүзеге асады» [127] деген тұжырым жасайды. Қазақ тіл білімінің топонимжасам мәселелерін арнайы қарастырған

зерттеуші Ж. Бұғыбаева өзінің «Қазақ топонимдерінің сөзжасамы» атты докторлық диссертациясында сөзжасам жүйесі тілімізде күрделі тілдік механизм екендігін айта келе, «Тілдің негізгі қызметінің бірі – атауыштық қызмет болатын болса, сөзжасам тілдің осы қызметін атқаруға белсенді қатысып отырады. Оны сөзжасамның саласы – топонимжасамнан да көрге болады. Тіліміздегі жер-су атаулары – топонимдер сөзжасамның жаңа сөз жасау әрекеті, заңдылықтары арқылы жүзеге асады» [16, б. 20] деп жер-су атауларын қалыптастырудың сөзжасамдық заңдылықтардың қызметі зор екендігін атап өтеді.

Жер-су атаулары адам, қоғам және табиғатпен етене байланысты болғандықтан, белгілі бір тарихи кезеңде өмір сүріп жатқан ұлттың мәдени ерекшелігі, өмір салты, тұрмыс тіршілігі, өмір сүріп жатқан жердің физикалық-географиялық ерекшелігі топонимжасамда көрініс табады. Себебі, ол ұлттың дүниетанымы, қоғамдағы белгілі бір құбылыстарға деген жеке көзқарасы, табиғатты танудағы ішкі түйсігі тіл арқылы бейнеленеді. Мәселен, ежелден көшпелі өмір салтын ұстанған ата-бабаларымыз иелік еткен ұланғайыр жерлерін жақсы танып, оның әр төбесіне, өзені мен көліне, сай-саласына өмірлік тәжірибесін қолдана отырып, сол жерді әрқашан меншіктеп тұратын ұмтылмастай атаулар беріп отырған. Атап айтқанда, *Буратиген, Жабагытау, Ешкіөлген, Адасқан, Аққозы, Айғыркеткен, Айдалек, Ешкіөлмес, Биежала, Ақбайтал* және т.б. көптеген Абай, Абыралы өнірінің жер-су атаулары бұған дәлел бола алады. Ғалым Қ. Рысбергеннің тілімен айтқанда «Атауды қалыптастырған немесе пайдаланып жүрген халықтың мәдениетіне ешбір байланысы жоқ атау болмайды» [19, б. 131]. Өйткені жер-су атаулары қашан да сол ұлттың дүниетанымын, психологиясын, өмір тірлігін бір жерге тоғыстыратын – тілдік бірліктер.

Қазақ тілінің сөзжасам жүйесіндегі ең күрделі салаларының бірі – топонимжасам жүйесі. Себебі, сөзжасамда бегілі бір сөз жасауға қатысатын сөзжасамдық бірліктердің туынды сөз жасауда сақталатын қатаң заңдылығы бар. Ол – уәждеме. Яғни бір жаңа сөздің қалыптасуының бір ғана уәжі, яғни бір тәсілі болады. Мәселен, жер-су атттарын қалыптастырудың бір уәжді атауларға мысал келтіретін болсақ, *Бөрілі, Бұғылы, Борлы* атауларын атауға болады. Олардың қалыптасуындағы бөрі, бұғы, бор сөздері аталған жер-су аттарының уәжі болып табылады. Уәждеме ұғымын сөзжасам саласына алғаш енгізген ғалым Б. Қасым «Уәждеме заңдылығы туынды атальмдар (номинация) қалыптасуын айқындауда, сынарлардың уәждеуші қасиеттерін анықтауға мүмкіндік береді. Заттық ұғымға атау бергенде олардың сан қырлы қасиеттері, тіршілікке, табиғатқа икемделу жағдайлары еске алынады» [117, б. 371], деп аталған ұғымның мәнін тереңінен сипаттап береді. Олай болса, жер-су атауларының сөзжасамдық сипатын анықтауда олардың мазмұнына терең үніліп, уәжділік негізін айқындау арқылы атауды қалыптастырудың шындық негізді анықтап, тарихи, мәдени белгілерін айқындауға мүмкіндік тудырамыз. Байқағанымыздай, жер-су атауларының сөзжасамдық-құрылымдық сипаты өте күрделі құбылыс. Себебі, жер-су, елді мекен атауларының тек уәжділігі ғана

болмайды. Сонымен қатар атау қалыптастыруға қатысатын лексикалық бірліктер, олардың мағынасы, ол мағыналардағы ақпараттық негіз, тарихимәдени негіз, физикалық-географиялық негіз белгілі бір жер-су атауын қалыптастырудың қажетті тілдік уәж болып табылады. Қазақ тіл білімінің ономастикалық кеңістігін лингвомәдениеттану аясында алғаш зерттеу нысанасына алған ғалым Қ. Рысберген топонимдік атаулардың төмендегідей ақпараттық негіздерді атап өтеді:

1. Мекен-жайлық (адрестік) ақпарат – кез келген атаудың басты тілдік, әрі әлеуметтік қызметі. Яғни аталып тұрған атаудың жер шарындағы орналасу орны деп сипаттауга болады.

2. Тілдік ақпарат – жер-су атауларының тілдік ерекшеліктері, яғни семнтикалық ерекшелігі, сөзжасамдық құрылымы, уәжділігі, фонетикалық айырымы, этимологиясы және т.б. атауға болады.

3. Этномәдени ақпарат – жер-су атауларын қалыптастырушы этностың уәжіндегі өмір сипаты, дүниетанымы, наным-сенімі, салт-дәстүрін жатқызуға болады. Жер-су аталарындағы аңыз, мифтік оқиғалар аталған ақпарат түрін сипаттайды.

4. Ғылыми ақпарат – жер-су атауларының географиялық белгілерін, яғни физикалық, геологиялық, геоморфологиялық және т.б. ерекшеліктері, өңірдің фаунасы мен флорасын жатқызуға болады.

5. Тарихи-деректік ақпарат – атаудың қалыптасусына байланысты тарихи дерек, негізді жатқызамыз. Бұл ақпарат түріне негізінен халықтың басынан кешкен барлық тарихи оқиғалар мен кезеңдер негіз бола алады.

6. Лингвоәлеуметтік ақпарат – жер-су атауының уәжінде белгілі бір әлеуметтік топқа қатысты оқиғаның орын алуын сипаттайды. Мәселен, *Еңлік-Кебек кесенесі*, Ералы жазығы және т.б. [19, б. 36-38]. Аталған ақпараттарды негізге ала отырып, кез келген атаудың қалыптасусының сөзжасамдық-құрылымдық сипатына кешенді талдау жасауға болады. Ғалымның аталған ақпараттарына сүйене отырып, жер-су атауларының сөзжасам жүйесі тіл білімінің басқа салаларымен етене жақын, тығыз байланыста жүретіндігін аңғаруымызға болады. Атап айтқанда, жер-су атауларының сөзжасамы ең алдымен тілдің фонетика саласымен тығыз байланысты болып табылады. Себебі қандай да бір жер-су атауын жүрнақ жалғау арқылы қалыптастыруды қосымшалардың варианттылығы әрқашан үндестік заңына сәйкес жүзеге асады. Ал жүрнақ жалғау тәсіліне келгенде сөздің ең кіші бөлшегі морфемаға жалғану арқылы топонимиқаның морфологиямен байланысын аңғарамыз. Топонимиқаның лексика, морфология салаларымен байланысы топонимист ғалымдардың назарынан тыс қалмаған. Атап айтқанда, өткен ғасырдың екінші жартысының өзінде А. Әбдрахманов, Т. Жанұзақов сынды ғалымдарымыз топоним жасауда лексикалық бірліктердің, морфемалық бөлшектердің мән-мағынасын өз зерттеулерінде аша білген. Атап айтқанда, А. Әбдрахманов өзінің «Қазақстанның жер-су аттары» еңбегінде топоним жасаудың лексика-морфологиялық тәсілін анықтап, сын есімдерге географиялық термин атауларын жалғау арқылы жасалған жер-су аттарынан мысал келтіреді. Біз

зерттеуімізге арқау болып отырған Абай, Абыралы өңірінен мысал келтіретін болсақ: *Ақиоқы*, *Қарашиоқы*, *Аищыөзек*, *Ниеттәбे*, *Көксеңгір*, *Сұлушоқы*, *Майөзек*, *Суықжал*, *Аяқшат*, *Ортабұлақ*, *Тазабұлақ*, *Төсбұлақ*, *Тақырбұлақ*, *Сарыбұлақ*, *Сасықбастау*, *Қызылқұдық*, *Найзатас*, *Сарадыр*, *Тікасу*, *Аищайрық*, *Қоңырадыр* және т.б. Сондай-ақ, *Талдықұдық*, *Шиліөзек*, *Теректіасу*, *Қайыңдыкезең* тәрізді -ды, -ті, -лы жүрнақтары жалғану арқылы жасалған туынды сөздерге құдық, өзек, асу, кезең географиялық терминдерінің жалғануы арқылы жасалған атауларды да атап өтеді. Түс атауларына өсімдік атауларын қосу арқылы жасалған *Ақтогай*, *Ақши*, *Алатопан* тәрізді атаулардың және түс атауларына жан-жануар атауларын қосу арқылы *Аққозы*, *Ақторғай*, *Ақбайтал* атауларының қалыптасуы тәрізді сөзжасамның мағына, сөз табы аясындағы топонимжасам тұжырымы жайлы сипаттама береді [81, б. 219]. Жер-су атауларының өзіне тән грамматикалық сипаты, морфологиялық құрылымы, жасалу тәсілдері, сөз тудыратын формалары – бір сөзben айтқанда, грамматикалық құрылымы болатыны белгілі. Жер-су атауларының, жалпы ономастикалық категориялардың құрылышы, оның лексикалық қоры, морфологиялық құрылымы тіл ғылымында сақылы сипат береді. Абай, Абыралы өңірінің жер-су аттарын грамматикалық кешенді талдау барысында олардың барлығы дерлік қазақ тілінің сөзжасамдық жүйесіне тән лексика-грамматикалық тәсілдері арқылы жасалғандығын аңғаруға болады. Басқа да өнірлердің топонимиялық жүйесі тәрізді, Абай, Абыралы өңірі топонимдік жүйесіне де өзіндік грамматикалық жүйе мен сөзжасамдық ерекшеліктер тән болады. Олай болса, өнірлік топонимдік жүйенің грамматикалық сөзжасамық құрылымы дербес қарастырган кезде ғана өзіндік ерекшеліктері ажыратылатын сала болып саналады.

Сонымен қатар жер-су аттарының сөзжасамдық ерекшелігі жайлы сөз қозғағанда оның тіл білімінің синтаксис саласымен байланысын атап өтеміз. Фалым А. Әбдірахманов *Айғыркеткен*, *Буратиген*, *Ешкіөлген*, *Ешкітимес*, *Балажетпес*, *Айдалек*, *Адасқан* тәрізді атаулардың жасалуынан сөз тіркесі, сөйлемдік сипат беріп, сөйлем мүшелері қызметтерін танытқан [81, б. 219]. Бұдан топонимжасам жүйесінің синтаксис саласымен тығыз байланысын аңғарамыз. Топонимдердің шығу тегі, әр жаңа туынды топонимнің сөздік қордағы орны оларды тіл білімінің лексикология, этимология салаларымен байланыстыра түседі. Сонымен қатар жер-су атауларындағы тарихи-деректік, лингвоэлеуметтік, этномәдени ақпараттар топонимжасамды лингвомәдениеттану саласымен тығыз байланысқа түсіреді.

Жер-су атаулары – тіл білімінің басқа салаларымен салыстырғанда кешенді зерттеуді талап ететін ғылым. Дәстүрлі ғылымы танымда топонимика – тіл, география және тарих ғылымдарының синтезінен қалыптасқан ғылым саласы деп тану ежелден қалыптасқан тұжырым. Дегенмен де, қазіргі таңда жер-су атауларын қарастыратын ғылым салалары тармақталып, жер-су атауларының табиғатын ашу мақсатында жан-жақты зерделене бастады. Лингвистикалық тұрғыдан алғанда жер-су атауларының лексикографиялық қырлары, этимологиясы, сөзжасамдық-құрылымдық сипаты, ұлттық танымдық

негіздері зерттелсө, мәдениеттануда жер-су атаулары ұлттық мәдени фактор ретінде айшықталады. Тарих ғылымында жер-су атаулары тарихи кезеңмен, тарихи оқиғалармен байланысты қарастырылады. География ғылымы жер-су атауларының геоморфологиялық, геологиялық, ландшафтық қырын анықтайды. Қазіргі жаһандану деңгейінде жаңа ғылым салаларының пайда болуымен жер-су атаулары лингвомәдениеттану, психолингвистика, компьютерлік лингвистика, корпустық лингвистика тәрізді тіл білімі салаларының да зерттеулеріне іліне бастады.

Жер-су атауларын қалыптастыруда белгілі бір жүйеге, әдіс-тәсілдерге бағынуымыз – зандылық. Жалпы қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде жаңа сөз тудырудың қалыптасқан тәсілдері бар екені белгілі. Оларға:

- синтетикалық тәсіл – жұрнақ жалғау арқылы жаңа сөз тудыру тәсілі. Синтетикалық тәсіл арқылы жаңа сөз жасауда екі бірлік қызмет атқарады: 1) лексикалық мағынаға ие сөз және 2) сөз турдырушы жұрнақ;
- аналитикалық тәсіл – бірнеше дербес лексикалық мағынаға ие сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі арқылы жаңа лексикалық мағынаның туындауы;
- лексика-семантикалық тәсіл – бұл тәсіл арқылы сөздің жаңа мағынаға ауысына байланысты сөз бір сөз табынан екінші сөз табына көшеді, оны тіл ғылымында конверсия деп атайды. Конверсия тәсілі арқылы жаңа лексикалық мағынаның тууы – жиі кездесетін тәсіл. Сөздің жаңа лексикалық мағынаға ие болуы, сол арқылы басқа сөз табына көшуі әр түрлі жолдармен жасалады. Мәселен, солардың бірі – тіл ғылымда заттану (субстантивация) деп аталды. Ал заттану – көп жағдайда ықшамдау зандылығына байланысты жүзеге асатын құбылыс. Мысалы: *Аппақ* (сын есімнен зат есімге өтті) – қыстау аты, *Балпаң* (сын есімнен зат есім атауына көшті) – жер аты, *Былқылдақ* (сын есім сөз табынан зат есімге ойысты) – ежелгі қоныс, *Еспе* (сын есімнен зат есімге өтті) – жер аты [128]. Кей ғалымдар аталған тәсілдерді жұрнақ тәсілі, мағына тәсілі және күрделендіру тәсілі деп те атайды [16, б. 31]. Жер-су атауларының сөзжасамдық-құрылымдық сипатын анықтауда жоғарыда аталған сөзжасамдық тәсілдерді пайдалану ұтымды болары сөзсіз. Мұнымен қоса сөзжасамдық құрылым жайлы сөз еткенде, «сөзжасамдық құрылым сөзжасамдық тәсіл арқылы жүзеге асатын номинация үдерісінің көрінісі» деген тұжырым жасайды ғалым Е. Кубрякова [129].

Жалпы алғанда сөзжасамдық құрылым қалыптасу үшін оның сөзжасамдық белгілері тұтас болуы шарт. Сөзжасам саласын зерттеуші ғалымдар оның үш белгісін атап өтеді [124, б. 14-17]. Ал ғалым Б. Қасым сөзжасамдық құрылым қалыптастырудың белгілері ретінде 1. Негізгі сөздің сөз табы. 2. Негіз сөз бен туынды сөздің мағыналық қатынасы. 3. Сөзжасам тәсілінің бірлігін атап, белгілерді атап өтеді [117, б. 97]. Бұл аталған белгілер жер-су аттарын қалыптастырудың сөзжасамдық-құрылымдық негізін құрайды. Мәселен, Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларының мысалында қарайтын болсақ, *Арқарлы*, *Аршалы*, *Бақалы*, *Бөрілі*, *Бұғылды*, *Егінді*, *Жыланды*, *Жосалы*, *Керішті*, *Кіндікті*, *Қайрақты*, *Қарағайлы*, *Қоянды*, *Құмырсқалы*, *Миялы*, *Молалы* тәрізді атаулардың барлығы бір топонимжасамдық құрылымға жататын

жер-су атаулары болып табылады. Себебі жоғарыда аталған атаулардың кұрамындағы *арқар*, *арша*, *бақа*, *бөрі*, *бұғы*, *егін*, *жылан*, *жоса*, *көріш*, *кіндік*, *қайрақ*, *қарағай*, *қоян*, *құмырсқа*, *мия*, *мола* тәрізді лексикалық мағыналар бір топонимжасамдық құрылымға, яғни бір зат есім сөз табына жатады. Белгілі бір аймақ, өнір жер-су атауларының сөзжасамдық-құрылымдық сипатын анықтау үшін топонимикалық жүйені қалыптастыру қажет. Бұл тұрғыдан келгенде, тарапымыздың зерттеу жұмысымызға арқау болған дерек көздерінен Абай, Абыралы өнірінің жер-су атаулары сөздігін қалыптастырдық.

Сөзжасамдық белгілердің екінші түріне сәйкес негіз сөз беру түсінды сөздің арасында мағыналық байланыстың болуы жатады. Бұл тұрғыдан келгенде, жер-су атауларының қазіргі жай-күйінен кей жағдайда өзгеріс, сәйкессіздік байқаймыз. Себебі бұл сөзжасамдық белгі жер-су атауының қалыптасу кезеңінде сөзжасамдық талапқа сай болғанымен, уақыт өрнегінде физикалық-географиялық ерекшеліктердің өзгеруі салдарынан атаудың қазіргі географиялық ерекшелікке сәйкес келмеуі әбден мүмкін. Бұл құбылыс барлық жер-су атауларында орын алуды ықтимал. Өйткені әр топонимдік атауда уақыт ізі болады.

Жер-су атауларының сөзжасамдық-құрылымдық сипатының үшінші белгісі – ортақ сөзжасамдық тәсіл. Яғни жоғарыда аталған жер-су атаулары зат есім сөз табынан болған негіз, уәж сөзге -лы, -ды, -ты жүрнақтарының жалғануы арқылы жасалған. Олай болса, Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларының құрамында зат есім сөз табынан болған уәж сөздерге -лы, -ды, -ты қосыншаларының жалғанып, синтетикалық тәсіл арқылы қалыптасқан *Арқарлы*, *Аришалы*, *Бақалы*, *Бөрілі*, *Бұғылы*, *Егінді*, *Жыланды*, *Жосалы*, *Керішті*, т.б. жер-су атауларының тізбесін бір сөзжасамдық-құрылымдық сипатқа ие атаулар деген қорытынды жасауға болады.

Сондай-ақ, Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларының құрамында -ған, -ген, -қан, -кен өткен шақ мағынасындағы есімше тұлғасы жалғанып, топонимдік құрылым қалыптастыратын атаулар да жоқ емес. Мысалы: *Айғыркеткен*, *Балакеткен*, *Бурагиен*, *Күлтөккен*, *Қабанатқан*, *Қодарқұлаған*, *Тесітшыққан*, *Киікқашқан*, *Шорқашқан* және т.б. Бір қараганда бұл атауларды бір сөзжасамдық құрылымның аясында көре аламыз. Алайда, тереңірек мағыналық тұрғыдан қарастырғанымызда өзіндік айырмашылтыарды аңғарамыз. А. Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі (морфология)» атты монографиялық еңбегінде «1. Есімшениң өткен шақ түрі етістік негізіне -ған (-ген -кан, -кен) жүрнағы жалғану арқылы жасалады. а) -ған жүрнағы арқылы жасалған форма, сөйлемнің қай орнында қалай түрлендіріліп жүмсалса да және құрылымы жалаң я күрделі түрде қолданылса да, дәйім өткен шақ мәнін білдіреді» деп сипатталады [130]. Бұдан байқайтынымыз, ең алдымен, құрылымдық сипатында есімшениң -ған, -ген тұлғасында келген жер-су аттары синтетикалық тәсіл арқылы жасалмаған атаулар. Олардың құрылымы одан күрделі болып табылады. Өйткені ғалымның айтуына қарағанда, -ған, -ген есімше тұлғалары – сөйлем ішінде бір тұтас өткен шақтық грамматикалық мағына үстейтін форма. Олай болса, *Айғыркеткен* атауы – айғыр ағып кеткен

су, *Балакеткен* – бала құлап кеткен жар, *Буратиген* – Бура руының аяғы тиген жер, *Құлтөккен* – құл төккен жер, *Қабанатқан* – қабан атқан жер, *Қодарқұлаган* – Қодар құлап өлген жер, *Тесіпшыққан* – тесіп шыққан су, *Киікқашқан* – киік қашқан жер, *Шорқашқан* – Шор қашқан жер деген құрделі тіркестерден ықшамдалған атаулар болып табылады. Аталған атаулардың ішінде бұл сөзжасамдық-құрылымға сәйкес келмейтіні *Тесіпшыққан* атауы болып табылады. Өйткені басқа атаулардың барлығының дерлік негіздері *айғыр*, *бала*, *Бура*, *кул*, *қабан*, *Қодар*, *киік* сөздері кім? не? деген сұраққа жауап беретін зат есім атаулар болып саналады. Жасалу жолдарына келетін болсақ, келтірілген атаулардың барлығы зат есім және есімше тұлғалы етістік негіздердің бірігуі арқылы жасалған. Сондай-ақ, есімше тұлғалы етістіктерден кейін келетін анықтауыштық атаулар топоним жасауда ықшамдау мақсатында түсірілген. Осындай құрделі құрылымда ортақ белгілерге ие атаулар Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларын қалыптастырудың ортақ негізден жаңа атаулар қалыптастырады.

Топонимдердің сөзжасамдық қасиеттерін зерттеуші Ж. Бұғыбаева есімше тұлғалы құрделі типтегі атауларды төмендегідей жіктейді:

1-үлгі: Зат есім, мал атаулары мағыналық тобы және -ған/-ген, -қан/-кен есімше жүрнағы тұлғасындағы етістік. Мысалы, *Ешкіөлген*, *Айғыркеткен*, *Киікқашқан*, *Қабанатқан* т.б.

2-үлгі: Зат атаулары және -ған/-ген, -қан/-кен есімше жүрнағы тұлғасындағы етістік. Мысалы, *Құлтөккен*, *Балакеткен* т.б.

3-үлгі: Сын есімдердің және -ған/-ген, -қан/-кен есімше жүрнағы тұлғасындағы етістікпен бірігуі [16, б. 51]. Бұл түр Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларының құрамында орын алмайды. Алайда, Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларында зат есім, соның ішінде жалқы есімдер және -ған/-ген, -қан/-кен есімше жүрнағы тұлғасындағы етістік. Мысалы, *Буратиген*, *Шорқашқан* т.б. үлгісі кездеседі.

Абай, Абыралы өнірі жер-су атаулары сөзжасамдық-құрылымдық сипаты бойынша құрамындағы лексикалық мағыналардың санына қарай дара, және құрделі болып ажыратылады. Қос құрамды және көп құрамды атаулар құрделі топонимдерге жатады. Олай болса, қазақ тілінің сөзжасамдық жүйесіндегі сөзжасам занылыштарына сәйкес өнір жер-су атаулары дара және құрделі деген үлкен екі топқа бөлінеді. Бұл сөзжасамдық-құрылымдық ерекшелік түркі тілдерінің барлығына тән болып табылады. Дара топонимдер тұлғасына қарай негізгі және туынды болып екіге бөлінеді. Құрделі жер-су атаулары да біріккен және тіркесті болып екіге ажыратылады.

Негізгі топонимдер әдетте түбір тұлғалы бір компоненттен тұрады да, негізінен жалпы есімді апеллятивтерден жасалып, қосымшасыз келеді. Дара топонимдер тілдік занылыштарға, оның нормасына сәйкес, тілімізде ежелден қалыптасқан дәстүрлі жолмен жасалып отырады.

Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларының ішінде негізгі топонимдерге бір ғана түбір сөзден жасалған атауларды жатқызамыз. Бұл жайында Орталық Қазақстанның жер-су атауларын зерттеген ғалым Т. Жанұзақ «Орталық

Қазастан топонимдері де құрылымдық типтеріне қарай: дара, біріккен тұлғалы және көпқұрамды бол үшке бөлінеді. Алайда құрамына қарай кейде екі топқа бөліп: толық құрамды атаулар – дара тұлғалы және күрделі тұлғалы топонимдер деп атайды» [82, б. 78], деген тұжырым жасап, Орталық Қазақстан жер-су атауларын аталған kontekste қарастырады. Батыс Қазақстан жер-су атауларын кешенді талдаған зерттеуші Ұ. Ержанова «Негізгі топонимдер әдетте түбір тұлғалы бір компоненттен тұрады да, негізінен жалпы есімді апеллятивтерден жасалып, қосымшасыз келеді», [12, б. 39] дей келе, дара топонимдердің ежелден келе жатқан тілдік занылықтар мен нормаларға сәйкес дәстүрлі жолмен жасалатындығын тілге тиек етеді. Дара топонимдерге Абай ауданы жер-су атауларынан *Бақа*, *Қона*, *Қос*, *Мес*, *Өзек*, *Сага*, *Тай*, *Тогай*, *Тоган*, *Шет* және т.б. тәрізді мысалдар келтіруге болады. Ал Абыралы өнірі дара топонимдерінен *Алып*, *Атан*, *Дің*, *Мая*, *Саз* және т.б. тәрізді мысалдарды кездестіреміз. Жинақталған тілдік материалдарға сүйене отырып, сөз болып отырған өнір жер-су атауларында топонимдердің басқа тұрлеріне қарағанда дара топонимдер анағұрлым сирек кездесетінін атап өткен жөн.

Абай, Абыралы өнірлері жер-су атауларының біраз бөлігін туынды дара топонимдер құрайды. Яғни туынды дара топоним дегеніміз сөз тудыруши қосымшаның негізгі түбірге жалғану арқылы жаңа жер-су атауының қалыптасуы. Бұл жағдайда туынды дара топоним түбір сөз бен сөз тудыруши қосымшадан құралады. Мысалы, Абай ауданы бойынша: *Тікенекті*, *Обалы*, *Қоғалы*, *Милы*, *Қоянды*, *Қарагайлы*, *Кіндікті*, *Жыланды*, *Бұғылы*, *Бөрілі*, *Бекениші*, *Балықты*, *Аршалы*, *Арқарлы* және т.б.; Абыралы ауылдық округі бойынша: *Кіндікті*, *Жалаулы*, *Борлы*, *Аршалы*, *Арқарлы* және т.б. Келтірілген мысалдар шекаралас жақтан екі өнір жер-су атаулары болғандықтан, екі өнірде де жер-су атауы ретінде кездесетінгін байқауға болады. Бұдан жер-су атауларын қалыптастыру принципі аудандар, өнірлер, облыстар бойынша көп жағдайда ортақ болатындығы анғарылады. Мысалдардағы туынды дара топонимдер -ды/-ді, -ты/-ті, -лы/-лі және -шы/-ші журнақтары арқылы қалыптасқан. Сондай-ақ, -ақ, -ек, -ық, -ік, -қ, -к қосымшалары арқылы жасалған *Бойлауық* атауы кездеседі; -ар, -ер, -р, -с қосымшалары бойынша *Жасар* атауын атап өтуге болады; -ма, -ме, -па, -пе, -ба, -бе қосымшалары арқылы қалыптасқан *Жайма*, *Қашама*, *Опрылма* атауларын атап өтуге болады.

Жалпы алғанда туынды жер-су атауын қалыптастыратын қосымшалар қазақ тілі білімінде көп болмайды. Олардың арасында топоним жасауда сирек кездесетін, мағынасы көмексіленген, қазіргі топоним жасауда өнімді болып табылатын қосымшалар да кездеседі. Жер-су атаулары құрамындағы қосымшалар саны жағынан аз болғанына қарамастан, күнделікті қолданысы жағынан тіл тілден басқа қосымшалармен салыстырғанда анағұрлым өнімді болып табылады. Себебі өнірдің күнделікті тірлігінде жергілікті халық арасында атаулардың аталу жиілігінде шек болмайды.

Кез келген өнір жер-су атауларының тілдік ерекшеліктерін қарастырғанда қосымша арқылы топоним қалыптастырудың маңызы зор. Мысалы, Орталық Қазақстан жер-су атауларында туынды дара топонимдер 35%-ды құрап, көп

жағдайда -лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік қосымшалары топоним жасаушы ең өнімді қосымшалар болып есептеледі [82, б. 78]. Ал Ұ. Ержанованаң зерттеулері бойынша «Батыс Қазақстан топонимиялық жүйесінде туынды топонимдер жасауда ерекше қызмет атқаратын аффикстер қатарына тәмендегі қосымшаларды жатқызуға болады: 1) -ты,-ті, -лы, -лі, -ды, -ді; 2) -ыі, -ік,-і; 3) -ма, -ме; 4) -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік; 5) -шы, -ші; 6) -лай, -лей, -дай, -дей, -тай, -тей; 7) -р, -ар, -ер; 8) -ыл, -іл, -л; 9) -ақ, -ек, -к» [12, б. 40]. Шығыс Қазақстан жер-су атауларының топоним жасаушы өнімді жұрнақтар қатарына 1) -ды/-ді, -ты/-ті, -лы/-лі; 2) -шы/-ші, 3) лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік; 4) -лай, -лей, -дай, -дей, -тай, -тей, 5) -ған/-ген, -қан/-кен қосымшалары жатады [131], [22, б.121]. Түркітанушы-ғалым Э.В. Севортян сөз тудыруши қосымшаларды атау құрамында атқаратын қызметіне сәйкес көне, жаңа, мономорфемді, полиморфемді, өнімді, өнімсіз жұрнақтар деп топтастыра отырып, «сөз тудыруши формалар өздерінің жалпылық сипатына қарамастан, түркі тілдерінде шектеулі қолданыста болады» [132], деп атап өтеді.

Абай облысының Абай ауданы мен Абыралы округінің туынды дара топонимдері саны жалпы жер-су атауларының шамамен 10%-ын құрайды. Өнір топонимикасында жоғарыда аталып өткендей, 1) -ды/-ді, -ты/-ті, -лы/-лі; 2) -шы/-ші топоним жасаушы қосымшалары ең өнімді болып табылады. Сонымен қатар құранды топонимдер құрамында келіп, топоним жасауға әсер ететін қосымшалар да жоқ емес. Олардың сипаттамасы ілгеріде қарастырылады.

Туынды дара топонимдердің жасалу жолы жайлы сөз еткенде Ұ. Ержанова, К. Каймулдина, А. Әлімхан, Б. Бияров зерттеушілр олардың бірнеше тәсіл арқылы жасалатындығын тілге тиек өтеді. Аталған тәсілдердің арасында қазақ тілінде ежелден қалыптасқан сөзге қосымша жалғану арқылы жаңа сөз қалыптастыратын синтетикалық тәсіл және туынды топоним қалптастыруда тілдің басқа салаларында көп кездесе бермейтін топонимизация, трансонимизация және транстопонимизация тәсілдері орын алады. Б. Бияровтың тұжырымы бойынша туынды жер-су атауларының бір тобы жоғарыда аталған топонимизация, трансонимизация және транстопонимизация тәсілдері арқылы жасалады [131, б. 460].

Топонимизация тәсілі дегеніміз – белгілі бір географиялық терминнің ешбір қосымшасыз топонимдерге айналуы. Бұл тәсіл арқылы жасалған жер-су атауларына Абай, Абыралы өңірлерінен мынадай мысал келтіруге болады: *Әзек* – Абай ауданының Архат ауылдық округіне қарасты екі таудың арасындағы кішірек сый, *Саға* – Абай ауданының Құндызы ауылдық округіне қарасты өзен атау, *Қона* – Абай ауданының Архат ауылдық округіне қарасты тау, *Саз* – Абыралы округіне қарасты қоныс атауы. Мысалдардан аңғарғанымыздай, топонимизация тәсілімен жасалған жер-су атаулары бір-бірімен синонимдес болып келіп, сөз болып отырған өңір шенберінде де басқа атауларда да қайталанып кездесіп отырады.

Трансонимизация дегеніміз – атаудың белгілі бір қатардан басқа атаулар қатарына ауысыу [62, б. 12]. Бұған адам аттарының (антропоним) ешбір қосымшасыз топонимдерге айналуын жатқызуға болады. Бұл тәсіл арқылы

қалыптасқан топонимдер Абай, Абыралы өңірлерінің негізгі бөлігін, яғни шамамен 70%-ын құрайды. Мысалы Абай ауданы бойынша: *Абыралы, Ағали, Айбала, Айтұған, Ақметбек, Ақылбай, Әбек, Әбліпейіс, Әзберген, Әзмаганбет, Әзімбай, Бозамбай, Базаралы, Байбол, Бейілхан, Берікбай, Тазабек, Көкбай, Ақымбет, Алшынбай, Есқожа, Зұлгарыш, Нұрлан, Тоқтамыс, Шыңғыстау, Ескене, Жексен, т.б.*; Абыралы өңірі бойынша: *Абай, Абыралы, Ералы, Медеу, Нұрбике, Отарбай, Өтебай, Сақбай, Қасымбек Көшекбай, Кешубай*, т.б. Трансонимизация тәсілі арқылы жасалған атаулар топонимика ғылымында антропотопонимдер деп аталады. Аталған тәсіл көп жағдайда өнірлік микротопонимдер қалыптастырады. Бұнымен бірге антропонимдер күрделі құранды топонимдердің сыңары ретінде де қолданылатынын ескере отырып, трансонимизация тәсілі өңір жер-су атауларын қалыптастыруда ең өнімді тәсіл деп атауға болады. Адам есімдерінің жер-су атауларына, немесе жер-су атауларының адам атына берілу құбылысы - ертеден келе жатқан лингвистикалық және тарихи-этнографиялық құбылыс. Демек, тіл ғылымында ڈл тілдің даму процесінің бір көрінісі болып табылады.

Транстопонимизация дегеніміз жер-су атауының бір түрінің екіншісіне ауысуы [62, б. 12]. Аталған тәсіл түрі Абай, Абыралы өңірлерінде көптең кездеседі. Мысалы: *Айбұлақ – Тоқтамыс* а.о.: 1) бұлақ атауы, гидроним; 2) қоныс, қыстау, ойконим; *Ақбастау – Архат* а.о.: 1) бұлақ атауы, гидроним; 2) қыстау, ойконим; *Аққұдық – Тоқтамыс* а.о.: 1) құдық атауы, гидроним; 2) қыстау, ойконим; *Қасқабұлақ – Қасқабұлақ* а.о.: 1) өзен атауы, гидроним; 2) елді мекен, ойконим; *Тентекқызы – Архат* а.о.: 1) өзен атауы, гидроним; 2) тау, ороним; *Тесіпшықкан – Қасқабұлақ* а.о.: 1) бұлақ, гидроним; 2) елді мекен, ойконим. Бұндай жер-су атаулардарға көптең мысал келтіре беруге болады.

Абай, Абыралы өңірі күрделі топонимдерін ең алдымен *біріккен* және *тіркесті* топонимдер деп ажыратуға болады. Біріккен топонимдерге көмендегідей мысал келтіруге болады: *Айғыркеткен, Айнабұлақ, Ақбайтал, Ақбастау, Ақбиік, Ақбұлақ, Ақеспе, Ақжасал, Аққия, Ақирек, Ақкора, Аққұдық, Ақөзек, Ақтас, Ақтөбе, Ақшиокы, Алтын, Араптөбе, Итжон, Көксенгір, Көлқайнар, Күйметас, Қайрақты, Қарауыл, Сасықбастау, Серектас, Үйтас* және т.б.; Абай, Абыралы өңірі жер-су атаулары арасында көбірек қолданылатыны осы біріккен күрделі топонимдер болып табылады. Тіркесті күрделі топонимдерге: *Абай ауданы, Абай бұлагы, Абай Қасқабұлагы, Ағыбай қорасы, Актінің басы, Ақбайтал асуы, Ақметбек қорасы, Ақтанбек күзегі, Ақылбай қыстауы, Ақылбайдың тасбастауы, Аналар мазары, Араптөбе қыстауы, Арқалық кезеңі, Аршалы жартасы, Әйгерім бұлагы, Әлібек бұлагы, Әлім сайы, Әннеттің ақшиі, Әннеттің қызылшоқысы, Әшім бұлагы, Әтей білгі, Бабаң басы, Бабахан қырманы, Бажек адыры, Базаралы кесенесі, Байқошқар өзені, Бақай бұлагы, Балашақпақ жайлалауы, Балтаның тасқұдығы, Боқтының көлі, Жұніс бұлагы, Жылы сай, Жексенай жырасы, Зұлгарыш қыстауы, Абай, Шәкәрім кесенесі, Абай – Ділдә қыстауы, Ағыбайдың ақ біті, Абыралы Қажының біті, Айпара Ана мазары, Айтұған қажының зираты, Ақтанберді*

Жырау мазары, Алаш Қозыбагаровтың зираты, Алтын шайған орын, Арап болыс күмбезі, Арқат – Бұрқат таулары, Ақиетбек қыстау орны, Аяған – Үбігали қыстауы, Әлмағанбеттің қара бұлагы, Әнет баба ескерткіші, Әулие Қалыбай асуы, Байтүгел Әулиенің күмбезі, Бақай батырдың бұлагы және т.б. мысалдар келтіре беруге болады. Тіркесті күрделі топонимдер алдыңғыға қарағанда сирек қолданыс табады.

Біріккен күрделі топонимдер толық мағыналы екі сөздің бірігуі арқылы қалыптасады. Бұл атаулардың дара топонимдерден айырмашылығы - құрамының күрделілігі, сыңарларының семантикалық сипаты. Әуел баста толық мағыналы жеке сөздерден қалыптасқанына қарамастан, біріккен күрделі топонимдер ғасырлар еншісінде өзара ажыратуға келмейтін, біртұтас лексикалық мағынасы бар сөздерге айналған. Мысалы: *Ақтогай, Ақши, Ақшиайрық, Арнаши, Аришалы, Аришалы жартасы, Бидайық, Бидайық қазы, Жалғызқайың, Жанай қараганы, Келте ши, Кішіқараган, Қайыңды кезең, Қаламтырлы бұлақ, Қанай қараганы, Карагаш, Карагайлы, Караганайрық, Карагандыөзек, Қосағаш, Қызылағаш, Қызылышілік, Майқараган, Ортақараган, Саргалдақ, Сарымсақты, Талдыбұлақ, Талдықұдық, Теректі асуы, Терең сай, Тогай, Шиліөзек, Шиліапан, Ши бойы, Шөптікөл, Иірсайкөл* және т.б. Біріккен күрделі топонимдердің мамұзнына сәйкес атап өтетін ерекшеліктердің бірі – бір сыңары ұлттық географиялық терминдермен берілуі. Кейбір зерттеушілер топонимикада аталған ерекшелікке байланысты біріккен топонимдердің құрамында топоним жасауға қатысатын географиялық терминдерді топоформанттар деп атайды.

Сөзжасамдық әдіс-тәсілдерінің жалпы заңдылықтарына сәйкес жоғарыда сипатталған жер-су атаулары сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі арқылы қалыптасқан. Сондай-ақ, топонимизация, трансонимизация және транстопонимизация тәсілдерін конверсия құбылысының бір түрі ретінде де қарастыруға болады. Аталған тәсілдердің өнір жер-су атауларын қалыптастыруда жи қолданылуы олардың бүгінгі топонимиялық жүйеде толық орныққандығын аңғартады.

3.2 Жер-су атауларының детерминанттық және топоформанттық құрамы

«Әрбір сөздің өзіне тән тұлға-тұрпаты болады. Сол тұлға-тұрпаттың арқасында әрбір сөз бір бүтін тұлға (единица) ретінде қызмет етеді. Ал, сөздің тұлға-тұрпаты (құрылымы) оның лексикалық және грамматикалық сипаттарымен байланысты. Осы себептен сөздер морфологиялық құрылышы жағынан әр қылы болып келеді» [130, б. 23], деп тұжырымдайды ғалым А. Ысқақов. Ал тілші-ғалым С. Исаев болса «Жаңа сөз тудыру процесінде қосымшалардың атқаратын рөлі зор. Бұл қасиет түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің де дамуында үлкен орын алғып келгені аян», [133] деп құрамы түбір және сөз турдырушы қосымшадан тұратын сөздер жайлы пікір айтады. Олай болса, жер-су атаулары да сөздік қорымыздың бір бөлшегі болғандықтан, құрамы жағынан әрқылды болып келуі орынды болып табылады. Топонимист

ғалым Т. Жанұзақов жер-су атауларын құрамына қарай анықтауыш және есім конструкциялы топонимдер деп екі үлкен топқа бөліп қарастырады. Есім конструкциялы атауларды өз ішінен 7 топқа бөліп қарастырады. Атап айтқанда, зерттеуші: 1) құрамына сан есімдер қатысқан тіркесті топонимдер; 2) құрамында үш есім сөздің бірінші анықтауыш, екіншісі ұқсату, балау мәніндегі есім сөз, ал үшіншісі атау тұлғалы зат есім ретінде келетін конструкциялы топонимдер; 4) құрамында сан есім тәуелдік жалғауында келіп, үш сөзден тіркесе жасалған топонимдер; 5) үш есім сөздің бірінші сыңары сан есімнен келетін конструкция; 6) предикативті және анықтауышы синтаксистік қатыстағы конструкция; 7) үш төрт құрамды синтаксистік тоопонимдік конструкция деп топонимдерді құрамына қарай топтастырады. Осылайша, топонимдерді құрмына қарай ажырату арқылы ғалым анықтауышты, тәуелдікті, предикативті, сандық және ұқсату, балау тәрізді топонимдердегі синтаксистік қатынастарды анықтайды [82, б. 88]. Ал зерттеуші Ж. Бұғыбаева жер-су атауларының морфологиялық құрамы жайында «Тіркесті топонимдердің сыңарлары негізгі түбір, туынды түбір сөздерден болады. Зат есім негізді тіркесті топонимдердің құрамында жалқы есімдер мен жалпы есімдер тіркесе береді. Жалпы есімдер негізінен елді мекен, жер-суға байланысты appellativter» [16, б. 99], деген тұжырым жасайды.

Қазіргі қазақ тіл білімінде сөздің морфологиялық құрамы М. Балақаев, И. Кеңесбаев, А. Ысқақов, С. Исаевтан басап, кейін келе, Н. Оралбаева, А. Қалыбаева, Б. Момынова және т.б. тілші-зерттеушілердің зерттеу нысанасында болған еді. А. Ысқақовтың «Тіліміздегі сөздер морфологиялық құрамы жағынан біркелкі емес, әртүрлі. Сөздердің ішінде жалаң түбір сөздер де, жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздер де бар. Бұл тұлғалармен қатар, екі түбірден береккен сөздер де, екі түбірден қосарланып жасалған сөздер де, бірнеше түбердің тіркесуі арқылы құрама сөздер де, бірнеше түбірден қысқарып құралған сөздер де бар» [130, б. 84] деген тұжырымына сәйкес, қазіргі қазақ тіліндегі сөздер құрамына қарай дара және құрделі, дара сөздер негізгі және туынды болып ажыратылса, құрделі сөздер қосарланған, біріккен, тіркесті, қысқарған болып жіктеледі. Осыған сейкес, Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларын құрамына қарай дара және құрделі, дара жер-су атауларын негізгі және туынды, құрделі топонимдерді өз алдына қос құрамды және көп құрамды деп ажыраттық.

Абай, Абыралы өніріндегі жер-су атаулары құрделі сөзжасамдық сипаттары бар тілдік бірліктер екені белгілі. Атаулардың сөзжасамдық сипатынан бөлек құрделі морфологиялық құрамы бар. Абай, Абыралы өніріндегі жер-су атауларында сөзден, яғни *bir ғана компоненттен* құралған атаулар, екі сөзден немесе *екі компоненттен* қалыптасқан атаулар, үш не одан да көп сөзден жасалған *көп компонентті* атаулар оры алады. Сондай-ақ, топонимдердің құрамындағы сөз санына қарамастан, атауларда қосымшлы сөздердің тіркесі, географиялық терминдердің тіркесі де көптеп кездеседі.

Абай, Абыралы өңіріндегі бір компонентті жер-су атаулары құрамы жағынан бір сөзден қалпастасқанына қарамастан, өте күрделі болып келеді. Бір компонентті атауларға негізгі, туынды атаулар, біріккен күрделі атаулар, біріккен құранды атауларды жатқызуға болады. Мысалы: *Абуйіrbай*, *Абыrbай*, *Адасқан*, *Айбала*, *Айбейіт*, *Айбек*, *Айбұлақ*, *Айдақел*, *Айдарбай*, *Айғыркеткен*, *Айнабұлақ*, *Айрық*, *Айтқазы*, *Айтұған*, *Ақбайтал*, *Ақбай*, *Ақбастау*, *Ақбиік*, *Ақбұлақ*, *Ақеспе*, *Ақжасал*, *Ақжия*, *Ақирек*, *Аққора*, *Аққұдық*, *Ақөзек*, *Ақтас*, *Ақтөбе*, *Ақшиоқы*, *Алтын*, *Аралтөбе*, *Арай*, *Арап*, *Арқалық*, *Арқат*, *Әбек*, *Әбілпейіс*, *Әділ*, *Әмзе*, *Әзімбай*, *Әтей*, *Байзара*, *Байбол*, *Байқошқар*, *Байрақым*, *Бақанас*, *Бөрілі*, *Есенбай*, *Еспе*, *Жайма*, *Жалпақ*, *Жасар*, *Жидебай*, *Жыланды*, *Зұлпатаң*, *Итжон*, *Кәжік*, *Көксенігір*, *Көлқайнар*, *Күйметас*, *Қайрақты*, *Қарауыл*, *Қақабай*, *Қанай*, *Пұшарбай*, *Сага*, *Садыр*, *Садықан*, *Сасықбастау*, *Серектас*, *Үйсінбай*, *Үйтас*, *Шаған* және т.б. Бұл келтірілген мысалдарға жеке жеке тоқталуға болады. Абай, Абыралы өңірінің тілдік материалдарын негізге ала отырып, бір компонентті атауларды адам аттарынан жасалған бір компонентті атаулар, географиялық терминдерден жасалған бір компонентті атаулар, біріккен күрделі бір компонентті атаулар, синтетикалық тәсіл арқылы жасалға туынды бір компонентті атаулар деп топтастырудық.

Адам аттарынан (антропоним) жасалған бір компонентті атаулар Абай, Абыралы өңірі жер-су атауларының негізгі бөлігін құрайды. Бұны өңірдің негізі ерекшелігі деп атаса да болады. Бұл ерекшелікті Абай, Абыралы өңірінде орын алған тарихи оқиғалармен де байланыстыруға болады. Жоғарыда атап өткеніміздей, өнір халқы көптеген тарихи оқиғаларды басынан кешірді. Жоңғар шапқыншылығы, халықтың атажұртын тастап, онтүстікке қарай ығысуы, кейін жоңғарлардан азат етілген туған жеріне келгенде ол жерлерді басқа рутайпаның жайлауы, жер үшін өзара құрес тәрізді оқиғалар жергілікті халыққа туған жерді мәнгілікке таңбалап, өздеріне тиесілі ету үшін мақсатты түрде жасалған әрекеттердің бірі – жер-су аттарына кісі есімдерін беру. Абай, Абыралы өңірлерінде бір компонентті адам аттарынан жасалған атаулардың орын алуды жалпы антропотопонимдердің санының 70%-ын құрайды. Мысалы: *Абыралы*, *Агали*, *Айбала*, *Айтұған*, *Ақметбек*, *Ақылбай*, *Әбек*, *Әбілпейіс*, *Әзберген*, *Әзмәганбет*, *Әзімбай*, *Бозамбай*, *Базаралы*, *Байбол*, *Бейілхан*, *Беріkbай*, *Тазабек*, *Көкбай*, *Ақымбет*, *Алиынбай*, *Ералы*, *Есқожса*, *Зұлгарыш*, *Нұрлан*, *Тоқтамыс*, *Шыңғыстау*, *Ескене*, *Жексен*, *Абай*, *Медеу*, *Әтей*, *Байел*, *Көпбәкен*, *Қойсары*, *Төртқара*, *Даданды* және т.б. көпген бір компонентті адам атынан жасалған атауларды Абай ауданынан кездестіруге болады. Сондай-ақ, *Абыралы*, *Абдолла*, *Айбас*, *Айтжан*, *Айым*, *Ақшабай*, *Байарыстан*, *Байдәулет*, *Байсейіт*, *Байқошқар*, *Бегалы*, *Бегалин*, *Бейсенжал*, *Берікқара*, *Дәүлен*, *Дәuletбай*, *Егібай*, *Есенгара*, *Жанқара*, *Жолан*, *Келдібай*, *Калинин*, *Кешубай*, *Көшекбай*, *Қамбар*, *Қобыланды*, *Қожақай*, *Құрманәлі*, *Мансұр*, *Майлышара*, *Мырзакелді*, *Мұздыбай*, *Нұрбике*, *Омар қыстауы*, *Отарбай*, *Өтебай*, *Сақбай*, *Сенкібай* қажы, *Сүлеймен*, *Теңізбай*, *Тоқай*, *Төкенсу*, *Тұлкібай*, *Үкіжсан*, *Хамза*, *Шабас*, *Шәден*, *Шәніке*, *Шәүке*, *Шорабай*, *Шоқыбай*, *Ынтықбек* және т.б.

атауларды Абыралы өңірінен кездестіреміз. Өнірлердің қалған 30% антропонимдерін көп компонентті атаулар құрайды.

Абай, Абыралы өңірі жер-су атауларында географиялық терминдерден жасалған бір компонентті атаулар да кездеседі. Яғни жердің бедерін, физикалық-географиялық ерекшеліктерін сипаттай келе, жердің осы ерекше белгілісіне байланысты географиялық терминдер топонимизация арқылы жер-су атауларының атына ойысады. Сонымен қатар құрделі біріккен атаулардың құрамында да географиялық терминдер орын алады. Олай болса, географиялық терминдерден жасалған бір компонентті атаулар өз ішінен, тек географиялық терминдерден қалыптасқан және біріккен құрделі атаудың құрамында топоформант ретінде келетін бір компонентті атаулар деп ажыратуға болады. Абай, Абыралы өңірлерінен географиялық терминдерден қалыптасқан атауларға *Өзек*, *Сага*, *Қона*, *Тоган*, *Саз* және т.б. мысал келтіруге болады. Бұл атаулар қазіргі таңда жер-су атауы болғанымен, әу бастағы мағынасы географиялық термин болғаны белгілі. Екінші географиялық терминдер, немесе топофоранттар арқылы қалыптасқан бір компонентті атауларға *Ақжал*, *Қоңырадыр*, *Кеңасу*, *Қарасу*, *Қөксенғір*, *Жайдақсу*, *Қөкаласу*, *Кеңбұлақ*, *Құйметас*, *Жақпарас* *Қаражартас*, *Ақшиоқы*, *Қарашиоқы*, *Сұлушиоқы*, *Аңызек*, *Қараңғір*, *Шыңғыстау*, *Үштөбе*, *Сарытөбе*, *Қақпақтас*, *Талдықұдық*, *Итжон*, *Құржар*, *Аққұдық*, *Бетқұдық*, *Қарақұдық*, *Құрқұдық*, *Қыдышиқұдығы*, *Қызылқұдық*, *Тастықұдық*, *Өретас*, *Тереңсай*, *Тұзкөл*, *Тұмаөзек*, *Тұщыбұлақ*, *Ұзынбұлақ*, *Тізесу*, *Шоқпарас*, *Шүйгінсу*, *Қапатас*, *Аңыайрық*, *Үйтас*, *Сасықбастау* және т.б. мысалдарды жатқызуға болады. Бұл бір компонентті құрделі мысалдардың құрамында кездесетін жал, адыр, асу, сенгір, су, бұлақ, көл, тас, тау, төбе, шоқы, өзек, үңгір, жон, құдық, бастау, сай, айрық географиялық терминдері құрделі атау құрамында келіп, топоним жасауда өнімді қзмет атқарады. Бұл атаулардың бірінші сыңары негізгі және туынды есім сөздерден келіп, өнірдегі географиялық нысанның сыртқы сипатын сипаттап, атап тұрады. Аталған тәсіл арқылы бір компонентті атаулардың жасалуы Абай, Абыралы өңірінде көпtek кездеседі.

Аталған өңірлерде біріккен құрделі бір компонентті атаулардың құрылымы әр аluan болып келеді. Нақты тілдік материалдарға сүйене отырып, біріккен құрделі бір компонентті атауларды антропоним+есім сөз, антропоним, зат есім+етістік, зат есім+зат есім, сын есім+зат есім, сан есім+зат есім тәрізді топтастыруға болады. Антропоним+есім сөз құрылымындағы бір компонентті атауларға *Ақанишат*, *Төкенсу*, *Әбдібұлақ*, *Бабанкебақ*, *Бейсембайбұлақ*, *Бекбұлақ*, *Борлыбайқзек*, *Қодыресен*, *Оспанкөл* және т.б. деген атауларды жатқызуға болады. Антропоним+етістік құрылымындағы бір компонентті атауларға *Қабанатқан*, *Қодарқұлаган*, *Қозыбагар*, *Айғыркеткен*, *Балакеткен*, *Буратиген*, *Құлтөккен*, *Қабанатқан*, *Қодарқұлаган*, *Тесіпшықан*, *Киікқашқан*, *Шорқашқан* және т.б. атауларды жатқызамыз. Зат есім+зат есім құрылымындағы бір компонентті атауларға *Қазаниұңқыр*, *Қақпақтас*, *Қараганайрық*, *Басқараган*, *Ортақараган*, *Аяққараган*, *Қойтас*, *Қорғантас*, *Мойынсу*, *Төрбұлақ*, *Түйеөркеш*, *Үйтас*, *Шатсу* және т.б. атаулардан мысал

келтіруге болады. Абай, Абыралы өңірі жер-су атауларында сын есім+зат есім құрылымындағы бір компонентті атаулар ең көп кездесетін атаулар болып табылады. Оларға *Ақжойтас*, *Ақбас*, *Ақбалаган*, *Ақбастау*, *Ақбүйрат*, *Ақбулақ*, *Ақжарық*, *Ақтас*, *Аққұдық*, *Ақкора*, *Ақтұмсық*, *Ақшабай*, *Көкбет*, *Көкбек*, *Қарақойтас*, *Қаралұзеу*, *Қарасу*, *Қараоба*, *Қарақұдық*, *Қарабұлақ*, *Қарабұжыр*, *Қараөлең*, *Құратұмсық*, *Қарасор*, *Қарашиқы*, *Қызылтас*, *Қызылбұлақ*, *Қызыл* *Қайнар*, *Қызылжасал*, *Қызылшілік*, *Сарыапан*, *Сарыбүйрат*, *Сарықүзеу*, *Сарықөл*, *Сарықызы*, *Сарытөбе*, *Сарышоқы*, *Көкдала*, *Көксерке*, *Көкаласу*, *Көкбік*, *Көкжолат*, *Көкірім*, *Көксенгір*, *Қараагаш*, *Қарашиқы*, *Қарауыл*, *Қараадыр*, *Қарабиқ*, *Қарабұлақ*, *Қаражартас*, *Қаракөбен*, *Қаражасал*, *Қаракемер*, *Қарақорым*, *Қарақорық*, *Қарақошқыл*, *Қарақуыс*, *Қарақұдық*, *Қарамола*, *Қараой*, *Қараөлең*, *Қарасор*, *Қарасу*, *Қаратөбе*, *Қарауылтөбе*, *Қарауылзек*, *Қараңғір*, *Қараадыр тауы*, *Қараіл*, *Қоңыраулие*, *Қоңырадыр*, *Қоңыртас*, *Қызылагаш*, *Қызылдаулие*, *Қызылбік*, *Қызылбұлақ*, *Қызылқырғын*, *Қызылтас*, *Қызылащы*, *Қызылжар*, *Қызылқұдық*, *Қызылоба*, *Қызылқайнар*, *Қызылшоқы*, *Қызылотау*, *Қызылшілік* және т.б. атаулардан көптең мысал келтіре аламыз. Сан есім+зат есім құрылымындағы бір компонентті атауларға *Жалғызқұдық*, *Үйтөбе*, *Бескүшік*, *Бесталан*, *Бестамақ*, *Бестас*, *Бесоба*, *Алтапан*, *Тогызарқан*, *Мыңбұлақ*, *Үшкеліниек*, *Үиөзек* және т.б. осы тәріздес атауларды жатқызамыз. Абай, Абыралы өңірі жер-су атаулары бойынша нақтылап айтқанда, Абай ауданынан 405, Абыралы округінене 193 бір компонентті атау жинақталды. Бұл жалпы өңір атауларының шамамен қырық бес пайызын құрайды.

Абай, Абыралы өңіріндегі жер-су атауларында екі компонентті атаулар көптең кездеседі. Олардың құрылымдық-құрамдық сипаты бір компонентті атаулармен салыстырғанда анағұрлым құрделі болып келеді. Мәселен, *Абай ауданы*, *Абай ғұлагы*, *Абай Қасқабұлагы*, *Ағыбай қорасы*, *Актінің басы*, *Ақбайтал асуы*, *Ақметбек қорасы*, *Ақтанбек күзегі*, *Ақылбай қыстауы*, *Ақылбайдың тасбастауы*, *Аналар мазары*, *Аралтөбе қыстауы*, *Арқалық кезеңі*, *Аршалы жартасы*, *Әйгерім ғұлагы*, *Әлібек ғұлагы*, *Әлім сайы*, *Әнеттің ақшиі*, *Әнеттің қызылшоқысы*, *Әшім ғұлагы*, *Әтей биігі*, *Бабаң басы*, *Бабахан қырманы*, *Бажек адыры*, *Базаралы кесенесі*, *Байқошқар өзені*, *Бақай ғұлагы*, *Балашақпақ жайлайтын*, *Балтанаң тасқұдығы*, *Боқтының көлі*, *Жұніс ғұлагы*, *Жылы сай*, *Жексенай жырасы*, *Зұлгарыш қыстауы*, *Икенің қорасы*, *Келте ши*, *Кеңгірбай мазары*, *Көкбай ауылы*, *Қанай қарағаны*, *Қара қайнар*, *Қарашаның қойтасы*, *Пұшарбай ғұлагы*, *Сырт Қасқабұлақ*, *Теректі асуы*, *Терең сай*, *Хан биігі*, *Шолақ Арқалық*, *Шіркей тас*, *Шілікті кезең және т.б.* Бұл құбылысқа қазақ тіл білімінде лексика-семантикалық фактор басымдық етсе керек. Оны А. Ысқақов «Әуелгі жай сөз тіркестерінің идиомалану, лексикалану, делексикалану құбылыстарын лексика-семантикалық фактор деп атайды» [130, б. 94], деп сипаттайды.

Екі компонентті атаулар екі сыңардан қалыптасатындықтан, бірінші сыңары адам есімі, екінші сыңары географиялық термин болып табылатын атаулар өңір жер-су атауларында басымдыққа ие. Мысалы: *Абай ғұлагы*,

Тәкежсан бұлагы, Жәнібек өзені, Жөкең құдығы, Абай-Ділдә бұлагы, Құнанбай құдығы, Шолтан бұлагы, Өтепбайдың Кеккұдығы, т.б.

Сонымен қатар екі компонентті атаудың бірінші сиңары атаулар жүйесінде орын алғатын топоним және екінші сиңары географиялық нысан атауы тіркесінде келетін атауларды ды кездестіруге болады. Мысалы: *Аиңсу өзені, Ақтінің басы, Ақтасты бұлақ, Араптөбе қыстауы, Арқалық кезең, Арқам бекеті, Аршалы жартас, Аиңсу жары, Бақшоқы өзені, Балашақпақ жайлауы, Кеңозек жайлауы, Кеңдала сайы, Көкбұлақ жайлауы, Құншуақ асусы және т.б.* Сондай-ақ, бірінші сиңары сын есімнен болып, екінші сиңары географиялық атау болатын екі компонентті атаулар да жоқ емес. Мысалы: *Үлкен Ақшоқы, Үлкен Қасқабұлақ, Қиши Қасқабұлақ, Жақсы Абыралы, Жаман Абыралы* және т.б. Аталған мысалдар көп жағдайда атау бұрынырақта қалыптасқан географиялық нысанға жақын аймақта пайда болған, немесе бар нысанды атау үшін қолданылатын топонимиялық тәсіл екенін айта кеткен жөн.

Кейбір екі компонентті жер-су атауларының екі сиңары да толыққанды лексикалық мағынаға ие зат есім сөздерінен жасалады. Атап айттар болсақ, *Бала шақпақтас, Керуен бұлақ, Қекірім көл, Қабылан сайы, Қаламтыр бұлагы, Бүйрек қараган, Қарасор көлі, Қараөлең қорығы, Құлан бұлагы, Достар құдығы, Мойын су, Мойнақ асу, Тақтай бұлақ, Жабагы сай, Хан биігі, Хан жолы, Хан өзені, Шаңырақ әулие, Әулие тас, Құр өзені, Найза шоқы, Найзагай биігі, Теке бұлагы, Шіркей тас, Босага тауы* және т.б. атаулар. Атау қалыптастыруда екі компонентті сиңдардың бірінші сиңары анықталушы, екінші сиңар анықтаушы болып келеді.

Абай, Абыралы өнірі жер-су атаулары жүйесінде екі компонентті атаулардың бір сиңары сын есім, анықталушы компонент, екінші сиңары зат есім анықтаушы компонент тұлғасында келуі барлық атаулар жүйесінде ең жиі кездесетін құрылым болып табылады. Мәселен, *Алтын бұлақ, Қаражырақ адыры, Алтынды бұлақ, Қүйген бұлақ, Қөлденең шоқы, Бақалы бұлақ, Догалаң тау, Егінді бұлақ, Ескі там, Ешкіөлмес биігі, Жалғыз құдық, Жалпақ асу, Жалпақ сай, Кең өзен, Күмісті бұлақ, Қайрақты адыры, Қайрақты бұлагы, Қараганды өзек, Үлкен қылы, Қызыл әулие, Қызыл бұлақ, Қызыл қайнар, Қызыл қыргын, Қызыл тас, Қысаң тас, Миялы биігі, Момын сай, Молалы еспе, Мыйлы бұлақ, Суық бұлақ, Сылдыр бұлақ, Таңбалы тас, Теректі асу, Улен сор, Үлкен текие, Үлкен, Үлкен шақпақ, Шошқалы көл, Шілікті кезең, Буырлы тауы, Мыржық тауы* және т.б. атаулар жоғарыда формаға сәйкес келеді. Аталған тіркестердің топоним мағынасын беруін А. Ысқақовтың «....күрделі сөздердің лексикалық мағынасы өзгермей, тек қана грамматикалық мағынасы өзгерсе, ол процесс грамматикалану деп аталады» [130, б. 96], деген тұжырымына сүйене отырып, тілдегі грамматикалану процесінің жемісі деп танимыз.

Грамматикалануға негіз болатын бірнеше үлгі бар. Атап айтқанда:

1) белгілі бір сөз табынағанда тән екі я онан да көп сөздер ешбір дәнекерсіз өзара тіркесіп, грамматикаланады да, күрделі сөздер жасалады. Күрделі сөздер біздің талдауымызда екі компонентті сөздер болып тұр. Мысалы: *Найза тас, Әулие шоқы, Тақтай бұлақ* және т.б.;

2) белгілі бір сөз табына ғана тән екі немесе онан да көп сөздердің не бүрынғы, не соңғы компоненті немесе екеуі де бірдей бір-бірімен қосымша арқылы тіркесіп грамматикаланады да, курделі сөзге айналады. Әдетте, мұндай тіркестің соңғы сөзі географиялық термин сөз болып келеді. Мысалы: *Таңбалы тас*, *Буырлы тау*, *Миялы биігі және т.б.*

Сонымен, қазіргі тіліміздегі екі компонентті курделі топонимдер белгілі формалардың грамматикалануы арқасында қалыптасқан категориялар ретінде қаралады. Сөйтіп, грамматикалану процесі белгілі формалардың курделенуіне әсер етсе, керісінше, курделену процесі олардың грамматикалануына да себеп болады.

Екі компонентті сыңардан тұратын топонимдік атаулар көп жағдайда аймақтық топонимияды көптеп қалыптасады. Аталған атаулар көп жағдайда микротопонимдер болып табылады. Яғни микротопонимдер дегеніміз «көлемі шағын және аса маңызды емес объектіге (алаңқай, қоныс, бұлақ, шабындық және т.б.) қатысты географиялық атау, оны тек жергілікті халық қана біледі» [61, б. 11]. Т. Жанұзақтың тұжырымына сәйкес микротопонимдер тегі жағынан жалпы есімдерге тым жақын болып келеді және жалпы есімдерге аудисуға бейім болады [82, б. 113]. Ғалымның бұл тұжырымына сүйенсек, Абай, Абыралы өнірі мысалдарындағы *Шілікті кезең*, *Достар құдығы*, *Егінді бұлақ* атаулары жалпы есемдердің тіркесінен қалыптасып тұрғанына қарамастан, оларды өзара ажыратып тастағанда тең дәрежелі толық мағыналы сөзге айналатыны белгілі. Олай болса, бұл типтес атаулар тек осы өнірге ғана танымал, аймақ шенберінде қалыптасқан Абай, Абыралы өнірлеріне тән микротопонимдік атаулар болып табылады.

Кез келген атаудың қалыптасуы уақыт шегіне тәуелді болады. Мәселен, белгілі бір кезеңде қалыптасқан екі компонентті атаулар өзара әрекеттен бірігіп, біріккен атауға айналып, уақыт өте келе кіріккен атауға көшуі әбден ықтимал. Қазіргі *Шөптіқақ*, *Тұлкібас*, *Қасқабұлақ*, *Сұлушиоқы*, *Ақшиоқы*, *Қарашиоқы*, *Серектас* және т.б. көптеген атауларды осы екі компонентті атаулардың уақыт өрнегінде біріккен тұлғасы деп танимыз. Сондай-ақ, *Кішіқарағаш*, *Кішіқарауыл төбе*, *Кішіқасқабұлақ*, *Кішіқарақөл* бүтінгі таңда көп компоненттің бірігіп кетуінен қалыптасқан атауларды да кездестірдік.

Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларында үш компоненттен тұратын атауларды да кездестірдік. Мысалы: *Абай - Шәкәрім кесенесі*, *Абай – Ділдә қыстауы*, *Ағыбайдың ақ бейіті*, *Абыралы қажының бейіті*, *Айпара ана мазары*, *Айтұган қажының зираты*, *Ақтанберді жырау мазары*, *Алаш Қозыбагаровтың зираты*, *Алтын шайған орын*, *Арап болыс күмбезі*, *Арқат – Бұрқат таулары*, *Ақиетбек қыстау орны*, *Аяған – Үбіғали қыстауы*, *Әлмаганбеттің қара бұлагы*, *Әнет баба ескерткіші*, *Әулие Қалыбай асуы*, *Байтүгел Әулиенің күмбезі*, *Бақай батырдың бұлагы*, *Бекей – Шекей қорасы*, *Берікбай Бақсы шілігі*, *Берікболдың қызыл шілігі*, *Бозамбайдың тасты құдығы*, *Бурахан Қажының бейіті*, *Ғасыр тұлғалары тақтасы*, *Еңлік – Кебек мазары*, *Ермек Ана зираты*, *Ешен әулие кесенесі*, *Ешкі өлмес биігі*, *Жаңбырбайдың ақ тонырагы*, *Жұмабек дәрігер басы*, *Жұмамбай Қажының бейіті*, *Ике биігіндегі*

петроглифтер, Кеңгірбай Би ауылы, Кеңгірбай Би мазары, Көк тұма көлі, Көтібақтың қара сүйе, Құйісбайдың шубар құдығы, Кіші догалаң тауы, Кіші, Шеткі Ақшоқы, Қалидың қара бүігі, Қапақ батырдың бүіті, Қуандық батыр кесенесі, Қырық ошақ көлі, Қырық үңгір қорымы және т.б. Сандық жағынан сипаттағанда Абай ауданында үш компонентті 75 атау, Абыралы округінде 5 атау кездеседі. Үш компонентті атаулардың барлығы дерлік өнірлік қолданыстағы атаулар екенін атап өтуге болады. Үш компонентті атаулардың басқа топонимдік атаулардан айырмашылығы – сөз тіркесі тұлғасында келуі. Үш компонентті атау құрамындағы сөздердің барлығы дерлік толық лексикалық мағынаға сөздер болады. Тек топонимдік атауға көшкенде ғана мағыналары транстопонимизация құбылышына ұшырайды.

Жоғарыда берілген үш компонентті атауларды құрамындағы сыңарларының лексика-грамматикалық қызметіне қарай бірнеше түрге бөлуге болады. Атап айтқанда: 1) бірінші сыңары адам есімі антропоним, екінші сыңары анықтауыш сөз, үшінші сыңары географиялық термин тіркесіндегі үш компонентті атау; 2) бірінші сыңары сын есімнен болған, екінші сыңары сын есім, үшінші сыңары зат есім тіркесінен жасалған үш компонентті атаулар, 3) бірінші сыңары сан есім, екінші сыңары зат есім, үшінші сыңары зат есім мағынасында келген географиялық термин тіркесінен жасалған үш компонентті атау деген топтарға бөлуге болады.

Бірінші топқа *Абыралы қажының бейіті, Айпара ана мазары, Айтуған қажының зираты, Ақтанберді жырау мазары* тәрізді атауларды жатқызатын болсақ, бірінші мысал Абыралы – адам есімі, қажы – адамның кім екенін сипаттайтын сөз, бейіт – географиялық нысан, нейкроним ретінде ажыратылады. Атаудың қалыптасуына негіз болған нәрсе, бейіт орналасқан жер. Яғни атауды қалыптастыру үшін ең алдымен мынадай сұрақтарға жауап беру қажет: Бейіт кімге тиесілі? Бейіт иесінің қоғамдағы статусы қандай? Аталған сұрақтарға жауап беретін болсақ, Бейіт өнірге танымал, атақты Абыралы деген кісіге тиесілі. Абыралы мұсылман дінін ұстанғандықтан, мұсылмандықтың шарттарының бірін орындалған, қажылық сапарына барған. Сондықтан қажы атағына ие. Олай болса, осындаған адам өмірден озғаннан кейін, оның мәйіті жерленген жер негізгі белгі ретінде анықтауыштық сипатқа ие болып, *Абыралы қажының бейіті* деген атау қалыптасқан. Элбette кез келген топонимдік атау ең алдымен бір жердің бір жерден шатастырып алмай, дұрыс бағдарда болу үшін сол жерді мекен ететін адамдардың кодтау, белгілеу арқылы жасалған сөз екенін ескерсек, *Абыралы қажының бейіті* атауы оның ұрпақтары мен өнір халқының рухани жадында елге танымал адамдар мен олардың ерекше қасиеттерін халық жадында сақтау үшін бір үлгі болмақ. Яғни көп компонентті атаулардың барлығында дерлік баламалық, ғаламның тілдік бейнесі жатады деуге болады. *Айпара ана мазары* атауын алғын болсақ, бұл үш компонентті атауда да атау қалыптастырушы белгі, анықталушы сынар және географиялық нысан атауы бар. *Ақтанберді жырау мазары* – құрамына қарай үш компонентті атау, Ақтанберді – антропоним, жырау – адамның қоғамдағы орнын сипаттайтын сөз, мазар – географиялық термин. Мағынасы – аталған

адамның мазары орналасқан жерді белгілеу ақсатында қалыптасқан атау. *Айтуған қажының зираты* – топонимі өнірге танымал қажы, қоғам қайраткері жерленген жерді атау үшін қалыптасқан. Демек, үш компонентті құрделі атаулардың ішінде бірінші сыңары адам есімі антропоним, екінші сыңары анықтауыш сөз, үшінші сыңары географиялық термин тіркесінде келетін түрі синтекsistік қатынаста келіп, өнірде нейкроним атауларын қалыптастыруға негіз болатыны анықталды.

Бірінші сыңары сын есімнен болған, екінші сыңары сын есім, үшінші сыңары зат есім тіркесінен жасалған үш компонентті атауларға Абай, Абыралы өнірі тілдік материалдарынан *Кіші дөғалаң тауы*, *Кіші, Шеткі Ақшоқы*, *Ешкі өлмес биігі* және т.б. атауларды мысалға келтіруге болады. Мысалға келтірілген атаулардың құрамынан көріп отырғанымыздай: 1) кіші – сын есім, доғалаң – сын есім, тау – зат есім; 2) кіші – сын есім, шеткі – қатыстық сын есім, Ақшоқы – зат есім, жалқы есім, 3) ешкі өлмес – құрделі сын есім, биігі – зат есім деген талдау жасауға болады. Аталған топқа жататын жер-су атаулары өнір топонимикасынң жер физикалық-географиялық ерекшелігін, сын-сипаттын анықтауда қолданылады.

Бірінші сыңары сан есім, екінші сыңары зат есім, үшінші сыңары зат есім мағынасында келген географиялық термин тіркесінен жасалған үш компонентті атауларға *Қырық ошақ көлі*, *Қырық үңгір қорымы* және т.б. осы тәріздес жер-су атауларын жатқызуға болады. Үлгіге сәйкес, қырық – сан есім, ошақ – зат есім, көл – зат есім, географиялық термин немесе топоформант, екінші мысалда да, қырық – сан есім, үңгір – зат есім, топоформант, қорым – зат есім, географиялық нысан болып келеді. Осы аталған құрделі құрамды жер-су атаулары өнір топонимикасынң ұлттық, этнотанымдық, тарихи-географиялық белгілерін айқындау мақсатында қалыптасқан.

Төрт не одан да көп компоненттен тұратын жер-су атаулары Абай, Абыралы өнірінің жер-су атаулары қатарында көптеп кездеспеді. Жоқтың қасы десек те болады. Тек қана Абай ауданы тілдік материалдарында *Жанан батырдың көз жасы*, З.Белібаев атындағы «Женіс алаңы», *Қола дәуірінің қорым қорғандары* тәрізді топонимдік атаулар орын алған. Абыралы өнірінде көп компонентті атаулар мұлде кездеспеді десек те болады. Мұндағы *Жанан батырдың көз жасы* атауы Абай ауданының Саржал ауылдық округінде кездесетін жер аты. Атау Жанан батырдың оқиғасына байланысты қойылған. Жанан батырға «Жанан батыр шамамен 1789-1810 жж. өмір сүрген. Мәмбетей Қуандық батыр мен үйсін қызы Құрақбике ананың кенже ұлдары болып табылады. Жастайынан ел шетіне жау келегендеге қорған болар батыр, дауда намыс жытар шешен, тығырықта жол бастар көсем болар деп халқы үміт қылған өрен» [59, б. 14] деген сипаттама беріледі. Сонымен қатар Семей-Саржал тас жолының 94-ші шақырымында, тасты жоталардың бірінде орналасқан мәрмәр тақта бар. Аныз бойынша ежелгі заманда қалмақ жасағына серігімен кезігіп қалған қазақтың жас батыры Жанан Қуандықұлы жау қолын бөгеген тең емес шайқаста қаза болған жер осылай аталады. Сондай-ақ, осы жотадағы қойтастың бірінде шағын оймақтай ойықтың түбінде қысы-жазы не

көбеймей, не азаймай жылтырап жататын су бар. Аталған суға да *Жанан батырдың көз жасы* деген атау берген. Көріп отырғанымыздай, кез келген көп компонентті атау белгілі бір жер-су атауын атап қана қоймайды, сонымен бірге халқымыздың тарихи-мәдени сипатын да айқындай түседі.

Тілдік материалдардағы басқа да жер-су атауларының құрамы мен құрылымын зерделей келе, құранды топонимдер уақыт өрнегінде сүрленіп, мағыналық жақтан не дамып, не көмескіленіп, құрамы жағынан бірігу, кірігу салдарынан қазіргі таңда қолданыста жүрген бір компонентті топонимдердің қатарын толықтыруы мүмкін деген түжырым жасаймыз.

3.3 Есім сөз табынан қалыптасқан жер-су атаулары

Жер-су атаулары тарих, география және лингвистика ғылымдарының тоғысында қарастырылатын сала бола тұрып, тілдік бірлік ретінде көптеген тарихи-мәдени, географиялық, тілдік ақпараттарды тасымалдаушы құбылыс болып табылады. Тарихта атаудың мағынасындағы тарихи бедер, географияда топонимдердің ландшафтылық негізі, географиялық терминологиялық жүйе зерделене, лингвистикада жер-су атауларының лексика-семантикалық ерекшеліктері, сөзжасамдық-құрылымдық сипаты қарастырыла отырып, әрбір топоним құрамындағы сөздердің семантикалық мағынасына, морфологиялық құрылымына, сөзжасамдық ерекшелігіне, сондай-ақ топоним жасауға қатысып тұрған сөздің қай сөз табынан екеніне аса мән беріледі. Олай болса, жер-су атауларын қалыптастыруды есім сөз табына жататын сөздердің орны ерекше. Аталған бөлімде олардың әрқайсысина жеке-жеке тоқалатын боламыз.

Тіл маманы А. Ысқақов «...сөз табы деп жалпы лексика-грамматикалық сипаттары мен белгілері бәріне бірдей ортақ болып келетін сөздердің тобын айтамыз» [130, б. 130], деген анықтама беріп, сөз табының мазмұны лексика-грамматикалық белгілердің бірлігінен тұратындығын алға тартады. Сондай-ақ, қазіргі қазақ тілінің морфологиясында сөз таптары атауыш сөздер, көмекші сөздер және одағай сөздер деп бөлінетінін ескерсек, атауыш сөздерге есім сөздер мен етістіктер жататыны белгілі. Жер-су атауларын қалыптастыруды есім сөздер, соның ішінде зат есім, сын есім, сан есімдердің орны ерекше.

Топоним қалыптастыруды зат есімдердің өзіндік қызметі бар екенін аңғаруға болады. Зат есімдер кеңістіктегі заттар мен құбылыстардың атын білдіретін сөздер екенін тілші ғалымдар «Зат деген ұғым тек күнделікті өмірде кездесетін әдеттегі жай нәрселерді ғана емес, табиғат пен қоғамдық өмірдегі ұшырасатын әр алуан құбылыстар мен оқиғаларды, ұғымдар мен түсініктерді де қамтиды» [128, б. 134], «Зат есім деп аталатын сөздердің өздеріне тән морфологиялық ерекшеліктері бар. Олар сөздерінің лексика-семантикалық сипаттарына қарай, сөйлемдегі өзге сөздер мен еркін қарым-қатынасқа түсетіндіктен, сол қатынастарға аса қажетті көптік, тәуелдік, септік және жіктік жалғауларын қабылдап, түрленіп отырады; екіншіден, зат есімдердің сөз тудыратын және форма тудыратын арнаулы жүрнақтары бар» [130, б. 135], деген түжырымдары арқылы сипаттайды.

Зат есім сөз табының мағыналық топтары жер-су атауларын қалыптастыруға белсене араласады. Олар жер-су атауларының күрделі құрамының басынқы, бағыныңқы сыңарларында толық лексикалық мағыналы сөз ретінде орын алады. Атап айтқанда, Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларынан мысал келтіретін болсақ, *Айбас*, *Ақбұйрат*, *Балаурек*, *Бекбұлақ*, *Берікқара*, *Бидайық*, *Бәрілі*, *Жақпарас*, *Жосалы*, *Жалаулы*, *Көксенғір*, *Көкжолат*, *Күйметас*, *Қаражартас*, *Қарагайлы*, *Қона*, *Мыржық*, *Шыңғыстау*, *Сұлушиоқы*, *Сұңқар*, *Айбала*, *Аиңызек*, *Берікқара*, *Үштөбе*, *Түйекетпес*, *Тасбасқан*, т.б.

Зат есімдер барлық сөзжасамдық еркшеліктерін сақтай отырып, жаңа сөз тудырудың синтетикалық тәсілі – негізгі түбір зат есімге сөз тудырушы қосымша жалғау арқылы, лексика-семантикалық тәсіл – зат есім мағынасындағы сөздің топонимизация, транстопонимизация, топосонимизациялануы арқылы, аналитикалық тәсіл – сөздердің бірігу, кіргізу, тіркесу тәсілдері арқылы жер-су атауларын қалыптастырады. Атау қалыптастыруда ең алдымен зат есімдердің географиялық термин атауларын беретін сөздері, яғни *жал*, *адыр*, *асу*, *сөңгір*, *су*, *бұлақ*, *көл*, *тас*, *тау*, *төбе*, *шоқы*, *өзек*, *үңгір*, *жон*, *құдық*, *бастау*, *сай*, *айрық*, *ауыл*, *мекен*, *қоныс*, *дала* және т.б. сөздер тілдік қызмет атқарады. Бұл топоформанттар жер бедерін, ауыл аймақты, өзен-көлдерді, тау-төбелерді, елді-мекендерді сипаттайтын толық мағыналы – жалпы есімдер. Аталған жалпы есімдер сөзжасамдық түрлі тәсілдер арқылы топоним қалыптастыруда қызмет атқаратын негізі бөлшектер болып табылады десек те болады. Себебі, «Туынды зат есім сөздерге тіліміз өте бай. Туынды зат есім сөздердің тілден мол орын алатыны зат есімнің шындық өмірге байланыстылығын былай қойғанда, зат есімнің сөзжасамдық ішкі мүмкіншіліктерінің молдығына, күрделігіне байланысты. Зат есім сөзжасамында тілдегі сөзжасамдық тәсілдерінің бәрі белсенді қызмет атқарады» [128, б. 165].

Абай, Абыралы өнірі жер-су атаулары дара және құрделі топонимдерден құралатынын ескерсек, Зат есімнен жасалатын атаулар туынды дара, біріккен құрделі, тірке斯ken құрделі топонимдерден тұруы орынды болып табылады.

Қазақ тілінің сөзжасамдық ерекшелігіне сәйкес туынды дара атаулар негіз сөзге сөз тудырушы қосымша жалғану арқылы жасалады. Өнір топонимикасында жоғарыда аталып өткендей: 1) -ды/-ді, -ты/-ті, -лы/-лі; 2) -шы/-ші топоним жасаушы қосымшалары ең өнімді болып табылады. Зат есімнен туынды дара атау қалыптастыратын -лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті жүрнағы жайлы сөз қозғағанда, көне түркі грамматикасында -лук/-лүк тұлғасынан ортағасырда -лы/-лі тұлғасына өтіп, шағатай кезеңінде -лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті тұлғаларына ие болған қосымша түркі халықтарының грамматикаларында белгілі бір жерде белгілі бір заттың молдығын, көптігін білдіретін қосымша, қатыстық сын есім жүрнағы ретінде сипатталып келеді. -лы/-лі қосымшасы туынды сын тудыршы қосымша ретінде мағыналық жағынан сан алудын болып табылады. Мәселен, А. Ысқақов -лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті қосымшасы белгілі бір заттың не құбылыстың бар екендігін, не мол екендігін білдіретін туынды сын

есімдер қалыптастырылғын тілге тиек етеді. Мұнымен бірге аталған қосымша қосарлы сын есімдердің екі сынарында да қолданып, үлкендей-кішілі, таулы-тасты, ағалы-інілі, өзенді-сұлы, ойлы-қырлы тәрізді туынды қосарланған сын есімдер де жасайтындығын аяндайд [130, б. 173]. Зерттеуші Б. Қасым аталған қосымша жайында, «... топонимжасамда алдыңғы орында көне жүрнақ-ты және оның кейінгі қалыптасқан -лы, -лі, -ды, -ді жүрнақтарының тұрганы көрінеді. Бұл жүрнақтың мәндік-мағыналық қызметін анықтауда жалғанып тұрган түбір сөздің де этимологиясына талдау жасау қажет. Жүрнақтардың атқаратын қызметін анықтау да осыны талап етеді», деген тұжырым жасайды [117, б. 166]. Алайда біздің жоғарыдағы тұжырымызды ескере отырып, түркі халықтарының грамматикасын салыстырмалы аспектіде қарастырған М. Томановтың «Туынды сын есім жасайтын аффикстердің бірі және осы қызметте ең жиі қолданылатын -лық, -лік (бұлардың фонетикалық варианттары -лығ, -ліғ, -лы, -лі). Бұл аффикске қатысты ескеретін бір жай — көне түркі, ескі түркі (орта түркі) тілдерінде бұл аффикс көбіне -лығ (соңғы дыбысы ұяң -ты) сипатында айтылған да, әрі зат есім, әрі сын есім жасаған. ...Қазіргі түркі тілдерінде -лық және -лы аффикстері арқылы жаңа сөз тудыру қатыстық сын есімдер (яғни туынды сын есімдер) жасалуының ең өнімді тәсілдері болып табылады», деп аталмыш қосымшаның о баста -лық, кейін келе -лы-ға ауысқанын, шағатай кезеңінде -лы қосымшасының -ды/-ді, -ты/-ті фонетикалық нұсқалары қалыптасқанын айтады. Ал топонимдік көне атауларда орын алатын, мысалы, *Өкпеті*, *Күрті*, *Алматы*, *Арғанаты* атауларының құрамындағы -ты қосымшасын автор таза зат есімнен топоним жасаушы жүрнақ деп таниды [134]. Мәселен, Орхон жазба ескерткіштеріндегі жер-су атауларында кездесетін *Күрті*, *Езгенті* [15, с.155] атауларымен салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, ғалымның тұжырымы шындыққа жанасатындығын аңғарамыз.

Сонымен -лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті қосымшалары толық мағыналы зат есім сөздердің төмендегі топтарына жалғану арқылы жер-су атауларын қалыптастырады: 1) жан-жануарлар, жәндік атауларына жалғанып – *Бөрілі*, *Қоянды*, *Құмырсқалы*, *Жыланды*, *Бұғылы*, *Бақалы Арқарлы*, *Бұғылы*; 2) өсімдік атауларына жалғанып – *Теректі*, *Жосалы*, *Миялы*, *Аришалы*, *Қарағайлы*; 3) жердің физикалық-географиялық ерекшеліктеріне байланысты сөздерге жалғанып – *Кіндікті*, *Егінді*, *Керішті*, *Қайрақты* және т.б. жер-судің, өнірдің ерекшелігін білдіреді.

Сондай-ақ, Абай, Абыралы өнірлері жер-су атауларында -ак, -ек, -ық, -ік, -қ, -к; -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік; -лақ, -леқ, -дақ, -дек, -тақ, -тек; -ша, -ше, -са, -се қосымшалары да зат есімнен топоним жасауда қолданылады. Алайда аталған қосымшалармен жасалған атаулар өнір топонимиясында некен саяқ. Мысалы: *Бойлауық*, *Шолақарық*, *Көкжайдақ*, *Сарғалдақ*, *Ақша тау* және т.б.

Зат есімдер арқылы жасалған курделі біріккен, тіркескен жер-су атауларының да өзіндік жүйесі жоқ емес. Мәселен, топонимтанушы А. Жартыбаев, М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясындағы *Құнанбай ауылы*, *Абай ауылы*, *Бәжей ауылы*, *Абай қыстауы*, *Тобықты жайлайуы*, *Қаракесек елі*,

т.б атаулар туралы айта келе, бұл атаулардың ілік септігі мен тәуелдік жалғаулы сөздің тіркесуі арқылы жасалғанын, сондай-ақ, ілік септігіндегі сөз нөлдік формада түрғанын сипаттайты [39, б. 54]. Бұл жайында тілші ғалым А. Әбдірахманов: «Тәуелдеулі сөз ілік септіктің әсерінен туады және логикалық екпін түскенде ғана ілік жалғауы жалғанады. Олай болғанда Баймырзаның ауылы, Араптың теңізі делінеді. Бірақ логикалық екпінмен айтуға болмайтын жағдай ескеріледі. Шынында Араптың теңізі болуы мүмкін емес, ол керісінше теңіздің аралы болуы керек. Сөйтіп абстракцияланған топонимдер грамматикалық тұлғадан ажырай бастайды» [81, б. 67], деген тұжырым жасайды. Демек, тіркесті құрделі топонимдерде сакталып келе жатқан бір тәсіл деп түсіндіруге болады.

Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларындағы біріккен, тіркескен құрделі топонимдердің құрамдары алуан түрлі. Солардың ішінде зат есім сыңарлы топонимдерге төмендегі үлгідегі атауларды жатқызуға болады:

1. Екі сыңары да зат есімнен болған біріккен құрделі топонимдер (Зат есім+зат есім): *Айбұлақ, Айбала, Айбейіт, Айнабастау, Айнабұлақ, Айбұлақ, Араптөбе, Арнаши, Ақтөбекөл, Ақаншат, Аяққауға, Аяққараган, Басқараши, Басқараган, Басқауға, Бастоған, Белқұдық, Белбасар, Белсу, Бетагаш, Бетқұдық, Бұғықараган, Жүрекадыр, Жылқықұдық, Күйметас, Күнишуақ, Көлқайнар, Қақпақтас, Қорғантас, Қорғанбұлақ, Құмкөл, Құрқұдық, Майкемер, Майөзек, Маятас, Мойынсу, Итжон, Даляқұдық, Мәмединқабыл, Мырзашибек, Ойқұдық, Ордатас, Төсбұлақ, Төрбұлақ, Тұзкөл, Түйеөркеш, Тізесу, Тасбақан, Тасқұдық, Ұрышат, Үйтас, Шөладыр, Шөптікөл, Шыңғыстау, Шиліөзек, Шіркейтас, Айбас, Аққүкөл, Атжасақтар, Басқайнар, Бассақал, Бесікжал, Бұзаушибек, Итаяқ, Керегетас, Қабақши, Құсмұрын, Мырзашибек, Жалтас, Жарапан, Тасқынсу, Тасшибек, Тоқтысу, Тоқтыкөл, Тұлкібас, Шатсу және т.б.*

2. Үш сыңары да зат есімнен болған біріккен құрделі топонимдер (Зат есім + зат есім + зат есім): *Айбастаубұлақ, Орташақпақтас* және т.б.

3. Бағыныңқы сыңары туынды түбір зат есім, басыңқы сыңары түбір зат есімнен болған тіркесті құрделі атаулар (Зат есім + жүрнақ + зат есім): *Шілікті кезең, Таңбалы тас, Буырлы тау, Шошқалы көл, Шарықты төбе, Мыилы бұлақ* және т.б.

4. Арапас топонимдік құрылымға ие атау (Зат есім + етістік + -ма, -с жүрнақтары + зат есім): *Ешкіөлмес биік, Ешкіөлмес жота* және т.б.

Берілген құрделі топонимдік құрылымдардан зат есімнің сөзжасамдық мағынасы әр алуан екенін аңғардық. Зат есімдер зат есіммен, сын есіммен, сан есіммен, етістікпен бірігіп құрделі топоним жасайды. Алайда, құрделі топонимдік құрылымдарда сөз таптарының орын тәртіппері ауыспалы болып келетіні байқалады. Зат есімнің сын есім, сан есіммен құрделі тіркесте келіп, жер-су атын қалыптастыру ерекшеліктерін сын есімнің топонимжасамдық ерекшелігін қарастырғанда төменде сөз ететін боламыз.

Абай, Абыралы өңірі жер-су атауларындағы зат есімдер арқылы қалыптасқан атауларда жиі кездесетін зат есімнің мағыналық топтарын төмендегідей сараладық:

1. Адамның дene мүшелерін білдіретін сөздерден қалыптасқан (соматикалық) күрделі атаулар: *Басмойын, Басқараши, Басқараган, Басқауға, Бастоған, Белқұдық, Белбасар, Белсу, Бетағаш, Бетқұдық, Аяққауға, Аяққараган, Жүрекадыр, Төсбұлақ* және т.б.

2. Жан-жануарларға қатысты сөздерден қалыптасқан (зооним) күрделі атаулар: *Бұғықараған, Қарлығаш, Шіркейтас, Итаяқ, Тоқтықөл, Тоқтысыу, Тұлпар, Тұлкібас, Үкіжсан, Итжон* және т.б.

3. Өсімдік атауларына қатысты сөздерден қалыптасқан (фитоним) дара және күрделі атаулар: *Арнаши, Бидайық, Бидайық қағы, Қайыңды кезең, Қаламтырлы бұлақ, Қарагайлы, Қараганайрық, Қарагандыөзек, Майқараған, Ортақараған, Сарғалдақ, Сарымсақты, Талдыбұлақ, Талдықұдық, Теректі асуы, Тогай, Шиліөзек, Шиліапан, Ши бойы, Шөптікөл* және т.б.

4. Кеңістіктегі денелердің қатысуымен жасалған күрделі атаулар: *Айбала, Айбастаубұлақ, Айбейіт, Басракунгей, Күнишақ* және т.б.

5. Ауа-райына байланысты сөздердің қатысуымен жасалған атаулар: *Еспе, Желдібай, Шолақеспе, Ақеспе, Шаңтимес, Қарлыбұлақ, Суықбұлақ, Суықжал, Мұздыбұлақ* және т.б.

6. Қазба байлықтарына қатысты сөздердің қатысуымен жасалған дара және күрделі атаулар: *Алтынбұлақ, Алтынды бұлақ, Алтынтаас, Құмісті бұлақ* және т.б.

7. Өзен-су мағынасындағы сөздердің қатысуымен жасалған атаулар: *Қарлыбұлақ, Қасқабұлақ, Қорғанбұлақ, Қарасу, Бастоған, Ойқұдық* және т.б.

8. Тұрмыстық зат атауларының қатысуымен жасалған күрделі атаулар: *Найзатас, Найза шоқы, Найзагай биігі, Басқауға* және т.б.

Бұл топтастыруды шексіз жалғастыра беруге болады. Аталған топтастыруға Абай, Абыралы өңірі жер-су атауларында анағұрлым жиі кездесетін атаулар негізге алынды.

Белгілі бір заттың сынын, сапасын, түр-түсін, ерекше белгілерін сөздер сын есім сөз табы топоним қалыптастырушы ең өңімді сөз табының бірі болып табылады. Сын есімнен жасалатын топонимикалық атаулар көп жағдайда жердің бет-бедерін, географиялық ерекшеліктерін, өңірдің танымдық ерекшеліктерін сипаттау нәтижесінде қалыптасады.

Абай, Абыралы өңірі жер-су атауларында белгілі бір жердің атын қалыптастыруда ата-бабаларымыз өздерін қоршаған ортаның, жер бедері, географиялық ландшафты, және басқа да өзен-су, тау, төбе, сай, сала, жота, асу ерекшеліктері негізінде, танымды тұрғыда олардың ұқсастықтары мен сол жердегі өсімдік, жануарлар түрлеріне байланысты сын есім сөздерді қолданғаны белігі. Ол – сын есімнің сапалық, сипаттаушылық, қатыстық және т.б. мағыналық топтарындағы сөздердің қатысуымен жасалған атаулар. Сын есімнің мағыналық топтарының ішінде ең белсенділері – заттың түр-түсін білдіретін сөздер сын есім мағыналы сөздер. Қазақ тілінің сөздік қорында түр-

түсті сипаттайтын сөздердің саны аздығына қарамастан, олардың қатысусы арқылы жасалатын топонимдер Абыралы, Абай өңірлерінде өте көп кездеседі. Тұр-тұс атауларының топоним қалыптастыруға қатысы жалпы топонимикағылымында белсенді құбылыс деп ойлаймыз.

Жалпы тұр мен тұс – шығу тарихы жағынан бір-бірімен туыстас мағынасы жақын сөздер. Себебі, кейбір бір буынды және екі буынды түбірлердің түркі тіліндегі ротацим заңы бойынша соңғы дауыссыз дыбыстарының (р/з/ш) сәйкестігіне байланысты, яғни тұр/тұс. Осыған байланысты «тұр» мен «тұс» түбірлері о бастан бір сөз болып, даму нәтижесінде екі дербес сөзге айналуы ықтимал. «Тұр» түбірінің мағынасын «қазақ тілінің тұсіндірме сөздігі» «ажар, пішін, әлпет» және «бір заттың бетіне салынған әртүрлі өрнек» деп, тұс түбірінің мағынасын «тұр, келбет, нұсқа, рең» деп тұсіндіреді. Тұр-тұс атаулары қазақ тілінде басқа тілдер сияқты I. Кеңесбаев, Н. Сауранбаев, А. Ысқақов, М. Балақаев, С. Аманжолов, Ф. Мұсабаев, Ж. Шәкенов сынды зерттеушілер тарапынанбіршама зерттелген категория деп білеміз. Кейбір тұс атауларының шығу тарихы мен тілдік табиғатын қарастыратын зерттеулерді, көбінесе, ОрхонЕнисей және ортағасырлық жазба ескерткіштерге арналған еңбектерден де кездестіруге болады. Жер-су атаулары құрамындағы тұр-тұс атауларының қатысусымен жасалған атаулар тұр-тұsten басқа мағына беретіні жайлы түркітанушы ғалымдардан бастап айтылып келеді. Мәселен, А.Н. Кононов «Семантика цветообозначений в тюркских языках», С.Л. Черкасов «Цветовые» прилагательные в составе топонимов» [135], Н.Д. Сувандий «Топонимы цветообозначения в тувинском языке» [136], Дж. Хамуркопаран «Сематника цвета в тюркской топонимике» [137], қазақ тіл білімінде Е. Қойшыбаев «Қазақстан жер-су атауларының сөздігі», А. Әбдірахманов «Қазақстанның жер-су аттары», К. Қаймулдинова «Қазақ топонимдерінің этноэкологиялық негіздері» [138], Б. Хасенов «Тұр-тұс атауларының шығуы туралы» [139] атты еңбектерінде тұр-тұс атаулары жайында жазылған.

Қазақ тіл білімінің топонимика саласын тілдік танымдық тұрғыда саралаған зерттеуші Б. Тілеубердиев: «Адам қоршаған ортаны, ландшафт ерекшеліктерін, жер бедерін, сан алуан географиялық нысандарды өзімен, өз өмір болмыссымен, түрлі заттар және құралдармен, тұр-тұс, пішін (қалып), іс-қимылдармен т.б. көптеген құбылыстармен салыстырып, ұқсатып барып таныған, сол таным процесі барысында атау қойған, номинациялаған» [38, б. 151], деген тұжырым жасайды.

Қазақ тілінің ономастикасын лингвокогнитивтік аспектіде қарастырған ғалым Қ. Рысберген қоршаған ортаны тануда дүниенің тілдік деңгейдегі сипаттарын: «Қазақ тіліндегі жер-су атауларын жасауға қатысатын тұр-тұс атауларының географиялық реалийдің геофизикалық ерекшелігін, тілдік қызметтің айқындастырылған функциясына, олардың жасалу негізіндегі когнитивтік-прецептивтік процесстерге тоқталдық» [19, б. 117], дей келе, тұр-тұстердің танымдық ерекшеліктері, географиялық терминмен тіркесу бейімділіктері және топонимдердегі қолданыс жиіліктері жайлы баяндайды.

Абай, Абыралы өнірі бойынша түр-түске байланысты атауларға *Аппақ*, *Ақбаз*, *Ақбастау*, *Ақбиік*, *Ақбұлақ*, *Ақдала*, *Ақдон*, *Ақдомбақ*, *Ақжасал*, *Ақеспе*, *Ақжалтау*, *Ақжан*, *Ақжар*, *Ақжарық*, *Ақирек*, *Ақитөлген*, *Аққия*, *Аққойтас*, *Ақбіктайы*, *Аққұдық*, *Ақөзек*, *Ақкора*, *Ақсораң*, *Ақтас*, *Ақтогай*, *Ақтомар*, *Ақтөбе*, *Ақтөбекөл*, *Ақтұмсық*, *Ақшатай*, *Ақши*, *Ақшиайрық*, *Ақшиоқы*, *Алатопан*, *Көкдала*, *Көксерке*, *Көкаласу*, *Көкбійк*, *Көкжолат*, *Көкирім*, *Көксеңгір*, *Қараагаш*, *Қараишоқы*, *Қарауыл*, *Қараадыр*, *Қарабійк*, *Қарабұлақ*, *Қаражартас*, *Қаракөбен*, *Қаражасал*, *Қаракемер*, *Қарақорым*, *Қарақорық*, *Қарақошқыл*, *Қарақуыс*, *Қарақұдық*, *Қарамола*, *Қараой*, *Қараөлең*, *Қарасор*, *Қарасу*, *Қаратөбе*, *Қарауылтөбе*, *Қарауылөзек*, *Қарауңгір*, *Қараадыр* тауы, *Қараіл*, *Қоңыраулие*, *Қоңырадыр*, *Қоңыртас*, *Қызылагаш*, *Қызыләулие*, *Қызылбійк*, *Қызылбұлақ*, *Қызылқыргын*, *Қызылтас*, *Қызылаңы*, *Қызылжар*, *Қызылқұдық*, *Қызылоба*, *Қызылқайнар*, *Қызылиоқы*, *Қызылотау*, *Қызылишілік*, *Сарыадыр жостасы*, *Сарыжырақ*, *Сарықыз*, *Сарымырза*, *Сарыкөл*, *Сарыбұлақ*, *Сарықорық*, *Шұбартөбе*, *Шұбарагаш*, *Шұбарадыр*, *Аққойтас*, *Ақбас*, *Ақбалаган*, *Ақбастау*, *Ақбүйрат*, *Ақбұлақ*, *Ақжарық*, *Ақтас*, *Аққұдық*, *Ақкора*, *Ақтұмсық*, *Ақшабай*, *Көкбет*, *Көкбек*, *Қарақойтас*, *Қаракүзеу*, *Қарасу*, *Қараоба*, *Қарақұдық*, *Қарабұлақ*. *Қарабұжыр*, *Қараөлең*, *Құратұмсық*, *Қарасор*, *Қараишоқы*, *Қызылтас*, *Қызылбұлақ*, *Қызыл Қайнар*, *Қызылжар*, *Қызылишілік*, *Сарыапан*, *Сарыбүйрат*, *Сарыкузеу*, *Сарыкөл*, *Сарықыз*, *Сарытөбе*, *Сарышоқы* және т.б. көптеген топонимдік мысалдар келтіруге болады. Жалпы аталған өнірі бойынша шамамен 131 түр-түске қатысты атау топтастырылды. Абай, Абыралы өнірі жер-су атаулары құрамында түр-түске байланысты компоненттер көп кездеседі және олардың барлығы түр-түстік мағынаны білдіріп түр деу қын. Елді-мекен атаулары құрамынан ақ, кара, қызыл, көк, сары шұбар, ала тәрізді түстердің тіркесін кездестіреміз.

Сонымен қатар Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларында жергілікті жердегі судың дәміне қарай ашы, тұщы сын есімдері кездесіп жатады. Мысалы: *Аиысу*, *Аиыайрық*, *Аиыкөл*, *Аиықұдықжыра*, *Аиылы*, *Аиыөзек*, *Аиысу жары*, *Аиысу өзені* және т.б.

Абай, Абыралы өнірінде заттың сыртқы келбетіне, қымыл-әрекетін беруде қолданылатын сын есім сөздердің қатысымен жасалған топонимдік атаулар кездеседі. Мысалы: *Балпаң*, *Былқылдақ* және т.б.

Ауа-райын сипаттайын және тері арқылы сензіну мағыналарын беретін атаулар да сын есімнің мағыналық тобын құрайды. Мысалы: *Суықбұлақ*, *Суықжал*, *Мұздыбұлақ* және т.б.

Ііс сезу мағыналық тобына жататын сын есімдерден жасалған атаулар: *Сасықбастау* және т.б.

Жер бедері жамылғысының болып, болмауына, қалғын, жүқалығына байланысты қалыптасқан атаулар: *Талдыбұлақ*, *Тақырбұлақ*, *Тақтай бұлақ*, *Теректі асуы* және т.б.

Жердің ерекше белгісі мағынасын беретін сын есім сөздерінен жасалған атаулар: *Таңбалы тас*, *Тастықұдық* және т.б.

Жердің көлемін, мөлшерін білдіретін сын есімдерден жасалған атаулар: *Улкен Қасқабұлақ*, *Улкен Шақпақ*, *Улкен сор*, *Улкен текие*, *Кіши Ақшиоқы*, *Кішиқарағаш* және т.б.

Абай, Абыралы жер-су атауларының құрамындағы сын есім сөз табы арқылы жасалған атауларды топтастыру аталған мағыналық топтармен шектелмейді. Бұл топтастыру жиі қолданыстағы атаулар негізінде қалыптастырылды.

Абай, Абыралы өнірі жер-су атаулары жүйесінде біріккен және тіркесті құрделі топонимдерді қалыптастыратын сын есімдердің топоним құрамындағы құрылымын төмендегідей топтастыруға болады:

1. Сын есім+ зат есім сөздерінің бірігуінен жасалған атаулар: *Ақшиоқы*, *Алатопан*, *Көкдала*, *Көксерке*, *Көкаласу*, *Көкбіік*, *Көкжолат*, *Көкірім*, *Көксенгір*, *Қараагаш*, *Қарашиоқы*, *Қарауыл*, *Қараадыр*, *Қарабіік*, *Қарабұлақ*, *Қаражартас*, *Қаракөбен*, *Қаражал*, *Қаракемер*, *Қарақорым* және т.б.

2. Сын есім+зат есім сөздерінің тіркесуінен жасалған атаулар: *Улкен Шақпақ*, *Улкен сор*, *Улкен теки* және т.б.

3. Сын есім+біріккен зат есім сөздерінің тіркесінен жасалған атаулар: *Кіши Ақшиоқы*, *Улкен Аралтөбе*, *Улкен Қасқабұлақ* және т.б.

Жер-су атаулары – «ғаламның топонимдік бейнесін» қалыптастыратын тілдік құбылыстар. Топонимдердің тұлғалық, мағыналық құрамдары әр қылыш болып келеді. Қазіргі таңда тілді танымдық тұрғыда зерттеу тіл ғылымында негізгі бағыт саналатындықтан, зерттеушілер тарапынан жер-су атаулары да танымдық тұрғыда зерттелу үстінде. Жер-су атауларындағы ұлттық таным, ұлт тарихымен тікелей байланысты болғандықтан, атау қалыптастыруда сындық белгілер ерекше дең қойылады. Жер-су атауларын қалыптастыруда сын есімнің атқаратын қызметі зор. Жер-су атаулары кең байтақ жеріміздің географиялық жағдайы туралы ақпарат беруші нысандар деп танысақ, олардың құрамында қазба байлы атаулары, жер бедерінің пішіні, тұр-түсі, сұлбалары, ауа райының ерекшелігі және басқа да белгілері көрініс табатыны орынды болмақ. Сондықтан олардың көпшілігі сын есім негізді, сын есім құрамды жер-су атаулары болып табылады.

Қоғам түркі кезеңінен бері келе жатқан сан атаулары жер-су атауларын қалыптастыру жүйесінде сөзжасамдық бірлік ретінде белсенді қызмет атқарады. Ол сандардың өте ерте замандарда пайда болуымен байланысты деп ойлаймыз. Бұдан сан есімдердің өзіндік сөзжасам жүйесінің ертерек қалыптасқандығын аңғаруға болады.

Қазақ тіл білімінің топонимика саласында сан есімдерді топонимика жүйесінде қарастыру мәселелерімен Ә. Қайдар, Л. Базен, Ә. Умаров, Э.Р. Тенишев, Н. Үәлиұлы, В.И. Чернышев, Т. Сайрамбаев Э.А. Хасенов, Н. Оралбаева, Т. Жанұзақов, Е. Қойшыбаев, Ж. Байзаков, А. Машанов, Қ. Тажиев, А. Елешева, Г. Шаһарман, Қ. Ғабитханұлы, Қ. Дүсіпбаевалар сындығалымдар айналысып келді. Зерттеушілер сандардың киелілік, танымдық ерекшеліктерін халықтың күн көрісі, тұрмыс-тіршілігі, мал шаруашылығымен байланысты қарастырып, ата-бабамыздың табиғи сандарды менгеруде халық

педагогикасы бойынша салыстыру әдісін жүргізгені туралы 1, 2, 3, 5, 7, 9 тұжырымдар жасайды. Сан есімдер – лексика-грамматикалық топ ретінде қалыптасқан, өзіндік сөзжасамдық үлгілері, құрылымы бар сөз табы. Сан есімнің сөзжасамдық қызметі туралы белгілі ғалымдар Ә. Хасенов [140], Н. Оралбай [127, б. 182] арнайы зерттеулер жүргізіп, сандық ұғымның түрлілігі, олардың жасалу жолдары, мағынасына қарай есептік сандар, реттік сандар, жинақтық сандар, топтық сандар, болжамдық сандар, бөлшектік сандарға бөлінетіндігі туралы ғылыми тұжырымдар жасап, теориялар қалыптастыруды.

Жер-су атауларын қалыптастыруда сандардың барлық түрлері қатыспайды. Яғни киелі саналатын, немесе санауға болатын мағынадағы сан есім бірліктері ғана топоним жасай алады. Мәселен, Абай, Абыралы өнірі жер-су атаулары жүйесінде санға байланысты төмендегідей жер-су атауларын кездестіруге болады: *Алтыапан, Алпысбай, Бескүшік, Бестамақ, Бесталан, Бестас, Бестас биігі, Бестас бұлагы, Бестас көл, Бесүйбекет, Жалғызагаш, Жалғызтал, Жалғызтау, Жалғызқайың, Жалғызқұдық, Қырық ошақ көлі, Қырық үңгір қорымы, Қырыққұдық, Мыңжылқы, Мың кетпес биігі, Мыңбұлақ, Төртқара, Үшкеліншек, Үшқара көлі, Мыңбұлақ, Төртқара, Үшкеліншек..* Отыз бестің тауы, Төртжсал және т.б. Сан есімдердің жер-су аттарындағы қолданысы белгілі бір жердің, өзен-судың өзіндік ерекшеліктеріне, сол жердегі ағаштың, төбенің, шоқының тағы да басқа заттың белгісі, қасиеттері санына байланысты қойылуымен сипатталады. Кейбір атаулардағы сан есімнің қолданысы киелі сан ұғымдарына байланысты қолданылады.

Абай, Абыралы өнірі жер-су атаулары жүйесінде біріккен және тіркесті күрделі топонимдерді қалыптастыратын сан есімдердің топоним құрамындағы құрылымын төмендегідей топтастыруға болады:

1. Сан есім+зат есім сөздерінің бірігуінен жасалған атаулар: *Алтыапан, Алпысбай, Бескүшік, Бестамақ, Бесталан, Бестас, Қырыққұдық, Мыңжылқы, Мыңбұлақ, Төртқара, Үшкеліншек, Мыңбұлақ, Төртқара, Үшкеліншек* және т.б.

2. Сан есім (күрделі сан есім)+зат есім сөздерінің тіркесіп келуінен қалыптасқан атаулар: *Бестас биігі, Бестас бұлагы, Бестас көл, Отыз бестің тауы* және т.б.

3. Сан есім+зат есім+зат есім(географиялық термин) сөздерінің тіркесуінен жасалған күрделі атаулар: *Мың кетпес биігі, Қырық ошақ көлі, Қырық үңгір қорымы* және т.б.

4. Нақты сан атауы болмаса да, сандық ұғым ұстейтін «жалғыз» сөзінің қатысуымен жасалған атаулар: *Жалғызагаш, Жалғызтал, Жалғызтау, Жалғызқайың, Жалғызқұдық* және т.б.

Қорыта келе, қазақ тіліндегі заттардың, нәрселердің нақты санын білдіретін сан есім сөздер Абай, Абыралы жер-су атауларын жасауға белсене қатысқан. Олардың ішінен үш, төрт, бес, алты, отыз бес, қырық, мың және сандық ұғым беретін мың сөздерін атауға болады. Сан атаулары топоним қалыптастыруда туынды түбір атауларға мағына ұстеуші бірлік қызметін

атқарады. Сонымен бірге күрделі құрамды топонимдерге бағыныңқы сыңар негізі болып болады.

3.4 Етістік және басқа сөз таптарынан жасалған жер-су атаулары

Етістіктер жер-су атауларын қалыптастырууда айрықша танымдық рол атқарады. Әсіресе адам баласының қоршаған ортаны өзі танып-білуімен байланысты қабылдауы өте ұзаққа созылған тарихи процесс болғандығын етістік сөз табының топоним атауында орын алуы заңы құбылыс болып табылады. Себебі, лексикалық бірліктің еркін мағынасы ауыспалы мәнге айналып, ол топоним құрамында орнықканға дейін кемінде бір ғасыр уақыт өтуі шарт деп ойлаймыз. Сол екі арада етістікті еркін тіркес топонимикалық тіркес дәрежесіне жетіп, сол статуспен де ондаған жылдар жұмсалатының топонимикалық мысалдар дәлелдей түседі.

Қазақ тіл біліміндегі күрделі де кең ауқымды сөз табы – етістік. Етістік сөз табының ішіндегі мағынаға да, грамматикалық формаға да бай сөз табының бірі болып саналатыны анық. «Етістіктің лексика-семантикалық мағынасы мен формаларының банлығы оның өзіне тән әр алуан лексика-семантикалық, лексика-грамматикалық және грамматикалық категорияларынан тіпті айқын керінеді. Мысалы, етістіктің өзіне лайық сөз тудыру жүйесі, ол жүйенің неше құлы формаларымен қатар, өзіне ғана тән сөз түрлендіретін де формалары бар» [130, б. 221-223], деп тұжырымдайды ғалым А. Ысқақов.

Етістіктің аясының кең болатын себебі – етістік семантикаға бай сөз табы. Өмірдегі сан алуан іс-әрекет ұғымдары тек субъект әрекеттері емес, табиғаттағы, қоғамдағы, қоршаған ортадағы болған, болатын, болып жатқан амал-әрекеттер тілде етістік сөз табы арқылы жүзеге асады. Қазақ тілінің, сондай-ақ басқа да түркі тілдерінің сөз байлығының тең жарымына жуығы етістіктер болуы да мұны дәлелдей түскендей. Сондықтан да түркологияғында етістіктердің зерттелуі ерекше орын алады. Ал тілдің ерекшеліктерін сипаттайтын сөз таптары десек, соның ең күрделісі етістік те түркі тілдерінің әрбірі қазіргі ұлт тілі дәрежесіне жеткенше қаншама ғасырлар бойы көптеген сандық, сапалық өзгерістер мен әр құлы, бірақ жүйелі құбылыстарды бастаң кешіргендігі ақиқат.

Қазақ тіл білімінің сөзжасам жүйесінде етістік – өте ерте замандардан бері сөзжасамдық бірліктері қалыптасқан сөз табы деп саналады. Сөзжасам құбылыстарын зерттеуге арналған ғылыми еңбектерде қосымша арқылы, күрделендіру тәсілдері арқылы жасалған туынды етістіктердің тіліміздің сөздік қорын үнемі байытып отыратындығы, етістіктің туынды түбір етістіктерге де, күрделі етістіктерге де өте бай сөз табы екендігі сипатталады [128, б. 262]. Етістіктер «ғаламның топонимдік бейнесін» қалыптастыруда да қызмет атқарады. Абай, Абыралы өнірі жер-су аттарында етістіктің дара (түбір, туынды түбір) және күрделі құрамда келуі орын алады. Географиялық нысан атауларының қалыптасуына етістіктің негіз болуы ұлттымыздың рухани және мәдени құндылықтарымен, шаруашылық салтымен байланысты болып табылады. Оларға Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларынан мысал келтіретін

болсақ, *Айғыркеткен*, *Айтұган*, *Балакеткен*, *Балажетпес*, *Бурагиен*, *Белбасар*, *Биесыймас*, *Битуган*, *Ешкіөлген*, *Ешкіөлмес*, *Күлтөккен*, *Түйекетпес*, *Тесіпшықкан*, *Тұтіккен*, *Мыңкетпес*, *Қос қонған*, *Қостуған*, *Қодарқұлаған*, *Шаңтимес*, *Киікқашқан*, *Тасбасқан*, *Тоқымтықкан* және т.б. атаулардан мысал келтіруге болады.

Бұл келтірілген мысалдардан Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларының қоғам өмірі, халық тіршілігімен тығыз байланысты екенін аңғарамыз. Олардың әр біреуінің құрамы белгілі бір мағынаға, белгілі бір құбылысқа ие. Семантикалық мағынасы жағынан жеке объектілерді атайтын жалқы есімдердің ерекше тобын құрайтын жер-су атауларының әрбіреуінің өзіндік жеке тарихы бар. Олардың мағыналары өнірде орын алған белгілі бір тарихи оқиғаға байланысты қойылып жатады.

Абай, Абыралы өнірі жер-су атаулар жүйесі адам, қоғам және табиғатпен етene байланысты болғандықтан, белгілі бір тарихи кезеңде өмір сүріп жатқан халықтың рухани-мәдени ерекшелігі, өмір салты, тұрмыс тіршілігі, өмір сүріп жатқан жердің ландшафтылық-географиялық ерекшелігі топоним қалыптастыруда көрініс табады. Өйткені кез келген халықтың ғаламтанымы, қоғамдағы белгілі бір құбылыстарға жеке дара көзқарасы, табиғатты танудағы ішкі түйсігі тіл арқылы бейнеленеді. Атап айтанда, ежелден көшпелі өмір салтын ұстанған ата-бабаларымыз иелік еткен ұланғайыр жерлерін жақсы танып, әрбір географиялық нысанға өмірлік тәжірибесін қолдана отырып, сол жерді әрқашан меншіктеп тұратын ұмтылмастай атаулар беріп отырғанын аңғарамыз.

Есім сөз табымен салыстырғанда етістік сөз табынан қалыптасқан топонимдер саны жағынан аз болады. Мұнымен бірге негізгі етістіктен ғөрі туынды етістіктерден жасалған топонимдер, көп жағдайда есімшенің -ған, -ген, -қан, -кен, -ар, -ер тұлғалары арқылы қалыптасып, сол жердің аты ретінде өнірді сипаттайтын географиялық терминдермен, яғни топоформанттармен бірігіп, сөз болып отырған жердегі іс-әрекеттен, белгілі бір болған оқиғадан ақпарат беріп отырады. Мысалы: *Бурагиен* – Абай ауданының Көкбай ауыдық округіне қарасты жер аты. Халық арасында ру атына байланысты қойылған атау деп сипатталады. Бурагиен аты екі жағдайдың біріне қатысты қойылса керек. Бірі балуан бәйгесіне бура тігуімен байланысты. Екіншісі, тарихта жергілікті рулардың бура деген румен арадағы қақтығысқа байланысты қалыптасқан болуы мүкін. Найманның көршілес Бура руының осы қоныста жылқыға тиуі салдарынан Шыңғыстың іші мен сыртында Бурагиен деп екі жер аталады: бірі – жайлау, екіншісі – бауырдағы осы атырап. Өнір ақсақалдарының айтуынша, осының екеуінде де Бура руы барымташылары өнір жылқыларын ұрлап әкетумен байланысты болса керек. Сондай-ақ, *Айғыркеткен* атауы жайлы айтатын болсақ, ол – Абай ауданы, Архат ауылдық округіне қарасты Тентекқызы тауының солтүстік-батысында орналасқан тұзды көл. Немесе, *Балакеткен* атауын алыш қарасақ, ол – Абай ауданы Тоқтамыс ауылдық округіне қарасты жерде орналасқан жар атауы. Халық арасындағы әңгімелерге сүйенсек, Бурахан

деген кісінің немересі Серікқазы қой тоғытып жүріп жар сұына кетіп өлген. Қабірі осы өзектің басында, Шұға қонысына баар бел үстінде орналасқан.

Келтірілген мысалдардан көріп отырғанымыздай, атаудың қалыптасуына есімше тұлғалы етістік емес, өнірде орын алған оқиға негіз болған. Ал оқиғаны баяндау барысында қолданылған *Айғыр кеткен жер*, *Бура жылқыға тиген жер*, *Бала суга ағып кеткен жар* деген етістікті тіркестер уақыт өрнегінде топонимизация үдерісін басынан кешіріп, жалқы есімге айналған. Яғни атау -ған/-ген, -қан/-кен есімше тұлғалары арқылы емес, топонимика ғылымындағы топонимизация тәсілі арқылы жасалған.

Бұдан бөлек, Абай, Абыралы өңірі жер-су атауларының мысалдарынан байқағанымыздай түбір етістіктер топонимдердің жасалуына негіз бола алады. Мысалы: *Жайма*, *Жайылма*, *Қашама*, *Опырылма* және т.б.

Жайма – Шаған өзенінің Саржал ауылынан төменгі бетіндегі, мол жайылымды, бөгет салып егін егуге қолайлы жер аты. Жайма аталуы өзен сұының осы тұста таси жайылудын да болуы мүмкін.

Абай ауданының Тоқтамыс ауылдық округіне қарасты мал жаюға арналған жайдан жерді *Жайылма* деп атап кетен. Жайылма атты жайылым, өріс жері *жай*, *жаю(мал бағу)* етістігі негізінде жасалған. Демек, сөздік қорымыздағы жаю етістігі –жан-жаққа жайылу, тарау мағынасын білдіреді. Ал -ыл ырықсыз етіс *жұрнағы* да, -ма қазақ тіліндегі етістіктерден есім тудырушы қосымша. Олай болса, ырықсыз етіс мәніндегі есімша формалы *Жайылма* етістігі топонимдік атауға айналған. Сонымен қатар түбір етістікten жасалған *Қашама* атауына келетін болсақ, топонимнің негізінде *Қаша* етістігі жатыр. *Қашама* – Абай ауданының Қасқабұлақ ауылдық округіне қарасты мал күздейтін жер, күзек. *Қашама* Итжонның терістік кемерінде орналасқан. Күзектекұдық жасау үшін кемердегі тасты қашап отырып, қазғандығы байқалады. Осы *тасты қашау* мағынасындағы ерекше белгі, негіз атаудың қалыптасуына негіз болған. Яғни, қаша – негізгі түбір етістік, -ма қазақ тіліндегі етістікten есім тудырушы қосымша. *Опырылма* атауының жасалу жолы *Жайылма* топониміне ұқсас келеді. Атау – Абай ауданының Қасқабұлақ ауылдық окургінен Бауырға жүретін жолда орналасқан жар аузы, Қасқабұлақ аулынан³ шақырым қашықтықта орналасқан. Жердің опырылып, қопарылып жатуына байланысты қойылған атау. Опыру – етістік сөз табы ретінде бүтін затты бөлу, сындыру мағынасын береді. *Опырылма* атауы – опыр етістігіне -ыл ырықсыз етіс *жұрнағы* мен -ма етістікten есім тудырушы жұрнақтың жалғануы арқылы жасалған.

Абай ауданында орналасқан тағы бір маңызды етістікті атаулардың бірі – *Шорқашқан*. Атаудың негізінде үлкен тарих ізіндегі бір оқиға жатқанын аңғартады. *Шорқашқан* Абай ауданының Тоқтамыс ауылдық округіне қарасты жер аты болып табылады. Мұнымен бірге қатар айтылатын *Қарабас батырдың бейіті*, *Жанан батырдың көз жасы*, *Шор қашқан*, *Шор шапқан*, *Кеңгірбайдың тас үйгені*, т.б. атаулардың соңғысына тоқталсақ, жерге байланысты рулар арасындағы бақталастықтан туған қақтығысты көреміз. Кеңгірбай би (тобықты) тарақты, керейден жерін алған соң, керейге қолданған әдісін қолдана отырып,

біртіндең уақтар алған жерді босатып ала береді. *Догалаң, Шұнай, Аришалы, Аңысууды* босатып, уақтардың бір шетін Семейтау, Көкенге, екінші шетін Тышқаннан асырып қуып тастайды. Осы тұста әбден мезі болған, әрі қалған жерінен қауіптенген уақтар бітім жасасуды сұрап, екі жақ кездесу күнін белгілейді. Бірақ Қенгіrbай бітім болатын күнге қарсы тұнде өзі бастап барлық азаматтарын ұйымдастырып түйеге тас артып тасып, Көкеннің күншығыс жағындағы Семейтаумен екі ортадағы қоныр дөңге көп қылыш кісіге ұқсаған оба соқтырады. Оның арасына бірнеше салт аттыға буылған қарағанды сүйреттіріп ары-бері жүргізіп кояды. Сол қалың шаңың ішіне өркешті түйелерді ары-бері дамылсыз айдатып отырады. Таңертен уақтар қараса, қарсы жақтағы төбе басы қаптаған адам, будақ-будақ шан. Мұны көрген уақтар: «Кеңіrbай бізді алдап тұнімен бүкіл арғыннан қол жинап әкелген екен. Бізді шаппақ қой», – деп ойлап қонысын тастап қашады. Сол жер осы күнге дейін «Кеңіrbайдың тас үйгені» деп аталады [59, б. 58]. Жоғарыда келтірілген мысалдардан топонимдік атаулардың көп жағдайда қай руға қарасты екендігін аңғарамыз. «Мен Шормын, Шормын, Құдайдан да зормын» деп ұрандататын шорлар арғынның қамбар руынан тарайды. Күндердің күнінде Қамбар руы Шор елінен Сәтбек деген батыр шығып, Тобықтының жылқысына дүркін-дүркін тиіп, әбден мазасын алады. Олар жылқыға тигенде «Мен шормын, шормын, Құдайдан да зормын» деп ұрандап шабады екен. Шордың әлегі лаңға айналып, бұдан қалай құтылуды ойлаған Қенгіrbай айласын асырып, тұнде қаперсіз жатқан ұрылардың атын айдатып тастап, өздерін қолға түсіреді. Тек атын жібермей қасында ұстаган Сәтбек қана құтылады. Осы Шор руынан шыққан Сәтбекті қуған қоныр адыр «Шор қашқан» аталады. Қолға түскен көп жаяу ұрыны түгелдей шешіндіріп, табандарын тілдіріп, Көксенгірдегі «Аңы қақ» дейтін көлден өткізеді. Ұрылар жаяу жалдап өткен көл суына аяқтан аққан қан араласып қып-қызыл болады. Бұл көл бұдан былай «Қанды қақ» деп аталады [44, б. 272]. Мысалдардан байқағанымыздай, әрбір етістікті сөз тіркесінде келген атаудың артында белгілі бір оқиға жатады. Атау сол оқиғаның түп негізі, шарықтау шегіндегі мағына негізінде қалыптасады. Сол себепті де құрамында етістік пен етістік сөз табының категорияларын сипаттайтын қосымшалар болады. Осы тұрғыдан алғанда топонимдерді қалыптастырудың – атау – таңба деген контексте қарастыру маңызды болып саналады. Бұл тұжырымды негізге алатын болсақ, топоним қалыптастыруға қатысатын сөздер ішкі мағыналық-тұлғалық құрылым негізінде, олардың бірлігінің арақатынасы негізінде қалыптасқанын аңғарамыз.

Етістік сөз табының категориялары етіс жүрнақтарының топоним қалыптастырудың қатысы мағына теориясының жан-жақты зерттеліп, танылуымен байланысты болады. Есімшенің -ған/-ген, -ар/-ер, -с, болымсыздық -па/-пе, -ып кел аналитикалық формантының да топоним қалыптастырудың мүмкіндіктері өздері қатысқан етістікті сөз тіркесінің аясында қарастырылады. Себебі, жер-су атаулары туынды курделі тіркестер, яғни топонимикағылымында сөзжасам заңдылығына сәйкестеніп пайда болған дайын тілдік бірліктер болып есептеледі. Дегенменде нысан атын қалыптастырудың ең

алдымен жердің ерекшелігі, өзіндік қасиеттері, ландшафтылық ерекшеліктері, орын алған оқиғаның сипатталуы және лексикалық мағынаға қатысы жоқ басқа жағдайлар негізге алынады. Сондықтан олардың құрамдарындағы грамматикалық көрсеткіштердің топоним қалыптастыру ерекшеліктері бар екендігін тілдік деректер көрсетіп отыр. Себебі, құрделі тіркестер тарихи түрғыдан алып қарағанда еркін сөз тіркестерінен, әр түрлі синтаксистік қатынастар негізінде пайда болады. Басында бір-біріне қатысы жоқ жеке сөздер, белгілі бір себептермен өзара қарым қатынасқа түсіп, бір-біріне әсер етіп, жаңа мағынаберуге қатысады.

Етістік сөз табының жер-су атауларын жасауға қатысын көрсететін тіркестер дара және құрделі тұлғалы болып келеді. Олардың жасалуына түбір етістіктер, басқа сөз таптарынан жасалған туынды түбір етістіктер негіз қызметін атқарып, атау мағынасын қалыптастырады. Себебі етістік сөзжасам жүйесінде толық қалыптасқан сөз таптарының бірі болып табылады. Сол сияқты етістіктің сөзжасамдық бірліктері де әбден қалыптасып, орныққан болып есептеледі. Демек, етістік қосымша арқылы, құрделендіру тәсілімен өңірдегі топонимдік атаулар жасай алады. Абай, Абыралы өңірі жер-су атауларын қалыптастыруды етістіктер құрделі құрам сыңары қызметінде болады. Етістіктің топоним қалыптастыруды сөз тіркесіндегі орындары ауысып қолданыла береді. Мысалы: *Айдалек*, *Адасқан*, *Шаңтимес биігі* және т.б. Соңғы мысалдағы үлгіге сәйкес етістіктердің топоним қалыптастырудығы құрделендіру тәсілі құрамында -ар/-ер, -с тұлғалары және жедел өткен шақтың III жақ көрсеткіші -ды/-ді, болымсыздық жүрнағы -па/-пе тұлғалары, -ып кел аналитикалық форманты қолданысқа түсетеңін байқаймыз. Атап айтқанда, *Шаңтимес биігі* – Абай ауданының Қасқабұлақ ауылдық округіне қарасты жер аты. Қалың көк шалғынды, мұлдем шаң болмайтын жер болғандықтан осылай аталған. Жазықтың онтүстік шығыс шетіндегі жалғыз биік. Өнір этнографтарының Б. Исабаевтің еңбегінде Шаңтимес – қазіргі Еңілік-Кебек ескерткіші тұрған жер деп сипаталады. Ескерткіш кең жазықтың онтүстік шетіндегі төбеде тұр. Бұл жазық мол пішендік болып табылатын жер. Тұстігінен Ашысу өзенінің жары өтеді. Тасыған жылдары бүкіл жазыққа жайылып, қалың көк шалғын өседі. Мұндай шалқар нұға шаң жетпейді. Өлкенің ертедегі атын халық ұмытпай, тұстігіндегі жалғыз биікті әлі күнге дейін «Шаңтимес» деп атайды. Ол төбені Мұхтар Әуезов «Абай жолы» романында «Ералы жазығындағы Кішкене төбе» дейді. Қазақ энциклопедиясында «Шұбар төбе» деп жазылған. 1780 жылдар шамасында қосғашық Еңілік пен Кебек Қаражартастан қашып, Тобықтылар отырған Жидебайға жақын Кіші Орданың басындағы Үйтасқа, киіз үй тәріздес дөңгелене қуысталып біткен тасқа келіп тығылады. Қос мұңылық Үйтасты мекен етіп жүріп бала сүйеді. Ақыры зорлық күшпен, қаскөй топ Еңілік пен Кебекті Үйтасқа қамалап ұстап, Ақшоқы басынан ат қүйрығына байлап өлтірген. Еңілік-Кебек ескерткіші тұрған төбенің батысында белдеу жота бар. Оны Семей-Қарауыл күре жолы кесіп өтеді. Халық осы жотаны Абай заманында «Сарттың арқалығы» деп атаған екен. Ол кезде саудагер өзбектер

келіп қоныстанған кез болса керек. Олар қазақ жерін уақытша пайдалануға алып, киіз үй тігіп, керуен тартатын күш көлікке азық дайындаумен қоса мол пішенге мал бордақылап, Семей, Аягөз базарына шығарып сатқан көрінеді. Сол сарттардың ұрпағы Арқат ауылында тұрып жатқанын Бекен Исабаев «Ұлылар мекенінде» кеңінен баяндайды [141].

Мұнымен бірге етістік сөз табы қатысқан жер-су атауларының мағыналары белгілі бір іс-әрекетке, оқиғаға байланысты болады. Кейбір күрделі құрамды тіркестердің сыңарлары нөлдік формада болады. Ол етістікпен біріккен зат есімнің табыс септігі жалғауының түсіп қалуынан байқалады. Аталған құбылыстытіл тілдің грамматикасындағы нөлдік морфемамен байланысты деп түсіндіреміз. Алайда атау құрамындағы, мәселен, *Күлтөккен*, *Тутіккен*, *Тасбасқан* және т.б. атауларда табыс септігі жалғауының түсіп қалуын, топонимжасамдық ерекшелік деп танимыз. Себебі, жалғаулардың сөз жасау қабілеттері болмайды. Ал топоним қалыптастыруды ол жалғау екі негіз сөз ортасында нөлдік формада келіп, атау мағынасын білдіруге қатысады. Бұл нөлдік морфеманың жер-су атауларын қалыптастыруды қолданылатын негізгі ерекшеліктердің бірі деп есептейміз.

Абай, Абыралы өңірі жер-су атауларындағы етістік сөз табының қатысуымен жасалған атауларға сондай-ақ, *Айданкел*, *Биежала* атауларын жатқызамыз. Аталған мысалдардың құрамында етістік сөз табының бүйрық рай категориясы орын алады. Бұл атауларға да өнірде орын алған оқиға негіз болған деген пікірдеміз.

Абай, Абыралы өңірі жер-су атауларындағы етістік сөз табынан қалыптасадын топонимдік құрылымтарды төмендегідей ажыратуға болады:

1. Зат есім+есімше тұлғалы етістік сөздерінің бірігуі арқылы жасалған топонимдік атаулар. Мысалы: *Айғыркеткен*, *Айтуган*, *Балакеткен*, *Буратиген*, *Битуган*, *Ешкіөлген*, *Тутіккен*, *Күлтөккен*, *Қостуған*, *Қодарқұлаған*, *Тасбасқан*, *Тоқымтыққан*, *Қосқонған*, *Киікқашқан* және т.б.

2). Зат есім+болымсыз етістік+-с есімше жұрнағы жалғанған сөздердің бірігуі арқылы жасалған топонимдік атаулар. Мысалы: *Балажетпес*, *Биесыймас*, *Шаңтимес*, *Ешкіөлмес*, *Мыңкетпес*, *Түйекетпес* және т.б.

3. Зат есім + етістік+-ар/-ер/-р есімше жұрнағы жалғану арқылы жасалған топонимдік атаулар. Мысалы: *Белбасар*, т.б.

4. Көсемше тұлғалы етістік+есімше тұлғалы етістік сөздердің бірігуі арқылы жасалған атаулар. Мысалы: *Тесіпшыққан*, т.б.

5. Көсемше тұлғалы етістік+бүйрық рай тұлғалы етістік сөздердің бірігуі арқылы жасалған атаулар. Мысалы: *Айданкел*, т.б.

6. Етістік+-ған/-ген/-қан/-кен есімше жұрнағы жалғанған сөздің заттауы арқылы жасалған атаулар. Мысалы: *Адасқан*, т.б.

7. Етістік+-ар/-ер/-р есімше жұрнағы жалғанған сөздің заттауы арқылы жасалған атаулар. Мысалы: *Жасар*, т.б.

Келтірілген топтастырудан көріп отырғанымыздай, Абай, Абыралы өңірі жер-су атаулары құрамында келген етістік негізді атаулар 7 түрлі құрамда

кездеседі. Олай болса, өнір топонимикалық жүйесінде әлі де көптеген атаулар осы принципке негізделе отырып қалыптастасуы ықтимал.

Сонымен қорыта келе, Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларының кұрамында етістік негізді топонимдер де орын алады. Оларды қалыптастыруға етістіктің лексика-семантикалық топтары, грамматикалық бірліктері қатысады. Алайда олардың топоним қалыптастырудары ерекшеліктері грамматикалық қолданыстан басқаша болып келеді. Өйткені олар біртұтас лексикалық бірлік ретінде әр алуан грамматикалық қатынасқа түсү арқылы топонимдік мағына тудырады.

3-бөлім бойынша тұжырым

Абай облысы жер-су атауларының сөзжасамдық-құрылымдық ерекшеліктері деп аталатын тарауда Абай ауданы мен оған шекаралас жатқан Абыралы округі жер-су атауларының сөзжасамдық-құрылымдық ерекшеліктері мен сөз құрамы кеңінен қарастырылды. Тараудың бірінші тараушасында зерттеу нысанамызға ілінген өнір топонимдерінің жалпы сөзжасамдық-құрылымдық сипаты, яғни атау қалыптастырудар қандай әдіс-тәсілдер қолданылғанын екжей-тегжейлі зерделедік. Атап айтқанда, Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларын жасауда сөзжасамның синтетикалық, лексика-семантикалық, аналитикалық тәсілдері ұтымды рөл атқаратыны анықталды. Сондай-ақ, топонимист ғалымдардың айналымға енгізген топоним жасаудағы тұжырымдалды. Тілдік зерттеу барысында аталған тәсілді К. Сапаров, Ұ. Ержанова, Д. Каймулдина сынды зерттеушілер ұстанғанын аңғардық. Сөзжасамның синтетикалық тәсілі арқылы *Бөрілі*, *Бұғылы*, *Борлы* тәрізді атаулар қалыптассас, лексика-семантикалық тәсіл арқылы *Бақа*, *Қона*, *Қос*, *Мес*, *Өзек*, *Сага*, *Тай*, *Тогай*, *Тоган*, *Шет* және т.б. тәрізді топонимдер жасалған. Сөзжасамның аналитикалық тәсілі Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларын атауларын қалыптастырудары ең өңімді тәсілдердің бірі болып табылады.

Сонымен қатар екінші тараушада өнір топонимдерінің құрамы назарымызға ілінді. Зерттеу нәтижелері бойынша Абай, Абыралы өнірі жер-су атаулары бір компонентті дара және күрделі топонимдерден, екі компонентті күрделі топонимдерден, үш компонентті күрделі топонимдерден және көп компонентті күрделі топонимдерден тұратынын анықталды.

Үшінші тараушада Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларын қалыптастырудар есім сөздердің, атап айтқанда зат есім, сын есім, сан есімдердің қызыметін зерделедік. Зерттеудің нәтижесінде зат есім сөз табының қатысумен жасалатын атаулардың құрылымдық конструкциялары анықталды:

1. Екі сыңары да зат есімнен болған біріккен күрделі топонимдер (Зат есім+зат есім): *Айбұлақ*, *Айбала*.

2. Үш сыңары да зат есімнен болған біріккен күрделі топонимдер (Зат есім + зат есім + зат есім): *Айбастаубұлақ*, *Орташақпақтас* және т.б.

3. Бағыныңқы сыңары туынды түбір зат есім, басыңқы сыңары түбір зат есімнен болған тіркесті күрделі атаулар (Зат есім + жұрнақ + зат есім): *Шілікті*

кезең, Таңбалы тас, Буырлы тау, Шошқалы көл, Шарықты тәбе, Мыилы бұлақ және т.б.

4. Арас топонимдік құрылымға ие атау (Зат есім + етістік + -ма, -с жүрнақтары + зат есім): *Ешкіөлмес биік, Ешкіөлмес жомта.*

Абай, Абыралы өнірі жер-су атаулары жүйесінде біріккен және тіркесті күрделі топонимдерді қалыптастыратын сын есімдердің күрделі топонимдік конструкцияларын тәмендегідей топтастырдық: 1) сын есім+ зат есім сөздерінің бірігуінен жасалған атаулар: *Ақшиоқы, Алаторан*; 2) сын есім+зат есім сөздерінің тіркесуінен жасалған атаулар: *Улкен Шақпақ, Улкен сор*; 3) сын есім+біріккен зат есім сөздерінің тіркесінен жасалған атаулар: *Кіши Ақшиоқы, Улкен Араптәбе, Улкен Қасқабұлақ* және т.б.

Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларындағы етістік сөз табынан қалыптасадын топонимдік күрделі конструкцияларды тәмендегідей ажыраттық:

1. Зат есім+есімше тұлғалы етістік сөздерінің бірігуі арқылы жасалған топонимдік атаулар. Мысалы: *Айғыркеткен*, т.б.

2. Зат есім+болымсыз етістік+-с есімше жүрнағы жалғанған сөздердің бірігуі арқылы жасалған топонимдік атаулар. Мысалы: *Балажеттес, Биесыймас*, т.б.

3. Зат есім + етістік+-ар/-еп/-р есімше жүрнағы жалғану арқылы жасалған топонимдік атаулар. Мысалы: *Белбасар*, т.б.

4. Көсемше тұлғалы етістік+есімше тұлғалы етістік сөздердің бірігуі арқылы жасалған атаулар. Мысалы: *Тесіпшиққан*, т.б.

5. Көсемше тұлғалы етістік+бүйрық рай тұлғалы етістік сөздердің бірігуі арқылы жасалған атаулар. Мысалы: *Айданек*, т.б. 6. Етістік+-ған/-ген/-қан/-кен есімше жүрнағы жалғанған сөздің заттауы арқылы жасалған атаулар. Мысалы: *Адасқан*, т.б.

7. Етістік+-ар/-еп/-р есімше жүрнағы жалғанған сөздің заттауы арқылы жасалған атаулар. Мысалы: *Жасар*, т.б.

Сонымен қорыта келе, Абай, Абыралы өнірі жер-су атаулары өзіндік сөзжасамдық-құрылымдық сипатқа ие топонимикалық жүйе деген тұжырым жасаймыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Кез келген елдің елдігін айғақтайтын негізгі белгі – халқының өткен тарихы, салт-дәстүрі, әдебиеті мен мәдениеті. Жер-су атаулары осы тарихтың бір бөлігін құрайды. Яғни жер-су атаулары лингвистикалық тілдік бірліктер бола отырып, бойларында бір этностың, ұлттық, халықтың көне тарихынан, мәдениеті мен әдебиетінен ақпарат тасымалдайтын мәдени кодтар болып табылады. Себебі, кез келген атауды алып қарасақ, оның қалыптасуына белгілі бір оқиға, халықтың болмысы, дәуір болмысы негіз болады.

Қазактың бар тарихы оның даласы мен халқының зердесінде жазулы екенін ескерсек, мәдени код ретінде сипатталатын жер-су атаулары халық зердесіндегі мол мұраны, халыққа тиесілі жерді атау арқылы жердің негізгі иесі жайлы ақпарат береді. Олай болса, жер-су атаулары жер-жердің, географиялық нысандардың атын атап қана қоймай, жеріміздің шекараларын анықтап, елдігімізді танытуда ұлken қызмет атқаратын тілдік бірліктер болып саналады. Ұлттық тарихтың құрамдас бөліктерінің бірі саналатын Абай облысына қарасты Абай, Абыралы өнірі – көнеден бүгінге дейін сан салалы тарихты басынан кешірген киелі өлке. Атап айтқанда, сонау сақ, ғұн, көне түркі дәуірінен бастап, ортағасырдағы Шыңғысхан жорықтары, бертін келе қалмақ-жоңғар шақыншылықтары, Ақтанбан шұбырынды, алқа көл сұлама және т.б. тарихтың бәрі жер бедерінен гөрі, жер атауларында көрініс тапты. Бүгінгі таңда аталған өнірдің атауларын топтастырып, жүйелеу жұмыстарын жүргізу лингвистикағының тұрғысынан қолға алынбағандығы жұмысымыздың өзектілігін арттыруды.

Біздің диссертациялық жұмысымыз Абай облысының өзара шекаралас жатқан Абай, Абыралы өнірлерінің жер-су атауларын жинақтап, лексика-семантикалық тұрғыдан топтастыру, сөзжасамдың ерекшелігі тұрғысынан топонимжасамдық белгілерін анықтауға бағытталған көлемді зерттеу болды. Аталған мәселеленің құндылығы жерімізді, елдігімізді тілдік бірліктер арқылы толықтай негіздел, бекітудің бір амалы болса керек. Абай, Абыралы өнірлерінің жер-су атауларын зерттеу – бүгінгі таңда қазақ тіл білімі ғылымындағы аса өзекті жаңа бағытпен байланыстырылып, сайып келгенде, ұлттық тілдің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуіне, танылуына қызмет ететін тақырыптың бірі.

Әрбір атау – тарихқа тұнып тұрған уәжді, мағыналы символ. Мұндай ұлттық-рухани байлығымыз болып саналатын жер-су атауларын зерттеу қажеттілігі жоғарыда аталған уақыт талабынан туындалп отыр.

Ұлттық таным мен санада ұлттық сипат өріс ала бастаған кезеңде әрбір саналы азаматтың бойында өз халқының өткен тарихын білуге деген құштарлық пен ынта ояна бастайды. Сондықтан жер-су атауларын жан-жақты зерттеу тарих және тіл білімі үшін де маңызды нәтиже береді деп ойлаймыз.

Топонимдер – ономастиканың тарихи және ұлттық ерекшеліктер бояуымен өрнектелген ерекше категориясы. Оларды бір дәуір көлемінде немесе бір ғана тарихи, тілдік материал деңгейінде анықтау мүмкін емес. Сондықтан

Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларының тарихи қалыптасуы мен дамуы тұрғысынан, бұл өлкенің өткен тарихын, аталған территорияны мекендеген халықтар мен тайпалар өмірінің негізгі кезеңдері тілдік материалдармен сабактастықта қарастырылды.

Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларын қоғамдық-тарихи, тарихи-географиялық, этнотанымдық тұрғыдан диахронды және синхронды сипатта жалпы тілдік құрылыммен астастыра қарау, топонимдердің құрылымдық, лексика-семантикалық табигатын талдау негізінде төмендегідей нәтижеге қол жеткізілді:

1. Жер-су атауларының ономастикалық кеңістіктегі теориялық негіздемесі анықталды. Яғни ең алдымен, жер-су атауларының қазақ тілі білімінің топонимикалық зерттеулер нысанасына алыну кезеңі, республика көлемінде топонимдердің топастырылып, каталогтарының әзерленуі, лингвистикада топонимдерді лексика-семантикалық, этимологиялық, лингвомәдениеттану тұрғысынан зерттелу тарихына жалпы шолу жасалды.

2. Қазақстанның басқа да аймақтарының топонимиясы тәрізді зерттеу нысаны ретінде алынған Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларының өзіне тән қалыптасу, даму, орнығы жүйесі бар. Олар қазақ топонимиясына тән ортақ заңдылықтар мен аймақтық ерекшеліктерге сәйкес қалыптасқан.

3. Абай, Абыралы өнірі топонимиялық жүйесі осы жердің өткен тарихынан құнды мәліметтер бере алады. Яғни өнір топожүйесінде ұлт тілінің ру, тайпалық одақ, халық, ұлттық тіл дәрежесіне көтерілуінің негізгі белгілері мен тарихи іздері сақталған.

4. Абай, Абыралы өнірі физика-географиялық жағдайы аймақтық топонимиялық жүйеде көрініс тапқаны анықталды.

5. Жергілікті табигат ерекшеліктерінен көрініс беретін жер-су атаулары лексика-семантикалық топастыруды негізге алынды.

6. Абай ауданы мен Абыралы ауылдық округіне қарасты кейбір топонимдердің шығу тарихы мен мән-мағынасы ашылды.

7. Абай ауданы мен Абыралы ауылдық округі топонимдері бойынша өнірде орын алған тарихи, әлеуметтік, шаруашылық үрдістер мен құбылыстардың нәтижесінде қалыптасқан географиялық атауларды ажырату, сипаттама беру жұмыстары атқарылды.

8. Абай, Абыралы өнірі топонимдері өзіндік құрылымдық сипатқа ие. Тіліміздің жалпы заңдылықтары бойынша олардың құрылымдық сипаты негізгі және туынды, дара және күрделі болып топастырылды. Сонымен қатар, облыс территориясындағы туынды топонимдердің бір бөлігі семантикалық тәсіл арқылы жасалғандығы анықталды. Туынды топонимдер семантикалық тәсілдің топонимизация, трансонимизация және транстопонимизация түрлері арқылы қалыптасқаны анықталды.

9. Абай, Абыралы өнірі жер-су атаулары өзіндік сөзжасамдық-құрылымдық сипатқа ие топонимикалық жүйе екені анықталды.

Алынған нәтижелерді саралай келе, Абай, Абыралы өнірі жер-су атаулары аймақ тарихынан сыр шертетін аса құнды тарихи-тілдік қазына деген

тұжырым жасаймыз. Ұлттық жалқы атаулар жүйесі, өсіреле топонимдер қоғамда болып жатқан саяси-әлеуметтік өзгерістердің бірден-бір көрсеткіші болғандықтан, бұл топонимдер тобының атаулары идеологиялық ықпалға барынша бейім екенін байқауға болады.

Қазақ топонимдерінің тілдегі байырғы, орта ғасыр, жаңа дәуірлердегі үлгілері тарихи және лингвистикалық түрғыдан талданып, олардың ұлттық мәдениет, ұлттық әдебиет, ұлттық тарихпен байланысын қарастыру үлкен әлеуметтік-гуманитарлық сипаттағы басты мақсат болып табылады. Топонимжасамның басты міндеті қазақы атауларды сақтап қалу ғана емес, жаһандану жағдайында ұлттық бейнені танытатында ұлттық топонимдер жасау болып табылады. Қазақстан тәуелсіз ел болып, тілді оның өмірлік күші ретінде дәріптеп жатқанда, жүйемізге сәтсіз атаулар мен жат атаулардың топожүйемізге енуіне жол бере алмаймыз. Елдің баға жетпес қазынасының бірі саналатын топонимдер бұрыннан қалай болса солай қолданылып, саудаланып келген болса, енді оларды белгілі жүйеге енгізіп, дәстүрлі үлгі бойынша атауларды саналы түрде жасауға көшу керек демекпіз.

Қорыта келгенде, ономастика, топонимика саласында жүргізіліп отырған тілдік саясат мемлекетті нығайту, мемлекеттік сәйкестікті қалыптастыру сияқты міндеттерді жүзеге асырудағы басымдықтардың бірі;

– қазақ тілінің бай ономастикалық қорының топожүйесінде қазақ этносына қатысты орасан мол этнотанымдық ақпарат жинақталғандығы анықталды;

– аймақтық топонимияны тілдік жүйе ретінде қалыптастыратын тарихи және этномәдени факторлар этномәдени танымдық маңызы бар мәселе ретінде анықталды;

– өнірлік топонимдер этнотанымдық, этномәдени түрғыдан сол аймаққа ғана қатысты емес, сонымен қатар, жалпы қазақ топожүйесіне қатысты да мол материал көзі екендігі анықталды;

– мазмұны ұлттық, тұлғасы сан алуан топонимдердің күрделі табиғатын толық біліп, жете түсіну үшін, оның толып жатқан сан-салалы мәселесін әлі де жан-жақты зерттей түсу қажеттігі анықталды;

– Абай, Абыралы өнірі топонимдерінің этникалық бірегейлігі нақты мысалдар аясында сараланды;

– өнірлік топонимдерді біріздендіру, сол аймақтың тарихын айшықтауға негіз болатыны анықталды;

– өнірлік топонимдерді, соның ішінде көші-қон атауларын тізбеге түсіру барысында, қазақ тілінің бай ономастикалық қорының үлесі анықталды;

– аймақтық топонимдер мен көші-қон атаулары жергілікті халықтың санасында қалыптасқан танымнан ақпарат беретіндігі анықталды.

Зерттеу нәтижесінде 1500-ге жуық топоним жиналды, сараланды. Абай ауданы мен Абыралы ауылдық округіндегі ру-тайпа атауларына байланысты қалыптасқан топонимдердің ерекшелігі, жер-су атауларының лексикалық-семантикалық ерекшелігі, топонимикалық кеңістігінде қазақ халқының

материалдық-рухани мәдениеті көрініс тапқандығы анықталып, топонимдердің тақырыптық тобы анықталды және топтастырылды.

Заманауи аудио-видео техникалар мен транспорт түрлері жетілген кезде, жер-су аттарын анықтау немесе жаңарту үшін, географиялық нысандарды көзben көріп, қолмен ұстап барып, тиісті шешім қабылдауға әбден болады. Бұл – міндettі де. Өйткені сөзжасам (топонимизация) арқылы тың атауларды жасамас бұрын, табиғи нысанды көзben көріп, айырым белгісін анықтай алса, атау мен объект арасында сәйкессіздік болmas еді. Топониммен жаңа атаулар жасау кезінде бұл атау (мысалы, сөз) географиялық объектіге (мысалы, зат) сәйкес келуі керек. Олай болмаса, жаңа атауда ешқандай жалқы есімдік қасиет қалмайды. Ол мән-мағынасыз дыбыстар тіркесі ғана болып шығады.

Қазақ топонимикасын қайта жаңғыртудағы басты міндет – қазақы атауларды сақтап қалу ғана емес, жаһандану жағдайында ұлттық бейнені танытатын ұлттық топонимдерді жасау. Қазақстан тәуелсіз ел болып, өз тілін алдыңғы қатарға қойғанда, жүйемізге сәтсіз атаулар мен жат атаулардың енуіне жол беруге болмайды. Елдің баға жетпес қазынасының біріне жататын топонимдерді қалай болса солай қолдану, саудалау орын алып келген болса, ендігі кезекте белгілі жүйеге енгізіп, дәстүрлі үлгілер арқылы саналы турде атаулар жасауға көшуге болады. Қазақ топонимдерінің дәстүрлі сөзжасам үлгілері арқылы жасалатындығы жан-жақты қарастырылды. Табиғи нысаннның ерекше бір белгісін анықтаған соң, дайын топонимжасам үлгілеріне қарап, жаңа атау беру көп қындық келтірмейтіні сөзсіз.

Қорыта келгенде, ұлттық кодымызды сақтаудың бір өзегі жер-су атауларын жан-жақты сараптап, зерделеуде жатыр. Абай, Абыралы өнірі жер-су атаулары ел тарихының, халық мәдениетінің құрамдас бөлігі, рухани кодтың жаршысы іспеттес.

ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы, 1985. – 222 б.
- 2 Конкашпаев Г.К. Казахские народные географические термины: автореф. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1949. – 23 с.
- 3 Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы: 5 т. – Нұр-Сұлтан: Халықаралық Түрік академиясы, 2021. – Т. 2. – 336 б.
- 4 Абдрахманов А.А. Некоторые вопросы топонимики Казахстана: автореф. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1954. – 12 с.
- 5 Тілеубердиев Б.М. Оңтүстік Қазақстан топонимдерінің этнолингвистикалық сипаттары: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1995. – 162 б.
- 6 Керимбаев Е.А. Лексико-семантическая типология оронимии Казахстана: дис. ... канд. филол. наук: 10.02.06. – Алма-Ата, 1988. – 195 с.
- 7 Рысбергенова К. Историко-лингвистическое исследование топонимов Южно-Казахстанской области: автореф. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1993. – 22 с.
- 8 Султаньяев О.А. Топонимика Kokчетавской области (лингвистический анализ): автореф. ... канд. филол. наук. – Томск, 1969. – 19 с.
- 9 Манкеева Ж.А. Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы: док. ... дис. автореф. – Алматы, 1997. – 53 б.
- 10 Мадиева Г.Б. Ономастическое пространство современного Казахстана: структура, семантика, прецедентность, лемматизация: дис. ... док. филол. наук. – Алматы, 2005. – 293 с.
- 11 Жартыбаев А.Е. Орталық Қазақстан топонимиясының тарихи лингвистикалық, этимологиялық және этномәдени негіздері: филол. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2006. – 281 б.
- 12 Ержанова Ұ.Р. Батыс Қазақстан облысының ономастикалық қеңістігі: монография. – Орал: М. Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2018. – 250 б.
- 13 Сагидолдагийн Г. Қазақ-монгол топонимдеріндегі ортақ құбылыстар: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1993. – 143 б.
- 14 Иманбердиева С.Қ. Тарихи ономастикалық қеңістік (X-XIV ғғ. түркі жазба ескерткіштер негізінде): филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2010. – 291 б.
- 15 Наханова Л. Историко-семантическая интерпретация топонимов в Орхено-Енисейских памятниках: дис. ... док. PhD. – Алматы, 2014. – 155 с.
- 16 Бұғыбаева Ж.Б. Қазақ топонимдерінің сөзжасамы: док. PhD ... дис. – Алматы, 2015. – 151 б.
- 17 Мақұлбек А.Б. Қазақ топонимдерінің фоносемантикалық сипаты: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2008. – 128 б.
- 18 Диарова М.А. Взаимная адаптация топонимов в условиях двуязычия: дис. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1999. – 130 с.

- 19 Рысберген Қ.Қ. Қазақ топонимиясының лингвокогнитивтік және этномәдени негіздері: филол. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2010. – 255 б.
- 20 Сапаров Қ.Т. Павлодар облысы топонимдерінің қалыптасуының геоэкологиялық астарлары: географ. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2004. – 26 б.
- 21 Бияров Б.Н. Өр Алтай (Оңтүстік Алтай) оронимдері: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2000. – 27 б.
- 22 Сейітова Ш.Б., Доскеева Ш.А., Қасымова Ә.Ә. Шығыс Қазақстан топонимдерінің тарихи-лингвистикалық, этимологиялық және этнолингвистикалық ерекшеліктері: оқу күр. – Семей, 2020. – 121 б.
- 23 Әлімхан А.А. Шығыс Қазақстанның оңтүстік аймағы топонимдерінің тілдік және этномәдени негіздері: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2001. – 138 б.
- 24 Орынбетова Э.А. М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясының ономастикалық қеңістігінің лингвомәдени сипаты: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2010. – 128 б.
- 25 Тасполатов Б.Т. Қазығұрт өңірі топонимиясының этнолингвистикалық сипаты: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2010. – 148 б.
- 26 Борибаева Г.А. Қарапайым метатілдік сана бейнесіндегі топонимдік рефлексия: док. PhD ... дис. – Алматы, 2018. – 341 б.
- 27 Бектасова Б.К. Топонимия Кустанайской области: автореф. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1989. – 25 с.
- 28 Исмаилова Ж.А. Оңтүстік Қазақстан облысы топонимдік жүйесінің қалыптасу ерекшеліктері (1905-2005 жж.): филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2005. – 27 б.
- 29 Құламанова З.А. Жамбыл облысы ойконимдерінің тарихи-лингвистикалық және этномәдени сипаты: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2006. – 288 б.
- 30 Омарбекова А.С. Социальное и природное в формировании топонимии Улытау Торгайского региона: дис. ... канд. геогр. наук. – Алматы, 1999. – 164 с.
- 31 Конкашпаев Г.К. Словарь казахских географических названий. – АлмаАта: Изд-во АН КазССР, 1963. – 185 с.
- 32 Востоков А.Х. Задача любителям этимологии // Санкт - Петербургский Вестник. – СПб., 1983. – № 2. – С. 166-167.
- 33 Самтакова К.Б. Топонимия юго-восточных приграничных районов Республики Алтай в сопоставлении с монгольскими топонимами: дис. ... канд. филол. наук. – Горно-Алтайск, 2008. – 212 с.
- 34 Мадиева Г.Б. Имя собственное в контексте познания. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 190 с.
- 35 Арысбаев А. Қазақ топонимдерінің кумулятивтік қызметі: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2005. – 110 б.
- 36 Пангереев А.Ш. Қазақтың топонимдік фольклоры: филол. ғыл. док. ... дис. – Ақтөбе, 2010. – 263 б.

- 37 Воркачев, С.Г. Счастье как лингвокультурный концепт. – М.: Гнозис, 2004. – 236 с.
- 38 Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері: филол. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2007. – 280 б.
- 39 Жартыбаев А.Е. Орталық Қазақстан топонимиясының тарихи-лингвистикалық, этимологиялық және этномәдени негіздері: филол. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2006. – 281 б.
- 40 Мұрсәлім Г. Бүгінгі поэзиядағы мифологиялық сарындар (Т. Әбдікәкімұлы, Ұ. Есдәulet, Ж. Әскербекқызы лирикасы негізінде): док. PhD ... дис. – Семей, 2021. – 136 б.
- 41 Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. – М.: Наука, 1973. – 300 с.
- 42 Пищулина К.А. Очерки истории казахского ханства. – Алматы, 2016. – 350 с.
- 43 Административно-территориальное управление Восточным Казахстаном (XVIII в. – 30 годы XX в.): сб. докум. / Управ. арх. и докум. – Вост.-каз. обл. – Семипалатинск, 2006. – 280 б.
- 44 Сәрсекеев М. Тарақты және Қаракесек шежіресі. – Алматы: Атамұра, 1995. – 272 б.
- 45 Қошқарбеков Д. Абыралы асулары: тарихи очерк. – Алматы: Санат, 1995. – 112 б.
- 46 Сәдуақасұлы Ә. Тарихынды танып біл. – Алматы: Шартарап, 1996. – 293 б.
- 47 Әуезов М. Ақын аға. роман Әуезов – Алматы: Қазмен көркем әдеб. бас, 1950. – 347 б.
- 48 Материалы по киргизскому землепользованию / Департамент Государственных земельных имуществ. – Воронеж, 1903. – Т. 4. – 375 с.
- 49 Сапаров Қ. Абыралы-Шыңғыстаудың ландшафт ерекшеліктерін анықтайтын топонимдер бірлестігі // 17-ші Сәтбаев оқулары: жас ғалым., магистр., студент. мен мек. оқушыл. халық. ғыл. конф. матер. – Павлодар, 2017. – Б. 87-92.
- 50 Жұртбай Т. Құнанбай: Тарихи және әдеби тұлға. – Алматы: Алаш, 2004. – 400 б.
- 51 Алдажаров Н. Тобықты тарихы // Жұлдыз. – 1996. – №8. – Б. 171-179.
- 52 Жанболатұлы М. Тобықты - Шыңғыстау шежіресі. – Семей, 2004. – 424 б.
- 53 Кәрімов М.Қ., Асылбеков М.Қ. Әбілпейіз. – Қарағанды, 2014. – 424 б.
- 54 Есенғарин Қ. Өмірге қызық. – Новосибирск, 2001. – 424 б.
- 55 Жұртбай Т. Қ. Кешегі өткен би Құнанбай... – Нұр-Сұлтан : Алашорда, 2020. – 416 б.
- 56 Seiitova Sh.B., Satenova S.K., Akhmetova G.S. et al. Linguo-Cultural Peculiarities in Geographic Names of Ayagoz Region // ASTRA Salvensis, 2021. – Vol. 1. – P. 285-294

- 57 Керімбаев Е.Ә., Тілеубердиев Б.М., Дүйсенбі Қ.Т. Оңтүстік Қазақстанның топонимикалық кеңістігі. – Шымкент: Кітап, 2007. – 352 б.
- 58 Мырзахметов М. Отарлау топонимдері // Парасат. – 1991. – №1. – Б. 21-24.
- 59 Щербаков Б. Жидебайдың жұлдызды даласы. – Өскемен: «Восток Печать» баспасы, 2017. – 342 б.
- 60 Оразалы Е.К. Шыңғыстау: өлеңдер жинағы. – Семей: «Зияткер» ҚҚ РБО, 2017. – 130 б.
- 61 Памятная книжка Семипалатинской области / Семипалат обл. Стат. комитет. – Семипалатинск, 1898. – 321 с.
- 62 Каймулдинова К.Д. Топонимика: оқул. – Алматы, 2011. – 267 б.
- 63 Конкашбаев Г.К. Казахские народные географические термины // Известия АН Каз ССР. – 1951. – №99, вып. 3. – С. 3-47.
- 64 Серебренников Б.А. Языковая номинация: общие вопросы. – М.: Наука, 1977. – 359 с.
- 65 Қазақ тілінің сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркестері қамтылған / құраст. Ә. Болғанбаев, Б. Қалиев, С. Бизақов т.б. – Алматы: Дайк – Пресс, 1999. – 776 б.
- 66 Молчанова О.Т. Топонимический словарь Горного Алтая. – Горно-Алтайск, 1979. – 337 с.
- 67 Малолетко А.М. Палеотопонимика. – Томск, 1992. – 264 с.
- 68 Ондар Б.К. Топонимический словарь Тувы. – Кызыл, 2007. – 550 с.
- 69 Мурзаев Э.М. Очерки топонимики. – М.: Наука, 1974. – 382 с.
- 70 Кононов А.Н. Семантика цветообозначений в тюркских языках // Тюркологический сб. – М.: Наука, 1978. – С. 159-179.
- 71 Подольская Н.В. Типовые восточнославянские топоосновы: словообразовательный анализ. – М.: Наука, 1983. – 160 с.
- 72 Қашқарі М. Түрік тілінің сөздігі: Диуани лұғат-ит-турік: 3 т. / каз. тіл. ауд. А. Егеубай. – Алматы: Хант, 1997. – Т. 3. – 600 б.
- 73 Баскаков Н.А. Введение и изучение тюркских языков. – М.: Высшая школа, 1962. – 332 с.
- 74 Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. – Алматы: Евразия, 1995. – 178 с.
- 75 Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. – Алматы: Санат, 1995 – 224 б.
- 76 Маслова В.А. Введение в лингвокультурологию. – М., 1997 – 72 б.
- 77 Абдрахманов А. Вопросы топонимики Казахстана // В кн.: Топонимика Востока. – М.: Наука, 1962. – С. 46-53.
- 78 Қайдаров Ә. Керимбаев Е. Этнолингвистические аспекты казахской ономастики // Известия АН Каз ССР. – 1990. – №3. – С. 3-7.
- 79 Әлімхан А., Ахметжанова Ф.Р. Қазақ шығысының жер-су атаулары. – Өскемен, 2000. – 104 б.
- 80 Розенталь Д.Э., Теленкова М.А. Словарь-справочник лингвистических терминов. – М.: Просвещение, 1976. – 491 с.

- 81 Әбдірахманов А. Қазақстанның жер-су аттары. – Алматы: ҚазССР Ғылым Академиясы, 1959. – 219 б.
- 82 Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы: 5 т. – Нұр-Сұлтан: Халықаралық Түрік академиясы, 2021. – Т. 3. – 388 б.
- 83 Сапаров Қ. Павлодар облысының ономастикалық атауларының көрсеткіш анықтамалығы. – Павлодар: Политон, 2009. – 256 б.
- 84 Сапаров Қ. Баянаула топонимикасы: ғылыми-танымдық зерттеулер. – Алматы: Эпиграф, 2017. – 316 б.
- 85 Махпиров В.У. «Дивани лугат-ит-тюрк» Махмуда Кашкарского и вопросы тюрской топонимики // В кн.: Тюркская ономастика. – Алма-Ата: Наука, 1984. – С. 154-163.
- 86 Мусабаева М.Д. Қазақ тіліндегі антропонимиялық «аталымдардың» этнолингвистикалық сипаттамасы: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1995. – 24 б.
- 87 Әбдуәлиұлы Б. Қазақ антропонимжасамының теориялық және практикалық негіздері: филол. ғыл. док. ... дис. – Астана, 2010. – 329 б.
- 88 Жанғабылова З.К. Етістік тұлғалы антропонимдер (түрік және қазақ тілі негізінде): филол. ғыл. ... автореф. – Алматы, 2005. – 29 б.
- 89 Ағабекова Ж. Қазақ тілінде қалыптасқан араб текті кісі аттарының этнолингвистикалық сипаты: филол. ғыл. канд ... дис. – Алматы, 2005. – 131 б.
- 90 Асылбекова Н.Ә. Kicі есімдерінің уәжділігі және танымдық сипаты: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2006. – 128 б.
- 91 Әшімханова Ф.М. Қазақ тіліндегі антропонидердің лингвомәдени жүйесі: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2007. – 115 б.
- 92 Әлімбаев М.Е. XIV-XV ғасырлардағы қыпшақ антропонимдері (тарихиолингвистикалық талдау): филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2010. – 129 б.
- 93 Әбдуәлиұлы Б. Қазақ антропонимжасамы: теориялық және практикалық негіздері. – Астана: Полиграфия, 2012. – 320 б.
- 94 Жанұзақ Т., Рысберген Қ. Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы. – Алматы: Азия, 2004. – 128 б.
- 95 Валиханов Ч.Ч. Избранные произведения. – Алма-Ата, 1958. – Т. 1. – 163 б.
- 96 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
- 97 Жанпеисов Е. Этнокультурная лексика казахского языка: на материалах произведений М. Әуезова. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 175 б.
- 98 Әуезов М.О. Абай жолы: роман-эпопеясы. – Алматы: Жазушы, 1990. Кіт. 1. – 175 б.
- 99 Оразалин К. Алтын тамыр. – Алматы: Қазақпарат, 2008. – 201 б.
- 100 Карипбаева Н.Ш., Куанышбаева М.Ф., Полевик В.В. және т.б. Шыңғыстау өсімдіктері мен жануарлары. – Семей: Интелект, 2015. – 231 б.

101 Ахметова Г.С. Абай өңірі ономастикасындағы антропотопонимдердің лингвистикалық сипаты. // Ш. Үәлиханов атындағы КУ хабаршысы. – 2023. – №3. – Б. 5-14.

102 Қазақ әдеби тілінің сөздігі: 15 т. / құраст. М. Малбақов, Н. Оңғарбаева, А. Үдербаев және т.б. – Алматы, 2011. – Т. 1. – 752 б.

103 Қазақ әдеби тілінің сөздігі: 15 т. / құраст. М. Малбақов, Н. Оңғарбаева, А. Үдербаев және т.б. – Алматы, 2011. – Т. 2. – 744 б.

104 Қазақ әдеби тілінің сөздігі: 15 т. / құраст. М. Малбақов, Н. Оңғарбаева, А. Үдербаев және т.б. – Алматы. – Т. 3. – 742 б.

105 Қазақ әдеби тілінің сөздігі: 15 т. / құраст. М. Малбақов, Н. Оңғарбаева, А. Үдербаев және т.б. – Алматы, 2011. – Т. 4. – 752 б.

106 Қазақ әдеби тілінің сөздігі: 15 т. / құраст. М. Малбақов, Н. Оңғарбаева, А. Үдербаев және т.б. – Алматы, 2011. – Т. 5. – 752 б.

107 Қазақ әдеби тілінің сөздігі: 15 т. / құраст. М. Малбақов, Н. Оңғарбаева, А. Үдербаев және т.б. – Алматы, 2011. – Т. 6. – 752 б.

108 Қазақ әдеби тілінің сөздігі: 15 т. / құраст. М. Малбақов, Н. Оңғарбаева, А. Үдербаев және т.б. – Алматы, 2011. – Т. 7. – 752 б.

109 Қазақ әдеби тілінің сөздігі: 15 т. / құраст. М. Малбақов, Н. Оңғарбаева, А. Үдербаев және т.б. – Алматы, 2011. – Т. 8. – 744 б.

110 Қазақ әдеби тілінің сөздігі: 15 т. / құраст. М. Малбақов, Н. Оңғарбаева, А. Үдербаев және т.б. – Алматы, 2011. – Т. 9. – 744 б.

111 Қазақ әдеби тілінің сөздігі: 15 т. / құраст. М. Малбақов, Н. Оңғарбаева, А. Үдербаев және т.б. – Алматы, 2011. – Т. 10. – 752 б.

112 Қазақ әдеби тілінің сөздігі: 15 т. / құраст. М. Малбақов, Н. Оңғарбаева, А. Үдербаев және т.б. – Алматы, 2011. – Т. 13. – 752 б.

113 Қазақ әдеби тілінің сөздігі: 15 т. / құраст. М. Малбақов, Н. Оңғарбаева, А. Үдербаев және т.б. – Алматы, 2011. – Т. 14. – 800 б.

114 Қазақ әдеби тілінің сөздігі: 15 т. / құраст. М. Малбақов, Н. Оңғарбаева, А. Үдербаев және т.б. – Алматы, 2011. – Т. 15. – 828 б.

115 Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. – Алматы: Ана тілі, 2005. – Кіт. 2. – 135 б.

116 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013. – Т. 3. – 608 б.

117 Қасым Б. Қазіргі қазақ тілінің теориялық және қолданбалық аспектісі: ғылыми мақалалар. – Алматы: ЖК Волкова, 2010. – 371 б.

118 Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З. Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.

119 Молчанова О.Т. Прилагательные семантических полей «черный цвет» и «белый цвет» в ономастиконе алтайцев // Советская тюркология. – 1985. – №3. – С. 30-42.

120 Кононов А.Н. О семантике слов кара и ак в тюркской географической терминологии // Известия отд. общественных наук АН Таджикской ССР. – 1954. – №5. – С. 83-85.

- 121 Севорян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – М.: Наука, 1974. – Вып. 1. – 768 с.
- 122 Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері: монография. – Алматы: Санат, 1994. – 137 б.
- 123 Қектәнді Х. Аспан мен даланың арасындағы 4 ұмытылған тарих. – Алматы: Қасиет, 2001. – 462 б.
- 124 Кенесбаев И. Жеті, үш, тоғыз, қырықпен байланысты ұғымдар // Қазақ ССР ҒА хабары. – 1946. – №4. – Б. 14-17.
- 125 Баскаков Н.А. Тюркские языки. Изд. 4-е. – М.: Издательство ЛКИ., 2010. – 248 б.
- 126 Никонов В.А. Пути топонимического исследования // В кн.: Принципы топонимики. – М., 1964. – С. 58-86.
- 127 Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы, 2002. – 182 б.
- 128 Оралбай Н., Құрманәлиев К., Балтабаева Ж. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы: Інжу-Маржан, 2014. – 290 б.
- 129 Кубрякова Е.С. Типы языковых значений: семантика производного слова. – М.: Наука, 1981. – 200 с.
- 130 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Бас. 2-ші. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
- 131 Бияров Б. Жер-су аттарының сөзжасамдық ұлгілері: монография. Алматы, 2012. – 460 б.
- 132 Севорян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – М.: Наука, 1974. – Вып. 1. – 768 с.
- 133 Исаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс баспасы, 2008. – 604 б.
- 134 Томанов М.Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 192 б.
- 135 Черкасов С.Л. «Цветовые» прилагательные в составе топонимов // В кн.: Топонимика. – М.: Наука, 1967. – Вып. 2. – С. 14-15.
- 136 Суванди Н.Д. Топонимы цветообозначения в тувинском языке // Новые исследования Тувы. – 2019. – №4. – С. 195-206.
- 137 Хамуркопаран Дж. Семантика цвета в тюркской топонимике // Преподаватель XXI. – 2013. – №3. – С. 338-345.
- 138 Каймулдинова К. Қазақ топонимдерінің этноэкологиялық негіздері: оқу құр. – Алматы: Ғылым, 2001. – 92 б.
- 139 Хасенов Б.Р., Әділова А.С. Түр-тұс атауларының шығуы туралы. // Қарағанды университетінің хабаршысы. - 2012. – №4(68). – Б. 5-11.
- 140 Хасенов Ә. Сан есімнің сөзжасамы. – Алматы, 1952. – 254 б.
- 141 Исабаев Б. Ұлылар мекені. – Новосибирск, 2001. – 623 б .